

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ӘОЖ 378. 016: 821. 512. 122 - 3

Қолжазба құқығында

БАЛТАБАЕВА НАРГИЗА СМАИЛОВНА

**Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың
даралық-дәстүрлік ұстанымдары**

6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Зайкенова Р.З.

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Сманов Б.Ө.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор Кенан Коч

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ЖАНР ҚҰРАУШЫ ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ ЭССЕ ТАБИҒАТЫ	9
1.1 Эссе жанрының классификациясына шолу	9
1.2 Роман-эссе: жанр генезисі, поэтикасы және типологиясы	23
1.3 Жанр және «сана ағымының» әдебиеті	50
2 ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНҒАН РОМАН-ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ	60
2.1 З.Қабдоловтың «Менің Әуезовым» роман-эссесінің жанрлық сипаты	60
2.2 Қ.Салғариннің «Көмбе» роман-эссесінің жанрлық және танымдық сипаты	87
3 РОМАН-ЭССЕ ЖАНРЫН ОҚЫТУДЫҢ ДАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ	99
3.1 Жоғары мектепте роман-эссе жанрын жаңа инновациялық технологиялармен оқыту	115
3.2 Жоғары мектепте роман-эссе жанрын оқытудың эксперименттік нәтижелері	127
ҚОРЫТЫНДЫ	140
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	144
ҚОСЫМШАЛАР	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана-10 маусым, 2011ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 4080 қаулысымен бекітілген ҚР МЖМБС 1.4. 002-2012. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 43б.

ҚР МЖМБС №343, 16.08. Бакалавриат. «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана 2013ж.

Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана 2010ж.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 16 тамыздағы № 343 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Роман – (11 — 12 ғасырларда роман тілдерінде жазылған әр түрлі шығармалар) — күрделі сюжетті, көбіне қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған кең көлемді эпикалық түр.

Эссе – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше талғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлсек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философиялық, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры

Әдіснама – ғылыми таным әдістері туралы ілім, кез келген ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы; теориялық және практикалық әс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі.

Білім беру бағдарламасы – білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

Жеке оқу жоспары – Студенттің өзі жазылған пәндердің типтік оқу жоспары, элективті пәндер каталогы және пәндерінің тізімі негізінде кредит саны немесе академиялық сағаты көрсетіліп әрбір оқу жылына өздігінен жасаған құжаты, жеке оқу жоспары нақты студенттің білім алу траекториясын көрсетеді.

Құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

Оқу үдерісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Оқу бағдарламасы - әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Пәнді оқыту нәтижелері – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер.

Типтік оқу жоспары (ТОЖ) – оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ғ.ғ.	Ғасырлар
ЖОО	Жоғары оқу орны
ж.	Жыл
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚҒА	Қазақстан ғылым академиясы
КазГУ	Қазақ мемлекеттік университеті
ҚКОК	Қазақстан компартиясы орталық комитеті
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
СӨЖ	Студенттердің өзіндік жұмысы
СОӨЖ	Студенттердің оқытушылармен өзіндік жұмысы
т.б.	Тағы басқа
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
Н.Б.	Наргиза Балтабаева

КІРІСПЕ

Бүкіл әлемдік әдебиеттану ғылымында жанр типологиясының өзгеріске түсіп, үнемі жанарып, жаңғырып отыруы заңды құбылыс болса, бұл арнаның қайта бағамдалу мәселесі де толастамайтын үрдіс. Әсіресе бұл эссе жанрымен трансформацияланған шығарма түрлерінен анық байқалады. Сондықтан да роман-эссенің табиғатын ашу үшін алдымен оның жанрлық сипатына және эссе жанрының өзіне тоқталуға тура келеді. Өйткені романның зерттелу тарихына қарағанда қазақ эссеистикасы туралы толыққанды зерттеулерді кездестіре алмадық.

Әдетте жанр мәселесіне келгенде даулы пікірлер көп. Әдебиет теориясы туралы еңбектердің негізгі көпшілігінде әдебиеттің тегі – жанр, ал әдеби шығарма – жанрлық түр деп тұжырымдалады. Бұл күнге дейін терең және тиянақты әр түрлі зерттеулер жүргізілгенімен, әлі де болса көптеген сұрақтар мен шешілмеген мәселелер бар екені даусыз. Осы уақытқа дейін жанрлар табиғаты, олардың жіктелуі, шығарма параметрлері туралы таластар толастар емес. Сондықтан да жанр проблемаларын бар қырынан ашып көрсетпей-ақ, эссе жанрының генезисі мен типологиясын айқындау арқылы жанр теориясын бірнеше аспектіде қарастырғанды жөн санадық.

XX ғасыр әдебиеттануында әдебиеттің жанрлық жағынан дамуын талдап, тану үшін классикалық эстетика қалыптастырған жанрлық детерминациялану теориясын негізгі әрі басты бағыт етіп ұстау қажет деген ұстаным қалыптасқан. Бүгінгі жанрлық даму теориялары қандай өзгешеліктермен ерекшеленсе де, олардың барлығы жанрдың «әлемдік жағдаймен» және дәуірлік санамен байланысы мәселесіне келіп тіреледі. Бұл жағдай табиғаты жағынан әр түрлі жанрлық теорияларды, әсіресе жанрологиядағы тарихи (историзм) және салыстырмалы-типологиялық бағыттарды жақындату мүмкіндігін айқындап береді.

Әдебиет жанрларының жиынтығы белгілі бір жүйені құрайды және бұл жүйе тарихи дәуірлер сипатына қарай әр түрлі болып келеді. Егер типологиялық жағынан қарастыру жанрдың тұрақтылығын әйгілесе, тарихи тұрғыдан қарастыру жанрдың өзгермелілігін айқындайды да жанрдың даму тәртібі бұзылады. Жанрлық жүйенің «әлем жағдайы» мен санаға тәуелділігі туралы жалпы пікір бұл екі тәсіл бойынша олардың белгілі бір мөлшерде байланысып кететін айқындайды. Бірақ, типологиялық концептіде ол бөліп алынып және жалпылай қарастырылса, екінші концептіде жанрды белгілі бір тарихи кезеңнің жанрлар жүйесіне қатыстырып қарастыруды мақсат ететін тарихи категория ретінде түсіндіруде бұл байланыс нақты алынған кезеңмен шектелген.

Эссе жанры кеңес әдебиетінде тамырын терең жая қойған жоқ. Керек десеңіз, оны өміршең құбылыс деп санамау да орын алған еді. Ал, батыстық әдебиетте, әсіресе ағылшын-американдық және латынамерикандық әдебиетте өте танымал, әрі оқырман сұранысына ие болды. Десе де, кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінде «мемуар», «очерк» деген атаулармен телініп жазылса да, бұл

жанрда біршама шығармалар бар. Мысалы: Сәкен Сейфулиннің «Тар жол тайғақ кешу», Сәбит Мұқановтің «Өмір мектебі», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір белестері» т.б. сияқты шығармаларды атауға болады. Бұлардың барлығы кең көлемдегі ғұмырбаяндық роман жанрының алғашқы негізі болып саналады. Ал эссе деген атпен нақтылы жазылған шығармалар қатарына ең алдымен Оралхан Бөкейдің «Ел мен жер» (1975ж.) атты эссесі жатады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі әдебиеттің даму бағдары әдебиеттану ғылымының алдына күрделі міндеттер қойып отыр. Соның бірі – әдебиеттегі роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оның көркемдік-идеялық қызметі мен оны оқытудағы даралық, дәстүрлік ұстанымдар. Романда шығарманың сюжеті характерлер дамуының қисынынан, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасынан туындаса, эсседе сюжет түйсікке негізделеді. Бұған еркін форма – шексіздік тән. Міне осы сипат роман және эссенің тұтасуына, бір жанрға айналуына, оның жеке жанр ретінде оқшаулануына алып келді.

Әдебиеттегі роман туралы да, эссеистика туралы да алғашқы пайымдаулар әлемдік әдебиеттануда өзінің бастауын белгілі бір кезеңнен алады. Мұны романның да, эссенің де еуропалық Ренессанс – қайта өрлеу дәуірінде (XV ғасыр) туып, қатар дамып отырғанынан көруге болады.

Роман-эссе жанрын қазіргі әдебиеттің арқауында қарастыру – қазақ әдебиеттануында қолға алынбаған тың мәселе. Ұлттық әдебиетіміздегі роман-эссенің алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығын дәлелдеу, оның поэтикалық құрылымы мен өзіндік қырларын, көркемдік деңгейін саралау әдебиеттану үшін аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда әлемдік әдебиеттанудағы роман мен эссенің ара қатынасы мәселесімен байланысты қарастыра отырып, роман-эссенің жеке жанр ретіндегі өзіндік ерекшелігін ашу, ұлттық әдебиетіміздегі даму сипатын зерделеу тақырыптың өзектілігін айғақтайды.

Кеңес өкіметі тұсында роман-эссе туралы түсінік болған жоқ, тіпті эссе жанрының өзі де толық мойындалмай келді. XX ғасырдың басында бұл жанрдың теориялық аспектілерін зерттеу бастамасы «Айқап» журналында көрінгенмен, бірақ кеңес әдебиетінің топырағына толық орнықпады. Орыс әдебиеті зерттеушілерінің бұл мәселеге назар салуы XIX ғасырдың аяқ шенінен басталса, қазақ әдебиетінде көркемдік жанрдың үлкен бір арнасын қалыптастырған эссеистика XX ғасырдың соңынан яғни тәуелсіздік алған жылдардан бастап қана тікелей қолға алына бастады. Ал содан бері қазақ роман-эссесін арнайы қарастырған зерттеу жұмысы мүлде жазылмаған.

Роман-эссенің қалыптасу және даму тарихын зерделеуге арналған бұл еңбекте осы жанрдың көркемдік мәтіндегі тұтастай көрінуін тек шығармашылық даралық шеңберде ғана емес, оқытудың мәдени-әдеби дәстүрде әрекет ететін құбылыс ретінде қарастырамыз.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұл жұмыстың басты мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі роман-эссенің қалыптасу және даму тарихын жан-жақты көрсетіп, роман мен эссенің өзара байланысын анықтау арқылы жанрлық ерекшелігін ашып көрсету және де ЖОО аталған жанрды оқытудың даралық және дәстүрлік ұстанымдарын айқындау.

Осы мақсатқа жетуде алдымызға төмендегідей міндеттер қойдық:

– роман мен эссенің әлемдік әдебиеттегі белгілерін саралап көрсетіп, жеке жанр ретінде маңызды орын алғанын дәлелдеу.

– роман-эссенің әдебиеттің басқа жанрларымен типологиялық ұқсастығы мен айырмашылығын ашып көрсету;

– көркем формалардың бір-бірімен байланысы, сол арқылы жанрдың түрлерін анықтау: «эссе», «эссе-повесть», «эссе-сын», «эссе-толғау», эссе-баллада»

– ұлттық әдебиетіміздегі роман-эссенің жанр ретінде қалыптасуын мәдени-әдеби дәстүрден туындаған заңды құбылыс екенін мәтіндік, көркемдік талдаулар арқылы ғылыми негіздеу;

– қазіргі әдебиеттегі роман-эссенің жанрлық сипатын нақтылы шығармаларға талдау жасау барысында даралап көрсету;

– роман-эссенің ұлттық әдеби дәстүрімізден нәр ала отырып, тың ізденістермен байығанын, бұл тарапта ойды жеткізудегі роман-эссенің көркемдік шындық аясында бейнелеушілік астарын сараптау;

– роман-эссенің әдеби жанр ретіндегі танылуы адамзаттық ізгі мұраттарды суреттеу мақсатында еркін форма түрінде енгенін көрсету;

– роман-эссенің өмір құбылыстарын танытудағы көркемдік таным мен жаңашыл ізденіс арақатынасын саралау;

– роман-эссенің көркемдік деңгейі, сапалық ерекшелігі, өзіндік маңызы, тарихи орны бар екенін дәлелдеу;

– ЖОО роман-эссе жанрын оқытудың әдіснамасын айқындап, ғылыми-теориялық негіздерін зерделеу;

– қазіргі білім беру үдерісінде роман-эссе жанрын оқытудың ұстанымдарын анықтау;

– оқыту үдерісінде роман-эссе жанрын меңгертетін тиімді интербелсенді әдіс-тәсілдерді жүйелеу;

– роман-эссе жанрын оқытуға бағытталған кешенді жұмыс түрлері мен тапсырмалар жүйесін жіктеу және саралау;

– роман-эссе жанрын оқытудың даралық және дәстүрлі ұстанымдарға негізделген әдістемелік жүйесінің тиімділігін эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелдеу;

– роман-эссе жанрын оқыту барысында күтілетін білім нәтижелерін айқындау.

Зерттеу нысаны. Қазақ әдебиетіндегі эссенің әдеби жанр ретінде пайда болу тарихы, қалыптасуы, дамуы және Абай қарасөздерінен бастау алатын эссе жанрының түп негізі, классикалық үлгідегі сипаты, сондай-ақ әлемдік әдебиеттанудағы эссе жанрының классификациясы, жанр құраушы факторлары, жалпы қазақ әдебиетіндегі эсеге тән көркемдік үйлесімі, әдеби үрдіске айналу сипаты негізге алынды.

Ұлттық әдебиеттегі эссеистік сарындағы шығармалар, алғашқы бастау көздері, Абай Құнанбаевтың «Отыз сегізінші қара сөзі» мен Шоқан

Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделіктері» және Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұтылғанның өмірі» шығармасы.

Роман-эссе табиғаты, жанр генезисі, поэтикасы және типологиясы мен даралық сипаты. Абай қарасөздері арқылы өзіндік мектеп қалыптастырған қазақ қаламгері мұрасындағы эссеистика түрлері дәстүрге ұласып, жаңашылдықпен дамыды. Оралхан Бөкейдің «Ел мен жер», Әбділда Тәжібаевтың «Хаттар сөйлегенде», Ғафу Қайырбековтің «Елтіңжал», Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Сафуан Шаймерденовтің «Бір таба нан», Тұрсынбек Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин», Мұзафар Әлімбаевтың «Көңіл күнделігінен», Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», Мұхтар Мағауиннің «Мен», Қалихан Ысқақовтың «Келмес күндер елесі», Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе» т.б. осы саладағы шығармалары тақырыпқа байланысты қамтылды. Ал тарихшы ғалым Қойшығара Салғараның «Алтын тамыр» (1986), «Көмбе» (1989), «Қазақтың қилы тарихы» (1992), «Қазақтар» (1995) атты төрт томдық роман-эссесі мен академик Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» (1997) роман-эссесі негізгі зерттеу нысанына алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау барысында салыстырмалы-тарихи, объективті-аналитикалық және жинақтау, даралау, ой қорыту, жалпылау әдістері; экспериментті ұйымдастыру кезеңінде бақылау, сауалнама, әңгіме, диагностикалық әдістер; зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында аналитикалық әдістер: талдау, қорыту мен ақпаратты өңдеу әдістері; эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысын жазу барысында салыстырмалы-тарихи, объективті-аналитикалық және жинақтау, даралау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың негізгі жаңалығы ретінде қазіргі әдебиеттану ғылымындағы роман-эссе жанрының алғаш рет кең көлемде жан-жақты қарастырылуын айтамыз.

Ұлттық әдебиеттің даму деңгейі, көркемдік ізденістер мен жетістіктері мәселесін ғылыми бағытта саралап, бұл мәселеге жаңа жанр тұрғысынан келу күллі көркемдік тұтастықты танытуда үлкен маңызға ие. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын зерделей отырып, роман-эссенің жанрлық ерекшелігін ашу үшін жасалған маңызды ғылыми тұжырымдар – жұмыстың басты жаңалығы. Түрлі тақырыптағы проза мен поэзияның орнын таныту, әдеби жанрлардың арналы бір саласы роман-эсеге жүгіну арқылы талдау жасау барысында көз жеткізу – тың байламдар. Адамның өмір жолы, қат-қабат жан әлемі, ойлап-сезінуі, күйініш-сүйініші, батыл болжамдар мен өткір ұсыныстары сияқты мәселелердің әдебиеттегі концептуалдық көрінісі, оның осы жанрмен тығыз байланысын нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету де жұмыстың салмақты табысы болып табылады. Сонымен қатар зерттеу барысында роман-эссе жанрын оқытудың әдістемелік жүйесін саралау арқылы аталған жанрдың мән-мазмұны айқындалып, оны оқытудың даралық және

дәстүрлі ұстанымдары ғылыми негізделді, ЖОО оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды, инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі тәжірибе арқылы көрсетілді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі. Роман-эссенің жанрлық сипатын танытуға арналған бұл жұмыста А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ш.Елеукенов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, М.Мырзахметов, Т.Нұртазин, А.Марғұлан, А.Нұрқатов, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, С.Негимов, А.Еспенбетов, Б.Әбдіғазизұлы, С.Әшімбаев, М.Мағауин, С.Қасқабасов, М.Әлімбаев, Б.Ғабдуллин, Р.Сыздықова, К.Өмірәлиева, Г.КБельгер, А.Исмакова, Г.Есімов, А.Ж.Жақсылықов т.б. әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулері мен Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, С.Тілешова, Т.Жұмажанова, Б.Сманов, Ж.Қараев, А.Әлімов, Т.Сабыров, А.Сатбекова, т.б. әдіскер- ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Эссеистика тарихында көрнекті орын алатын Англияның эссеистері: Ф.Бэкон, А.Коули, Дж.Драйден, Дж.Аддисон, С.Джонсон, Т.Карлейль, Р.У.Эмерсон, М.Бирбом, Г.К.Честертон, М.Арнолд, Дж.Оруэлл, М.Оден және басқа да Х.Ортега-и-Гассет, Х.Л.Борхес, Ж.Амаду, Лао-Цзы мен Конфуций сияқты шетелдік және орыстың Ф.Достоевский, В.Белов, Ю.Бондарев жазған эссеистикалық прозасының үлгілері басшылыққа алынды. Сол секілді роман-эссе жанрын оқыту мен меңгертуде әдістеме ғылымында соңғы жылдарда қалыптасқан жаңалықтар мен жетістіктерді тиімді пайдалану зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін құрады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақ әдебиеттануында роман-эссе жанры зерттеу нысанына алынған жоқ. Десе де, қазақ эссе жанры және оның жекелеген түрлері туралы Сыдықназаров Мұхит Қаржаубайұлының «Традиции жанра эссе в современной прозе Казахстана», Какенова Асель Мырзагалиевнаның «Қазақ прозасындағы Мұхтар Әуезов бейнесі және шығармашылық тұлға концепциясы», Қожахметов Бектай Қалиұлының «Әбділда Тәжібаев-мемуарист –жазушы» атты кандидаттық диссертацияларды атауға болады. Аталған зерттеу авторлары негізінен эссеистика мәселесіне әр қырынан келіп, салмақты ойлар тұжырымдаған. Сондай-ақ қазақ прозасында эссеистика туралы Қ.Ергөбектің, С.Негимовтің, Д.Ысқақтың бірнеше мақалаларында сөз болды.

Орыс және шетел әдебиеттануында эссеистика көп қарастырылғанмен, роман-эссе туралы жазылған арнайы ғылыми жұмысты кездестіре алмадық. Тек Н.Новоселованың «Эссе романного плана» т.б. еңбектері бар. Аталған еңбектерде эссе табиғаты, жанрлық сипаты романдық форманың эссешілдік бастаулардан басымдығы кеңінен қарастырылып, тұжырымдар жасалады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Ғылыми еңбекте бұрын арнайы зерттеу нысанына алынбаған роман-эссе жанры жан-жақты тереңдей зерделенеді. Бұл зерттеу ұлттық әдебиеттанудағы роман мен эссенің өзара байланысын ғылыми негіздейтін еңбектер қатарында маңызды. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері әдебиеттану, оқыту әдістемесі, педагогика ғылымдары теорияларын жетілдіруге, ЖОО роман-эссе жанрын

тиімді оқытуда, оны студенттерге меңгертуде ықпал етеді. Диссертация материалдарын жоғарғы оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне қосымша оқу құралы ретінде, «Қазақ әдебиетінің поэтикасы», «Қазақ әдебиетінің даму үрдісі» арнаулы курстарын оқытуда пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробациялау) және олардың енгізілуі.

Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 12 мақалада жарияланды. 5 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда; 2-мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда; 5-мақала отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда апробацияланған. Олардың ішінде 4 – мақала шетелдік журналда, 8-мақала отандық журналдарда жарияланған.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ғылыми басылымдарда, атап айтқанда, Пәкістаннан шығатын SCOPUS тізіміне енген «The Social Sciences» «Life Science» импакт факторлы журналына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, С.Торайғыров атындағы ПМУ, М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ хабаршыларында, шетелдік жарияланымдарда жарық көрген мақалаларда, түрлі Халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Жұмыс ҚазМемҚызПУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЖАНР ҚҰРАУШЫ ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ ЭССЕ ТАБИҒАТЫ

1.1 Эссе жанрының классификациясына шолу.

Қазіргі бүкіләлемдік әдебиеттану ғылымында жанрдың қоғамдық орнын қайта бағамдау мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Әсіресе, бұл эссе жанрымен трансформацияланған шығарма түрлерінен анық байқалады. Сондықтан да роман-эссенің табиғатын ашу үшін алдымен оның жанрлық сипатына және эссе жанрының өзіне тоқталуға тура келеді. Өйткені, романға қарағанда қазақ эссеистикасы толық зерттелді деп айта алмаймыз.

Әдеби жанр шартты түрде термин ретінде екі мағынада қолданылады: біріншісі, әдебиеттің тектері – лирика, эпос, драма болса, екіншісі, прозалық әдеби шығарманың түрлері – әңгіме, повесть, роман, баллада, новелла, эссе т.б. Сонда, мысалы, эпосты – жанр деп білсек, онда оның шағын, орта және кең көлемді үш түрін айқындап, шағын көлемді эпикалық түрге – очерк, новелла, сюжетті қысқа өлеңдер, орта көлемді эпикалық түрге – повесть, поэма, ал кең көлемді эпикалық түрге – роман, эпопеяны жатқызамыз. Осы ораймен лириканы да дәстүрлі әдетпен ода, идиллия, мадригал, элегия, романс, эклога, сонет, эпиталама дегендей ондаған түрге бөліп жатпай-ақ, саяси не философиялық лирика, махаббат не табиғат лирикасы деген секілді санаулы түрлерге ғана бөліп, бұлардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді пайымдауға болады.

Әрбір әдеби туындының жанрлық табиғаты әр алуан болып келеді. Көлемді эпикалық шығармада өмірдің күрделі шындығы нақты көркем тұлғаларға жинақталып, олардың өзара қарым-қатынастарынан туған қат-қабат оқиғалар арқылы ашылса, лирикада адамның жеке басына тән көңіл күйі, нәзік және терең психологиялық иірімдері суреттеледі. Ал драмалық шығарма көбіне адамдардың қимыл-әрекетіне, қақтығыстарына, түрліше тағдырлар тартысына құрылатыны мәлім.

Сөйтіп, көркем әдебиет өзінің тегі жағынан жоғарыда аталған үш түрде дамып келеді. Сөз өнерінің осы үш түрін кейде кескін өнерінің үш түрімен салғастыруға да болады: мәселен, эпос – живопись, лирика – орнамент секілді болса, “бір ғана диалогтан тұратын драма бір түсті графика тәрізді” (В.Кожин) екені де рас.

Әдетте жанр мәселесіне келгенде даулы пікірлер көп. Әдебиет теориясы туралы еңбектердің негізгі көпшілігінде әдебиеттің тегі – жанр, ал әдеби шығарма – жанрлық түр деп тұжырымдалады.

Бұл күнге дейін терең және тиянақты әр түрлі зерттеулер жүргізілгенімен, әлі де болса көптеген сұрақтар мен шешілмеген мәселелер бар екені даусыз. Сондықтан да жанрлар табиғаты, олардың жіктелуі, шығарма параметрлері туралы таластар толастар емес. Жанр проблемаларын бар қырынан ашып көрсетпей-ақ, эссе жанрының генезисі мен типологиясын айқындау үшін жанр теориясының бірнеше аспектісіне баса назар аудармақпыз.

Жиырмамыншы ғасыр әдебиеттануында әдебиеттің жанрлық жағынан дамуын талдап, тану үшін классикалық эстетика қалыптастырған жанрлық

детерминациялану теориясын негізгі әрі басты бағыт етіп ұстау қажет деген ұстаным қалыптасқан. Бүгінгі жанрлық даму теориялары қандай өзгешеліктермен ерекшеленсе де, олардың барлығы жанрдың «әлемдік жағдаймен» және дәуірлік санамен байланысы мәселесіне келіп тіреледі. Бұл жағдай табиғаты жағынан әр түрлі жанрлық теорияларды, әсіресе жанрологиядағы тарихи (историзм) және салыстырмалы-типологиялық бағыттарды жақындату мүмкіндігін айқындап береді.

Г.Н. Пospelовтің еңбектерінде жанр ұғымы типологиялық категория ретінде түсіндіріледі: «...жанры представляют собой явление, исторически повторяющееся в разные эпохи, в развитии различных национальных литератур, в разных направлениях одной эпохи национально-литературного развития. Иначе говоря, жанры – явление не исторически конкретное, а типологическое» [1].

Г.Н. Пospelов «жанрлық аспект болып табылатын тарихи қайталанушы аспектін табу міндетін ұсынады. Ол жанр проблематикасын жанрлық белгі шек деп санайды [1, с. 156]. Зерттеуші проблематиканың типологиялық қасиеттерінің тарихи қайталануын негізге ала отырып, жанрлық топтарға былай бөледі: мифологиялық, ұлттық-тарихи, этологиялық, романдық. Сонымен бірге ол әрбір жанрлық топтардың ұлттық қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде және белгілі бір заңдылық ретімен пайда болатынын атап өтеді [1, с. 209].

Жанрлық топтардың пайда болу ретін және оның дамуын Г.Н.Пospelов қоғамдық сана немесе оның өзі ерекше атап көрсеткендей «әлемді тану» категориясы сияқты тарихи өзгерістер категориясымен байланыстырады. Этологиялық жанрлар тобының пайда болуын сөз еткенде зерттеуші оның «әлеуметтік өмірдің азаматтық-адамгершілік салтын, қоғам мен оның жеке топтарын ұғынуды» [1, с. 176] жобалайтынын жазады.

Жанрдың типтілігін, қайталанушылығы мен тұрақтылығын В.Кожинов былай көрсетеді: «...жанр, понимаемый как тип произведения, есть образование исторически устойчивое, твердое, проходящее через века» [2].

В.В. Кожинов та, Г.Н.Пospelов та роман жанрының пайда болуында қоғам санасындағы процестердің негізгі рөл алғандығын атап көрсетеді [3]. Сол себепті де жанрды типологиялық тұрғыдан қарастырғанда әдебиеттің бұл категориясының қоғамдық сана динамикасымен байланыстылығы мәселесі әлі де күн тәртібінде тұр.

Жанрлық теорияға нақты-тарихи тұрғыдан келу мәселесі ең алдымен Д.С.Лихачев еңбектерінде айтылады. Ол: «Категория литературного жанра – категория историческая. Жанры появляются только на определенной стадии развития искусства слова и затем постоянно меняются» [4] деп жазады.

Д.С.Лихачевтың анықтамасы бойынша жанрлар өзгермелі, олар тұрақтылығын жоғалтып, сипаты мен қызметін өзгерте алады, ерекшелік принциптері де құбылмалы болады. Осылардың бәрін тарата келіп: «Дело не только в том, что одни жанры приходят на смену другим и один жанр не является для литературы вечным, – дело еще и в том, что меняются сами

принципы выделения отдельных жанров, меняются типы и характер жанров, их функции в ту или иную эпоху» [4, с. 57] – деп көрсетеді зерттеуші.

Д.С.Лихачевтың еңбектерінде жанр құрушы процесс тарихи құбылыс ретінде қарастырылады және оның қоғамдық тұрмыс сипатымен байланыстылығы атап көрсетіледі. Д.С. Лихачев Ежелгі Русьтің әдеби жанрлары әдеби шығармашылықтың түрлері ретінде ғана емес, сонымен бірге кең таратып айтқанда, көне орыстық өмір салты, дәстүрі, тұрмысы сияқты өзіндік құбылыс түрінде де қалыптасқан дейді. Керек десеңіз ол әдебиет пен әдеби емес құбылыстардың байланысын көрсететін «ансамбль» деп атаған ерекше жанрлар туралы да айтады. Белгілі бір тарихи кезеңдердегі әдебиеттен тыс жағдаяттар белгілі бір бөлімдері әр түрлі стильді және әр түрлі жанрлы, бірақ барлығы бір ансамбльге шоғырланып, бір мақсатқа жұмылдырылған осындай «ансамбльдерді» қажет етті [5]. Әдеби және әдебиеттен тыс қатарлардың тығыз байланысын зерттеуші нәтижесінде әдеби жанрлардың «іскер» жанрлардан, әдебиеттен тыс қызметтерден толық арылған, адам тұлғасына деген жан-жақты шынайы қызығушылық оның қызметтік жағдайынан тыс және әдебиетке тұрмыс пен тұрмыстық ортаны енгізген роман жанрының пайда болуымен байланыстыра қарастырады [6].

Оның әдебиет жанрларының жиынтығы белгілі бір жүйені құрайды және бұл жүйе әр түрлі тарихи дәуірлерде әр түрлі болып келеді [7] деген ойы біздің пікірімізше зерттеулер белгілі бір тарихи дәуір кезеңін ғана қарастыратын сияқты, өйткені бір жанрлық дәуірден екіншісіне өту процесі қарастырылмаған.

Егер типологиялық жағынан қарастыру жанрдың тұрақтылығын әйгілесе, тарихи тұрғыдан қарастыру жанрдың өзгермелілігін айқындайды да жанрдың даму тәртібі бұзылады. Жанрлық жүйенің «әлем жағдайы» мен санаға тәуелділігі туралы жалпы пікір бұл екі тәсіл бойынша олардың белгілі бір мөлшерде байланысып кететін айқындайды. Бірақ, типологиялық концептіде ол бөліп алынып және жалпылай қарастырылса, екінші концептіде жанрды белгілі бір тарихи кезеңнің жанрлар жүйесіне қатыстырып қарастыруды мақсат ететін тарихи категория ретінде түсіндіруде бұл байланыс нақты алынған кезеңмен шектелген.

Жанр теориясын қарастырудағы типологиялық пен тарихилықтың шегін айқындауға деген талап көптеген еңбектерде байқалады.

Мысалы, Ю.В. Стенник жанрдың қызметін «көркемдік таным барысында алынған тәжірибені реттеуші» деп, ал жанрдың өзін «танымдық кезеңнің аяқталу белгісінің, алынған эстетикалық шындық формуласының көрінісі» [8] деп анықтама береді.

Зерттеуші С. Вольман жанрды «белгілі бір жанр өз ішіне сөздік құбылыстар тобы мен олардың өзара, тарихи негізделген құрылымдық қатынасы енген өзіндік «жүйелер жүйесі» [9] ретінде қарастыруды ұсынады. Осы жерде жанрлар жүйесінің қалыптасуының тарихи, сондай-ақ типологиялық негіздері уақыттан тысқары жүйе ретінде тек әдеби процестермен ғана тығыз байланысты әрі тәуелді емес екенін атап өтуіміз керек. Сондықтан да Л.В.Чернецтің: «...литературоведение в выделении

устойчивых типов произведений исходит из социально обусловленных закономерностей литературной преемственности, стремится не к разрыву, а к преодолению антиномии типологического и исторически конкретного» [10] деген сөзі шындыққа саяды.

Г.Н. Поспеловтың көптеген пікірлеріне қосылатынын көрсете отырып, Л.В.Чернец сонда да жанрларды классификациялауда «қарама-қарсылықты» немесе полицентристік бағытқа көп ойысады. Ол жанрдың сипаттамалық негізі тек проблематикаға ғана қатысты емес, жанрды сипаттайтын көптеген факторлар бар деп санайды. Л.В.Чернец өзара бірлік құратын проблема, пафос, туыстық қатынас, тілдік құрылым сияқты көптеген факторлары бар жанрды өзіндік феномен санайды. Бұл өнімді ой көптеген еңбектерде дамытылған. Мысалы, Н.Ф.Копыстьянская жанрды шиыршықтың бір-бірімен байланысты төрт орамы сияқты көрсетуді ұсынады. Олар: жанр жалпы теориялық түсінік ретінде, жанр тарихи түсінік ретінде, жанр нақты-ұлттық түсінік және жеке шығармашылықтағы нақтыланған түсінік ретінде [11].

Көріп отырғанымыздай, бұл теория бойынша жанрды типологиялықтан нақты-өзіндік факторларға дейін қамти алатын өте кең сала ретінде тани аламыз. Алайда, бұл жерде жанр мен «әлем жағдайы» байланысының детерминациялануы жойылып кетпейді, ол ойда тұрады. Бұл байланыстың механизмі ашып көрсетілмейді. Ол белгілі мөлшерде әдебиеттен және қоғамдық-әлеуметтік эволюциядан тыс қалыптасады. «...Жанр бұл-эстетикалық тұтастықты тудырушы тематикалық, композициялық, стилистикалық принциптерді тарихи қалыптасқан белгілі бір топтарға біріктіретін тип...» [11, с. 30]. Бұл тұрғыда қарастырған жағдайда жанр өзіне ыңғи бағыт-бағдар болатын әрбір тарихи кезең туралы ақпарат беретін динамикадан айырылып қалғандай болады. Бұл байланыстарсыз жанрдың өміршеңдігін елестету мүмкін емес.

Кей жағдайда бүгінгі жанрлық теорияларда бұл байланыс көзден таса қалуда. Зерттеуші Л.М.Землянова «жанры-это системно-целостные «клеточные» генерации или формация, исторические типы идейно-художественного воспроизведения реальности в искусстве на определенных этапах его естественно-исторического развития» [12] – деген қорытынды жасайды. Онда «жанр ішінде бұл кезеңдер дамуының жанрлық дефинацияны тікелей органикалық синтездеуде өзара байланысы қалай іске асырылады?» деген заңды сұрақ туындайды.

Бұл тұста мұны түсінуге жанрды характерологиялық тұрғыдан қарастыру көмектеседі.

Зерттеуші И.С. Тамошюнас жанрдың дәуір санасының типімен тығыз байланысын қарастырады, ал характер мәселесін жанрлық проблема ретінде қарайды. Ол былай дейді: «Проблема характера и является тем организующим концептуальным центром, который объединяет все элементы произведения в единое, нерастрожимое художественное целое» [13]. Зерттеушінің пікірінше сюжет те, композиция да, жанр да адам характері көрінетін орта, формадан басқа ештеңе емес. Ал, характерологиялық зерттеудің мәні шығарманы

талдаудың негізіне жанрлық доминант ретінде характер-кейіпкерлерді эстетикалық саралау жататындығынан.

И.С. Тамошюнас бұл тәсіл типологиялық болсын, нақты-тарихи болсын, ешқандай тәсілге қарама-қайшы келмейді. Жанрды характерологиялық тұрғыдан қарастырудың ерекшеліктеріне тоқталмай-ақ, зерттеуші ұсынған бағыттың детерминдеуді де, жанрдың адам мен әлем қатынасына байланысты түрлі мәселелерді шеуде де маңызы барын атап өтуіміз қажет. Алайда, характер типі көркем әдебиеттегі толық адам образы емес. Бұл тарапта көптеген еңбектерде жанр анықтамасына байланысты ізденістер бар.

Н.К. Гей: «Жанр – это художественная формула мира» [14] десе, А.Н.Лурье: «в жанрах аккумулируется существенная часть эстетического опыта человечества» [15] дейді.

Бұл анықтамалардың әділеттілігіне талас жоқ. Бірақ, «адам мәдениеті тәжірибесінің өзгерістері жанрда қалай көрініс табады, неге жанр мәңгі «әлем формуласы емес?» деген сияқты сұрақтарға да толық жауап жоқ.

Неге жанр ақыр пайда болған соң белгілі бір тұрақты үлгіге айналмады, неге ол бір ғана тарихи жанрлар жүйесінде өмір сүрмейді, түптің түбінде, неге кейбір жанрлардың дамуын болжау мүмкін емес?.

Бұл сұрақтарға заманауи жанрлық теориялар жауап бере алмайды. Сондықтан да жанрдың классикалық теориясына жүгіну қажеттілігі туындайды. Өйткені, онда типологиялық және нақты-тарихи тәсілдерін қосарлай қарастыру іске асырылған.

Гегельдің теориясы бойынша жанрлардың пайда болуы мен дамуы «әлемнің күйі» мен оны ұғынудың ерекше типімен байланысты. Ол «әлемнің күйін» жанрқұраушы фактор ретінде қарастырады. Гегель былай атап өтеді: «...у каждого времени есть свой способ восприятия, более широкий или более узкий... вообще есть свое особое мирозерцание, которое наибольшей ясностью и полнотой получает адекватное художественное осознание именно в поэзии» [16].

Эпикалық жанрлардың даму тарихын қарастыра отырып, Гегель бұл дамудың кезеңдерін көрсетеді. Зерттеуші бірінші қатарға эпиграмма жанрын, гномдарды және дидактикалық өлеңдерді қояды. Бұл жанрлардың барлығы белгілі бір дүниеге көзқарас шегімен біріккен. «...Эпиграмма бұл зат нені білдіретіні туралы айтады. Адам әлі өзіндік пікір білдірмейді...» [16, с.442].

Гномдар жанрында «бұрынғы нысанның қосарлануы» жойылады, бірақ, әлі де болса «субъективті сезім мен шынайы дербес рефлексия» пайда болмайды [16,с. 442]. Дидактикалық өлеңдер жанры туралы «как назидательность их, так и образность в целом непосредственно почерпнуты из самой действительности, пережитой и постигнутой в субстанций» [16,с. 423-424] дейді.

Сонымен келіп, эпикалық поэзияның жанрлық дамуының бұл кезеңіне эпикалық нысан мен дербес сананың бөлінбеген сипаты тән деуге болады. Бұдан өту эпикалық поэзия дамуының келесі баспалдағына өткен жанрлық эволюцияның жолын айқындап береді.

Философиялық дидактикалық поэмаларда, космогониялар мен теогонияларда лирикалыққа басымдық беріліп, «әрекеттер мен оқиғалар формасындағы» әлем бастауының субстанционалды персонификациясы жасалады, бірақ, тұтас поэтикалық безендіру әлі іске аса қоймайды. Осыдан келіп, Гегель атап көрсеткен жанрлар өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңінде тұр және қоғамдық сана дамуының сол кезеңдегі синкретикалық ойлау күшіне сәйкес өзінің аяқталған жанрлық келбетін таба алмады.

Жанрлық эволюция дәуір мен дүниетанымның динамикасын көрсетеді. Жанрдың бастапқы екі сатысының орнына эпопея келді. Гегель қаһармандық деп атаған «әлем күйі» (ол қоғамдық болмыстың тұтастығымен сипатталады, бұл қаһармандар кезеңі) эпопея жанрында шынайы көрініс табады: «...сөздің шын мағынасында эпиканың мазмұны мен формасын ақиқат шындық пен шынайы оқиғаны өз дүниетанымында объективті көре білген халық рухынан көруге болады» [16,с. 426].

Алайда, «әлем күйінің» қаһармандығының орнына прозалық ұйымдасқан болмыс келгенде, жанр да, оның көрінісі де өзгереді: эпопеяның орнына роман келеді.

«Роман в современном смысле предполагает уже прозаически упорядоченную действительность, на почве которой он в своем кругу вновь захватывает для поэзии, насколько это возможно при такой предпосылке, утраченные ею права – как с точки зрения жизненности события, так и с точки зрения индивидов и их судьбы» [16,с. 474-475].

Бұл жанрдағы көріністің қарама-қайшылығы (жүректен шыққан поэзия мен оған қарама-қарсы тұрмыстық қарым-қатынасты суреттеген проза) оған бүтіндікті аяқтауға деген еркіндік береді: «поэту должен быть представлен здесь тем более широкий простор, чем менее может он избежать включения в свое изображение прозы действительности жизни» [16,с. 475].

Сонымен, «әлем күйінің» өзгеруі өмір шындығы мен дүниетанымның өзгеруі нақтылы көрінетін белгілі бір жанрдағы тұтастықтың поэтикалық аяқталуын талап етеді. Өнердегі тұтастықтың еркін поэтикалық аяқталуы өмір мен оның көрінісі арасындағы белгілі бір меже табылғанда ғана іске асады. Бұл үрдіс мәселен, эпикалық поэзия дамуының алғашқы баспалдағындағы философиялық поэмаларда болмаған.

Гегель ең алдымен жанрлық дамудың детерминациясының әдебиеттен тыс жүретін, бірақ онымен тығыз байланысты үрдістерін, яғни «әлем күйінің өзгеруі мен сана дамуын атап өтеді. Нақ осы фактор эпикалық поэзия дамуының келесі кезеңдерінде оның жанрлық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді.

Гегельден кейін өз еңбектерінде В.Г.Белинский «әлем күйінің» жанрмен байланысын көрсетіп, оның негізінде халықтың дүниетанымы жатқанын атап өтеді. «1840 жылғы Орыс әдебиеті» деген мақаласында ол: «Источником литературы народа может быть не какое-нибудь внешнее побуждение или внешний толчок, но только мирозерцание народа» [17,с. 187].

Өте тамаша және шынайы поэзияның аражігін ажырата отырып, В.Г.Белинский «ойлаудың тарихилығына» жол ашады. Өз дәуірінің әдебиетінің дамуын қарастыра келіп В.Г. Белинский «әдебиет өмір жаңғырығынан жасалғандығын», әдеби құбылыстардың ақиқат өмір шындығымен байланысының нығая түскенін айтады. Ол өзінің «Взгляд на русскую литературу 1847 года» деген еңбегінде «В наше время искусство и литература больше, чем когда-либо прежде, делались выражением общественных вопросов, потому что в наше время эти вопросы стали общее, доступнее всем, яснее, сделались для всех интересом первой степени, стали во главе всех групп вопросов» [18] деп жазады.

XIX ғасырдағы роман және повесть жанрларының қарқынды дамуын В.Г.Белинский шындық өмір құбылыстарымен, санадағы өзгерістермен тығыз байланыста қарастырады. Роман және повесть жанрларында басқа әдеби жанрларға қарағанда қиял өмір шындығымен шынайы, ыңғайлы астарласып кетеді.

В.Г. Белинскийдің ойынша бұл жанрлардың негізінде ішкі жанрлық қуат еркіндігіне байланысты ақиқат өмір шындығымен тікелей қатынасқа түсу мүмкіндігі мол. Бұл жағдайда жанр құраушы үрдіске өмірмен астасу анық көрінетін өнердің туыстас түрлері мен оның барлық қырлары атсалысады.

«Роман и повесть...могут быть представителями крайних пределов искусства, высшего творчества; с другой стороны, отражая в себе только избранные, высокие мгновения жизни, они могут быть лишены всякой поэзии, всякого искусства... Это самый широкий, всеобъемлющий род поэзии...» [19] деп жазады әйгілі зерттеуші. Оның роман мен повестің шекараларының алшақтап кететін жағдаяттар бар деген пікірі де бар. Бұл шекаралардың алшақтауына не себеп? Әдеби және әдебиеттен тыс құбылыс ретіндегі роман мен повесть шекараларындағы жанрлық түйісулерден болады дейді ол. Яғни, романның ең соңғы шегін құрайтын мемуарлар, қоғамдық тұрмыстың түрлі қырларын суреттейтін очерктер сияқты жанрлар дамуға мүмкіндік алады.

В.Г. Белинскийдің пікірінше өнерді сана мен тұрмыс салаларынан бөліп тұрған шекара шартты, сондықтан да өнер аймағын ерекшелеп бөліп алып қарастыру дұрыс емес. Белгілі бір өзіндік шекараға жақындаған сайын өнер өзінің не нәрсемен шектесу мәнін жоғалта береді, сол себепті шекаралас белгі ретінде екі тараптың да келісілген саласы алынады. Бұл әдеби және бейәдебиетті «келісімдеу» аймағының сипаты әдебиеттің қандай құбылыспен байланысқа түсетіндігімен ерекшеленеді.

Тарихи роман өнер мен тарихты жақындастырады. Герценнің шығармалары – өнер мен философияны жақындастырса, Гогольдің шығармалары халықтық мәдениет пен тілдің әдебиетпен арақатынасын жақындастыра түседі.

Әдебиет пен бейәдебиеттің байланысуы белгілі бір типологиялық жағдайларда іске асуы мүмкін, алайда, ол әр түрлі сипатта (әдебиет пен тұрмыс, әдебиет пен философия, әдебиет пен публицистика) болады. Осындай әдеби және бейәдеби топтардың жан-жақты байланысынан кейін жанрлық тұрғыдан

жаңа шығарма туады. Бұған мысал ретінде романдық құрылым жанрлық өзгеріске ұшыраған, философия мен әдебиеттің байланысынан кейін туған Герценнің «Кім кінәлі?» шығармасын айтуға болады.

Шығарманың жанрлық тұрғыдан басты ерекшелігі адамның әлемдегі орнын философиялық жағынан ұғыну болып табылады. Адамды сүю пікірі Герценнің кітабындағы барша көркемдікті біріктіреді, сөйтіп «Кім кінәлінің?» жанрына түбегейлі әсер етеді. Сыншының «...собственно не роман, а ряд биографий, мастерски написанных и ловко связанных внешним образом в одно целое именно тою мыслью...» [19, с. 378] деген пікірі осыған дәлел.

Сонымен, біздің зерттеуіміз үшін В.Г. Белинскийдің «ойлаудың тарихылығына» негізделген жанрлық теориясының аса маңыздылығын айта келіп, көркемдік сана дамуының белгілі бір кезеңінде шығарманың арқауы мен оның жанрлық құрылымына өнермен шектес философия, тұрмыс, мәдениет сияқты салалардың енуі мүмкін екенін атап өтуіміз қажет.

Гуманизм мәселелерінің асқынуы сананың әр түрлі саласы ретіндегі әдебиет пен философияның байланысуын жақындастыра түсті. Бұндай байланыстар аймағында жанрлық үрдістер жүріп, шығарманың көркемдік арқауына философиялық мән беретін шығармалар пайда болады.

Гегель мен Белинскийдің жанрлық теориялары әйгілі әдебиеттанушылардың еңбектерінде көрініс тапты. Олардың ішінде ерекше атап өтетініміз – Ю.Н.Тынянов пен М.М.Бахтин.

Қоғамдық сананы тек тұлғаны әлем және оның диалектикалық қарым-қатынасының проблемаларынан оқшаулайтын догматизмнен азат еткенде ғана бұл зерттеушілер жасаған жанрлық теория саласындағы жаңалықтар өзінің шын бағасын алды. Біз үшін Белинскийдің шығарманың жанрлық құрылымында көрініс табатын адамзат қоғамы дамуының белгілі бір тарихи кезеңіндегі сананың әр түрлі салаларының байланысы туралы жорамалын дамытқан Тыняновтың әдеби және бейәдеби қатарлардың өзара қарым-қатынасы туралы қағидасы маңызды.

Зерттеушінің пікірінше, Тыняновтың өзі тұрмыс деп атаған жан-жақты салалардың өзара әрекеттілігі барлық жанрлық құрылымдардың динамикалық дамуына әкеледі. Бұл шындығында Тыняновты нақты-тарихи көзқарас тұрғысынан қызықтырып тұрғанын атап өтуіміз керек, ол оның тікелей дамуын «құрылымдық ұстаным» идеясын өзгертумен көрсетеді.

Тыняновтың мақалаларында әдеби және бейәдеби қатарлардың өзара әрекеттестігі мәселесі ауызша көркем шығармашылықта көтеріледі. Оның көрсетуіндегі «тұрмыс дерегінің» «әдеби дерекке» өту құбылысы белгілі бір тарихи үрдістермен себепті, яғни «жаңа құрылымдық ұстаным «өзіндік емес», қайта «жаңа», тың құбылыстар іздейді» [20]. Нақ қоғамдық өмір саласындағы өзгерістер осындай өзара әрекеттестік үдерісінің жеделдеуіне алып келді.

«... текучими... оказываются не только границы литературы, ее «периферия», ее пограничные области – нет, дело идет о самом центре...»: новые явления занимают именно самый центр, а центр съезжает в периферию»

[20,с. 257] – «тұрмыс дерегінің» әдебиет дерегіне өту үрдісін Тынянов осылай көреді.

Журналдар мен альманахтар біздің дәуірімізге дейін де болған. Бірақ, біздің уақытымызда олар өзіндік «әдеби шығарма», «әдебиет дерегі» түрінде ұғынылады дейді зерттеуші.

Тынянов айрықша көрсеткен үрдістің соңғы уақыттарда жеделдегенін, әдеби және бейәдеби қатарлардың өзара әрекеттістігінің үйреншікті пішінінің кей-кейде бұзылатынын атап өтуіміз керек. Әдебиеттің қоғамдық-өзгертушілік рөлінің күшеюі соңғы жылдардағы шығармалардың жаңа құрылымдық белгілеріне – олардың ашық публицистикалығына алып келді. Сонымен бірге көркемділіктің публицистикаға енуі сияқты кері үрдіс те белең алуда.

Ю.Н. Тыняновтың эссеистика теориясының негізгі белгісі ретінде, оның жанрдың өзгермелілігін қабылдау болғандығын баса айтуымыз керек. Ол эссені – өзгермелі ұғым дейді. Жанрлардың тарихи жүйесін қарастыра отырып, зерттеуші осы жүйе аясында «эссені сезінудің жойылғанын», ал «әрбір эссе оны сезінгенде ғана маңызды» деген ой айтады. Ю.Н.Тынянов «жанр құндылығын сезіну» деп атаған нақ осы үрдісте эссе мен «әдебиет әлемі» байланысы бекітіле түседі. Ю.Н. Тыняновтың «үлкен» және «кіші» жанрлар ережесі де осыған негізделген.

Ю.Н. Тынянов эссе өзі қарастырған жанр категориясы ішінде ода туралы да ерекше ой айтады. Ал эссені жанрмен бірге қабаттастырып жібереді. Оданың жанрлық даму үрдісін қарастыра келіп, зерттеуші әдебиет дамуының белгілі бір кезеңінде ода «үлкен» жанр ұғымына ие болып, «әйгілі құрылымдық бағыт ретінде» «кіші» жанрлармен қатар өмір сүргенін айтады.

Осы тарихи дәуірде «эссе» ұғымына ие болған жанр тек басқа жанрлармен ғана емес, сондай-ақ басқа да салалармен, мысалы, тұрмыстық саламен белсенді қарым-қатынасқа түсті. Бұл қарым-қатынас қарапайым әрекеттестік сипатта ғана емес, қайта қайшылық пен күрес сипатына ие болды: «Для того, чтобы литература зацепляла быт, она не должна его отражать, для этого литература – слишком ненадежное и кривое зеркало, она должна сталкиваться в чем-то с бытом» [20,с. 158]. Жанрлардың даму түрлеріне алып келген барлық осы үрдіс Тыняновтың пікірінше «поэтикалық сөз бағыты үшін» күреске, оның «әдебиетпен, тілдік және бейәдеби қатарлармен арақатынасына» бағынады.

Осыдан келіп, басқа жанрлармен қатар эссенің де әдеби дамуын нақты – тарихи көзқарас аясында қарастыратын Ю.Н. Тыняновтың жанрлық теориясы өз үрдістерімен, қатарларымен, салаларымен осы бекітілген жанрлық пішінде құбылмалылықты тудыратыны туралы ойды дамыта түседі. Бір тарихи жүйе аясындағы жанр осы байланыстар күшіне орай түрлі иерархиялық ахуалға ие болады. Оның бойында шындық болмыс пен оның өзіндік қалыбы толық көрініс табуы себепті, ол жанр ұғымына ие бола алады.

Қоғамда үлкен құбылулар орын алған жағдайларда жанрлар жүйесінде де өзгерістер пайда болады. Бұндай кезеңде әсіресе, өмір мағынасын айқын танытатын жанрлық түрлердің маңызы арта түседі.

Кез келген жанрдың нақты табиғаты өмір мен өнерде осы жанрға деген қажеттілік туған кезде айқын танылады. ХХ ғасырдың 60-80 жылдары - жеке және қоғамдық сананың күрт оянуымен, догматтық қасаң ойлау қағидаларынан арылуымен, ұлттар мен жеке тұлғалардың өзіндік пікір білдіру мүмкіндігінің туғанымен ерекшеленетін уақыт. Ал әдеби әлемде жекелік, тұлғалық ой-пікірлер басты факторға айналған жанрларға деген сұраныс пен қажеттілік тура осы кезеңде бастау алды.

Суреткердің ішкі әлемінің байлығы мен жан тебіренісінің барлық гаммаларын айқара ашатын лирикалық-сырлы әдебиеттің рөлі арта түсті. Публицистиканың белсенділігі артып, шығарманың халықтық сипатының белең алуы тұлғаның көркемдік әлемінің қоғамдық санадағы өзгеріс үдерісімен жақындаса түсуіне әкелді. Көркем шығармадан өмір шындығын іздеу қажеттілігі қоғамдық сана мен дүниетанымда өзіндік жаңғырулар әкеліп, деректі-мемуар прозаның аса маңыздылығына назар аудартты. Әдебиеттің бейәдеби, ұқсас жанрларға жуықтау кезеңі басталды.

Әдеби және әдебиеттен тыс салалардың өзара байланысы мен ортақ даму үрдісін қарастыра отырып, зерттеуші Л.Я.Гинзбург: «Литература, в зависимости от исторических предпосылок, то замыкалась в особых, подчеркнуто эстетических формах, то сближалась с нелитературной сложностью» [21] деп, олардың өзара сәйкестігі әр дәуірде өзгеріске ұшырап отырғанын айтады.

Лирикалық, деректі және публицистикалық прозаның қарқынды дамуын сөз ете отырып, біз ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кеңес әдебиетінен осы аталған үдерісті байқадық.

Эссеистік жанрдың жүйесі осы үдерістің дамуымен тікелей байланысты. Өйткені, жеке тұлға мен әлемнің барлық байланысын өзіндік авторлық оймен қорыту нақ осы эссе жанрында ғана іске асады. Авторлық таным аймағында өмірмен байланыса отырып, әдеби әлемде қалыптасқан эссеистік үдеріс кейде басқа жанрлардың дамуына ықпал етеді, бірақ, кейде, тұлға ерекшелігіне қатысты үрдістердің белсенділігі артқан жағдайларда эссенің белгілі бір жанрлық түрін туғызады. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарындағы қоғамдық жағдайлар, әдебиетке келген еркін ойлы буынның эстетикалық танымы мен батыл көзқарастары авторлық ойдың шексіз толғамдарына жол ашатын осы эссе жанрының дамып, қоғамдық және көркем ойлау жүйесіне өзіндік ықпал етті.

Ол кезеңдегі эсселік прозада «жылымыққа» дейінгі зобалаң ашықтан ашық болмаса да, тұспалдап сынға алынды. Азаттық идеясы, бостандықты аңсау әрі оның адам өмірінің түрлі кезеңдері мен қалтарыстарында, қала берді табиғатта, мәдениетте көрініс табуы, міне, сол кезең әдебиетіндегі басты идеялар мен тақырыптар осы еді.

Эссе жанрында көрініс тауып, тұлғалық сана-сезімнің белсенділігін арттырған үрдістер, сонымен бірге, басқа да жанрлық құбылыстарға, жанрлық ізденістер мен жанрлық даму үдерістеріне әсерін тигізді.

Әдеби эссені классификациялау осы жанрға тиесілі көптеген көлемді, әр түрлі тақырыптағы шығармаларды талдай отырып жасалды. Мысалы, американдық әдебиеттанушы Рэймонд М.Олден эссені шартты түрде былай саралайды: 1) Афористік; 2) Жекелік; 3) Қалыпты; 4) Сыншыл немесе дидактикалық [22].

Эссенің бірінші түрі афоризмдер мен қанатты сөздерден тұрса, екінші және үшінші түрінде жеке авторлық ұстанымдарға басымдық беріледі. Ал, эссенің төртінші түрі зерттеушінің пікірінше әдеби сынға жуық, онымен туыстас. Көріп отырғанымыздай, эссені жанр ретінде бұлайша саралау шартты, керек десеңіз қарабайырлау сияқты. Онымен қоса автор «осы классификация қатарына қосуға болатын эссе түрлері» бар болуы мүмкін екендігін де айтады. Бұл тұста, афористік, реминисценттік мағына тек қана афористік эсеге ғана емес, жалпы эссеистикаға, сондай-ақ дидактикалық, философиялық реңктер афористік те, жекелік те эсеге тән екендігін автор ескермеген.

Эссе жанрын классификациялауда тағы бір американдық зерттеуші Маркус Клэйннің тұжырымы нақты әрі шынайы. Ол эссенің негізгі екі түрі бар деп есептейді: жеке және қалыпты [23]. Оның пікірінше, жекелік эссе қарапайым, ауызекі тіл түрінде жазылады. Ал, формалды эссе терең ойға құрылып, жинақы, маңызды және қисынды болып келеді. Аталған зерттеушінің пікірін дамытар болсақ, онда «жекелік эссені» - субъективті эссе, «формалды эссені» - объективті эссе деуімізге болады.

Зерттеушілердің назарынан эссенің тілі де тыс қалмаған. Эссе тілі - танымдық терминдерге толы ғылым тілі емес. Эссе тілі – әсем, ажарлы. Оның бұл қасиеті «Мейерс нойес лексикон» сөздігінде нақ көрсетілген [24]. Эссе қарапайым қалың оқырманға түсінікті тілге ие.

Эссе тілінің ерекшелігін сөз еткенде, оның лексикалық шектеулерге түскен қатаң емес, керісінше жартылай көркем тіл екендігі байқалады. Ол - метафора, символдармен қаныққан, керек десеңіз белгілі бір метафоралық және образдылық деңгейде ауырлау келетін тіл. Ол – түрлі стилистикалық және лексикалық қатарлар қарама-қайшылықсыз қатар қолданылатын тіл.

Дегенмен, көзі қарақты оқырман бір бірімен байланысы жоқ шашыраңқы ой, әсерлер мен талдаулардың тасасынан бірізділік пен қалыпты жүйені жазбай тануы да мүмкін. Әдебиеттанушы ғалым С.Негимов «Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән» [25] деген құнды пікір айтады. Зерттеуші, эсседегі қалыптасқан әдепкі ойларға қарама-қарсы, таным-түсінікке, кейде қисынға сыймайтын тұжырымдардың жиі орын алатынын айтса керек. Өйткені, расымен де эсседе көбіне көп диффузия және қарама-қайшылықты ойлар мен көзқарастар көрініс алады.

Эссе жанры кеңес әдебиетінде тамырын терең жая қойған жоқ. Керек десеңіздер, оны өміршең құбылыс деп санамау да орын алған еді. Ал, батыстық әдебиетте, әсіресе ағылшын-американдық және латын-американдық әдебиетте өте танымал, әрі оқырман сұранысына ие. Дегенмен, күллі кеңес әдебиетін

құраған ұлттық әдебиеттерде «мемуар», «очерк» деген атаулар телініп, бұл жанрда жазылған шығармалар көптеп жарық көре бастады. Қалың оқырманға өзінің өткір тілімен, ерекше пікір, қалыпты қарабайырлықтан ада батыл тұжырымдарымен ұнаған бұл шығармалар кезінде әдеби, мәдени ойлау үрдісі ғана емес, жалпы қоғамдық резонанстар туғызғаны да мәлім. Мысалы, О.Сүлейменовтің кезінде одақтық көлемде қарама-қайшы пікір туғызып, ақыр соңы «темір сандыққа құлыптанған» «Аз и Я»-сын айтпай өту мүмкін емес.

Батыс әдебиетінде еркін ой-пікір білдірудің басты құралына айналған эссенің кеңестік қоғамда шалажансар күйде де болса тіршілік етуі заңды еді. Еркін ойлы шығармалар авторымен қоса қудалауға ұшырағанымен, әдеби даму үдерісіне белгілі бір деңгейде ықпал ете алды. Әйгілі диссидент А.Солженицынның ізін ала В.Белов, В.Солоухин, Г.Боровик, Ф.Искандер сияқты авторлардың шығармалары «Вопросы литературы», «Дружба народов», «Новое литературное обозрение» т.б. сияқты басылымдарда арагідік жарық көріп тұрды.

Образдық жүйеден сыни пікірге, ойды айқын, әрі ашық айтуға, батыл талдауларға ассоциативті түрде көшу шығарманың композициялық негізін құрап, оның эсселік сипатын аша түсетіні белгілі. Авторлық «меннің» басымдық алуы шығармада автобиографиялық ерекшеліктер мен жазушының тұлғалық ерекшелігін көрсететіні тағы бар. XX ғасырдың екінші жартысындағы аталған авторлар шығармаларында орасан зор әрі сондайлық аз уақыт көлемін бір мезеттік ой аумағына сыйдыра білген еркіндік пен кеңдік ерекшелігі көзге ұрып тұрды. Бұл – тек қана эссеге тән көркем ойлау мен кеңістік үйлесімі еді.

Еркіндікке, басыбайлылықтан арылуға деген ұмтылыс эссе жүйесін тудырған жанрдың дамуының бастауы болды. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап, кеңестік қоғамдағы тоқырау мен қасаң қағидаға бағынып, қатаң цензураға ұшыраған рухани ойлау әлемінде еркін ойлауға мүмкіндік туып, оның нәтижесінде әдеби үрдіс аясында ерекше жанрлық түр қалыптасты. Жоғарыда аттары аталған жазушылар, осы жанр өкілдері ретінде жеке ой-сананың белсенділігі мен өзіндік пікір білдіру, адамзат пен өзін-өзі тану сияқты сол күнге дейін айтуға да, жазуға да болмайтын қоғамдық-әлеуметтік категорияларды басты тақырып етіп алған бірнеше шығарма жазды. Олар өмірдің әр түрлі салаларына және «мен» мен әлемнің арақатынасы құпияларына назар аударып, өз тұжырым, талдауларын жадағай деректермен емес, көркемдік құралдар арқылы жеткізуге тырысты.

Әдебиеттанушылар мен зерттеушілердің басым бөлігі XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби үрдістегі мазмұн және түр тұрғысындағы дамуларға негізінен көркем ойлаудағы қоғамдық еркіндіктің әсер еткенін айтады. Өйткені, рухани тоқырауға ұшыраған қоғамда әдебиет адамгершілік құндылықтарының құлдырауына қарсы тұра алатын күшке ие болды.

Эссе жанрының туып, қалыптасу үрдісін кеңестік әдебиеттанушылар әдеби байланыс, мәдениеттер тоғысуы аясында мүмкіндігінше жан-жақты қарастыруға тырысты. Қоғамдық идеология мен социалистік реализм танабынан шығандап шығып кете алмаған зерттеушілер ғылыми

тұжырымдарын әлемдік классиктердің шығармаларын талдау арқылы ғана білдіруге мүмкіндік алды.

Эссе (французша Essay – тәжірибе) жанрының атасы – француз жазушысы Мишель Монтень. Ол өзінің әйгілі «Тәжірибесінде» қоғамдық, әлеуметтік ой-санаға әсер ететін тек қана өзіме тиесілі пікірімді білдірдім дейді. Белгілі бір шеңбер аясында ғана өмір сүретін қағидаларға бағынбайтын эсселік стильдің өзіндік ерекшелігін Монтень: «Байқауымда, менің ой-толғамдарымның тамырланғаны соншалық, оларға өзім де ие бола алмайтын сияқтымын» дейді [26]. Кейінгі зерттеушілер эссенің табиғаты мен жанрлық ерекшеліктерін сипаттағанда ең бірінші осы Монтеньнің өз пікірлерін негізге алады. Эссе сөзінің мағынасы айтып тұрғандай, оның бар сын-сипаты мен қасиеті авторлық, қала берді адамзаттық тәжірибеден көрінеді. Сондықтан, адамзат баласының мәдениетті игеруі мен оны өмірде пайдалана білуі тіршілігінде жинақтаған тәжірибесі ретінде эссенің негізгі ұстыны бола алады. Осыдан келіп «тәжірибе» деген ұғымның өзі жаңа мағынаға ие болады. Зерттеуші Е.П.Зыкова «...творчество Монтеня приходится на сложную переходную эпоху» дей келіп, «совокупность разнородных эмпирических фактов вокруг образа одного конкретного человека – автора эссе...» деп, «тәжірибенің» жеке адам қуаты мен ойының жинақтық ұғымы екенін айтады [27]. Эссе жанрын зерттеуші орыс әдебиеттанушыларының барлығы дерлік оның өмірлік тәжірибе, жеке адамның, яғни автордың танымдық байламдары мен тіршіліктегі көріп, білгенінен түйген тұжырымдары екенін айтады. Сол себепті де эссені «философиялық» және «әдеби» деп жіктеуге болатынын айтады. Мысалы, Щербакова И.И., Москвина Р.Р., Ауэрбах Э., Глушков Н., т.б. зерттеушілер эссенің осы бір өзіндік ерекшеліктерін айта келіп, кеңес әдебиетіндегі эсселік шығармалардың негізі батыс әдеби дәстүрлерімен тығыз байланысты екенін атап өтеді.

Шығыс әдебиетімен тамырлас қазақ әдебиетіндегі жанрлық дәстүрдің негізі терең, әрі мығым. Қазақ әдебиетіндегі эссенің әдеби жанр ретінде Абайдан бастау алатынын қайта-қайта айтатындар, ұлы ойшылға дейінгі билер мен шешендер сөзінде тұнып тұрған нақыл сөздер мен билік сөздердің, өсиет сөздердің эссе жанрының түп негізі екенін мойындағаны абзал. Алайда классикалық үлгідегі эссенің анық түрін Абай өзінің кара сөздерінде қалыптастырды.

Ғылымдағы гипотезалар практикалық нәтижеге қол жеткізгенде ғана теориялық сипат алатыны заңдылық. Абайдың кара сөздерінің жанрын анықтау мақсатында жүздеген еңбектер жазылды. Пәлсапалық ой тұжырымдары ретінде кара сөздер автордың өмірлік тәжірибесінің жемісі екендігі сөзсіз. Оны сөз басында ұлы ойшылдың өзі де айтып өткен. Дегенмен, жадағай теңгермелер ғылыми шешім бола алмайтыны себепті, көптеген зерттеушілер ғылыми салыстырулар мен ой желілеріндегі ұқсастықтарды бағамдап көрсетуге талпынған. Мысалы, эссе жанрының тууына себепші болған Монтень мен Абайдың ой ұқсастығын саралаған пікірлердің ғылыми салмағы басым деп санаймыз. Екі ойшылдың да адамзаттың жаратушының алдындағы әлсіздігі мен тіршіліктің жалғандығы туралы ойлары астасып жатыр.

Монтень: «Пусть он (ауд – Н.Б.) покажет мне с помощью своего разума, на чем покоятся те огромные преимущества над остальными созданиями, которые он приписывает себе. Кто уверил человека, что это изумительное движение небосвода, этот вечный свет, льющийся из величественно вращающихся над его головой светил, этот грозный ропот для него, для его удобства и к его услугам?...» [26,с.12] десе, Абай отыз сегізінші сөзінде: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды... Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын күдіретті және басар, сәмиғ, яғни көруші, естуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты...»[28] дейді. Олай болса, Абай шығармашылығы, оның қара сөздері қазақ эссеистік ойының негізі, әрі қазақ әдебиетіндегі түрлі бағыттардың пайда болуының алғышарты деуімізге болады.

Қазақ әдебиетіндегі эссеистік сарындағы шығармаларды, жалпы эссенің архетипін, қалыптасу тарихын зерттеген ғалымдар Абай (қара сөздер), Шоқаннан (Ыстықкөл сапарының күнделіктері) бастау алған бұл әдеби үрдіс кейін Шәкәрім (Мұтылғанның жазғандары) шығармаларында барлық жанрлық қырынан ашыла түскенін айтады. Шәкәрім прозасын қарастырған Р.Сейсенбаев, А.Жақсылықов сынды зерттеушілер оның прозасындағы философия мен дидактизмді ерекше атап өтіп, шығармашылығының негізгі өзегі, өмірінің мәні мен діни көзқарастары туралы өте құнды тұжырымдар жасайды. Шәкәрімнің өлеңдерінде, поэмаларында тарихи философиялық трактаттарында Шығыс пен Батыс елдердің талай ойшылдарының аты ғана аталып қоймайды, сонымен бірге мазмұн-мәні ашылып, кейде бірсыпыра пікір-ой жарыстырылып отырады. Бұл да Шәкәрім мұрасының айтарлықтай мәнді өзгешеліктерінің бір қыры [29].

XX ғасырдың орта тұсынан бері қарай эссе жанрында өндіріп еңбек еткендердің алдыңғы қатарын әрине М.Әуезов бастап тұр. Оның Рабиндранат Тагор туралы «Менің Индиям» шығармасының ізін ала М.Қаратаев, М.Әлімбаев, Б.Кенжебаев, А.Нұршайықов, А.Тарази, Қ.Ергөбек, З.Қабдоловтар көркемдік кестесі алуан-алуан, авторлық концепциясы сан қырлы шығармалар жазды. Белгілі әдебиеттанушы Д.Ысқақұлының пікірінше, қазақ эссеистерінің шығармаларындағы кейбір ойлар жекелеген ғылыми зерттеу тақырыбы деңгейінде екен. Ол: «Негізінде, эссе – көркем жанр. Солай бола тұра, оның сыншылық сипаты айқын. Әдетте әдебиеттің тарихында өзіндік орны бар үлкен қайраткерлер жайында естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлері айтылады» деп, эссені әдеби сын жанрына жақын телиді [30].

Қалай болғанда да, түп негізін ауыз әдебиеті үлгілерінен алып, Абайдың қара сөздері үлгісінде классикалық сипатқа ие болған қазақ эссеистикасын зерттеушілердің барлығының пікірі негізгі бір арнаға тоғысады. Ол – эссенің сыншылдық сипаты. Шындығында да, эссе жанрының дәстүрлік сипатына үнілгенде оның өнімділігі әдеби сын арнасында өрбігенде ғана арта түсетіні

байқалады. Дегенмен, эссенің қалыптасып, дамуында ерекше бір нақты белгілердің болмауы, бұл жанрдың айқын белгілерін көрсететін мысалдарға, оның жанрлық жүйесіне сараптама жасауды қажет етеді.

1.2 Роман-эссе: жанр генезисі, поэтикасы және типологиясы

Эссеистика – классикалық европалық әдебиеттің дәстүрлеріне ұмтылған ХХ ғасырдағы әлемдік әдебиетте пайда болған құбылыс. Жаңарған уақыт талабы мен сұранысына жауап бере алатындай жаңа проза, жаңа стиль әрдайым қажет еді. Дегенмен, роман-эссе отандық әдебиеттегі салыстырмалы түрде жаңа жанр ретінде аяқ астынан пайда бола қойған жоқ, әрі оның жасампаздық қызметі тек өзіне ғана тән ерекшеліктермен көрінбеді. Керісінше эссенің жанрлық қызметі әдебиетімізде ертерек қалыптасты, дәстүрлік сипат алған очерк, әңгіме, повесть, роман сияқты жанрлармен өзара қарым-қатынасқа түсе отырып, айқын жаңарған, қайта түлеген реңкте көрінді.

Философиялық, мемуарлық және эпистолярлық прозаның, күнделік пен саяхаттың жазба жанрының, әдеби сын мен публицистиканың жай қалықтай бастаған әдебиеттегі аралық күй жағдайында біршама органикалық, үйлесімді жанрлық консистенция ретінде, тініне «естеліктердің жарықшалары мен сынықшалары» тән сипаты бар және оны санада қалай көрініс тапса, дәл сондай етіп еркін суреттей алатын мүмкіндігі бар.

Дәстүрлі мемуар, естеліктер жанрының шегі өмірді, дәуірді қорытындылап, «неге?», «қалай?», «не себептен?» деген сұрақтарға жауап беру үшін өте тар еді. Мемуаршы өткенмен өмір сүреді, өткен күннің белгісі ол үшін өте құнды. Соған қарап ол өзін-өзі бағалайды. Ал, эссеист үшін өткеннің сабағы құнды. Ол оған тәжірибе. Сондықтан да естеліктер оның ой-танымын түгелдей жаулап ала алмайды. Сол себепті де, бүгінгі прозада эсселендірілген биография түріндегі жазылған шығармалар көптеп кездесе бастады.

Эссе өзіне бүгінгі, өткен және керек десеңіз келер күнді шындықпен қайта жаңартуға бағытталған «баяндаулар», деректемелер, күнделіктер, саяхат жазбалары, биография мен автобиографиялар, мемуаристика, эпистолиграфия сияқты лирикалық-сыршыл проза түріндегі жанрларды түгел қамтыды. Эссеистикада философиялық ұғыну мотиві міндетті түрде кездеседі.

Эсседе фактографиялық шындық, жарқын бейне, асқақ тәмсіл, астарлы ой, тұспал сөз, кей кезде кейбір авторларда кездесетін ашық өсиет сияқты мүлдем сәйкеспейтін бастаулар бірігіп кетіп жатады.

Егер әдебиет дегеніміз – «бұл ескірмейтін жаңалықтар» (Эзра Паунд) болса, ал эссе – бұл ешқашан ескірмейтін, өзгермейтін, сондай-ақ уақыт пен идеологияға еш тәуелділігі жоқ шындықты жариялау, ресми мәлімдеу.

Эссе өзінің жұмбақтығымен, алуан түрлілігімен қызықты. Ол кез-келген жүйеге ызалы қарсылығын саналы түрде көрсетеді. Эсседен жанрлық, құрылымдық, реттілік іздеушілер оның эсседе стихиялы пайда болған мозайка, нақыш гүлшоғыр екенін көрер еді.

Баяндаудың эссеистикалық стилінің нақыштылығы терең өзек айналасына құрылған. Алайда, монтажды салыстырулардың тосындығы, ұқсас

тақырыптардың, мотивтердің әр алуандығы оқырманды осы өзектен адастырып әкетуі де мүмкін. Бірақ, эсседегі өзек әрқашан сезіліп тұрады. Осыдан келіп, эсседегі баяндаудың өзіндік ерекшелігі сондай, жекелеген фрагмент – үзінділер, бөлімдер, тараулар сырттай алып қарағанда мүлдем бір-бірінен туындамауы мүмкін. Кейбір фрагменттер баяндауларға аса зияны тимейтіндей етіп қалып кетуі мүмкін, бірақ оның жалпы шығарманың тиімділігіне залалы тиюі мүмкін. Өйткені олар контексте мағынаға ие бола алады. Оларда бір-бірімен байланысы жоқ жаңа мотивтер, образдар мен оқиғалар әрдайым пайда болып тұрады. Сюжет деңгейінде байланыссыз болғанымен, олар метадеңгейде жүйесіз байланыста бола алады. Мұндай жағдайларда оқырман көптеген ішкі байланыстарды өз бетімен өзектендіріп, олардың тұтас мағынасын құрай алады.

Осыған орай фрагментшілік пен нақыштылық ұстанымы эссенің композициялық – көркемдік жүйесінің бірлігі мен жоғарғы деңгейін түсінуде алынбас қамал болмайтыны белгілі болады. Бұл жерде композиция табиғаты таңдап алынған жанрлық түрге байланысты. Эссе – басқалармен салыстырмалы түрде қарағанда өмір шындығы мен ақиқат-болмысты дәлме-дәл суреттеуге мүмкіндігі мол интегративті жанр.

Эссеистік стильдің фрагментарлығына жан-жақты тоқталуды жөн көрдік. Мысалы, қазіргі ағылшын әдебиеттануында шығарманың мәтіндік құрылымын үйлестіру мәселесінде әйгілі ағылшын жазушысы, профессор Дэвид Лодистің көзқарасы бар. Ол көркем мәтінді «үзінділерге бөлінген тұтастықтың» эстетикалық мағынасындағы ерекше коллаж түрінде көреді. Лодис заманауи әдебиеттегі «баяндау стратегиясын» саралай отырып, баяндаудың дәстүрлі жүйелілігін бұзуға бағытталған алты техникалық тәсілді анықтайды. Олар: қарама-қайшылық, пермутация, үзіктілік, кездейсоқтық, эксцесс және қысқа мерзімді тұйықталу [31]. Осыдан келіп, фрагменттілік, үзіктілік тек қана эссенің өзіндік ерекшелігі емес, қайта заманауи әдебиеттегі баяндау жүйесінде сипат алған үрдіс екенін айтуымызға болады.

Эсселік шағармалардағы көзге ұрып тұрған қисынсыздық пен әртектілік шындығында оның тұрақты әрі өзгермейтін ерекшелігі. Бұл түсінікті де. Өйткені, онда көптеген ойлар ағысы тоғысады, эссеистің құндалы жерге сепкен ұрығы да көптекті болып келеді. Кей кездері эссе бірнеше, керек десеңіз көптеген ойлардың шешіскен, бірақ бірікпеген параллельді монтажды түрінде көрінді. Осылайша теңдесі жоқ динамикалық, еркін де ерікті жанрдың тұтастығы қалыптасады. Ал, кімде кім эсселік шығармалардан қарапайым, қарадүрсін келісімдер мен жұпыны бірізділік, кімге болса да ұғынықты идея іздесе қателеседі. Өйткені, эссеге белгілі бір деңгейде астарлылық тән. Бірақ, эссе тәмсіл емес. Тәмсілде сюжет, оқиға басты идеяның инвариантты, лейтмотиві безендіруші ғана. Тәмсілге императивті сипат тән. Ондағы қаһарман адамгершілік заңдар мен дәстүрлер аясында этикалық таңдау жасауға мәжбүр. Тәмсілде бәрі алдын-ала белгілі. Эссе болса тәмсілдегідей мәтін мен сюжеттегі өрлеуші ойларға соншалықты зәру емес, эсседе ой тез «ашылады», оқырманның «саудасына», қабылдау еркіне беріледі. Сөйте тұрып айтылған ой, сентенция әрқашан даусыз емес, бірақ әрдайым субъективті реңкпен әрленген.

Эссе көп нәрсені жаңаша түсіндіре отырып, адамдарды таптаурындықтан құтқарып, еркін ойлап, ерікті сезінуге жетелеген, әлдеқашан әлем әдебиеті үшін классикаға айналған жанр ретінде ең алдымен күні бұрын кесіп-пішіп қоятын ойдан аулақ, еркін ойлы жандарға қызықты. Сондықтан да эссе өрескел дүниеден қарапайым қалыптыны, себепсізден себептіні ғылыми, философиялық трактаттық ұстанымдарын ығыстыра отырып, бір қарағанда мүмкін емес сияқты байланыс пен тұтастықты табатын философ пен философияның дәстүрлі баяндау түріне айналды. Біздің пікірімізше эссе ғылымдардың, әсіресе гуманитарлық ғылым өкілдерінің өз көзқарастарын білдірудің танымал түріне айналды. Әлем әдебиетін бақылап қарағанда, европалық және америкалық ғылыми ортада эссе әлдеқашан материалды ұсыну түрі ретінде қалыптасқан.

«Эссе» сөзі жанрлық түрлер белгілерінің жиынтығын білдіреді. Біз екі жанрлық топты бөліп алдық: таза философиялық эссе; және көркем әдебиеттегі эссе. Мұндай саралаудың шартты екендігі рас.

Философиялық толғамдар желісі әдеби эссеге де тән. Зерттеушілер Монтеньнің «Тәжірибелерін», «Ілімсіз философия» деп атады [32]. Монтень өзінің «Тәжірибелерін» жазу барысында оны философиялық шығарма түрінде жазуды мақсат етпеген. Бұл автордың өзін-өзі (мінеу, өзіндік тағдыр) мен әлемді зерттеуге деген талпынысы, осы талаптың нәтижелерін қалың оқырманға жанды, еркін стильде жеткізу еді. Сондықтан да, Мишель Монтеньнің «Тәжірибедегі» о бастан-ақ тек философиялық әдебиетке ұқсас жазылған шығарма еді.

Философиялық эссеге образдылық, ауыспалы-бейнелілік, философтардың афоризмі, образ, салыстыру, аллегория, нақыл тілмен ойлауға ұмтылу сипаты тән. Солай бола тұра эссеге эмоционалды пафос, патетика тән.

Философиялық эсседегі Ницше сомдаған шығармашыл тұлғаның объектіленген образы сияқты өзіндік образдар көптеп кездеседі. Бұл философиялық эссені аралық жанр түрінде тануға әкеледі, яғни оның өнертану, тарих, жаратылыстану т.б. шектесіп жатуы.

Әдеби эссе саласында саны да көп, сапасы да алуан түрлі шығармаларды классификациялау талаптары болды. Америкалық әдебиеттанушы Рэймонд М.Олден эссені былай саралауды ұсынады: 1. Афористикалық; 2. Жеке; 3. Қалыпты; 4. Сыни немесе дидактикалық [33].

Берілген саралаудағы эссенің бірінші түріне афоризмдер мен қанатты сөздер көп кездесетін шығармалар жатады; екінші және үшінші де жекелік көңіл-күй басым, әрі бұл поэзиядағы интимдік лирикаға жақын иелері; төртінші түрде эссе әдеби сынға ұқсас келеді. Бұл классификацияға әшейін көз жүгірткеннің өзінде оның қарабайыр, өте шартты екендігі көрінеді. Оның үстіне автор «бұл классификацияға қосуға болатын эссенің басқа түрлері бар» болуы мүмкін деген пікір айтады. Сонымен, афоризмдер мен қанатты сөздер тек қана афористикалық эссеге емес, жалпы эссеистикаға, ал дидактикалық және философиялық сипат бірінші және екінші түрге де тән.

Бұл мәселеде американдық зерттеуші Маркус Клейннің ұстанымы мәндірек көрінеді. Ол эссенің негізгі екі түрін бөліп көрсетеді: жеке және

формалды. Дербес эссе қарапайым, ауызекі тіл түрінде жазылады. Формалды эссе әбден ойланып, кесіп-пішіп, тиянақты, салмақты және қисынды түрде жазылады. Клейн жеке, дербес эсеге Монтеннің «Тәжірибелерін», Джозеф Эдисонның ашық және ықшам эсселерін, Ричард Стилдің еркін эсселерін, Чарльз Лэмбтің «Эссе элиін» жатқызады. Формалды эсеге Френсис Болонның (1597) ақпараттарға толы «Эссесін», Джон Мильтонның «Ареополитикасын» (1644), Александр Пауптың эсселерін жатқызады [34].

М.Клэйннің жан-жақты классификациясын қолдай отырып, біз өз тарапымыздан эссенің осы екі негізгі түрін ары қарай айқындай түскіміз келеді. Мәселен, «Дербестік» эссені – субъективті эссе; ал «формалды» эссені – объективті эссе деп санау.

Жоғарыда талдауларды пайымдай келе біз жалпы эссені 1. Тұлғалық (субъективті) және 2. Формалды (объективті) эссе деп екіге бөлеміз.

Эссеист кез-келген суреткер сияқты өзінің болжам, жорамалын, ұсыныстарын бере алады. Бұл тұрғыда оған мысалы ғылыми трактат жазу кезіндегідей өте көп дәлелдер қажет емес. Бұл дәлелдер эссеистте белгілі бір дәрежеде басқа көптеген фактілерді, куәліктерді жаба алатындай, яғни репрезентативті болса жеткілікті. Эсседе ерекше бір жаңа деректер немесе танымдар бола бермейді, керісінше бұрыннан бар дүниелер сын тезіне салынады. Эссенің көркемдік кеңістігінде парадигматика орын алады. Тікелей тоқайласу, жын көңіл, нақыл айтуға бейімділік, ой мүмкіндігін құбылту, сюжеттің жайылмалылығы, осының бәрі автордың әңгімелесушіге айналуына әкеледі.

Егер жанрологияның қатаң шеңберінен шыға алсаң, онда, эсседегі түйсікпен көрінетін ой оқырманның «қабылдаушы» түйсігіне бағытталғанын, егер екеуі тоқайласқан жағдайда оқырман оқыған эсседегі ойдың түп-тамырын өзінен де, автордан да іздей бастайды. Сондықтан да шартты түрде эссені «ой жанры» деп атауға болады.

Кейде кәсіби философтар эсселік шығармаларға сақтықпен, үрке қарайтыны бар. Өйткені, эссеист өзінің эссесінде философ еместерге философ ролінде болады. Әдетте тақырып, мәселе жүйесіз беріледі, әрі анық та қисынды нәтиже болу міндетті емес. Француз жазушысы Андре Бетон: «Философтар әлемді өзгеше, ерекше көзқараспен көреді. Егер олардың қарапайым халықтан таным айырмашылығының орасан зор екенін ескерсек, бұл өте маңызды дүние. Олардың дүниеге сыни көзбен қарауы тарихтың жаңа қырлары мен сырларын ашуға деген талпыныс туғызады»- дейді [35]. Жазушы пікірінің астарында автор мен оқырман арасындағы алшақтық, яғни философиядағы ғылыми тіл мен арнаулы академиялық білімі жоқ жандар арасындағы сәйкессіздік жатқанын аңғарамыз.

Эссенің тағы бір қыры көркем өнердегі мәңгілік тақырып саналатын руханият мәселесі туралы өте көркем және ашық айтуға болады. Эсселік шығармада да құрғақ, риясыз «ғылымилық» болмайды, өйткені тек қана ғылыми ортаға арналған мақала қалың оқырманның көңілінен шыға алмайды. Эссеистің көзқарасының ерекшелігі сонда, ол көтерілген мәселелерге

«академиялық» тұрғыдан қарамайды (бұл баяндау тілінің стилінен көрінеді). Мұның жарқын мысалы Олжас Сүлейменовтің «Азиясы». Ондағы өзіндік салыстырулар, талдаулардың объективтілігі ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан қарағанда ешқандай міні жоқ.

Эссе мәңгі ақиқат пен архетиптерді қайта қозғап әуреленбейді, оның басты маңызы - өзгерту.

Философиялық эссенің тағы бір өзіндік ерекшелігі ондағы қисындық әрекетте. Алайда, философиялық эсседегі баяндаудың қисындық дефинициямен ұқсастығы салыстырмалы түрде ғана. Қисындағы ұғымның анықтамасы – бұл оның мазмұнын осы ұғымдағы көрініс тапқан заттар мен құбылыстардың мәнділік және объективтік белгілерін анықтау арқылы ашу болып табылады. Анықтама заттардың немесе құбылыстың белгілерін жан-жақты әрі толық қамти алмайды. Ол олардың ең жалпы және ерекше қасиеттерін ғана көрсетеді.

Сондықтан абстрактілігі және нақты қулық проблемалары эссеист тарапынан әр түрлі өзгерістермен берілуі мүмкін. Өйткені, эссе өз табиғатына қарай философиялық оймен толыққанды қаруланбаған (бұл жерде әңгіме философиялық трактат – эссе туралы емес). Эссеге тән жеңілдік, баяндаудағы еркіндік қасиеттері оны танымал, көп оқылатын жанрға айналдырды. Бұл ерекшеліктер эссенің келешегіне жол ашып, тақырып алуандылығымен ерекше баяндау стилінің арқасында қалың оқырманға ұзақ қызмет ету мүмкіндігі бар жанр болды.

Эсседе ғылымның әр түрлі саласын зерттеушілер жинақтау, мәдениет философиясы, еркіндік арқылы өз ойларын айқын білдіруге жақын келеді. Кез келген беделді «жуан» журнал өз мазмұнының рубрикасында тек қана әдеби эссе емес, сондай-ақ түрлі өнер мен ғылымның, олардың сараптамасын жақындата түсетін эсселерді жариялайды. Журналдардағы көркем шығармалармен бәсекелесе алатын бұл әлемде оқырмандардың ықыласы мен қызығушылығын тудырып, рубрикалары тұрақты болып шыға келеді. Эссеге қызығатын кімдер? Әрине, ол – өзінің рухани дербестігін, өзіндік ерекшелігін және еркіндігін құрметтейтін оқырман. Эссеистке айқын, қарапайым, философиялық көзқарас маңызды. Эссеист жасайтын қорытындылар ең алдымен өз ойының шығу төркіні мен координаттарын терең зер салып айқындаудан туатын өзіндік зияткерлік ынтызарлықтан шығады. Журналистикаға қарағанда эссеист шынайы өмірге, ондағы нақты адамдар мен оқиғаларға емес, керісінше оның тарихпен сәйкестілігіне жүгінеді. Эссеист кез келген тұрмыстық хрониканы еңсеріп кететін күнделікті тіршілік оқиғаларынан мән-мағына таба алады. Ал егер осы мән-мағынаны алып тастасаң жалаңаш формула, оқырманмен тіл табыса алмайтын псевдоинтеллектуал қалар еді.

Эссе типтік белгілерге негізделеді және көптеген қоғамдық типтерді жинақтайды. Эссе трактат, мақала сияқты жанрлармен бір тарапта болғанмен, эссені мақаламен теңестіру заңдылыққа жатпайды. Өйткені, мақала автордың мақсатын ғана емес, сондай-ақ бастапқы ұстанымын да айқындайтын сұрақтар қоюмен басталады. Мақаладағы материал нақ осы сұрақ пен мәселені шешуге

жұмыс істейді. Сол себепті бұл сұраққа қатысы жоқ ой-толғамдар мақалада кездеспейді.

Трактат болса ғылымның бұдан бұрынғы қол жеткізген жетістіктеріне сүйенген нақты жүйелілікті қажет етеді. «Менің ой-толғамдарымның тамыр жайып кеткені соншалық, оған өзімнің де шамам келмейтін сияқты» (М.Монтень) [36,б. 31] деген. Эсселік баяндау формуласы мақала мен трактатқа еш сәйкес келмейді. Эссе трактат сияқты ақпараттық-ағартушылық мақсатты көздемейді. Өйткені «Кім білім іздесе, оны өзі іздеп тапсын, білім беру менің борышым емес» деген Монтень эссеистік прозаның негізгі бағытын әлдеқашан қалап кеткен еді. Эссешіге гуманитарлық ғылымдардың ерекше зерттеу саласы ретінде көрінетін философия, этнография, саясат, әдеби сынның саласына енген жағдайларда, оның өз тақырыбына деген қатынасы түбегейлі басқаша болады.

«Эссе үшін нақты және адамның тұлғалық тұтастығының мәдени құндылықтармен (идеялар, салт-дәстүр, білім-білік) өзара байланысы әрдайым маңызды» [27,с. 22].

Бір қарағанда жанрдағы жүйесіздік пен нақты өзіндік ерекшеліктің эссені «жеңіл» жанр деген ой тудыратын болса, бұл үлкен қателік. Өйткені бізге азамат ретінде бостандық-өмірлік қажеттілік және өзімізді заң аясында, конституция бойынша шектеу болса, эсседегі бостандық – автор-эссеисттің өзін-өзі тепе-теңдікті сақтап, үйлесімді, қарама-қайшылықсыз сезіне отырып, жанрлық еркіндік аясында ауыр да талапты шығармашылықпен айналысу қабілеті. Эссенің тағы бір өзіндік қоры – арылу немесе күнделіктік ой, мемуаристика немесе ойдан шығару, фактіге сүйену немесе беллетристика – оның өзіндік белгісі. Себебі, құрғақ тарихи фактілерді баяндаудың қатаң тәртібі, философиялық ой түйіндеудің бірағысты, қатаң қисынға негізделген заңдылықтарына бағыну – міндетті түрде үйлесімнің бұзылуына, одан соң әрине, эссенің де құруына алып келеді.

Кез-келген еркін, сюжетсіз мәтін «эссе» жанрына жата бермейді. Бұл үшін көркемдік қиындық бірінші кезекте есепке алынуы керек. Әсіресе, бұл «әдеби эссеге» байланысты. Өйткені, мұнда өзіндік әдеби-сыншылдық ойлар мен эссенің өзінің айқын аражігін ашып алу керек.

Осылайша бізге тек қана зерттеуші емес (жұмыстың сыншылдық бағытын), сондай-ақ автор-суреткердің де бейнесі (яғни, шығармадағы көркемдік әлем) көрінуі керек. Бұл құбылыс З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінде айқын көрініс тапқан. Осылайша жазушы-академик Әуезов, Айтматов және басқалармен әдеби кездесулері туралы естеліктері, болжаулары, ой-толғамдары, әсерлерімен ғана бөлісіп қоймайды. Шығармада ғалым, педагогтің көпжылғы зерттеулерінің нәтижесі ретінде көптеген терең әдеби-тарихи, этнографиялық, мәдени толғамдар мен бағалаулар кездеседі.

Көп жағдайда эссе деп жүрген базбір шығармаларда кейде анық, кейде бұлыңғыр болса да эссеистік шешім мен стилдің көркемдік шешімінің әлсіздігі байқалып қалып жатады.

Көп жағдайда негізінен өз қалауы мен амбициясын қатаң ерекшелерге бағындыра алатын таза шығармашылық адамдары ғана еңбек ете алады.

«Мозайкалы», «бұлыңғыр», «сатылы» болып көрінетін эссе құрылымы – катаң салыстырулар мен есепке құрылған.

Метафораға сүйеніп айтар болсақ, эссе деген – бұл бір ғана түрлі-түсті шыны бөлігінің мәні аса байқала қоймайтын мозайка, витраж деуге де болады. Алайда, осы бір ғана детальды кеңірек қарастырсақ, оның өз орнында әрқашан маңызды, мәнді екенін байқаймыз. Сонымен бірге бір ғана түстің шамадан тыс көп болуы да витраж бен мозайканың мәнділігін бұзады. Өйткені мұндағы басты нәрсе – барлық түстердің үйлесімі. Бір қарағанда эссенің «жалпымәнділік мазмұннан жүрдай, жүйелі қисындылығынан айырылған, ақыл-ой жетістігінің шыңын көрсете алмайтын, керісінше көптеген өзіндік «кемшіліктерден» [37,с. 339] тұратын сапасы шын мәнінде жанрлық сапа болып табылады», әрі эссе пішінінің психологиялық астарын көрсетеді.

Осы жерде әдебиеттанушы М.Эпштейннің «эссеист – ешқандай дайындықсыз, ештеңемен қаруланбаған, сондықтан да қамсыз автор. Ол өз жұмысының әрбір фрагментін тыңнан, жаңадан бастайды [37,с. 348]. Өйткені мұндай жағдай мазмұндаудың жүйесіз, ерікті мәнерін ақтай алады» – деген пікірімен келісу қиын.

Эсседе біз тақырып, сюжет (егер тақырып бар болса) және ойдың белгісіз, көмескілігін және өзгермелілігін жиі байқаймыз. Мұнда біз ешқашан нақты көзқарасты, оның шегі, шеті белгілі пішінін көре алмаймыз. Өйткені, осы жанр табиғаты бойынша автордың комбинациялары мен тақырыпқа қай қырынан келуді таңдауында шек жоқ. Эссе-оқырманға түсінікті тілде ұсынылған жолдау емес. Сондықтан да, эссені классификациялағанда эссе-толғам, эссе-естелік, эссе-трактат, эссе-зерттеу, эссе-рецензия сияқты түрлерді айналымға ендіру күмән тудырады. Өйткені, эссенің дефистен кейінгі түрін көрсетіп тұрған құрамдас түрлерінің барлығы кез келген эссеистік шығарма табиғатына тән жанрлық поэтика ерекшеліктері мен түрлері болып табылады.

Мұндай дифференцияға жол беру бұл жанрдың тұтастығын, еркіндігін және тұтас алғандағы үйлесімділігін жоя отырып, эссенің өзіндік үні мен құрылымын тарылтады. Жиі кездесетін бинарлы (қосар) белгілер эссе жанры туралы түсінікті кеңейту қажеттілігінен туған. Оны негізінен эссенің авторлары емес, сыншы-әдебиеттанушылар қолданады. Көп жағдайларда әңгіме эссенің түрі немесе типі туралы емес, тек қана осы акценттің үстемдігі, басымдығы туралы болады. Сондықтан олар ой-толғамның үні мен сипатын нақтылаушы, көрсетуші түрінде ғана болады.

Осыдан келіп, жоғарыдағы ойларымызды қорыта келе, жанрлық жіктеулер атауының шартты екеніне көзіміз жетті.

Эссе жанрының табиғаты бұрынғы болған оқиғаны қазір, осы жерде қайта тірілтуді қамтамасыз ете алмайды. Эсселік мәтіннің не туралы айтпақ болғанын басынан аяғына дейін жүйелеп айтып шығу мүмкін емес. Монтеньнің «Мен кез келген ыждақаттылық пен орнықтылыққа қарсымын, маған баяндаудағы бірізділікті сақтау өте қиын, өйткені менің өз ойымды білдіру мәнерім өте ерекше» [36,с. 216] деген еді эсселік шығарманың құрылымдық мәні мен қисындылығын нақты көрсетіп береді. Эсседегі берілген ақпарат жердің әр

түрлі қабат қыраттары сияқты көрінгенімен, олардың мағыналары бір-бірімен шырмауықша шырмалып, ажырамас күйге түседі.

Талантты эссеист цитатаны (дәйексөзді) қолдану өнерін жетік меңгереді. Цитаталар (дәйексөздер) ылғи дәлел үшін емес, адам ойы мен әлемдік әдебиеттің кеңістікпен өзара байланысын көрсету үшін беріледі.

Көптеген дәйексөздер, афоризмдер, сентенциялар пікірлер мен көзқарастарға түрлі ерекшеліктер реңкін ендіруге, немесе автор қолданған ережені бекіте түсуге, не болмаса ескертуге қызмет етеді. Сондықтан эссеистің синтенциялары дегеніміз, бұл–кейде жасықсыз тосын пікір түрінде келетін уағыз түріндегі шындықтың талассыздығына дау тудырмайтын елеусіз ғана жасалған еркін ескерту. Сонымен бірге олардың бәрі бейнелі ойлаудың ең жоғары сатысына тән. Бейнелі ойлау пікірлердің тоғысуына, ойдың күшеюіне, қорытылуы, жинақтау, тұжырымдау көлемінің кеңеюіне ықпал ететін ең негізгі құрал болып табылады. Жалпы алғанда эссенің метафоралық бейнелі тілі шындық болмыстағы бейнелерді жинақтаушы түрінде көрсетіп, шамадан тыс үлкен қызмет атқарады [24, s. 215-216]. Алайда көзі қарақты оқырман бір қарағанда өзара байланыспай тұрған талдаулар, әсерлер мен жинақтаулардан өзінше бір жүйені, тұтас бірлікті байқар еді. Эсседегі қорытындының деңгейінің жоғарылығы соншалықты, оны жанр дәстүрін жақсы білетін оқырман жазбай таниды. Мұнда рационалдық нақтылық бар және соның арқасында көркем образ негізінде жатқан ұғымға екпін түсіріледі және авторлық тұжырымның мәні ашылады.

Дегенмен, эсседегі жанр ерекшелігіне байланысты автор ақиқаттың соңғы тірегі рөлін атқара алмайды. Бұл оқырманның құзырындағы дүние. Тек оқырман ғана емес эсседегі шындық құбылысқа: «иә, тура осылай», немесе немқұрайлы келісіммен «бұлай да болуы мүмкін», не болмаса «несі бар, әбден мүмкін, бір өте үлкен күмәнім бар» (бұл автордың әлсіздігін, сендіре алмағанын білдіреді) деген сияқты үкім шығара алады. Эсселік шындық – бұл «түрлі реңктегі шындық». Дүние әрдайым өзгеріске түсіп отырады. Эссе қалыптасқан қағида, дәлелдерден ерікті болғысы келеді.

Эссенің өзіндік ерекшеліктерінің бірі – онда объективті шынайылықты да, оның сенің түсінігінде өзгеріске ұшырауын да бір мезетте көрсетуге болады. Эссеистің субъективті көзқарасы объективті шынайылықтың мәнін де, құрылымын да өзгертіп жібереді.

Эссеист – абсолютті шындық тек өзі ғана болып табылатын, күмәнданушы тұлға. Өзінің құрылымы жағынан эссе-тек бір ғана «мен», автор «мені» бар тәубе, автор сыры емес. Бұл–бір идеяға, инвариантқа қатысы бар түрлі пікірлер, ойлар жиынтығы немесе бір дәлелге негізделген көптеген идеялар.

Яғни, эсседегі М.Эпштейн анық көрсеткендей, пікір парадигматикасы бар екенін даусыз. Мәселен, Қазақстанның бүгінгі прозайктері Герольд Бельгер, Олжас Сүлейменов, Асқар Сүлейменов өз эсселерінде таңдаған тақырыптарына қатысты түрлі пайымдауларды жиі-жиі бізге айырып, оған автор ретінде өз пікірлерін үстемелеп отырады.

Эсселік шығарманы оқи отырып біз автор өмірінің деректерімен, оның өзі танытын және белгілі адамдар туралы әсерлерімен, оның шығармашылық, өмір туралы қалыптасып қалған дәстүрлерге мүлдем қарама-қарсы, қоршаған әлемде болып жатқан оқиғаларға, қарым-қатынастарға қатысты пікірлерімен, жекелеген тұлғалардың ерекшеліктерімен, саясаткерлердің мәдениеті, қылығы, ой-пікірлерімен, бұрынғы өткен және қазіргі ойшылдардың философиялық толғамдарымен танысамыз. Сондай-ақ, біз автор жанының терең құпияларына жол тауып, онымен бетпе-бет келеміз.

Біздің көз алдымызда адамның өте бай өмірлік және кәсіби (бұл аса маңызды емес, өйткені эссе әрқашан кәсіби қолданыстағы жанр емес) тәжірибесі кең көлемде көрініс табады. Әрине, кез келген тәжірибе біртұтас (бөлінбейді), өйткені адам тек қана кәсіби-әдеби ортада ғана өмір сүра алмайды. Ол өмірдің көркем стихиялары ғана емес, күнделікті міндеттемелер, заттар мен ұсақ-түйектерге толы тұрмыстың қағидалары мен ерекшелеріне еріксіз бағынышты болады. Өткен өмір тарихы мен тұрмыс көріністері шығармашылыққа бәрібір еніп кететін болғандықтан, бұл стихияларды авторға саналы түрде меңгеру қажеттілігі туады.

Осыдан келіп, эссе жазушы адамға көтеріңкі философиялық ойлармен қоса, жазба кітапшаларда, күнделіктер мен бір паракқа ғана түртіп алынған қарабайыр тіршілік, бір сәттілік көріністер туралы пікірлер де тән. Эсседе мәдениеттің барлық деңгейдегі жүйе-жүйемен тұтас, әрі үздіксіз көрініс табады.

Эссеист дәрігер сияқты диагноз қойып, мүмкіндігінше өз ем-домын ұсынады, бірақ әрқашан нақты жауапты оқырманның селт еткен санасынан күтеді. Эссеист оқырманның толық қызығушылығын оятып, оның өз ойының жетегінде болуын қалайды.

Көп жағдайда жазушылар өздерінің эссеистік шығармаларына олардың мәнін айқын танытатын атау береді. (Олар өзіндік ой қосуда бейтараптық таныта отырып, көп нәрсені нақтыламай-ақ, шығарманың мәніне шек қоймайды). Негізінен бұл тақырыптардың барлығы түрлі реңкілікті, үзінділікті, шұғыл шешімді, сюжеттің жоқтығын, фабулалықты (эссеист үшін шығармашылық үрдіс өз бастауын фабуладан емес, әсерден, бірсәттілік мезетті түйсінуден, оқиғадан, күйініш, күйзелістен басталады), көз алдымызға әр түрлі уақытта және әр түрлі тақырыпта эссеистік «еркін, ерікті мәнерде баяндаумен» (Г.Бельгер) жазылған ой-пікірлер жинағы, субъективтілікке шақыру екенін көрсетеді. Мысалы: Герольд Бельгердің «Тутти-Фрутти», «Иірім», мен «Жұмысшы», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұтылғанның жазбалары» т.б.

Эссе жанры кеңес әдебиетінде кең қанат жая қоймады (оның жанрлық қызметін әрқашан жоққа шығарып отырған). Керісінше ол батыстық әдебиетте, әсіресе англо-американдық және латын-американдық әдебиеттерде кең танымал болды.

Англо-американдық әдебиетте, оның ішінде ағылшын әдебиетінде эссеизм ағылшындық ерекшелік сипатымен терең байланысып, яғни «тек қана ағылшындық өмір табиғатына тән сүйікті ісіңмен айналысуға» (Дж.Оруэлл)

[38,с. 226] қатысты. Бұл жерде біз өз тарапымыздан бұны саналы және ерікті түрде заңға бағынған азаматтық еркіндігіне кепілдік беретін дәстүрлі ағылшын демократиясымен байланысты дер едік. Бұны біз эссенің табиғатынан байқаймыз: бір қарағанда қатаң жанрлық ережелерге бағынбаған, еркін, әсем нақышты, ерікті пішінде сияқты болғанымен, шындығында қатаң жанр шеңберіне бағындырылған. Әрине, сол себепті, бұл жанрда жазу кім көрінгеннің қолынан келе бермейді.

Өзіндік әдеби пішіндегі эссе тарихы қайта өрлеу дәуіріндегі Мишель Монтеньнің (М.Е. de Montaigne) осындай шығармаларға тән жеке өмірлік тәжірибе өзіндік көрініс табатын сипаттағы «тәжірибелерінен» («Les Essais») бастау алады. 1757 жылы Фрэнсис Бэкон өзінің трактат деп атауға жақын келетін ой-пікірлер кітабын «Эссе» деп шартты түрде атайды. Алдымен Францияда, одан кейін Англияда трактат түріндегі эсселер көптеп туа бастайды. Әрине аталған мерзімге дейін осы тектес шығармалар тарихта мүлдем болған жоқ деп айта алмаймыз. Эссеге ұқсас немесе пішіні жағынан жақын келетін шығармалар антикалық дәуірдегі Плутарх, Цицерон, Гораций, Катулла, Марк Аврелейдің шығармашылығында бар еді. Дегенмен антикалық дәуірдегі туындылар түбегейлі эссеге жатқызылатындай тұтастықтан ада еді.

Бұл жанрдағы шығармалардың танымалдығының артуы XVIII ғасырда Англияда апталық журналдардың қалыптасуына, мазмұны нақ осы эсселік стильде жазылған шығармалардың (Д.Адисонның, Р.Стилдің шығармалары) тууына ықпал етті. Бұл туындыларға ішкі жылулық, ойды білдірудегі стильдік жеңілдік пен өткірлік, ашу-ыза, керек десеніз тосын пікірлер де тән.

Кейбір зерттеушілер ағылшын эссесінің француздық эсседен бастау алғандығына шүбә келтіреді. Олардың пікірінше «ағылшын эссесі Франциядан алынған емес, керісінше осы жанрдың ұлттық моделі болып табылады» [39,с. 2]. Олардың дені ағылшын эссеистикасының негізін қалаушы Уильям Шекспир деп санайды.

Жалпы эссе тарихында өзіндік еңбектерімен ерекшеленетін ағылшындық эссеистер – Ф.Бэкон, Ч.Ламб, А.Коули, С.Т.Колридж, Дж.Драйден, Дж.Адиссон, С.Джонсон, Т.Карлейль, Р.У.Эмерсон, М.Бирбом, Г.К.Чистертон, М.Арнолд, Дж.Оруэлл, В.Вулф, М.Оден және т.б. Англосаксондық эссеистика дәстүріндегі Р.Эмерсонның, Г.Тороның, О.Холмстың, Е.Рознің, В.Ирвингтің, Д.Лоуэлдің, Э.Поның, Р.Уиплдың, Д.Митчелдің және тағы да басқа туындыгерлердің есімімен тікелей мақтана алатын американдық эссеистиканың шарықтап, дамуына ықпал етті [40].

Латын–американдық және испан тілді әдебиеттің XX ғасырдағы орасан зор жетістіктерге жетіп, ерекше дамуы, әрі бүгінгі күнге дейін көркемдік құндылығын жоймай келе жатуы тек романистикаға ғана емес, сондай-ақ эссеистикаға да тікелей қатысты. Х.Ортега-и-Гассейт, Х.Л.Борхес, Ж.Амаду, О.Пас, М.В.Льос және тағы да басқа сөз зергерлерінің тамаша философиялық, әдеби эсседегі біздің оқырмандарымызға тәуелсіздіктен кейін ғана таныс бола бастағандықтан, бұл жазушылардың эссе жанрындағы шығармаларының шын

табиғатын, кең көлемділігін енді ғана ұғына бастағандаймыз. Әсіресе, әлемдік құбылысқа айналған Борхестің эсселерін ерекше атап өткіміз келеді.

Әлеуметтік-саяси сипатымен айқын көренген афро-американдық әдебиеттің де жанрлық дәстүрі берік. Мысалы зерттеушілер бұл әдебиеттегі эссе жанрының туып, қалыптасу тарихына байланысты «американдық негрлер құлдықтан құтылу жолында күрес бастағаннан бері, басқа этникалық топтарға карағанда осы мәселені көп талқыға салды. Нәтижесінде олар өздерінің еркіндік пен теңдікке деген құлшынысын білдіру үшін эссе жанрына көптеп жүгіне бастады. Афро-американдықтардың эссе жанрында көптеген шығармалар жазуының тағы бір ерекшелігі, олар өздерінің өмір сүру қалыбы мен ойлау жүйесі тұрғысынан-ақ эссеистер еді. Бұл жерде біз ортақ идеяға біріккен, туындыларында эссе жанрының өзіндік ерекше түрлері көрініс тапқан жазушылар шығармашылығын көреміз» [41] -деген, сондай-ақ, бұл эсселерге «объективті, формалды сипатпен қатар дидактикалық пафос, моральдық нақыл, пуритандық өсиеті, насихаттау тән» [41,с. 44] деген сияқты пікірлер білдіреді.

Жоғарыда келтірілген жанрлық анықтамаларда баяндау жеңілдігі, фрагментарлық та аталған еді. Эдмунд Госсенің «Эссе – шағын көлемдегі, прозаға жататын, таңдап алынған тақырыпты жеңіл, үзік-үзік мәндерде баяндайтын және автордың аталған тақырыпқа көзқарасын білтіретін шығарма» [41,с. 42] деп, эсселік шығармалардың қысқалығын, шағын көлемді болып келетіндігін ерекше көрсеткен пікірімен толық келісуге болмайды. Өйткені, осы келтірілген анықтама аясына эссе әрдайым сай келе бермейді. Бұл, әсіресе бүгінгі эсселік шығармаларға қатысты.

Кеңес әдебиеттанушыларының орыс әдебиетінде эсселік шығармалар жоқ деген дәйектемелеріне қарамастан, бұл әдебиеттегі осы жанрдың бай тарихы бар екенін көреміз. Эсселік прозаның үлгілерін біз Ф.М.Достоевскийден, В.В.Розановтан, Вяч.И.Ивановтан, К.Г.Паустовскийден, В.П. Астафьевтен, А.И. Солженциннен, В.Беловтан, В.Солоухиннен, Ю.Бондаревтен, таба аламыз. Г.Боровик және Ф.Искандер сияқты авторлардың прозасындағы негізгі үдерістерге қарай отырып, оларды «таза» «эссеистерге» жатқызуға болады. И.Бродскийдің эмоционалды, жекелік көңіл-күй реңкіне толы эссеистикасы үлкен зерттеу тақырыбы болуға сұранып-ақ тұр.

Эссе бүгінгі ресейлік әдеби-сыни ойлаудың дәстүрлі формасына айналды (Л.Аннинский, Б.Гройс, А. Генис, Б.Дубин, М.Гаспаров, Н.Богомоллов, А.Эткинд, Л.Осповат, М.Берг, П.Вайль, К.Кобрин және басқалар). Өйткені бұл жанрдағы материалдар «Вопросы литературы», «Дружба народов», «Иностранная литература», «Новое литературное обозрение» және тағы басқа көптеген ғылыми-танымал және әдеби журналдарда дәстүрлі түрде жарияланып тұрады.

Эссе жанры, пікір білдірудегі эссеистік форма Америка мен Европа елдеріндегі әрбір жазушылықпен айналысатын адамға тән, өйткені оның негізі мектеп қабырғасында-ақ қаланады. Кеңес дәуіріндегі, бұдан бес-он жыл бұрынғы біздегі мектептерде оқыған адамдарға өз ойын білдіру үшін

«шығарма» сөзі қандай таныс болса, эссенің стилі мен формасы европалық және американдық орта білім алған адамға сондай таныс. Олардағы тіл мен әдебиетке байланысты оқу құралдарында эсеге дайындық, жазу, оны әрлеуге қатысты әдістемелік нұсқаулықтар міндетті түрде енгізіледі. [42] . Сонымен бірге эссе жазудағы басты бағыт ретінде «тұспалдау мен ұсыныстың» болмауы, ал жазған адам «айтар ойы туралы ашық әрі айқын айтуы» талап етіледі [42, p. 232-233].

Эссені материалды сәтті жеткізудің бір формасы ретінде Қазақстанның орта білім мекемелеріне бірте-бірте әрі жоспарлы түрде енгізуде. Өйткені, «эсседегі еркін композиция, көркем бейнелеу құралдарын таңдаудағы еркіндік, авторлық ой-пікірдің шексіздігі сияқты қасиеттер оқушылардың жазу шеберлігін дамытуға ықпал етіп, олардың жазбаша түрде жеткізуін өрістететіні сөзсіз» [43].

Азия әдебиеті, оның эссеистикасы туралы айтар болсақ Азия көркем сөзін зерттеуші әдебиеттанушы А.Тенис оны «Даналық эсселер әдебиеті» деп атайды. Бұлардың ішінен ең алдымен әрдайым нақылдың емес философиялық әдебиеттің негізін қалаған көнеқытайлық философиялық прозаны, әсіресе Лао-Цзы мен Конфуцийдің эселік прозасын ерекше атауға болады.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің әдебиетіндегі эссеистиканы бір-бірімен өте ұқсас сияқты болып көрінетін прозалық мәтіндердің поэтикалық табиғаты ерекшелендіріп тұрады. Мәселен, тақырып ауқымы өте кең, аса көркем тілді сипаты мен образдылығы еркін әрі қарапайым баяндау формасымен үйлескен, қысқа ұйқассыз үшжолды поэтикалық жанр «хоккуды» (хайку) еске түсірелік.

Азия эссеистикасындағы ойлаудың интуитивтігі, дүниені танудағы сезімталдық біздің заманымызға тән заттар мен құбылыстарға деген жүйелі салыстырулардан, қисынды, рационалды ұғымдардан шаршаған оқырмандарды қызықтырып, сиқырлап алды. Олардың эссеистикасы–жүйелі ұғымдардың тәртібі емес, керісінше поэтикалық салыстырулар мен нақты бейнелеудің өмірлік тәжірибесінен алынған түйсікпен танылған бір ойдан екінші ойға тынымсыз ауысып отыру. Мұнда абстрактілігі терминдерден аулақ және айқын кескінделген дефинициядан ада ойлау бар.

Жапон әдебиетіндегі эссенің өзіндік терең, әрі мықты дәстүрлері бар. Эссе жанрының өзіндік атауына айналған Монтеннің «Тәжірибелерінен» (француз тілінде тәжірибе «*essey*» екенін ескертейік) көп бұрын дәстүрі мен тарихы өте бай жапон әдебиетінде «дзуйхицу» (сөзбе сөз «қылқаламның ізімен») жанры дәуірлеп тұр еді. Қазақтар мұны «қаламға ерік беру» дейді. Жазушының лықсып келген ой тасқынын баяндаудағы еркін, нақышты мәнері, аяқ астынан суырып салатын импровизациялық эффект әсеріне бөлейтін, пішін іздеп қиындық тудырмайтын ерікшілік дзуйхицу-эссенің оқырмандарын еліктіріп, жанрлық сұлулығымен сиқырлап алған еді. Қылқалам санамен айқындалатын қағаздағы ойға бірте-бірте сендіре береді.

Жапондық эселік-прозаға ең алдымен эссеист жазушы Сей Сенагонның «Записки у изголовья» (лирикалық эссе-дзуйхицу жанрындағы алғашқы шығарма), «Записки от скуки» мен эссеист Мисиманың «Ұшқыш өрмекшінің

күнделіктері», «Көбелектің жазбалары» сияқты жарқын үлгілерді атауға болады. Бұл шығармаларда автордың қоғамға, адамға деген шынайы, яғни аса көтеріңкі немесе күнделікті мардымсыз, күлкілі немесе мұңды, шерлі қарым-қатынастары мен көзқарастары жан-жақты көрініс табады. Баяндаудың ең оңтайлы тәсілі ретінде қысқа монотақырыпты әңгіме-фрагмент қолданылады. Жапон прозасының ірі формаларға да ұмтылысын байқауға болады. Осыдан келіп түрлі пішіндегі жинақтар көптеп кездеседі. Шығармалардың нақыштылығы, құрылымдылығы сөз өнеріндегі жанрүстілік ұстаным түрінде көрініс табады [44].

Таң империясының гуманистік өнері күнделік-эсселік лирикалық прозамен «монологтар» психологиялық повестерінің өркендеуін туғызды. Бұл кезеңнің ең ірі эссеисті Хань Юй саналады. Ол: «Шығармадағы рух-бұл, өзен ағысы, ал тіл-сол өзенде ағатын барлық зат. Ағыс-терең, сондықтан онда үлкен де, кіші де ағады. Рух пен тілдің байланысы деген осы. Рух ұлы болғандықтан тармақ-жолдар бір-біріне ұзындығы, ал дыбысталуы биіктігі жағынан сәйкес келеді», – деген жаңа, эсселік проза қажеттілігі туралы жазған әдеби теоретик-реформашы [45].

Жапон әдебиетіндегі тағы бір ерекше эсселік жанр-өзі туралы проза «сисёцу». Бұл - өз өмірін баяндайтын автобиография емес, нақ өзі туралы. Бұл тұтас контекстегі өзіне деген емес, өзінің ішкі жандүниесіне деген көзқарас. Бұл өте маңызды.

Шығыстың әдеби дәстүрлерімен суарылған қазақ әдебиетіндегі жанрлық дәстүрлер де тараң әрі мығым. Эссе жанрының негіздері Абайға дейінгі ауыз әдебиетінде де болды. Абай дәуіріне дейінгі ел әдебиетінде абыройлы, беделді данышпан билердің көпшілікке қаратып айтылатын. Нақыл сөз, билік сөз өсиет сөз сияқты халық ауыз әдебиетінің жанрлық түрлері көптеп қолданылған. Олардың негізіндегі тәмсіл ой, дидактикалық, пәлсапалық ойлар өз бастауын халықтың сөйлеу эстетикасынан, оның бірнеше ғасырлық даналығынан, ақпарат берудегі кеңдігі, афористік айқындығы мен үрдістерінен алады.

Классикалық қазақ әдебиетіндегі эссеге ең алдымен біз Абайдың «Қара сөздерін» (кейде Ғақлия) жатқызамыз. Абайдың «қара сөздерімен» бірге қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған аналитикалық, пәлсапалық-дидактикалық эсселік прозаның жаңа үлгісінің қалыптасып, дамуы өріс алды. Бұл туындылар автордың өзімен деңгейлес сұхбаттас-оқырманға бағытталған ақиқат болмысты, тұрмысты, ондағы адам орнын ұғыну сипатына ие болды.

Профессор А.Ж.Жақсылықовтың төмендегі пікірімен келіспеуге де болады: «Содержательная духовно-философская полнота, честность и искренность в изложении взглядов, ориентация на нравственное воздействие на души людей, учет общинного принципа сознания, свойственные «Словам» Абая позволять говорить об их жанровой близости к Хадисам пророка Мухаммада, нежели к эссеистической дидактической традиции западной литературы. Совершенно не случайно во многих фрагментах «Слов» упоминаются Хадисы пророка, цитируются изречения из Корана» [46].

Біздің көзқарасымыз бойынша Абайдың «Қара сөздеріндегі» дидактикалық сарын «адам жанына адамгершілікпен ықпал етуге» ұмтылу әрекеті түрінде көрініс береді. Ал, қара сөздердегі құраннан келтірілген үзінділердің, діни тақырыпқа арналған талдаулар мен түсіндірмелердің көптеп кездесуі, оның эсселік табиғатын жоққа шығара алмайды.

Абайдың қара сөздерінен таза эсселік элементтерді көптеп кездестірген зерттеушілер де бұл мәселеге салыстырмалы түрде тоқталып өтеді: На наш взгляд, дидактические интонации в «Гаклиях» Абая выражаются непосредственно в попытке «нравственного воздействия на души». А тот факт, что в них содержатся отсылочные моменты из Корана, рассуждения на религиозные темы, толкования еще не дают права отказывать в эссеистической природе «Слов».

Абай да дәл осылай. Қазақ ойшылы өзінің әр «сөзінде» оқырманға ой тастайды да, артынша осы идея туралы өз өмірінен алынған нақты детальдар көрсетілген тәжірибеге сүйенген қысқа да айқын үлгі-нұсқалармен бөліседі. Одан кейін жан-жақты қорытумен аяқталатын адамгершілік туралы пайымдаулар кетеді. Бұл «сөздерге» насихатшылық және аяқтаушылық реңк береді.

Абайдың «қара сөздерінің» жанрлық табиғаты туралы, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, Т.Нұртазин, Ә.Марғұлан, А.Нұрқатов, С.Әшімбаев, М.Мағауин, С.Қасқабасов, М.Әлімбаев, Б.Ғабдуллин, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, М.Әлімбаев және Ғ.Есімов сынды көптеген ғалымдар зерттеу жүргізіп, ғылыми тұжырым жасаған [47].

Ал жазушы-аудармашы, публицист, эссеист Герольд Бельгер бұл туралы: «По сути дела, «Слово» Абая» – не назидание, а размышления, суждения, то, что ныне нередко обозначают словом эссе – своеобразное изложение сокровенных исповедальных мыслей, дум. Подобную манеру письма Монтень образно охарактеризовал как «бросать перо на ветер». Это философские очерки, максимы и рефлексии, изложенные в непринужденной, изящной манере, отличающейся вдохновенным строем мысли» [48] – деп тіке айтады.

Абайдың қара сөздері немесе «Ғақлиясы» – бұл ойшылдың толғамдар жинағы, бұл түрлі тақырыпқа құрылған философиялық, мінез-құлықтық, дидактикалық эссе. Мұнда қазақтардың діндік ерекшеліктеріне саралаудан бастап, олардың тарихи, заңнамалық, саяси, діни-рухани мінезіне дейін талдап, қорыту сынды тақырыптар бар. Сонымен бірге қара сөздер өте еркін, кей кездері, айтыс, пікірталас мәнерінде жазылғанын да айта кету керек. Абайдың өзі де: Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алып, оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым... [89 б.] демей ме.

Егер Абайдың қара сөздеріндегі әр сөзге тақырып қойып көретін болсақ (ұлы ойшыл сөздігін санмен таңбалаған), онда біз нақты, ашық әрі айқын мағынадағы тақырыптармен қоса, кей кездері Монтендегі сияқты дерексіз тақырыптарды да көреміз. Мысалы, бірінші сөзге-«Мені жазуға мәжбүрлеген

себептер туралы», екінші сөзге-«Қазақтардың түрлі халықтардың ерекшеліктеріне көзқарасы туралы» деп тақырып қоюға және осы үлгіде жалғастыра беруге болады. Бұл жердегі «туралы» жанрдың өзіндік формуласы. Бұл формула эссенің мәні мен пәні атау септігінде емес, көмектес септікте көрініп, ғылыми шығармадағыдай тікелей емес, қырынан қарастырылып, толық шеңбер жасай отырып, автордың өзіне кету, келу нүктесіне ретіне де қайтып оралған ойды ашуға желеу қызметін айқындайды [37,с. 338].

Ғ.Есімов Абайдың «Ғақлияларындағы» әдеттегі эсселік стильге тән қасиеттердің барлығын саралай келе, яғни жоғарыда біз келтірген жеделділік, фрагментарлық және т.б. өзіндік ерекшеліктерді де ескере келе, «Сөздің» өзін эссенің тікелей жанрлық белгісі ретінде атамайды. Біздің ойымызша, Абайдың «Ғақлияларындағы» дидактикалық екпіндер «адамдарға адамгершілік әсер етуі» әрекетінде көрсетіледі. Мұнда Құраннан сілтемелі сәттер бар бірақ Абай үнемі діни тақырыптарға, пікірталастарға түсіндірулер беріп отырады. Тіпті батыстағы эссенің негізін салушы – Монтеньнің «Тәжірибелері» моральдық-философиялық пікірлесулерден, Библияның көптеген үзінділерінен тұрады, сондай-ақ ол діни (христиандық) ілімдер синтезі мен антикалық даналықтың синтезін жасады. Сонымен қатар христиандық қағидалардың шексіз рефлексиясына және жеке бастан өткізілгеннің, көргеннің және естігеннің негізінде түсініктемелер берді. Абай «Ғақлиясында» да қазақ ойшылы сілтеме ойды береді, сосын бұл ойды тікелей өмірмен байланыстыра отырып, оны мысалдарымен-мүкәммалдарымен қосып дәлелдеп шығады. Сонымен бірге өз тұсынан тікелей адамгершілікке үндейтін пікір таласулар ұсынады.

Әдебиеттанушы А.С.Исмақова «Поэтика казахской художественной прозы начала XX века (тематика жанр, стиль)» деген еңбегінде Абайдың қазақ әдебиеті үшін бұған дейінгі кезеңдерде мүлде болмаған жаңа жанр ашқанын, оған әлем әдебиеті тәжірибесінің ықпалы мен қарым-қатынасы әсер еткенін айта келіп былай дейді: «Классический стиль Абая охватывает все формы написанного слова того времени: философию, историографию, очерки. Неслучайно «Гаклия» поэта является предшественницей казахской прозы именно в стилевом отношении. После появления этого необычного по жанру произведения Абая прозаические формы, бывшие на периферии казахской литературы, но и предшествующей литературы (своей и чужой) Абай извлекал то, что наиболее соответствовало духу национальной словесности», - и далее, - «Читая «Гаклия» поневоле вспоминаются и Монтень, и Паскаль, и Грасиан, и Ларошвуко, и Ницше, и Шопенгауэр. Это эстетическое открытие, совершенное Абаем, позволило в дальнейшем более быстрому становлению в казахской литературе отсутствовавших ранее прозаических жанровых форм» [49].

Көріп отырғанымыздай екі зерттеуші де бір тоқтамға - Абайдың жаңашылдығына келді, бірақ ойшыл ақынның қазақ әдебиетіндегі жанрлық түрдің таралуы мен дамуына берген бағалары әр түрлі.

Монтень де Абайда адамды дүниенің ең ортақ, кіндік жаратылысы деп санамайды, яғни олардың дүниетанымына антропоцентристік сипат тән емес деген сөз. Екі ойшыл да өздерінің философиялық эсселерінде адам жаны мен

тіршілік табиғатына екіжақтылық, керек десеңіз екікезділік (ұлылық мен таяздық) тән екенін атап көрсетеді.

Екі ойшылда да эфемерлі тұманды тұспалдар емес, шындық болмыс пен белгілі біреудің, өздерінің өмір тәжірибелерінің «татымы» бар сентенциялар кездеседі.

«Тәжірибелер» мен «Қара сөздерді» салыстырып қарағанда Абай мен Монтеннің антропоцентризмді жоққа шығарудағы, құдайдың бірлігін мойындауда, адамның діни сезімдер табиғатына деген көзқарастарының өте-мөте ұқсастығы көрінеді де, біздің Абай «Ғақлияларының» эсселік табиғатына деген көзқарасымызды нақтылай түседі. Монтень мен Абайдың әртүрлі діни конфессия өкілдеріне жататындығы мен бұл діндердің өзіндік айырмашылықтарына (Монтеньнің сүйенетіні – Ескі және Жаңа өсиет, Абайдың сүйенетіні – Құран кәрім) қарамастан, олардың діни тақырыптарындағы ұстанымдарының бірлігі көрініп тұрады.

Мәңгілік тіршілікті ұғыну мен пайымдаудағы мақсатсыздықты байқай отырып, олар өздерінің айналасындағы адамдардың көпшілігінің берекесіз тіршілігінің ешқандай мәні жоқ екенін көреді. Ойшылдар адамның жоғарғы күштерді танудағы рухани бейшаралығын ерекше атап көрсетеді. Абай лирикасы мен эсселеріндегі адамзат тіршілігінің өткіншілігі қалай айқын көрініс тапса, Монтеньнің санасында сондай бекіп қалған.

Төменде біз көрсеткен үзінділерге бір сәттік қана сараптау жасасақ, бұл тұжырымымыздың анықтығына көз жеткізуге болады: Монтень: «Пусть он покажет мне с помощью своего разума, на чем покоятся те огромные преимущества над остальными созданиями, которые он приписывает себе. Кто уверил человека, что это изумительное движения небосвода, этот вечный свет, льющийся из величественно вращающихся над его головой светил, этот грозный ропот безбрежного моря, что все это сотворено и существует столько веков только для него, для его удобства и к его услугам?... На чем основано то превосходство, которое он себе приписывает, полагая, что в этом великом мироздании только он один может воздать хвалу его творцу и отдавать себе отчет в возникновении и распорядке Вселенной?... По суетности воображения он равняет себя с Богом, приписывает себе божественные способности, отличает и выделяет себя из множества других созданий» [36, с. 12].

Пенде. Алла (Т.) сендерді аналарыңның құрсағынан еш нәрсе білмейтін күйде шығарды да, сендерге есту, көру және ойлау қабілетін берді. (16:78) Ғылымы шектеулі, азайып - көбейеді. Басы мен аяғы бар. Бәрін біле алмайды. Алдында болатынды біле алмайды. Алланың шексіз білімін толық тани алмайды. Көрместі, көрінбегенді тауып, игеріп тануы қиын. Ғылымды үйренуге уақыт, қаражат, орта керек. Күші шектеулі, өлшеулі. Әлсіз. Кедергілері көп. Кемшілігі көп. Техника мен ғылымның көмегімен белгілі бір дәрежеге көтеріле алады. Бұл жердегі негізгі түсінік - адамның физиологиялық әлсіздігі, қажеттілік, біздің әлсіздігімізде ерекше мән-мағына бар. Алла бізді кемшіліксіз жарата алар еді, бірақ кемшіліктер белгілі бір мақсаттармен берілген. Кәрілік, адам ағзасындағы кәріліктен болатын өзгерістер де Алланың ісі, адамға ой

салатын іс, бұл дүниенің уақытшалығын, оның жылдам өтетіндігін, адамның бұл кәмелетсіз дүниеге тым байланбауын, бірақ басқа мәңгілік өмірдің мүлтіксіз келетіндігін есте сақтау.

Осыдан келіп, Абайдың «Қара сөздері» қазақтың эсселік ойының бастау-бұлағы, ал оның жалпы шығармашылығы «қазақ әдебиетінің ары қарай дамуына, түрлі бағыттардың қалыптасуына негіз болғандығы» [49,с. 123] айқын көрінеді.

Абайдың «Қара сөздері» бірнеше тілге аударылған. Мәселен, орыс тіліндегі атауы «Книга слов»; «Слова назидания» сияқты болып келеді. Профессор Ш.Елеуенов «Раздумья» [50] деп көпше түрде аударуды ұсынады. Бұл атаулардың өзі-ақ бұл шығармалардың баяндау формасын көрсете отырып, эсселік реңкін айқындайды, яғни метаконтексті бір адамның ішкі сыры, тәжірибесі, әлем мен адамдарға көзқарасы болып келетін кең көлемді мәселелерге байланысты тым еркін айтылған фрагмент-рефлексиялар. Ал екі ойшылдың да (Монтень мен Абай) тақырыптың ассоциативтік үндестігі, мотивтерінің ұқсастығы Г.Бельгер «Гете және Абай» деген эссесінде атап көрсеткен үндестік сияқты шығармашылық қатыстылықты көрсетеді [51]. Осы себептен де Монтень мен Абайдың ұлылық пен ақыл-ой бірлігіне тиесілі эссеистикалық көзқарасын жан-жақты зерттеу ісі әлі де өз уақытын күтуде. Біздің ойымызша бұл жерде зерттеулердің негізіне көзқарастар тоғысуы мен көркемдік ойдың ұқсастығы, сондай-ақ пікір алшақтығы мәселесі де жатуы тиіс.

Осыдан келіп, эсселік ойлаудың күшеюі адамның өзінің тұлғалық құндылықтары мен өзінің өмірлік тәжірибелері аясында ұғынуды түсінгенде орын алады дей аламыз. Яғни, эссенің субъективті жекелік жанр екендігі тағы да айқындала түседі. Сонымен бірге осы жерде жанрдың пайда болған кезеңі: европалық Ренессанс дәуірімен генетикалық байланысы да анық көрінеді. Адам өзінің бірегейлігін, қайталанбастығын, сүйініш, күйініш, күйзеліс, қайғыны бөлісу сияқты өзгенің қызығушылығын оятатын, кей кезде өзгелер үшін үгіт, насихат болатын өмірлік тәжірибесі барын түсініп, өзін көп тобырдан бөліп алады.

Эссе жанрының типологиялық ерекшеліктері қазақтың ағартушы-ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың да очерктерінде көрініс тапқан. Ол нақтылық, аналитикалық, аналитикалық талдау, әсерлілік пен көркемдік, әсерлері мен детальдарды суреттеудегі егжей-тегжейлілік, бір қарағанда мәні жоқ сияқты көрінетін майда-шүйденің өзін көзден таса етпеуге тырысу сияқты өзіндік баяндау мәнері мен қайталанбас стилімен ерекшеленеді. Оның «Қазақтың шежіресі», «Ыстық көл сапарының жазбалары» сияқты очерктері эссе жанрының ең озық үлгілері деуге болады. Бұл жерде біз Шоқан Уәлихановтың өте саналы, әрі жан-жақты білім алғандығын, бірнеше европалық тілдерді білгендігін, әрине, сонымен бірге Монтень, Бэкон, Аддисондардың еңбектерін оқып, танысқандығын ескеруіміз керек. Тыңшы ретінде оның жинаған материалдарында нақтылық болса да, этнографиялық, мәдениеттанымдық қыры да мол болғандықтан Ш.Уәлихановтың очерктері

эсселік жанрға тән алуан тақырыпты қамтуы, әрі ғалымның назары бір нәрседен екінші нәрсеге өте тез және сәтті ауысып отырады. Нәтижесінде очерктермен танысып отырған оқырманға автордың не айтпақ болғаны туралы кең панорамалы сурет барлық қырынан көрінеді. Мысалы, қазақтың ұлы ғалымы «Ыстықкөл сапарының күнделігінде» Сәуірдің 18-жаңасында Семейден біз Аягөзге аттандық. Жол сусыз сортаң далада анда-санда бір кезігетін қазақ бекеттері арқылы өтеді екен. Алғашқы көкті де біз сол станицалардан ұшыраттық. Жолға шыққан күніміз жайма-шуақ болып, бозторғайлар шырылдап, әдеттегі әніне басып тұрды, - дейді. («Ақиқат», желтоқсан №12 1995 ж. 96бет. Аударған Сарбас Ақтаев.)

Ал «Словесность» деген очеркінде Ш.Уәлиханов қазақтың халық ауыз әдебиетінің жанрларына классификация жасай отырып, сол мезетте өзінің екі ақын-импровизатормен ертеден таныс екенін еске алады да, олар туралы да, ауыз әдебиетінің жанрлары туралы да еркін талдаулар жасап кете береді.

Оның очерктерінде кейде өзіндік бір сыр ашулар да кездеседі: «Я вижу теперь, что трудно бороться со всеми, вижу, что истина, как бы она ни была светла, не может изгнать самых неверных заблуждений, они освящены временем» [52].

Қазақтың ойшылы, ақын, философ, тарихшы, музыка теоретигі, Абайдың ізбасары Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұтылғанның жазбаларын» да біз эссеге жатқызамыз [53]. Бұл туындыға қайғылы махаббат туралы романтикалық баяндау да, елден жырақтаған кісікиік ақынның өмірінің әр жылдарында әлем туралы, адам мен оның кеңістіктегі орны: жақсылық пен зұлымдықтың табиғаты, махаббаттың мәні, адамға деген сүйіспеншілік туралы жазған философиялық эссе-толғамдары да енген. Шығарманың негізгі діңі асқақ гуманизмге құрылған.

Дұшпаным жоқ, досым жоқ,
Қайғыдан да шошу жоқ,
Рахат іздеп тосу жоқ
Бір жындымын құтырған.
Жаралы жаным шықсын деп,
Қара жер мені жұтсын деп,
Өлген соң елім мұтсын деп,

Атымды қойдым: «Мұтылған», – деген ақыл-ойшыл жазбасы сөз шеберлігімен, өлшеусіз поэтикалық құндылығымен ерекшеленеді. (Шаһкәрім. «Өкінішті ғұмыр». Халықаралық Абай клубы, Жидебай 2008ж. 423 бет, 157бет және 316 бет.

Шәкәрімнің «Жазбаларында» адамгершілікке шақыратын өсиеттер, тарихи деректер, өзіндік естеліктер мен «әр жылдардағы ойлар» көптеп кездеседі. «Өтіріктен тілін тия алмаған адам арамдықтан ындынын тия алмас. Мен зияны тиер деп күдіктенген кісіме – жылы жүзбен күле қараймын. Мұным - пішініммен айтқан өтірік. Адам баласы зиянкес болғандықтан, амалсыз талай осындай іс істеледі».

Шәкәрімнің стилі сөз орамдарының өткірлігімен, ойының нақылдылығымен, реминисценттік қанықтығымен ерекшеленеді. «Мұтылғанның жазбаларының» Абайдың «Ғақлиясының» ықпалымен жазылғанына күмән жоқ. Абай мен Шәкәрімдегі идеялық және вербалдық сәйкестік тікелей ұқсастықты ғана емес, сондай-ақ сол уақыт мәдениетіндегі диалогтық үйлестікті де білдіреді. «Абайдың ізін ала» деп ойшыл да «адамның бақытты өмірінің негізі адал еңбек, ұятты сана, адал жүрек» (Абайдың «саналы жүрегі» метафорасын еске алайық) екенін айтады.

Роллан Сейсенбаев Шәкәрім прозасының дидактизмін, философиялығын атап көрсетеді: Заманының озық ойлы тұлғасы Шаһкәрім үшін рушылдық, жершілдік, ұлтшылдық мүлдем жат түсініктер; өйткені, ақын адам өмірінің басты тірегі – ар мен намыс, есті дүниетаным екенін жан-тәнімен жақсы түсініп, терең зерделеген.

Шаһкәрім қазақ халқы үшін жауанмәрттігімен, ақиқатқа деген ұмтылыстарымен ұлағат. Бұларға дейін қазақ прозасы мен поэзиясында сайын даламыздың үніне, иісі мен сиқырлы суретіне жан бітпеген, жарық пен көлеңкенің нәзік бояулары әрленбеген, ешкім һәм ешқашан уақыт пен кеңістікте еркін көсіле алмаған (Шаһкәрім. «Жол табалық ақылмен». Халықаралық Абай клубы, Жидебай 2006ж. 724 бет. 722-723б.б.)

А.Жақсылықов өзінің «Шакарим: кто он: святой, философ, поэт, историк?!» деген эмоционалды эссесінде ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдеріне, оның діни, философиялық прозасы мен тарихшы ретінде еңбектерінің сан алуан қырларына жан-жақты сараптама жасай келе, Шәкәрімнің терең аналитикалық прозасын ерекше атап өтеді.

Әдебиеттанушы Ө.Күмісбаевтың «Шәкәрім поэзиясы сөйтіп бірнеше арналы бұлақтардан: халық ауыз әдебиетінен, Абай шығармашылығынан; орыс, шығыс, батыс Еуропа әдебиетінен толымды нәр алып, бұғанасы берік бекіген поэзия деу керек. Әсіресе, орыс өлеңдерін, поэмаларын ыждаһаттылықпен зер сала оқып, өзіне өтімді өрнек әкелгені көп көңілінен шыққан» деген сөзімен келіспеске болмайды (Өтеген Күмісбаев. «Алтын қазық». – Алматы; Қайнар 2012ж. 510 бет. 217 - бет.)

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің де мол әдеби мұрасының біршамасы осы жанрда жазылған. Оның «Менің Үндістаным», Рабиндранат Тагор және басқа да эсселерінде біз имагологиялық, альтеритеттік образдарды («өзіндік емес», бөтен ұлттың тұрмысының образы) кездестіреміз.

Бүгінгі қазақ жазушылары мен әдебиеттанушыларының, қоғам және саяси қайраткерлерінің шығармашылығында да эссе жанры көп кездеседі. Мысалы, қазақ кеңес әдебиеттануының көрнекті өкілінің бірі академик Мұхаметжан Қаратаевтың «Көргенім мен көңілдегім» [54] деген жинағына негізінен естеліктер, кездесулер, әдеби портреттер, шолулар, өзіндік пікірлер мен рецензиялар енген. Белгілі қазақ жазушысы Оралхан Бөкейдің «Өнерге өлердей-ақ ғашық едім» [55] деген эсселер жинағы да осы үлгіде жазылған. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхаммед Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» [56] деген эсселік кітабы үлкен қоғамдық резонанс

тудырғанын да білеміз. Ал танымал жазушы Сафуан Шәймерденовтің «Ағалардың алақаны» [57] деген эсселер мен естеліктері, әңгімелері енген кітабы оқырманға кеңінен танымал болып, бірнеше рет басылып шықты.

Қазақ әдебиеті мен ғылымының белді өкілдері Б.Кенжебаев, М.Әлімбаев, Ә.Нұршайықов, Ә.Тарази мен Қ.Ергөбековтердің шығармашылығында да эссе жанрына кең орын берілген. Қазақ прозашыларының тақырып пен идеяны үздіксіз дамытуы пішін іздеу үрдісімен қатар жүріп келеді. Олардың эссеистикасы эссе жанрының көркемдік, сыншылдық жаңалықтары мен композициялық-мазмұндық қырларын жаңаша ашып көрсете білді.

Әдебиеттанушы Дандай Ысқақұлының пікірінше қазақ эссешілерінің эсселеріндегі айтылған жекелеген ойлар мен байламдар жеке зерттеудің тақырыбы болуға лайық екен. Бұл туралы ол: «Негізінде эссе–көркем жанр. Солай бола тұра, оның сыншылық сипаты айқын. Әдетте әдебиеттің тарихында өзіндік орны бар үлкен қайраткерлер жайында естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлері айтылады» [30,б. 231] дейді.

Ал А.Нематованың «Эссе жанры туралы» атты мақаласында эссе жанрының теориясы жөнінде біршама талдау жасалынған [58].

Шындығында эссе жанрының дәстүрлері әдеби сын саласында жемісті көрініс тапқан. Қазақстанның әйгілі әдеби сыншылары өз еңбектерін дәл осы жанрда жазған. Осы жерде Н.Ровенскийдің «Назначить себе высоту», В.Владимировтың «Не переставая удивиться и удивлять», «Что же сказать комиссарам?», А.Устиновтың «Точка опоры» сияқты орыс тілінде жазылған еңбектерін де атап өткен орынды болмақ. Әйгілі Қазақстандық әдебиеттанушы, сыншы В.Бадиковтың әдеби сын бағытындағы шығармаларындағы эсселік сарынның басымдығын да ерекше айтуға болады. Оның көптеген мақалалары мен еңбектерінде академиялық сипат айқын көрініп тұрғанымен, талдап отырған мәселеге терең өзіншіл көзқарас, эмоционалды көңіл-күй мен еркін пайымдаулар көптеп кездеседі.

Әдеби сынмен қатар шуақты адами лиризм мен философиялық пайымдау ырғағын егіз алып жүру жоғарыдағы эссеистердің оқырманды өздері қолданып отырған бай тарихи майданға қызықтырып, сол арқылы не айтпақ болғандығына еріксіз жетелей алу шеберлігін көрсетеді. Белгісіздің бедерін тануға ынтыққан көзі қарақты оқырманға да керегі осы емес пе!? Дегенмен, бүгінгі қазақ эссесінде әдеби портреттің белгілерінің басымдығын, естелік сарынының, лирикалық-сыршылдықтың күшті екенін де айтып өтуіміз керек. Мәселен, мазмұнының өзегі С.Торайғыров туралы нақты тарихи деректер болып келетін Б.Кенжебаевтың «Жаңбырда» эссесін Д.Ысқақұлы эссе дегеннен гөрі көркем әңгіме деген дұрыс дейді. Өйткені, шығарма жанрлық тұрғыдан келгенде әңгімеге көбірек келеді екен.

Қазақ эссесін сөз еткенде Асқар Сүлейменов пен Олжас Сүлейменовтың есімдерін ерекше атауымыз орынды. Асқар Сүлейменовтің прозасындағы эсселік сарынды оның шығармашылығының алғашқы кезеңінде-ақ байқап, көңіл бөлген Әбдіжәміл Нұрпейісов «О младшем товарище по перу» [59] дейді.

Асқар Сүлейменовтің атауы да ерекшеленіп тұрған «Шашырап түскен тіркестер» деген эссесінде заманауи әдебиеттегі тіл өнері, дәстүр туралы өзіндік ұғымды, өнерді көрсете білу сияқты мәселелерді жинақтап, қорытып айта білудің эсселік формасы жарқын көрініс тапқан. Көкейтесті әлеуметтік мәселелерді әдебиет пен шығармашылықтағы проблемалармен қатар талдауға деген талпыныс қарастырылған проблеманы дәйектеуге, тіпті оны әлеуметтік талдауға алып келді. Қанатты да қуатты ой, ой мен сезімнің қорытпасы, адамның моральдық –психологиялық тәжірибесі, сыр ашудың қуанышты бақыты бәрі біртұтас әлем болып әйгілі қазақ жазушысы А.Сүлейменовтің эссесін шарықтата түсті. О. Сүлейменовтің «Аз и Я» эсселер жинағы орыс тілінде жазылғанымен тіл таңдамайтын кеңестік қоғамда үлкен серпіліс туғызып, өткен ғасырдың 80-ші жылдарында автордың партия басшылығы тарапынан қуғындауға ұшырауына әкеледі. Автор шығармасының сынға ұшырауына мәселенің өткір қойылуы, өзіндік көзқарастар мен қоғамдағы әр түрлі сұрақтарға байланысты өзіндік талдауларын айтып, орыс әдебиеті мен славян және түрік мәдениеттеріне қатысты кейбір мәселелерді ерекше қырынан талдауы себеп болды. Бұл кезең ақынның ойынан шықпағаны туралы «не удовлетворяли общие заявления о невежественном, темном прошлом моего племени. Этими положениями пользуются идеологи колониализма. Они и сейчас заявляют, что народы Востока, не имевшие ни государственности, ни культуры, не способны к равному развитию. Своей пассивностью мы аргументируем эти доводы». Публицист-ақынның «Быть мудрее законов – это свобода социальный поэзии» [60] деген сөзі эссеге тән еркіндікті, манифестілікті білдіреді. Тоталитарлы қоғам тарап, тәуелсіздіктің таңы атқалы бері бұл кітап бірнеше рет қайта жарық көрді. О.Сүлейменовтің өткен ғасырдың 60-70- жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін жарық көрген эсселері («Мой Чокан», «Портить отношения», «Пять поэтов», «Может это твой город», «Будущее нуждается в нас», «Кочевники и культура: казахский эксперимент» және т.б.) әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Қазіргі қазақ әдебиеті эссе жанрында жазылған көптеген шығармалармен толықты. Бұл өткен ғасырдың ортасынан бері оқырманмен қауышқан З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі, Қойшағара Салғараның «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» сияқты роман-эсселері, Медеу Сәрсекенің Ғ.Мүсірепов пен академик Қаныш Сәтбаевтың азаматтық тұлғасы туралы естеліктер мен толғаныстардан тұратын «Мен білетін ер Ғабен» [61], «Қазақтың Қанышы» шығармалары, Б.Албанидың «Қазақия» [62] тарихи роман-эсселері, Ф.Оңғарсынованың «Қыз ғұмыр» [63], өлеңдер жинағы мен эсселері, С.Иманасовтың «Қалам мен заман» [64] естеліктер мен эсселер кітабы, Қ.Мырзалиевтің «Иірім» және «Жазмыш» эсселер мен толғаныстар жинағы Абай шығармашылығынан бастау алып, өзіндік бай, ерекше дәстүрлері бар бұл жанр қазақ әдебитінде өміршең бағытта дамитынында сөз жоқ. Өйткені, «любая идея безжизненна, если она не имеет в данной национальной почве художественно-эстетических основ» [49, с. 621] деген қағида ақиқат-шындық болмағанда ертеректе Монтеньнің өзі негізін

қалаған жанрлық бағыт-бағдар қазақ прозасында толық деңгейде іске аспаған болар еді.

Эссенің сүйкімділігі мен ұлттық дүниетанымға жақындығы сондай, қазақ ақын, жазушылары бұл жанрда емін-еркін еңбек етуде.

Сонымен эссе дегеніміз – бұл біршама арнап жазуды меңгере білген суреткердің білгілі бір тәсілі арқылы өте жоғары және қарапайым толғаныстарын қалың оқырманға жеткізе білетін зерттеушінің, ғалымның еңбегі деуімізге болады.

Кәсіби шеберлікті жеңіл айқындаудың белгісі академиялық тиянақты негіздеменің еркін баяндаумен сәйкес келуі. Эссе жанрының бүгінгі және ертеңгі болашақтағы тартымдылығы нақ осыған байланысты. Өмірлік тәжірибесі мол, көзі қарақты әккі оқырманды да, кез келген ақпараттан «адамилық» қасиеттерді, «мәңгілік» сұрақтарға дәлме-дәл жауапты іздейтін, оны өмірлік, рухани сұранысына азық етуге талпынатын оқырманды да қызықтырып, ынтықтыратын осы орамдар болмақ.

Эссе жанрының бір формасы ретінде әдеби портрет пен әдеби суреттемелерді атауға болады. Әдеби портрет жанры өте жеңіл форма түрі кеңес өкіметі кезінде-ақ өмір сүруін тоқтатты. Оқырман сұранысына ие бола алмады. Оның орнына үлкен көлемді, жүгі ауыр кез келген оқырман түсініп оқы бермейтін, негізінен белгілі бір мамандарға арналған монографиялар келді. Ал, Европа әдебиетінде формасы жағынан өте бай әдеби эссенің одан әрі дамуына дем беруші ретінде бұл жанр әлі де сақталған. Эссе қаншалықты еркін жанр болғанымен, оның өзіне тән белгілі бір ерекшеліктері мен қайталанбас қасиеттерін айқындап алуды қажет етеді.

Кеңес әдебиеттануында эссені очеркпен қатар қойды, немесе сол очерктің өзіндік бір үлгісі, түрі ретінде қарастырылды. Мұндай теңестіру, немесе бай дәстүрі мен заманауи тарихы бар өзіндік дербес жанрды жоққа шығару үлкен күдік туғызып, нақты ерекшеліктер мен терминдер іздеуге итермеледі. Неге кеңес кезеңіндегі отандық әдебиеттану ғылымы эссе жанрының дербестігін мойындамады!? Не себепті оны очеркпен теңдестірді!? Немесе, эссені очерктің бір түрі деп, көркем әдебиетте жақсы қабылданғанымен, әдебиеттану ғылымында ұғым ретінде қабылдануы қиындық туғызатын терминдік синонимияны не үшін қолдады? Мысалы, «Краткий словарь литературных терминов» деген сөздікте эссеге берілген анықтама-дефиницияны («Эссе-очерктің түрі...») Эссе-разновидность очерка...» [65] деп очерктің басымдық рөлін айқын көрсетеді. Осы мағыналас пікірді әдебиеттанушы А.Захаркин де білдіреді. Дегенмен, ол: «Термин «эссе» широко распространен на Западе. В России он почти не употреблялся. Даже «Эссе» Монтеня у нас переведены как «Опыты». В современном литературоведении эссе – очерк или статья» [66] деп өзіндік объективті бағасын береді. Аталған зерттеушінің қорытындысына сүйене отырып, қазақ әдебиеттану ғылымында Монтеньнің «Essay-in» орыс әдебиеттануындағыдай «опыты-тәжірибе» түрінде емес, қайта керісінше «Эссе» түрінде алуды ұсынамыз. Бұл өз пікіріміз.

Қазақ эссесінің шығуында әртүрлі мәдениеттердің (Абай-Батыс; Абай-Шығыс т.б.) ықпалы болғанымен, оның тек қазақ топырағында өзіндік шеңберімен қалыптасқандығын ескеруіміз керек.

Эссені очеркпен теңестіру бүгінгі күннің танымымен қарағанда догма деуімізге болады. Өйткені, бұл үрдіс жанрдың бірегейлік ерекшелігін жоққа шығарып, эссе мен эсселік ойлаудың негізінде жатқан өзіндік қайталанбас қасиет пен өзіне ғана тән субъективтілікті құртуға бағытталған еді. Алайда, өзіндік стилі мен әдебиеттегі өміршеңдігі, қызметі жағынан очерк эссеге ең жақын жанр екені сөзсіз.

Очеркке белгілі бір проблеманы алып, оның шығу төркінін, дамуы мен шешімін анықтау, одан шығудың мүмкіндіктерін айқындау тән болса, эссеші қарастырылған тақырыптың қайнар көзін іздеуді мақсат етпейді. Ол үшін тақырып тек қана көрсеткіш, сондықтан да эссеші оның жаңа қырлары мен аспектілерін ғана іздейді. Егер очерктің қуаты автордың, яғни публицистің ортаға тартушы күшпен ойлауы болса, оның себебі қатаң-логикаға сүйенген көзқарастан деп бағамдаймыз.

Ал, эсседегі ойлау жүйесі, бақылау бағыты керісінше орталықтан сыртқа тебуші күшке ие, өйткені эссе сыни мазмұнды болуы міндетті емес. Бірақ, онда позитивті сыншылдық пен зиянсыз күмәншілдіктің дәнегі бар. Бұлардың көмегіне сүйенген эссеші өз тақырыбы мен уақыттың шектеулілігін, очерктілігін жеңе отырып, өзінің де біржақтылығынан құтылады. «Ерікті», «тәуелсіз», «жүйесіз», «ережесіз» деген сияқты эссенің айқындаушы ерекшеліктері очеркке тән болуы мүмкін емес. Өйткені, очерктің тақырып аясы нақты белгіленген, очеркті ешқашан аттап кете алмайтын белгілі бір штрихтер, шекаралар, тақырып ауқымы мен көркемдік-композициялық формалар бар.

Эссе үнемі эксперименталды, икемді, динамикалық, ізденгіш жанр емес пе? Эссе очерктен сөзсіз кең, одан гөрі интегративті. Эсселік шығармадағы басты мәселе ретінде қойылған сұрақтардағы үстемдікке ие құзіреттілік қана емес (бұл жерде тақырыпты зерттеудегі мамандық иесіне қатысты мәселе айтылып отыр. Мысалы, бүгінгі қоғамның жағдайы, оның саяси бағыты т.с.с. қарастыру үшін эссеист міндетті түрде саясаттанушы немесе әлеуметтанушы болуы қажет емес), эссеистің дербес, өмірлік тәжірибесінің байлығы, оның пайымының әмбебаптығы, ой-өрісінің кеңдігі мен мол эрудициясы алынады. Тек тәжірибе ғана өз ішіңнен объективті құндылықтарды сыртқа шығаруға мүмкіндік береді.

Эссені дербес жанр ретінде мойындамаудың, немесе оны очерк жанрымен толықтай теңестірудің тамыры оның жанрлық ерекшелігінде болуы мүмкін. Монтень мен оның дәуірі үшін буржуазиялық қоғамның қалыптаса бастаған кезеңіндегі адамның өзін-өзі танып, түсінуі мен өмір сүруінің жаңа тәсілдерін көрсететін жекелік таным өзіндік құндылық ретіндегі жаңалық болды. Сол заманның гуманизмі тіршілік қарекетінде өзіндік ақыл, парасатына сүйенетін жеке тұлға автономиясына бағытталған мәдениеттің жаңа типінің қалыптасуына алғышарт болды. Бұл үрдіс пен дәстүр бүгінгі батыстық эссеистикада әлі де сақталған.

Ал, кеңес дәуірінің әдебиеті ұжымға тәуелді адамға бағытталған еді. Аса ашықтық, дербестік пен даралық оның негізгі канондарына мүлде сәйкес келмейтін еді. Сондай-ақ ол қоғамда дербес, автономды тұлға әлемі туралы ойлаудың өзі мүмкін емес болатын. Осылайша жоққа шығарудың түптамасы негізінен қолданбалылық сипаттан туғанын көреміз. Кеңестік нұсқадағы эпикалық жанрларға тән идеологиялық қасиеттер эссенің табиғатынан табылмаған болып шығады. Очерктік негізгі қызметіне жататын насихатшылдық сарынның көзге ұрып тұрмауына байланысты, эседен ешқандай саяси пайда болмады. Сондықтан да кеңес қоғамында очерк өте пайдалы әрі саяси тиімді жанрлық түр ретінде шапшаң дамып, өзінің қоғамдық-әлеуметтік, саяси қызметін жан-жақты, әрі сол дәуірдің өлшемімен алғанда үлкен абыроймен атқарды. Мұның дәлелі кеңестік әдебиеттануда қалыптасқан очерктің түрлері мен олардың атқаратын қызметтеріне берілген анықтамалардан да айқын көрінеді. Мысалы, «проблемалық очерк» - «мұнда басқа түрлерге қарағанда қызметтік мағына үстем болады, өйткені очерктің бұл түрінде нақты проблемалар шешімін табады» (ауд. –Н.Б.) [63,с.10; 67] (Жанровые проблемы советского очерка); «өндірістік очерк», «сапар очеркі» - жиһанкездікке, саяхатшылыққа, әлемді тануға шақырады, өзінің сондай-ақ басқа да елдердің тағдыры үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелейді, соңында жан-жақты заманауи материалдар мен ақпараттар негізінде марксистік-лениндік дүниетанымды қалыптастырады [67,с.10] деген коммунистік идеология рухында жасалған тұжырымдар сол кезеңнің бұлтартпас өмірлік әрі рухани шындығы еді.

«Әдеби құбылыстарды идеологиялық күшпен бағалау әлемдік әдеби үрдістің келбетінің аяусыз бұзылуына әкелетінін» [68,с. 3] осыдан-ақ көруге болады.

Эссешінің айтқан ақиқат шындығы интеллектуалды сән мен үлгінің құбылмалылығына байланысты емес, өйткені ол шындық автордың жүрегіне қаншылықты жақын, туыс болса да идеялық көзсіз ұмтылулар апологетикасынан емес, керісінше өмірлік тәжірибелер нәтижесінде дүниеге келген. Апологетикадан көбіне-көп плакаттар туады. Негізінен көп жағдайларда осындай плакаттарға кеңес очеркін жатқызуға болады. Сондықтан да, очерк пен эссені толықтай теңестіру мәселесі сөз болғанда, ең болмаса осы бір ерекшелікті ескерсек керек. Плакаттағы өте кең, кей кезде тіпті салақ әрі немқұрайлы айқын түрлі-түсті гаммалы шимай-шатпақ эссе табиғатына мүлде жат. Кей жерлерде штрихқа ұласып, кей тұстарда өзді-өзі өрмекшінің торындай әсем өріліп кететін жеңіл, бірақ өте сенімді сызық, бояулар – міне дербестік пен жекелік сананы танытатын нағыз эсселік акварель-сурет.

Эссе концепциясының бірегейлігі сонда, ал «пайда келтіру» деген ұғымнан азат. Кей кездері бұл азаттықтың өзі экстремалды сипат алып жатады. Очерктегі «пайда келтіру» мен «етекбастылық» еркін сөз бен ерікті ойды құл етеді. Мәселен, көптеген өндіріс озаттары жоспарды артығымен орындаған ұжымдар туралы тәуелсіз очеркшінің «субъективті» көзқарасы тұрғысынан берілген, алайда, бәрібір қоғамдық объективті пікірмен дәлме-дәл сәйкес келіп

жататын көптеген кеңестік очерктерді алып қарасақ та болады. Мұнда кей кездері кейіпкерінің жеке өмірінің кейбір мезеттері, оның келбеті мен сөйлеу мәнері туралы әсерлер беріліп лирикалық көңіл-күй тудыру иллюзиядан жасау да іске асып тұратын.

Кеңес заманындағы тәуелділік өлшемімен алып қарағанда эсседегі авторлық интонацияның айқындығы мен басымдығы оның сыншылар тарапынан «орыс, кеңес әдебиетіне жат, сай емес» [69] екендігін дәлелдеп бағуына алып келді. Өйткені, тиісінше социалистік шындықты ашып көрсететін эпикалық прозаның мемлекеттік маңызы ол тұста жоғары еді. Ал эссенің шамадан тыс авторлық еркін, динамикалық, ашық айту ерекшелігі оны тудырушы суреткердің өз еркінен тыс субъективизмге аяқ басуына алып келді.

Нағыз, шынайы эссеистің, таланты оның кез-келген өзекті мәселелердің астарынан өмірдің мәңгілік коллизиясын тануынан көрінеді. Ал, очеркте керісінше, ол өз кеңістігінде очеркші-автордың оқиға-құбылысты көркем бейнелеу үшін аса қажетті арақашықтықтан айрылуымен ерекшеленеді. Онда (эссе) нақ осы сәттің, тура осы мезгілдің уақыты мен объектілігінен шектелген, өйткені материалды баяндаудың очерктілігі өмірмен тығыз байланыстың кепілі ретінде автордың о бастағы ойында-ақ орын алады.

Эссеист байқап, бақылау және өмірден алынған құбылыстар мен фактілер негізінде жаңа фактілер және жиынтық-образдар жасай отырып, көптеген тарихи деректерге қол жеткізеді, цитаталарды ойнатудың үлкен мүмкіндіктеріне ие болады. Очеркте біз әрдайым анықтап басқан сайын өмірде болып кеткен әрекеттер, оқиғалар мен құбылыстардың суреттемелерін көреміз. Эсседе фактілерді қайта тірілтудің нақты белгіленген шекарасы жоқ. Бұл жерде көп нәрсе суреткердің сезімталдығына, оның шеберлігіне байланысты. Ал, очерк болса керісінше телехабар таратушы сияқты, оқиғаны тікелей анықтайды және оларды сол сәтте-ақ оқырманға ұсынады. Салмақты, маңызды эсселік ойдың публицистикадан айырмашылығы, ол белгілі бір проблеманы шешу үшін қарадүрсін және радикалды рецепттер ұсынбайды.

Эсседе автор тек сабырмен ойланып, мәтінге асықпай зер салуды ғана ұсынады. Эссе дегеніміз жүріп келе жатып немесе көлік ішінде оқи беретін публицистика емес, өйткені, ол ойланып, сабырмен оқуды талап етеді. Эссеші айқайшыл, ұраншыл сөздерді қолданудан қашқактайды, себебі мұндай сөздер ешқандай долбар мен үгітсіз болып келеді де жағдаят пен құбылыстың тура өзін көрсетіп береді. Эсселік баяндаулар жобаға жақын, дегенмен оған уағыздық пафос пен памфлеттің де тәндік сипатын жоққа шығаруға болмайды. Жалпы, қорытып айтқанда эссені «ойдың поэзиясы» деуімізге болады.

Әдебиеттанушы Н.И. Глушков өзінің «очерковая проза» деген монографиясында «Термин «эссе» допустим при характеристике только одной разновидности жанра, лежащей в пограничной области очерка и статьи, обладающей эстетическими достоинствами» [69, с. 103] деп эссенің жанр ретіндегі дербестігін жоққа шығарып қоймайды, сонымен бірге, эссенің поэтикалық генезисін очерктен әкеліп шығарады. Орыс очеркінің ұлттық идеясының бірегейлігін ерекше атаған зерттеуші «идейно-художественные

структуры этих произведений (эссе) сходны и, в общем, близки к жанровой форме, которая у нас имеет более точное, чем «эссе», название – «очерк» [69, с. 99] деп ерекше полемикалық тұжырымын береді. Ары қарай ол өзі құрастырған гипотезасына сүйене отырып о бастан-ақ классика дәрежесін алған А.Камюдің, Г.Маннның, Т.Маннның, Э.Золяның, А.Франстың А.Честертонның, Г.Мопассанның, Ф.Бэконның, керек десеңіз әйгілі Монтеньнің атақты «тәжірибелерін» де очеркке жатқыза салады. Жоғарыда аталған эссешілердің «очерктерінің» жанрлық, көркемдік ерекшеліктері мен құрылымына тоқтала келе ол: «Теория эссе родственна нашему очерковедению, однако в представлениях многих людей существенно не совпадает с ним» [69, с. 99] деп, тіпті шатасады.

Жоғарыда келтіріген «топшылаулардың» нәтижесінде Н.Глушков «Русский очерк и зарубежный эссе» (әдебиеттанушы бұл жанрды оқуға өте ыңғайлы деп осылай атауды ұсынады) деген бөлімнің соңында «Нет, в русском литературоведении термин «эссе» этой прозе ни к чему» деген өте дүдәмал, әрі негізі әлжуаз тұжырымын ұсынады. Көркемдік құндылығы жоғары шығармаларды эссеге жатқызуға түбегейлі қарсы екенін білдіреді. Сонымен бірге еңбегінің қорытындысында ол: «Важную роль в некотором размежевании нашего очерка с западным эссеем и репортажем сыграли *преимущества русского термина*, который влияет на литературную практику» [69, с.103], онша қисынға келмейтін шешімге келеді. Мұндай шұғыл қорытынды (керек десеңіз мүлде қисынсыз) жасау орынсыз деп санаймыз. Жанр тарихына көз жібергенде бұған анық көзіміз жетеді.

Кеңестік әдебиеттануда, оның ішінде, әрине, орыс әдебиетінде эссенің жанрлық бірегейлігі көп талқыға түскен. Бұл жерде кейбір зерттеушілердің объективті шындықтан себепті, себепсіз алшақ кетуіне ең алдымен партия идеологиясының ықпалы болғандығы анық. Сонымен бірге, батыстық мәдениет пен дүниетанымды түбегейлі жоққа шығаруға, сол арқылы тек таза орыстық руханият аясында (ұлы орыстық шовинизм деуге де болады) ғана ойлауды қалайтындар тобының болғаны анық.

Жоғарыда айтылған зерттеушімен пікірлес ғалымдар И.И.Щербаков пен Е.Г.Плоткиннің «в последнее время в наших литературоведческих работах все чаще употребляется термин «эссе». Он применяется даже к тем произведениям, которые раньше определялись как «опыт» или «очерк» не адекватны эссе. Но в понимании этого термина нет достаточной четкости. Когда же возникает необходимость дать хотя бы рабочее определение эссе, его сводят к некоей сумме признаков, замеченных и в других жанрах» [70], немесе олардың терминнің «үстемдігі» туралы: «Между тем пример определяющего влияния термина на оформление жанра едва ли можно найти в истории литературы» [70, с.102] деген пікірлері де орыс әдебиеттануындағы эссенің жанрлық дербестігі туралы тартыстың жан-жақты болғандығын көрсетеді.

Әдебиеттанушылардың орыс әдебиетінде эсселік шығармалардың және бұл жанрдың дәстүрі болмағандығын қанша жерден дәлелдемек болғандығы іске аспай қалды. Себебі, бұл негізсіз байламдарды жоққа шығаратын бірден-

бір дерек – 1817 жылы Петерборда 1200 дана таралыммен жарық көрген Константин Николаевич Батюшковтың шағындау екі томнан тұратын «Опыты в стихах и прозе» деген кітабы. Өз кезінде бұл еңбекті Пушкин шығармашылығына алғышарт болған деп бағалаған. Бұл кітап тектен-текке бұлай аталмаған. Батюшков аса құрметтеп жақсы көретін ойшыл Мишель Монтеньнің «Тәжірибелеріне» үндес келетін бұл тақырып автордың «тәжірибе» жасау жолымен өз дәуірі, өз кезеңі үшін ерекше бір жаңалық жасағысы келгенін көрсетеді [71]. Дегенмен, орыс әдебиетіндегі моральдандырудан гөрі бақылаушылық қызметі басым эссе дәстүрін европалық эссеистикамен салыстыруға келмейді. Орыс қоғамындағы моральдық құқықтық шектеулер еркін ойлылық пен шығармашылық бостандықты талап ететін эссенің бар қырынан көрініп, жан-жақты дамуына мүмкіндік бермеді.

Очерк жанрының, оның анықтамасының өзі журналистік қызметпен, газет-журналдардағы мақалалармен байланысты ой туғызады (бұл жерде журналистика деп газет-журнал жанрындағы ашық тенденциялық позиция ұстанатын шығармаларды айтып отырмыз). Журналистика бүгінгі күннің болып жатқан оқиғаларын, бұл құбылыстың орын алуының детальдарына тоқталмай-ақ баяндаса, эсседегі оқиғалар мен жағдаяттар перспективті немесе ретроспективті жоспарда көрініс табуы мүмкін.

Очерк – бұл нақты оқиғаларды баяндау. Әрі ол осы шынайы оқиғалар дерегінен алшақтап кете де алмайды. «Актуальность, злободневность материала, без этого качества очерк перестает быть оперативным жанром. Очерк имеет дело с животрепещущими проблемами, которые требуют немедленного решения» [67, с. 7] деген тұжырым очерктің жанрлық қасиетін айқын ашып беретіндей.

Нағыз эссенің очерктен, осыған ұқсас публицистикалық жанрлардан ерекшелігі, эсседе бүгінгі уақыттың көкейкесті мәселесі, оның жазылуына себеп болған жағдаяттар сияқты категориялар интерпретацияға түспейді.

Бұл жанрлық сапалар мен қасиеттерді өзінің «Сатира негіздері» деген еңбегінде Т.Қожекеев те атап өтеді. Ғалым фельетон жанрының кең градациялы түрлерін айқындай отырып, нақ очерк жанрына тән ерекшеліктер негізінде фельетон-очеркке төмендегідей дефиниция береді: «Фельетон–очерк нақты фактілерге негізделіп, нақты адреске құрылады, өмірлік материалдарды пайдаланып, сол кездің көкейкесті тақырыптарын көтереді. Одан бүгінгі күннің лебі есіп тұрады» [72].

Әдебиеттанушы, журналист Т.Ыдырысов та өзінің «очерк туралы ойлар» деген кітабында: «Очерктің бір ерекшелігі, оның белгілі бір ситуацияға бейімделіп отыруы. Көп ретте, очерк адам характерлеріне тереңдеп бармайды, бірақ ситуациядан жаза баспайды. Характерсіз очерк болуы мүмкін, ал проблемалық ситуациясыз очерк жазылмақ емес. Осы тұрғыдан очеркист әруақыт публицист болып қалады. Очерктегі публицистикалық элемент автордың баяндауларынан, ой-толғаныстарынан да анық сезіледі...» [73] -деп очерктің күнделіктілігі, проблемалығы, очерктегі субъективті бастауларға

сүйенуден алшақтау, тақырыпқа қатысы жоқ мәселелердегі автордың өзіндік әсерлілігінің солғындығы сияқты жанрлық категорияларды атап көрсетеді.

Сондай-ақ ол: «Көзге көрінгеннің бәрін, әлеуметтік мәні жоқ болымсыз жайларды тықпалай беру очеркке көрік емес. Очерк–жаңалықтың, азаттықтың жаршысы» [73,б. 23] деп очерктің тағы бір жанрлық сипатының басымдығын айтады.

Көріп отырғанымыздай, әдебиеттанушы, журналист ғалымдар Т.Қожекеев пен Т.Ыдырысовтың ұсынған очерк туралы дефинициясы очеркті эссемен кіріктіру, туыстастыру амалының негізсіздігін тағы да дәлелдеп берді. Өйткені, очерк эсседегі еркіндікті, мозайкалық көркемдікті, эссенің жанрлық канонсыздығын, оның еркін, тірі, тәуелсіз толғамдарын, бұйығы комформизм мен жаттандылық пен шаблонға түспейтіндігін қабылдай алмайды.

Ал, эссеші болса керісінше журналист байқай қоймаған кейбір маңызы жоқ, мәнсіз деген детальдардан идеяны толық әрі жан-жақты көруге мүмкіндік беретін әлдебір байланысты көріп, көркем мозайка құрастыра алады. Эссе – белгілі-бір оқиғалардың барлығы көрініс таба бермейтін жинақтау, бақылау. Эссе идеяны өзіне қызмет етуге мәжбүрлейді, ал очеркте керісінше екені мәлім. Өкінішке орай көп жағдайда (әрине әрдайым емес) публицистикалық жарияланымдардың өмірі қысқа болады. Сондай-ақ ол жарияланымға байланысты шыққан шудың да ғұмыры қысқа болмақ. Жалпы өзінің сипатына орай, көпшіліктің ұйғарымына сәйкес публицистиканы бірсәттік және қысқа ғұмырлы жанр деген пікір қалыптасқан. Қалай дегенмен де бұл пікірде белгілі бір шындықтың үлесі бар. Ол шындық өткен уақыт туралы кейбір жарияланымдар, немесе олардың кейбір фрагменттері дер кезінде және заманауи сарында көрінетіндігінен байқалады.

Очеркті түсіну үшін, ондағы жазылған оқиғалардан алшақтай келе, очерк әр түрлі комментарийлерге сүйенеді. Солай болады да. Эссенің контексті әрдайым түсінікті, өйткені ол тек қана болып жатқан оқиғаға реакция жасап қоймайды. «Қазір және келешекте де әңгіме әдеби портретке прототип қызметін атқарған адам туралы емес көркем бейне, очерктің кейіпкері туралы болады. Журналиспен әңгімелесіп отырған сол, әдеби шығарманың кейіпкері», - деген дәстүрлі очерктік үзіндіден де біз журналистің сұлбасын көреміз.

1.3 Жанр және «сана ағымының» әдебиеті

Жанрда жаңа байланыстар мен құбылыстардың өзара байланысын орнатудың мүмкіндігі әрқашан бар. Әрі суреткер үшін бұл өзара байланыстар, диффузиялар не заңдылық, не болмаса керісінше – күтпеген жағдай (автор санаға сыйымды, сенімді етіп ұсынған жағдайда оқырман үшін заңдылық). Суреткер үшін эсседегі ең негізгі компас – интуиция – түйсік (М.Эпштейн бойынша). Сондықтан да, интуитивті табылған байланыстар әрдайым қалыпты бола бермейді, кейде таңқалдырады. Өйткені, логикалық және көркемдік заңдылықтар мұндай баяндауларға түбегейлі қарсылық танытады. Эссеші танымның тереңдігі, оның тәжірибесі құбылысты тұтастықта қамтылатын интуиция-түйсіктің қызметіне жүгінуге мәжбүр болады.

Бірақ, эссенің ішкі мүмкіндігі мен пішін еркіндігі осыдан көрінеді. Ой еркін, әрі ерікті. Өйткені, эссенің жанр ретіндегі қасиеттерінің бірі – ғылыми жұмыс пен көркем шығармаға тән логикадан тым тәуелсіздігі, жүйесіз боп көрінуі. Ойлар мен толғамдар тасқын боп ағылып, бірінің үстіне бірі қат-қабат боп үйіледі. Монтень өзінің «Тәжірибелерін» «воспроиведением непрерывной сумятицы и сменой моих мыслей, чего бы они не касались» [36, с.469] деп бағалайды. Осы бір қысқа ғана анықтама эссенің «сана ағымы» әдебиетімен ұқсастығын айқындауға негіз бола алады. Алайда, құрылымдық-тақырыптық мазмұнның сараптамасы жоғарыда өзіміз атап өткен ұқсатуға (очерк пен эссені) қарсы болатын бірнеше ерекшелік табады.

«Сана ағымы» әдебиетіне тән шығармалардан біз кез-келген дауысты кездестіре аламыз. Ал автордың дауысы мүлде жоқ. Өйткені, «сана ағымы» әдебиетіндегі автор саналы түрде мүлдем көрініс таппайтындай баяндау негізіне күнделікті тұрмыстан кеңірек, көркемдік позиция құрылымдық мозайканың беріктігін қамтамасыз ету жатады. Эсседе біз белгілі бір кейіпкердің өзгеше бір сана ағымын қайта-қайта талданғанын кездестіре алмаймыз. Эссенің негізі – автордың әрдайым қатыстылығы, оның эссе құрылымының көркемдігін байланыстырып тұратын ұстанымы. Автордың комментарийлері тек қана деректер мен кейіпкер оқиғаларына ғана емес, сондай-ақ тұрмыстық детальдарға, өмірлік қақтығыстарға да қатысты болады. Эссе «сана ағымы» әдебиетінде кездесетін түйсіктің нақты мәдени-философиялық интерпретациясына жүгінбейді.

«Сана ағымы» шығармаларының композициялық және баяндау құрылымы дәстүрліліктен, жүйелі, сюжетті баяндаулардан әдейі қашқақтап тұрады. Ол жан-жақты суреттіліктен және белгілі бір қорытынды жасаудан мүлдем құралақан.

Сана ағымында инстинктивті жады өзіндік құнға ие, ал эссе жад таңдамалы, ол тек шығарманың тақырыбына қатысы ғана бар естеліктерді белсенді күйге түсіреді. Және ең бастысы, «сана ағымы» әдебиеті характер мен образға қатысты авторлық комментарийлерді мүлдем қабылдай алмайды. Бұл канондарды ескермеу «сана ағымы» идеясының өзін тас-талқан етеді. Осыларды ескере келе ғылыми-көркем шығармалар мен «сана ағымы» эсеге байланысы бар екі түрлі полярлы сала деген пайымдау шындыққа жанасады [70, с. 121].

Эссе дегеніміз – бұл әрдайым еркін және ашық құрылым, ерікті, сондықтан да оған әдіс, тәсілдерді, амалдарды, композициялық және баяндаулық құрылымдарды алмастырып қолдану мүмкіндігі берілген. Эссе жанры әрдайым жаңашыл, жаңа жасампаз идеялардың қайнар көзі болып, тоқыраған, жалған деректерді айқындай алады. Сөйте тұра онда зияны жоқ ескішілдік пен консервативті көзқарас та кездесіп қалады. Эссені әдеби пішініне қарай – «алтын белдеу» деуімізге болады, өйткені біз эсседен оның тек өзіне ғана тән сыни теңдік пен шектен шықпаушылықты көреміз. Осы пікірді «Эссе относится к тем жанрам, которые и не предполагают своего четкого канона» [27, с. 15] деп Е.П.Зыкова да қолдайды.

Шындығында, эсседегі автордың рөлі туралы сөз еткенде, әңгіме эсседегі белгілі бір дәстүрлі және заманауи элементтерді қатаң синтездеу түрлері туралы болмақ. Оған, бұл құбылыс автордың тұлғалық ерекшелігі мен дүниетанымы, өзіндік сезімімен анықталады. Эсседегі автор ешқашан жасырын болмайды, ол әрдайым «айқын» әрі «анық».

Сондықтан да, «сана ағымы» әдебиеті өзінің негізіне, баяндау пішініне қарай-ақ ерікті емес. Оны эссеистикамен жақындастыратын мозаикалығы мен фрагменттілігі. Бұлардың «сана ағымында» үзілген санадағы суреттерді майда-шүйдесіне дейін баяндау, сондай-ақ келе-келе монолог қолдану тәсілін пайдалану кезінде көрінуі оның эсседен айырмашылығын көрсетеді. Осыған байланысты «эссеистическая мысль живет предчувствием, угадыванием и воплощением целого» [37, с. 377] деген пікірдің дұрыс екенін мойындаймыз.

«Сана ағымы» әдебиетінде ең бастысы интуиция емес, керісінше түйсікті сезінуге, түйсіктің қисынсыз әрі бұлыңғыр хаосынан қисынды табуға деген талпыныс. Ал эссеистік ой-пікір жеңіл әрі көңілге қонымды болады да, санасу сезім аясында емес, автордың жеке тәжірибесінен алынған, өзінің жеке тағдырының көлемінде әбден санақтан өткен сенімінің аясында қалыптасады. М.Монтеньнің «Essey» деген шығармасын «Опыты» - «Тәжірибелер» деп атаған кеңестік, орыстық әдебиеттанушылар осы атауды жанрға телімек болды. Ал, «Тәжірибелер» деген сөздің өзі – айнымалы әрі сенімсіз; эсселік құндылықтарға аяқталмаған, даму үстіндегі, пісіп-жетілмеген деген қасиет телитін сөз. Бұл жерде айнымалы ой аналитикалық айқындылықпен кірігіп кетеді. «Опыты» - еще и отражение стилиобразующего интереса нового искусства к аналитической прозе, психологической записке, эссеистике, мемуару, письму» [74] деген пікір ойлантап қоймайды.

Абстрактылық пен нақтылық, шынайылық пен мүмкін болудың бірлігі эссенің әрдайым өзгермелі сипатын көрсетеді. Бірақ, ойдан шығару немесе фактінің «белгіленген нормасынан» шығып кетудің кез-келген өрнекті образдың күйреуіне және эсселік шығармадағы образды жинақтап тұрған идеяның құруына әкеліп соғады (сондықтан да Герольд Бельгер «Тихие беседы на шумных перекрестках» циклындағы «Жизнь-эпопея» деген эссесінде жанр заңдылықтарына бағына отырып, Мұхтар Әуезовпен болған сұхбатының гипотетикалық сипатта, ойдан шығарылған екенін басында-ақ айтып кетеді). Мұнда эссенің тағы бір қасиеті – шыншылдық ашық және көрнекі түрде көрінеді. Белгілі бір мәселе төңірегіндегі кез-келген жалған пафос, интонациядағы көлгірлік, орынсыз патетика, әдепсіздік оқырманның бетін теріс бұрып, авторлық баяндаудың шын жүректен шыққан ақиқат екендігіне күмәндануына әкеліп, тіпті эссенің өзіне шындық туынды ретінде сенімсіздік туғызуы мүмкін. Бірақ, мұндай жағдай эссені деректі прозамен теңестіруге ешбір ыңғай бермесе керек.

Эссе «проза» ұғымына оның о бастағы мағынасын қайтарады (латынша *prosus*-еркін, ерікті, алға жылжушы деген мағына береді).

Эссе және онымен трансформацияланған жанрлар. Эссеистика бірте-бірте әдеби үрдістің этникалық құрамдас бөлігіне айналды. Ол өте маңызды бір

нәрсеге қол жеткізді, яғни, классикалық жанрлар формасындағы тұйықтықты шешті, жанрлық формаларды байытушы жаңа леп, өзгеше ағыс болды. Эссенің пішін саласында да, мазмұн мәселелерінде де әрдайым эксперимент, тәжірибе жасауға мүмкіндігі бар. Әдебиеттанушылар қазіргі әдеби үрдісте жаңа күрделі жанрлық құрылымдарды жасау, өткеннің әбден қалыптасқан «классикалық» поэтикалық формаларын психологиялық жағынан жаңарту үрдісінің жүріп жатқанын айтады [75].

Қазіргі әдебиетте жанрлардың бәрінде эсселік ойлаудың элементтері көрінуі бағытындағы үздіксіз трансформация жүруде. Мұндай типологиялық ерекшеліктерге жанрлардағы күнделіктің, деректіліктің, биографизмнің, очеркшіліктің, арыла ақтарылудың, оқырманға риторикалық мақсатпен тіке қарата сөйлеу, қала берді көркемдік принциптерінің әлсіреуі сияқты элементтерді жатқызамыз. Бұл құрамдас бөліктердің кез-келгенінің прозалық шығармада басымдыққа ие болуы, оның эссе пішініне көшуіне әкеледі.

Сондықтан да әдебиеттанушы Г.М.Субботин жанрлардың өзара қарым-қатынасына байланысты: «Что такое жанр? Почему литература, хотя бы в определенные периоды не живет не только в качестве отдельных произведений, но и в качестве «трагедий», «поэм», «романов»?» [76], – деп өте өзекті әрі көкейкесті сұрақ қояды.

Жоғарыда қойылған сұрақтың мән, мағынасына үңіле отырып, шартты түрде қазіргі әдебиет эсселік қасиеттерді бойына түгел сіңірген, «эссенің» сыр-сипатын қабылдаған деуімізге болады. Бұл тұжырым – болжау емес, керісінше әдеби жанрлардың бүгінгі жағдайын объективті саралаудан келіп туған – толымды пікір. Сондай-ақ бұл пікір, көзқарастың әдеби әлемде өмір сүруіне толық құқы бар. Өйткені зерттеуші «вопросы жанра затрагивают типологию художественных структур, в которых проявляются ведущие черты литературного процесса, присущего определенной исторической эпохе» [50, с. 12] деген пікір әдеби үрдістегі жанр заңдылықтарының тірі ағза сияқты үнемі эволюциялық дамуда болатынын көрсетеді. Яғни, жанрдың өзі қоғамдық сана категориясы, ойлау стереотипі. Пайда болып, қалыптасу үдерісінен өткен жанрлық ойлау ғасырлар бойы өзгеріссіз қалған жоқ. Ол өзгереді, трансформацияланды, күрделенді, әрине оның «жазушы – шығарма - оқырман» [76] жүйесіндегі рөлі де өзгерді.

Эссеге әмбебаптық, белгілі бір синтетикалық қасиет сипаты тән. Жазушы талабына жауап беретін – көркемдік, публицистік (яғни көпшілікке арнап айту) – философтарға қажетті жинақтау деңгейі деген сөз. Эссе болса көркемдікті де, публицистікті де, философиялық ойды да байланыстырар қасиетке ие жанр. Сондықтан да жанр параметрлері оның ішкі болмысында жатыр. Олар еркін әрі өтпелі. Эссе формасын айқындау автордың міндеті. Бұл екі-үш-ақ сөйлемнен тұратын шығарма, немесе роман-эссе болуы мүмкін. Роман-эссені кейде роман типті эссе деп те атайды. Бірақ, терминдерде аздаған өзгешелік болғанымен, мағынасында ешбір айырмашылық жоқ.

Уақыт туралы, әдеби кездесулер жайлы философиялық толғамдар эссешілдікті арттыра түседі. Эссе – бұл дәуір мен уақыт тікелей көрініс табатын

жанр, ал классикалық прозада дәуір көрініс табуы мүмкін. Ақиқат өмір шындығы мен автор позициясының аралығында эстетикалық әлем жатыр. Ал эсседе автор белгісіз уақыт кеңістігіне бағынбастан, ақиқат өмірмен тікелей байланыс жасайды. Трансформацияланған жанрларда біз автордың шындықты күрделендіре суреттеуге деген ұмтылысын көреміз. Жанрлар «кірігуінің» нәтижесі қандай болмақ? Мәселен, эссе повесть құрылымына енеді, немесе классикалық прозаның сюжеті эсеге кіріп кетеді. Эсеге көбіне-көп «нені», «қалай», не үшін айтуды білетін жасамыз оқырман қызығады. Сондықтан да Достоевскийдің, Толстойдың кейбір мақалаларын, Абайдың қара сөздерін эсеге жатқызуға болады. Эссе әдебиет, мәдениеттану, тарих, жаратылыстану, философия сияқты ой салаларының арасында еркін көрініс табады. Эссенің аталған ой салалары ортасындағы еркін әрекетін оның өзіндік қасиеті деп атауымызға болады.

Эссе тілінің өзіндік ерекшеліктері туралы сөз қозғағанда бұл қатаң да қасаң, лексикалық шектеулі форма емес, жартылай көркем тіл екенін айтуға болады. Бұл метафоралар мен символдарға бай, тіпті метафорлығы мен образдылық деңгейі ерекше әсіреленген тіл дей аламыз. Эссе тілі - әр түрлі стилистикалық және лексикалық қатарлар қарама-қайшылықсыз қосарлана қолданылған тіл.

Эссе бәрін түсініп, бәрін тыңдап тұрған қалың көпшіліктің сұранысы мен талабынан пайда болады. Бұл терең контактілі жанр. Романшы не айтқысы келгенін жасырып, астарлауы мүмкін, ал эссеші бұл кезде өз оқырманымен әңгімелесіп отырады.

Эссенің құрылымында өзектілік санасына ие болған оқырман қабылдауы бар. Сондықтан да, эссе мен классикалық үлгідегі прозаның арасында айырмашылық бар дей аламыз.

Жанрдың баюы, эволюция, эссе жанрының эпикалық романмен, повеспен трансформациялануы қандай өзгерістер нәтижесінде іске асады? Типологиялық жағынан қарастырғанда жанр заңдылықтарында айрықша белсенділік танытатын әдеби-эстетикалық бірлікті байқаймыз. Эсседегі жанрды қалыптастырудағы демократизм ерекше көз тартады. Осының аясында қалыптасқан пішіндерді канондау ерекше архаикалық болып көрінуі мүмкін. Сондықтан да канондық пішіндерді жанрлық жүйе динамикасымен салыстыра қарау кезінде эссе жанрының даму эволюциясының әр түрлі кезеңіндегі нақты жағдаяттарды саралауда талас туындап тұрады.

Реалистік роман коммерциялық табыстың нәтижесінде басқаларға қарағанда басымдыққа ие болып тұрғанымен, көркемдік тұрғыдан алып қарағанда ешбір қайта жанару, қайта түлеу үрдісінен алшақ жатыр. Әдеби бағыттар мен ағымдардың қоғамдық құрылыс пен мемлекеттік идеология аясындағы рөлін зерттеушілер де сол себепті жан-жақты саралайды: «...альтернативой социалистическому реализму, советскому хаосу и ощущению исчерпанности психологического сюжетного романа оказалось нормальная эссеистика в духе эпохи Просвещения» [77]. Сондай-ақ реалистік романның жетекші рөлде ұзақ қалуына жоғарыда айтып өткен будандасқан формалар (бұл

жерде біз трансформацияланған жанрлық формалар туралы айтып отырмыз) қатер төндіруде. Ғасыр басында әдебиет айдынына қалқып шыққан бұл формалар бүгінгі күнгі оқырманның басты қалауын айқындап отыр. Оқырман талғамы дербестікке ұмтылуда. Осыған байланысты орыс сыншысы М.Нехорошев «жанровые границы расплываются. Беда, конечно, не велика, ибо жанровые границы – не государственные, всяк проводить эту демаркацию на свой манер, и вообще на стыке жанров рождаются порой интересные вещи» [78] деп қазіргі әдеби үрдістегі өзгерістерге өзінше баға береді.

Трансформацияланған жанрлардың пайда болуына әдебиеттің барлық салалары мен ағымдарының дамуы, сондай-ақ соңғы жылдардағы қарқын алған жанрлардың өзара іштей қарым-қатынасының нәтижесі үлкен әсер етті. Бүгінгі күні жоғары қарқынмен дамып, бұрыннан бар дәстүрлі қалпын сақтап, өзінің тұрақты зерттеушілерін қалыптастырған көптеген әдеби шығармалар қазіргі уақытта компьютердің мүмкіндіктеріне қарай ұғынуға аяқ басты да, дәстүрлі ұғым мен танымнан алшақтай бастады. Өйткені бұрынғы өткен бабалар тәжірибесіне сүйену мен оған сенім арту дәстүрі дүниені жаңаша қабылдаумен тайталасқа түсіп отырды, сондықтан да жанрлық сарындар сақталып қана қоймай, кей кездері бұзылып та отырды. Осыдан келіп, белгілі бір қатаң тәсілмен құрылған шығарма жанры бұлыңғыр шарттылыққа, долбарға, белгісіздікке айналған динамикалық жағдай пайда болды. Бұл жағдайды «Жанр всегда тот, и не тот... Жанр возрождается и обновляется на каждом новом этапе развития литературы и в каждом индивидуальном произведении данного жанра... Жанр живет настоящим, но всегда помнит свое прошлое. Жанр – представитель творческой памяти в процессе литературного развития» [79] деп М.Бахтин жақсы суреттеп береді. Нақ осы жаңа жанрдың тууына алғышарт болған немесе оған деген қызығушылықты арттырған жағдайлар жанрды дүниені танудың эстетикалық категориясы ретінде айқындауды негіздейді. Біздің «Эссеистік» деген айқындауышты қолдануымыз көркемдік қорытындылау әдісі мен тәсілін ал оның «еркін, ерікті дерекке құрылмаған, динамикалық» сияқты жанрлық ерекшеліктерін анықтайтын ассоциацияларға негізделген сипаттама, мінездемесі эсселік шығарманың қабылдану ерекшелігін, яғни стильді білдіреді. Эссешілдік стильдік құбылыс ретінде эссемен кіріккен бір ұғым болмағанмен, оның аясында дамиды, эссемен генетикалық жағынан шығу байланыста болады. Әрине, «эссешілдік» ұғымы әдеби эсседен едәуір кең.

Осыдан келіп, эссешілдік дегеніміз жанрлық қасиет ретінде танылып, автор үшін өзекті мәселелерді талдап, қорыту тәсілі, белгілі бір шығарманың поэтикалық элементі түрінде көрінеді.

Әрине, трансформацияланған жанрдың бинарлық белгісі жаңа пайда болған гибридті-қоспа жанрды толық және көпаспектілі тұрғыдан таныта алмайды, бірақ ол қосымша жан-жақты түсіндіруді талап етпейді, шартты және қисынсыз тұжырымдарға орын бермейді. Мәселен: Н.Новоселованың «Эссе романного плана» деген еңбегіндегі романдық форманың эссешілдік бастаулардан басымдығын дәлелдеумен болған тұжырымдары мүлде қисынсыз.

Бұл жерде біз эссе жанрының трансформацияланған түрі новелла-эссе туралы әдейі сөз етпей отырмыз. Қазақ әдебиетінде де, ТМД кеңістігінде де бұл бұл қоспа жанр батысты, нақты айтқанда латын-американдық әдебиеттегідей (Мысалы Борхестің новелла-эсселері) соншалықты танымал емес.

Повесть-эссе Бинарлы формуладағы «повесть» суреткердің өз шығармасының материалдық құрылымын, пішінін автор ретінде өз бетінше таңдағанын, сонымен бірге көркемдік қорыту әдістері мен тәсілдерін көрсетеді. Бұл жанрдың ерекше лапидарлық белгісі ретінде, дефистің эпикалық және эссеистік бастаулардың тепе-теңдігін көрсетуінде жатыр. Өзгерген жанрлық формалардың бұрынғы компоненттері дәстүрлі қорытуларға сүйене отырып басқаша бір рөлде ойнай бастайтыны өтірік емес. Өйткені, жанр дегеніміз – қатып қалған, айқын категория емес.

Трансформацияланған жанрлардың бинарлы белгілері сюжеттік-фабулалық сәттерді баяндаудың автордың өзіндік ой-толғамдарымен қарама-қарсылығы орын алатын шығарманың композициясын болжайды және бұл үрдіс шығарма биографиялық немесе автобиографиялық сипатта болса да фактілердің өңін айналдырмай, автордың шығармашылық қиялына нұқсан келтірмей іске асады.

Повесть пен эссе әртүрлі жанрлық салаға жатса да, өздерінің автономды тәуелсіздігі мен қатыстылығын сақтай отырып, өздеріне тән баяндау тәсілдері мен образды - композициялы құрылымдарының түйісуінің арқасында сапасы арта түсті.

Осы бір трансформацияланған жанрдың ерекше белгілері мен түрлері қазақ прозасында бар: Бұларға мысалы, Ғ.Қайырбековтың «Өмір оттары» [80], «Елтіңжал» [81], С.Латиеваның «Бұлбұл» [82], Ө.Қанахиннің «Ата қоныс» [83], Д.Снегиннің «Сказать себя, или Пелым и его обитатели», И.Щеголихиннің «Любовь и дальнему» повесть-эсселері.

Эссемен трансформацияланған жанрлардағы келтірілген бинарлық белгілер жанрлық-типологиялық тұтастықты сақтай отырып, жанрлық-композициялық және сюжеттік-фабулалық бірлікті динамикалық бөлшектеу қасиетіне ие.

Роман-эссе. Трансформацияланған жанрлық форма ретінде роман-эссенің әдеби әлемдегі тарихы өте бай. Мысалы: посткеңестік әдебиеттегі Х.Гайтисолоның «Печаль в раю», Г.Боровиктің «Пролог: Американская хроника», Л.Гинзбургтың «Разбилось лишь сердце мое», В.Чивилихиннің «Память», Т.Қайыпбергеновтың «Қарақалпақнама», В.Райновтың «Странное это ремесло» т.б. сияқты шығармалары. Ал қазақ әдебиетіндегі роман-эссе біраздан бері ұлттық сипатқа ие болған, «туған» жанрға айналды. Мұның дәлелі Ө.Нұрпейісовтің «Парыз» [84], З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» [85], Б.Момышұлының «Восхождение к отцу» [86], М.Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» [87] шығармалары. Ал, қазақ жазушысы Қ.Салғара үшін роман-эссе ең жақын, ең тартымды жанрлық форма десек болады. Оның қаламынан туған «Қазақ қазақ болғанға дейін» [88], «Қазақ қазақ болғаннан кейін» [89], «Қазақтың қилы тарихы» [90], «Көмбе» [91] сияқты роман-эсселер бар.

Эссе еркіндік пен ашықтыққа негізделген жанр бола тұра, шектеусіз экспериментке, тәжірибелер жасауға жол беруге болмайды. Өйткені, бұндай құбылыс әдеби тілдің құлдырап, жойылуына әкелері сөзсіз. Сондықтан да, жанрлардың трансформациялану үрдісі нормативті әдебиетті байыта түседі, себебі, жанрлардың тоғысуы мен өзгеруі жағдайында эссе де, роман да «кез-келген шектен, сондай-ақ жанр ұғымының өзі әшейін бір шарттылық болып қалатын шектен де өтуге» қабілетті, сондай-ақ «мән-маңызы жоғары форма ретінде оның нақты да тиянақты қасиеттері бар. Біз байқаған ауыспалы көпмағыналылық осы қасиеттер негізінде туып, қалыптасқан» [87,б. 64].

Бүгінгі күні ғана емес, келешекте де эссенің нақты жанрлық өлшемдері мен жаңа дәлелдерін іздеу болатынына сөз жоқ, алайда бұл ізденістердің негізіне әрқашанда осы жанрдың негізін қалаушы, әлдеқашан классикке айналған Монтень қалыптастырған жанрлық канондар жататыны да ақиқат-шындық.

Сонымен эссе эволюциясының қалыптасуын айқындаудың критерийлерінің болмауы, нақты межелердің өзгермелілігі эссе тіркелген шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін тұрақты жанрлық белгілерді іздеу мен сараптауға жағдай жасайды. Өйткені, эссенің жанрлық құрылымының айтарлықтай еркіндігіне қарамастан, аз да болса белгілі бір тұрақты құрылымдық қасиеттер бар.

И.Щербакова мен Е. Плоткина /1/ бастаған осы үрдісті жалғастыра келе біз де өз қорытындымызды жасап көрдік:

1. Өте үлкен, әрі кең тақырып пен проблематика (әдеби, философиялық, әлеуметтік, эстетикалық және моральдық мәселелер). Тақырыпты қамтудағы «монографиялық», түйіндеп, қорыту және жалпыға қызықты сұрақтарды қоя білу. (В.Шкловский).

2. Материалды жолдаудағы жекелік, қала берді субъективтілік сипат және оны берудегі сыршылдық. Эссе «жекелік ұғымды беруге» ұмтылады (К.Зелинский), «терең дербес әрі жеке қарым-қатынастық мәнерде» (Л.Левицкий), «таңдап алынған мәселені автордың жеке күйзелісі түрінде береді» (В.Шкловский).

3. Осы бір дербес көзқарастың нәтижесі – «баяндау еркіндігі» (Большая советская энциклопедия-Үлкен совет энциклопедиясы), жүйеге бағынбау, «тәжірибе», үлгі мезеті (И. Нарский). Әлсіз байланыста бола тұра әртүрлі элементтердің бірігуінен, құрылымдардың нақыштығынан (В.Кожин) көрінетін «пішін еркіндігі» (В.Шкловский «Сөздігі») [70,с. 170].

4. Шындық деректерді қайта қалпына келтірудегі нақты белгіленген шекаралардың болмауы, соның нәтижесінде автордың шексіз мәнер мен әдіс-тәсілдерге жүгінуі. Эссе оқырманға біржақты түсіндірілетін жолдау емес, өйткені логикалық дефиницияны еске түсіретін эсседегі баяндау бағыты мен тәсілі жоғары сыйымдылыққа және жағдаятты қорытындылауға себеп болады, шығарманың әртүрлі мағынада, әртүрлі нұсқада оқылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5. Эсседегі қорытындылар мен идеяларды автор эксплицитті (ашық, жоспарлы) түрде білдіреді, ал таза көркемдік жанрларда олар имплицитті (астарлап), жасырын түрде көрінеді.

6. Шарттылықтың, тұспалдап, астарлап айтудың, белгілі бір өсиет-нақылдың, аллегориялықтың болуы – эссешінің алдын-ала белгіленген авторлық ойының материалдың өзін-өзі ұсынуынан басымдығын қамтамасыз етеді.

7. Жанрлық интеграциялану, синкреттілік тек романмен ғана салыстыруға келеді; трансформацияланған жанрлар жасауға деген қабілет (роман-эссе, повесть-эссе); нақты жанрлық канондардың жоқтығы (Е.Зыкова), дәуірі мен кезеңге байланысты жанрлық шекаралардың анық болмауынан көрінеді.

Қалай болғанда да, түп негізін ауыз әдебиеті үлгілерінен алып, Абайдың кара сөздері үлгісінде классикалық сипатқа ие болған қазақ эссеистикасын зерттеушілердің барлығының пікірі негізгі бір арнаға тоғысады. Ол – эссенің сыншылдық сипаты. Шындығында да, эссе жанрының дәстүрлік сипатына үңілгенде оның өнімділігі әдеби сын арнасында өрбігенде ғана арта түсетіні байқалады. Дегенмен, эссенің қалыптасып, дамуында ерекше бір нақты белгілердің болмауы, бұл жанрдың айқын белгілерін көрсететін мысалдарға, оның жанрлық жүйесіне сараптама жасауды қажет етеді.

Көріп отырғанымыздай, әдебиеттанушы, журналист ғалымдар Т.Қожакеев пен Т.Ыдырысовтың ұсынған очерк туралы дефинициясы очеркті эссемен кіріктіру, туыстастыру амалының негізсіздігін тағы да дәлелдеп берді. Өйткені, очерк эсседегі еркіндікті, мозайкалық көркемдікті, эссенің жанрлық канонсыздығын, оның еркін, тірі, тәуелсіз толғамдарын, бұйығы комформизм мен жаттандылық пен шаблонға түспейтіндігін қабылдай алмайды.

Ал, эссеші болса керісінше журналист байқай қоймаған кейбір маңызы жоқ, мәнсіз деген детальдардан идеяны толық әрі жан-жақты көруге мүмкіндік беретін әлдебір байланысты көріп, көркем мозайка құрастыра алады. Эссе – белгілі-бір оқиғалардың барлығы көрініс таба бермейтін жинақтау, бақылау. Эссе идеяны өзіне қызмет етуге мәжбүрлейді, ал очеркте керісінше екені мәлім. Өкінішке орай көп жағдайда, әрине, әрдайым емес публицистикалық жарияланымдардың өмірі қысқа болады. Сондай-ақ ол жарияланымға байланысты шыққан шудың да ғұмыры қысқа болмақ. Жалпы өзінің сипатына орай, көпшіліктің ұйғарымына сәйкес публицистиканы бірсәттік және қысқа ғұмырлы жанр деген пікір қалыптасқан. Қалай дегенмен де бұл пікірде белгілі бір шындықтың үлесі бар. Ол шындық өткен уақыт туралы кейбір жарияланымдар, немесе олардың кейбір фрагменттері дер кезінде және заманауи сарында көрінетіндігінен байқалады.

Очеркті түсіну үшін, ондағы жазылған оқиғалардан алшақтай келе очерк әр түрлі комментарийлерге сүйенеді. Солай болады да. Эссенің контексті әрдайым түсінікті, өйткені ол тек қана болып жатқан оқиғаға реакция жасап қоймайды. «Қазір және келешекте де әңгіме әдеби портретке прототип қызметін атқарған адам туралы емес көркем бейне, очерктің кейіпкері туралы болады. «Журналистпен әңгімелесіп отырған сол, әдеби шығарманың кейіпкері», –

деген дәстүрлі очерктік үзінді де біз барлық жерде журналистің сұлбасын көреміз.

Сонымен эссе дегеніміз – бұл баршама арнап жазуды меңгерген, яғни күдіретті жанның танымал тәсіл арқылы өте жоғары және қарапайым толғаныстарын қалың оқырманға жеткізе білетін зерттеушінің, ғалымның еңбегі деуімізге болады.

Сонымен эссе эволюциясының қалыптасуын айқындаудың критерийлерінің болмауы, нақты межелердің өзгермелілігі эссе тіркелген шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін тұрақты жанрлық белгілерді іздеу мен сараптауға жағдай жасайды. Өйткені, эссенің жанрлық құрылымының айтарлықтай еркіндігіне қарамастан, аз да болса белгілі бір тұрақты құрылымдық белгілері бар екендігі анықталды.

2 ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНҒАН РОМАН-ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

2.1 З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссесінің жанрлық сипаты

Жанрлар трансформациясы мәселесіне байланысты роман-эссені қарастыру барысында романның да, эссенің де бір кезеңде, бір уақытта – Еуропалық ренессанс – қайта өрлеу дәуірінде туғандығын естен шығармауымыз керек. Бұл екеуі де – белгілі бір тұлғаның тәжірибесінің сирек әрі қайталанбастығын ұғыну нәтижесі, оның шығармашылық әлеуетін жете түсіну деген сөз. Екеуі де жанр ретінде қатар туып, қатар дамып отырған. Роман да, эссе де тұлға әлемінің өлшеміне сайма-сай келеді. Тек эссе жанрының, оның бастауларының, поэтикасының, көркемдік жүйесінің романмен салыстырғанда аз зерттелуі күрделі формаларға қол жеткізе отырып, тарихи құндылық деген ойдың тууына мүмкіндік береді.

1970-ші жылдары эксперименталды роман мәселелеріне арналған Халықаралық конференцияда «Эссе және «романдар» деген тақырыпта баяндама жасаған Джорджо Манганелли: «Мне вообще не слишком интересен роман как таковой, если понимать под этим пространное повествование о правдоподобных ситуациях или событиях; он даже вызывает у меня скорее порой отвращение, чем скуку; по-моему, сегодня этот жанр пришел в такой упадок, что о возрождении не может быть и речи, и остается лишь очистить место от развалин; крах его, мне кажется, имеет вполне конкретную причину. Романисты – публика серьезная, и соответствующим образом они себя ведут. Но убеждены, что в глубине повествования непременно должен быть сокрыт облагораживающий аромат какой-нибудь идеи, какого-то послания» [92].

(«Егер роман дегенді шындыққа жақын жағдаяттар немесе оқиғалар кеңінен баяндалған көркем шығарма деп түсінетін болсақ, онда маған роман аса қызықты емес; ол маған зеріктіру, іш пыстырудан гөрі жек көру, жиіркеніш сезімін туғызады; менің ойымша, бүгінгі күні бұл жанрдың құлдырауы соншалық, оның қайта өрлеп, гүлденуі туралы бас қатырып, сөз етудің де қажеті жоқ. Керісінше қирандының орнын тағалап тастаудан басқа жол жоқ; Менің пайымдауымша оның бұлайша күйрей құлдырауының нақты себептері бар. Романшылар – парасатты халық және өздерін өте салмақты, әрі байсалды ұстайды. Алайда, олар кез-келген баяндаудың, әңгімелеудің түбінде белгілі бір идеяның немесе үндеу-жолдаудың бас айналдырар хош иісі жасырын тұру керектігіне сенімді»),- деп жазады (Аударған –Н.Б.) [92,с. 57]. Ғалым «романдар» деген сөзді тырнақшаға бөліп жазған. Бұл оның жанр тазалығына деген күмәні барын көрсетеді.

Романның күні батып, қызығы таусылғаны туралы бұдан да дәлірек ақын Осип Мандельштам айтқан. Міне осы сияқты біржақты кереғар пікір бүгінгі күні қазақ әдебиетіне де өз әсерін тигізгені байқалады. Бұл ең алдымен романның көлемі мен жанрлық сипатына әсер етті.

Мұны қазіргі уақытта пайда болған кейіпкерлер характері жоқ, 100 беттен ғана тұратын роман жүгін көтере алмайтын бірақ «роман» деп аталған туындылардан байқауға болады. Мәселен, Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптары», Айгүл Кемелбаеваның «Мұнарасы»...

Орыстың теоретик ғалымы М.Бахтиннің романға берген төмендегі анықтамасын оқып көрейік: «Роман как целое – это многостильное, разноречивое, разноголосое явление. Исследователь сталкивается в нем с несколькими разнородными стилистическими единствами, лежащими иногда в разных языковых планах и подчиняющимися разным стилистическим закономерностям. Вот основные типы композиционно-стилистических единств, на которые обычно распадается романное целое.

- 1) прямое авторское литературно-художественное повествование (во всех его многообразных разновидностях);
- 2) стилизация различных форм устного бытового повествования (сказ);
- 3) стилизация различных форм полулитературного (письменного) бытового повествования (письма, дневники и т.п.);
- 4) различные формы литературной, но внехудожественной авторской речи (моральные, философские, научные рассуждения, риторическая декламация, этнографические описания, протокольные осведомления и т.п.);
- 5) стилистически индивидуализированные речи героев» [93].

Роман кейіпкерлері негізінен қоғам өмірімен, заман тынысымен тығыз байланыста болады. Сондықтан да әлемдік аренада Сервантес, Бальзак, Флобер, Стендаль, Диккенс, Мопассан, Скотт, Гюго, Манн, Роллан, Хэмингуэй, Тагор, Гоголь, Толстой, Тургенев, Шолохов, Фадеев, Леонов, Әуезов т.б. романдарындағы кейіпкерлердің жоғары бағалануы жайдан-жай емес. Бұлардың барлығы да – сюжеттік құрылымының кең тынысты желісіне сай образ сомдаудың шебер үлгісін көрсете білген жазушылар.

Дәстүрге сай романдарда кейіпкерлердің психологиялық мінездері, олардың іс-әрекетінің мотивтері кең орын алады. Сюжет те, характерлер дамуы да қандай да бір постулаттың ашылуына, құпиясын табуға жоспарлы түрде жақындата түседі. Роман-эсседей трансформацияланған жанрда «демек», «айтпақшы», немесе «байланысты» сияқты әр түрлі ой-толғамдар пайда болады. Көп қырлы қасиеттері бар классикалық романда (детективті, фантастикалық, психологиялық, деректі-роман, роман-эпопея, тарихи, махаббат, діни т.б. сияқты барлық формалардағы) бұл құбылыс мүлдем болмауы да мүмкін. Ал, роман-эссенің субъектілі құрылымы оқырмандарға суреттеудің объективтілігі, оның автордың ерік-қалауынан, ықтиярынан тәуелсіздігі әсерін сыйлайды және оның біржақтылығын күшейте түседі.

Егер романдардың көпшілігінде сюжет характерлер дамуының қисынынан, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасынан қалыптасса, ал эсседегі сюжет түйсікке негізделеді. Кез-келген сюжеттің негізінде шығарма концепциясының өрісіндегі сияқты белгісіз бір қарама-қайшылық жатады. Лирикалық сюжеттің фабуласыздығын ескере отырып, лирикадағы қарама-қайшылық тікелей қақтығысқа (конфликт) көп бара бермейді және көп жағдайда ұғымдардың

карама-қайшылығы пішінінде болады [94]. Эсседе оппозициялық екі мүшесінің де бола бермеуі мүмкін. Екеуінің біреуі жалпы контексте жасырын көрініп шығарма аясынан тыс болуы да мүмкін, ал шығарманың өзінде ол тек даулы көзқарас түрінде көрінеді. Эссеші үшін сюжеттен тыс құндылықтар жоғары саналады.

Роман жанр ретінде құрып, жойылып бара жатыр деген пікір өте даулы. Мысалы, орыс әдеби сыншысы А.Бучис «Вопросы литературы» журналының бетіндегі романның келешегі туралы пікірталаста «современный роман попадает в «полосу опасности», даже угрозы своего эпического «распада» и жанрового «вырождения». Автор прежде всего имеет в виду «очерковость многих нынешних книг, притом очерковость всяческую: социально-бытовую, психологическую, философско-концептуальную. Во всех случаях «бессобытийность» спокойной, как бы заранее на несколько лет и даже на десятилетия запрограммированной жизни–в ее «нормальном» психологическом восприятии – грозит превратится под пером романиста в унылую гряду дней», [95] - деп романның жанр ретіндегі болашағын жоғарыда аталған өзіндік ерекшеліктерге байланысты бұлыңғыр деп санайды. Осы мәселелерді назарға ала отырып, сыншы пікіріндегі «очеркшілдік» дегенді сол уақытта бүгінгі біз айтып жүрген «эссешілдік» деп түсінуге болады.

Керісінше, басқа біреулер, жанрлық пішіндердің араласуынан романның эстетикалық құбылмалылық қасиеті, ішкі өмірлік күш-қуатының көрінісі деп біледі. Бұл мәселе туралы осы пікірталасқа қатысқан жазушы Н.Анастасьев «постепенно роман менял свой химический состав и сейчас представляет собой соединение документа, социологических выкладок, поэзии, мемуаров, эссе и так далее» [96] деген пікірін білдіреді.

Романның жанрлық синтетикалық мән-маңызына М.Бахтин, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, Ш.Елеуқенов, В.Хализев, М.Қаратаев, З.Ахметов, Ж.Дәдебаев, Б.Грифцов сияқты көптеген ғалымдар назар аударған. Осылардың ішінде М.Бахтиннің көпке танымал «Роман – единственный становящийся жанр, поэтому он более глубоко, существенно, чутко и быстро отражает становление самой действительности. Только становящийся сам может сам понять становление» [97] – деген пікіріне көп жүгінеміз. Осыған ұқсас «Не существует жанрового начала, от которого роман остался бы фатально отчужденным», это проводит, в свою очередь, к тому что «формальная организация становится менее непринужденной и свободной» [98]-деген әдебиеттанушы В.Е.Хализевтің де тұжырымы бар. Аталған пікірлерді: «с развитием романа, благодаря его синтезирующим качествам, классификация жанра еще более усложнится» [50,с. 11] деп Ш.Елеуқенов те қолдайды. Сонымен, эссеизм – бұл стиль мен суреттеудің ұстанымдарын пайдаланатын заманауи әдеби жанр.

«Дер Литератур Брокгауз» («Der Literatur Brockhaus») әдеби анықтағышының авторларының осы бағыттағы көзқарастары да өз ерекшелігімен қызықтырады. Олар: «Заманауи қолданыстағы эссеизм дегеніміз – жүйесіз, байланыссыз, субъективті баяндауларды көбіне-көп кері, келеңсіз

жағынан белгілеу» - (неміс тілінен аударған өзім) [99] – деп, заманауи эссеизмдегі қарама-қайшылықтың басымдығын атап өтеді. Ал, жаңа пішіндер мен құрылымдардың пайда болуы мен басымдыққа ие болуы көне дәстүрлердің көзін ашып, күшейте түсті. Осы орайда жазушы В.Соболенко: «Каждая эпоха даже самую «надежную» форму, уже неоднократно проверенную предшественниками, не просто переосмысляет и приспосабливает для своих задач, а открывает заново» [100], – деп оң әрі айқын пікірін білдіреді.

Ойды нақыл сөздермен өрнектеп жеткізу, фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді қолдану, өз баяндауларына ауық-ауық өзге біреудің пікірін қыса отырып теріске шығару – бұның бәрі объективтілік және ең жоғарғы инстанциядағы шыншылдықтың барлық қадір-қасиетіне ие болу сияқты суреттеудің ең басты қасиеттерін қамтамасыз ететін роман-эссенің субъектілік құрылымының ерекшеліктерін көрсетеді.

Түп негізі ауыз әдебиетінің асыл қазынасынан қаланып, Абайдың қара сөздері үлгісінде классикалық сипатқа ие болған қазақ эссеистикасын зерттеушілердің барлығының пікірі негізінен бір арнаға тоғысады. Ол – эссенің шыншылдық және сыншылдық сипаты. Эссе жанрының дәстүрлік ізіне үңілгенде оның өнімділігі очерк, әңгіме, повесть түрінде ғана емес, әдеби жанрдың әртүрлі арнасында өрбігенде ғана арта түсетіні байқалады.

Әлемдік әдебиетте басқа жанрлармен өзара қарым-қатынасқа түсе келе, қайта түлеп, дәстүрлік сипат алған эссенің жанрлық қызметі роман-эсседен де анық көрінеді. Бұл жанрдың қалыптасып, дамуында ерекше бір нақты белгілердің болмауынан әртүрлі пікір таласы туындауы сөзсіз. Сондықтан роман-эссенің айқын белгілерін көрсететін мысалдарға, оның жанрлық жүйесіне сараптама жасау өте қажет. Басқа роман түрлеріне қарағанда роман-эсседе ең алдымен фрагменттілік, үзіктілік (қысқа үзінді), нақыштылық басым болады.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қалың оқырман қауымға кеңінен танымал қаламгер Қалихан Ысқақ «Келмес күндер елесі» (2013ж.) атты ғұмырнамалық шығармасына роман-эссе деген атау берген екен. Мұнда ел мен жер, дәуір мен қоғам, уақыт пен қаламгер, Алтайдың тамылжыған тұмса табиғатының келісті де көркем суреттері, өмірмен бірге өрілген оқиғалар, замандастар мен қаламдастар жайлы ой-пайымдар толғаныс толқынына айналып, көркем тілмен көңілді аулап, баурап әкетеді. Қалихан Ысқақтың 1962 жылы «Жұлдыз» журналының №8 санында жарияланған «Қоңыр күз еді» атты повесіне З. Қабдолов журналдың келесі санында: «Әр сөз орнында, ойнап тұр. Сөздің бояуы да мөлшерлі, табиғи. Автор өзі суреттеп отырған құбылысты толқына сезінеді және сол сезімін ірке алады, бұл – шыншылдық жолындағы әрлі әрекет. Сөз саралауда, сөйлем құрауда, жалпы өнер өрнегін төгуде Қалихан біртүрлі бір еркіндік пен кең тыныс танытады» деп баға берген-ді.

Жалпы Қ.Ысқақтың қай шығармасын алсаңыз да оқырманын баурап алады. Алайда, «Келмес күндер елесі» атты роман-эссесін З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесімен салыстыра қарағанда өмірбаяндық сипат басым.

Қазақтың көрнекті қаламгері Мұзафар Әлімбаев: «Академик-жазушы роман-эсседе біресе публицистикаға, біресе көркем проза дәстүріне, біресе ғылыми зерттеме тәсіліне, енді бірде очерк-суреттеме оңтайлылығынан да бас тартпайды. Бәрі – жарасымды, көңілге қонымды, ойлары өнімді, сөздері өмірлі. «Дұшпандықты Әуезов жеке адамнан ғана емес, өзі өмір сүрген заманнан көрді. Сондағы бар күнәсі әрі кінәсі – халқын сүйгендігі. Халық – ана, талант – сол ананың перзенті. Әуезовтің талант ретіндегі ғұмырлық мақсаты – халқының ұлылығын жырлау». Мықты сипаттама!» – [101] деп жазғанындай, роман-эссенің қазақ әдебиетіндегі классикалық үлгісі ретінде академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты туындысын алдымен атаймыз.

Белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Бұл шығарманы да роман-диалогия деп нақты айқындауға, нақты анықтауға, нақты дәлелдеуге» әбден болатындығын айта келіп: «Өйткені, біріншіден роман-диалогияға эсселік таным мейлінше тән. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің, ұлы ұстаз профессор Мұхтар Әуезовтің, ұлы ғалым, академик Мұхтар Әуезовтің біртұтас ғажайып тұлғасы эсселік құбылту проекциясынан, ұстаздық келбеті эталонынан, ғалымдық портреті эллиндік ойшылдық пен данышпандық арқылы тың бітім, әдемі болмыс тапқан», –деп жазыпты [102]. Сондай-ақ Ә.Нұршайықовтың екі кітаптан тұратын бұл туындыны «будан роман» деп атауы табылған термин болмағанмен, оның жанрлық келбетін дәл сипаттап тұрғаны айдан анық.

Әсілі, теоретик ғалым З.Қабдоловтың өз шығармасына роман-эссе деп ат қоюы кездейсоқ құбылыс емес. Мұны эссеистиканың мол мүмкіндігін түсінгендіктен, әрі шығарма көлемін де ескергендіктен, ғалымның саналы түрде түрде жасаған қарымды қадамы деп білеміз. Бұлай атаудың өзіндік себептері бар. Біріншіден, эссе табиғаты кең көлемді көтермейді, екіншіден, баяндау тәсілінде еркіндік, шексіздік басым болады, үшіншіден, сыншылдық сипаты болады, төртіншіден, тұтас бір оқиға үзіктілік арқылы беріледі. Эссе жанрына ғана тән осы төртінші сипатқа нақтылы мысал келтірмесе, көз жеткізу қиын. Мысалы, роман-эссе басталған бетте бірнеше үзіктен тұрады. Бірінші үзік – «Мұхтар Омарханұлы Әуезов»; Екінші үзік – «Мен бұл тақырыпқа кітап жазбақ боп толғанғалы қашан!»; Үшінші үзік – «Мұхтар Әуезов дүние салғаннан екі жыл кейін біз – Шыңғыс Айтматов екеуіміз – Алматының тау жағындағы бір демалыс үйінде екі ай жаттық. Қара күзде келгенбіз, ақ қар түсе бір-ақ кеттік. Шыңғыс «Құс жолын» қырғызшадан орысшаға өзі аударып жатты. Мен «Жалын» романын жазып жаттым. Керуен-сарай секілді кең ғимаратта тек Шыңғыс екеуіміз ғана: ол екінші қабатты жалғыз жайлайды, мен бірінші қабаттамын»; Төртінші үзік – «Талант – еңбек!». Бесінші үзік – «Жазушының ең жақсы шығармасы – жазылмаған, яки жазатын шығармасы. Оны ойлаудан жазушы жалықпайды, оны ойлағанға жазушы шаршамайды. Неге жалықсын, неге шаршасын: ол әлі жазылған жоқ. Ал жазылып біткен шығарма, қанша дегенмен, авторын жалықтырады, шаршатады... [85,б. 7].

Сондай-ақ автордың Андре Моруаның «Это жанр – гибрид. В этом романе нет ни строгости, ни... Впрочем он и не претендует на это, его характерная черта – интеллектуальная игра ума» деген сөзін эпиграфқа алу да жайдан-жай

емес. Өйткені қаламгер осы бір ерекше шығармасын «Романға барар жол» деп бастап, әдебиетші–теоретик ретінде жанр табиғатынан бірден өзі белгі берген. Бұл жерде ешқандай анықтама жоқ, бірақ форма бар. Екі жанрды тұтастандырып, бір қалыпқа сыйғызып жіберген мұндай туынды тек теорияны жетік білетін адамның ғана қаламынан тумақ. Бұған кез-келген жазушының бара алмайтыны анық.

Біз бұдан жазушының эссеистиканың өзіне тән бір ерекшелігін жақсы меңгергендігін байқай аламыз. Тағы да мысалға жүгінейік:

Шыңғыс бір күні маған:

– Сенің Мұхаң жөнінде бір нәрсе жазу ойыңда бар ма, сірә? – деді.

– Бар, – дедім.

– Бәсе, – деді Шыңғыс, – бәсе, бір адам жазса, сенің жазуың шарт. Не жазасың, қалай жазасың, ол өз еркің. Бірақ Мұхаң туралы сенің сөзің керек. Керек-ақ...

Содан бері талай жыл өтті. Мен ұзақ толғандым. Неге?

Әуезов туралы жазбаған адам жоқ. Басқасын былай қойғанда, орысша, қазақша екі том естелік шықты. Бәрі жазған: жабыла, жамырай жазған. Бірақ көбінікі – көбік, саф таза толқын – ой толқыны, сыр толқыны, сезім толқыны тумаған. Сондықтан олардан Мұхаңның бейнесі көрінбейді, тұлғасы танылмайды; көп сөздің, кейде тіпті бос сөздің бетінде авторлардың өз тақиялары ғана қалқып, өз тымақтарының төбелері шошандай береді.

Бағзы біреулердің, әсіресе, жалған жазатыны жаман. Мұхаңның көзі тірісінде мүлде маңынан жүре алмаған, я болмаса Мұхаң көрер көзге жек көрген кейбіреулер оның екі өліп, бір қалғаны секілденіп, бет алды шыбын-шіркей болатыны-ақ қиын...

Көпке дейін мен осыған қынжылып, жазбай келдім.

Бірақ білем, жазуым керек. Қалай жазуым керек?

Көп ойландым [85,б. 13].

Роман-эссенің басында сөз болатын қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовпен болған нақтылы сұхбат көркемдік деталь ретінде ғана алынған. Осы арқылы «Романға барар жолдан» да хабар береді. Екеуі демалыс үйінде екі ай жатқанда, Ш.Айтматов «Қызыл алма» деген орыс тілінде әңгіме жазса, З.Қабдолов сол әңгімені сиясы кеппей жатып, қазақшаға аударады. Түпнұсқа «Известия» журналына жарияланса, аудармасы «Жұлдыз» журналына екеуі бір мезгілде жарияланады. Мұндағы ерекшелік осы шығармасы туралы Ш.Айтматов «Жұлдызға» берілген қазақша нұсқасында «Оқушыларға екі ауыз сөз» деген шағын аңдатпада «Бұл жаңа әңгімені Зейнолла Қабдоловқа арнағаным тегін емес. Біріншіден, Зейнолла менің ең жақын достарымның бірі, екіншіден, «Қызыл алманы» жазуға Зейнолла себепкер болды, бұл әңгіменің жеткізілуінде оның «көз ақысы» бар» дей келе, екеуі бірге тамақтанып отырғанда, столға қойылған қызыл алмаға қарап, Шыңғыс студент күніндегі бір

оқиганы баяндайды. Әңгімеден қатты әсерленген Зейнолла Қабдолов «Мұны жазу керек» дейді.

Міне, өзі жаңа шығарма тудыруға қырғыз жазушысына қалай әсер етсе, арадағы Ш.Айтматовпен бірге өткізген екі ай уақыт З.Қабдоловқа да М.Әуезов туралы қандай да бір шығарма жазуға ықпалын тигізгені анық. Біз роман бастамасынан осыны аңғарамыз. Шынтуайттап келгенде, өмір тәжірибесіне ықпалын тигізетін адамзат баласына ортақ өмірлік тұжырым шебер жазылған эссе табиғатына ғана тән сипат.

Эссе жанрының негізін салған Мишель Монтеньнің «қоғамдық, әлеуметтік ой-санаға әсер ететін тек қана өзіме тиесілі пікірімді білдірдім» деген сөзі мен Абайдың бірінші қарасөзіндегі «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын... Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [28,б. 56] деген сөзімен үндестіре қараған зерттеушілер негізінен Абайдың 38 қарасөзін эсеге жатқызады.

Эссе табиғатын ашатын көзбен көріп, қолмен ұстаған «өзіне ғана тиесілі пікір» роман-эссе басталған бетте-ақ бірден аңғарылады. Сондай-ақ эссенің үзіктерге бөлінетін сыртқы құрылымы да «Менің Әуезовімде» бірден көзге ұрады.

Мысалы, Абай «Ғақлиясының» 45 үзікке бөлінуі де эссе табиғатының бір көрінісін көрсетсе, екіншіден – сыншылдығы, үшіншіден – авторға ғана тиесілі жеке пікірі сияқты нақтылы белгілерімен де көрінеді.

Міне, осындай эсеге тән сипат З.Қабдоловтың «Менің Әуезовімінен» де берік орын алған. Абай «Ғақлиясынан» мұндағы өзгешелік – оқиға романға тән біртұтас сюжеттік желіні қамтуында. М.О.Әуезовтің соңғы он жылдық өмірі З.Қабдоловтың баяндауы бойынша романда тұтас көрініс береді.

Роман-эссе екі кітаптан тұрады. Біріншісі – «Менің Әуезовім», екіншісі – «Әуезовтің әсемдік әлемі» деп аталады. Бірінші кітап «Романға барар жол» деп басталып, алты тараудан тұрады. Мұнда ешқандай тарауға ат қойылмаған. Бірақ М.Әуезовтің жүріп өткен белестерін белгілі бір динамикалық байланысқа бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтереді.

«Әуезовтің әсемдік әлемі», «Абай һәм Әуезов», «Ғұлама», «Тасқа тал бітірген», «Әуезов кафедрасындағы Әуезов дәстүрі», «Абайдың лирикасы», «Бүтін бітім», «Абайдың бір өлеңі» деген тараулардан тұратын екінші кітапқа қарағанда, бірінші кітаптың көтеріп тұрған жүгі ауыр. Өйткені, кітаптың роман-эссе деп аталуына негіз болып тұрған осы – бірінші кітап.

«Менің Әуезовім» атты алты тараудан тұратын бірінші бөлім 26 үзіктен құралған. Әрбір үзік шартты белгімен ғана бөлініп отырады. Бірақ әрқайсында

кесек ойдың, өмірлік байламның, күнделікті өмірдің терең ұшығы жатады. Роман неге «Менің Әуезовім» деп аталады? Кез-келген оқырман Әуезовті қазаққа ортақ деп таниды, ал неге оны Қабдолов жеке иемденуі керек? Міне мәселе осында жатыр. Кітаптың басқа емес, роман-эссе деп аталуының түпкі мағынасының өзі де осында тұр. Жазушы шеберлігі сонда, ол оқырман ойын дөп басып, бұған жауапты өзі береді. Оқып көрейік:

«Сонымен, міне, не де болса нар тәуекел, туынды Әуезов туралы: «Менің Әуезовім», роман-эссе...

– «Менің» деу Әуезовті меншіктеу емес пе?.. Әуезов – бар қазаққа бірдей ортақ тұлға. Оны менікі деп бөліп әкетуге бола ма?

– Болғанда қандай! Содан соң «әкетпеймін», әкелемін... Жә, былай ғой, былай: Әуезов те Пушкин секілді. Пушкин бар орысқа ортақ, етене жақын. Демек, әр орыстың өз Пушкині бар. Мәселен, Фединнің өз Пушкині, Цветаеваның өз Пушкині, Твардовскийдің өз Пушкині... Сондықтан да Марина Цветаева өзінің очерк-эссесін «Менің Пушкинім» деп атаған. Өйткені оның Пушкині, айталық, не Константин Фединнің, не Александр Твардовскийдің Пушкині емес, өзінің Пушкині еді.

Менің Әуезовім де солай, өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім. Демек, менің романымдағы Әуезов – сенің не оның емес, менің Әуезовім. Солай: «Менің Әуезовім» [85,б. 14].

Бұлай сөйлеу әлем әдебиетінде эссеистика жанрын орнықтырған өмірден түйгені мол шебер қаламгерлерге ғана тән сипат. Өйткені, өзіміз мысалға алып отырған эссенің негізін салған Мишель Монтень де «қоғамдық, әлеуметтік ой-санаға әсер ететін тек қана өзіме тиесілі пікірімді білдірдім» десе, Абай да «Өз сөзім өзімдікі» дейді емес пе? Бірақ осы ғұламалардың бүгінгі күні «өз сөзім өзімдікі дегені» бүкіл халықтық сипатқа ие болып, қуатты қарқын таныта отырып, жаңа әдеби жанрлардың орын тебуінен де айқындалады.

З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінде осы дәстүр жалғастық тауып, адам өмірінің қайталанбайтын ерекшеліктері, белгілі бір адамға ғана тән айрықша құбылыстар тарихи-салыстырмалы тұрғыда көркемдік дамудың биік сатысына көтерілді. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» деуге толық құқы бар екендігі шығарма басталғаннан-ақ байқалады. Өйткені Қ.Сәтбаев атындағы Политехникалық университеттің I курсында оқитын студенттің қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не арнайы барып, Әуезовтің лекциясын тыңдауы жайдан-жай емес. Бұл З.Қабдоловтың әдебиетке, жазушылыққа деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетеді. Міне, өнерге деген осы қызығушылық Қабдоловтың Әуезовпен етене танысуына әкелсе, Әуезовтің Қабдоловты Политехтан КазГУ-ге ауыстырып алуына себеп болады. Осылайша Қабдолов өзінің о баста таңдаған инженерлік жолынан тайып, мүлде жаңа арнаға түседі. Ал бұл жаңа арна З.Қабдоловтың қабілет-қарымы мен өмірлік жолын ашып, ел-жұртқа кеңінен танымал болуына себеп болды. Онда неге «Менің Әуезовім» деп иемденбеске? Ғылымда «тұлға бейнесі» деген арнайы концепция бар. Бұл жерде Қабдолов Әуезов тұлғасын сомдап қана қоймаған, өзінің де кісілік келбеті мен азаматтық тұлғасын таныта білген. Мұндай шығарманың

жазылатынын сол кезде Әуезов көзімен көрмек түгілі, жанымен түйсінбеген де болар. Бірақ заңғар жазушы студент Қабдоловтан жақсы әдебиетші шығатынына сеніп, үміт күткені анық. Әйтпесе, мүлде басқа оқу орнынан филология факультетіне ауыстырып алмас еді. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, 1961 жылы Әуезов қайтыс болғаннан кейін 36 жыл өткенде, дәлірек айтсақ, 1997 жылы «Менің Әуезовім» атты роман-эссе жарқ ете түскенде, бұл кітаптың қолдан-қолға тимей оқылғаны, қазір де жақсы оқылатын кітап екені рас. Шынын айтқанда, жоғарыдағы жанр тазалығына күмән келтірген ғалымдардың пікірінің жаны бар. Өйткені, кейбір көркем туындылардың тартымсыздығы, оқуға келмейтіндігі, жанр таңдай алмайтындығы, ойының орашолақ, тілінің шорқақтығы жасырын емес. Ал біз талдап отырған роман-эсседе мұндай мін жоқ. Сондықтан да кітап қашан да оқылымды, қай күнде де маңызын жоймақ емес.

Шығарма басында «Менің Әуезовім» деп аталуына анықтама беріп, романның жазылу тарихына тоқталғаннан кейін «Романға барар жол» аяқталып, «бірінші тарау» басталады. Тарау басында табиғаттың тамаша пейзаждық көрінісі көрінеді. Күз айы. Университетке қарай «Бітімі бөлек бірегей» тұлғаның «мол денесін ауыр қозғап» келе жатқандағы қалпының өзі ерекше. Көз үйренген ортадан оқшау. «Оқшау болғанда кескін-кейпі ақылға суарылғандай соншалық нұрлы, тартымды, тіпті иманы бетіне шығып-ақ тұр. Бірақ... айбынды, сұсты, тік қарау, көз тоқтату қиын». Осылайша Әуезовке ғана тән сыртқы сұлу сымбат, «алымды, аңғарымпаз көз», селдіреген бұйра шаш, киген киім, жүрген жүріс, қолындағы қалың қолжазбасына дейін түгел сөз болады.

«Қарсы беттен Әуезовті танитын адамдар келе жатса, анадайдан етек-жеңін жиып, бойын тіктеп, аяқ алысын түзеп, мұның тұсынан көбі алақанымен төсін басып, ибамен иіліп өтеді. Ал мынау... көзі бір ағараң етіп, жүзін жылыта бас изейді. Сонымен болды. Сонда қалың ерні оқыс түріле күлімдейді; одан жұмсақ толқынды тоқ бұғақтың шет бүктесін кемеріндей жұмыр, сұлу иегіне нәзік шұғылалы нұр шашырайды; сәл шүйіріле берген езуіне де жарығы мен жылуы солғындау жұқалаң сәуле ұялайды. Дәл осы сәтте сен оның мағынаға толы маңғаз кескінін кенет қызықтап, бір сәт именуді ұмыта жалт қарағаныңды білмей қаласың; өйткені оның жер басып жүрген тірі пендеге мырза құдай тым сараң сыйлайтын осынау пайғамбар пішіндес қияпатты келбеті соншалық тартымды, көзің түгіл көңіліңді ұйытып, бар ықыласыңды біржола тұтқындап әкетеді. Ал енді ол күлкісін тыйды ма, болды: сен де селт етіп, көзіңді қалай тайдырып әкеткеніңді тағы да аңғара алмайсың... [85,б.16-17]. Сақылдап күлгені туралы «Күлкісі қызық, біршама жуан даусына кереғар жіңішке, жұқа қаңылтыр жапырылғандай шыңылтыр», – деп суреттейді [85,б. 49]. Шешендігі туралы «Алысқа шабатын жүйрік басында біраз кібіртіктеп барып көсіледі деседі ғой. Сол секілді Мұхаң да бағана кірген бетте біраз барлау жасағандай, немесе неден бастауды ойлағандай қайта-қайта іркіле беріп, тамағын кенеп, үздік-создықтау сөйлеп отырды да бірер минуттан кейін нөсерлете жөнелді. Тіл соншалық бай, сұлу; сөз тіркестері сонша жүйелі, жібектен тоқылғандай майда,

жылулы да қызулы, татаусыз тамылжиды. Мұндай да шешен адам болады екен: өз көзіме өзім сенбей қараймын, қарсы алдымда ағыл-тегіл төгіліп отырған ғажайып ғұлама біресе күркіреген өзенше тасып, біресе толассыз сіркіреген ақ жаңбырша себелейді. Ғажап!» – дейді [85,б. 60].

Қабдолов «шешендік шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе!» деп қарайды. Ал «Әуезовтің шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр» дей келе, «Әуезовтің лекциясы дейтін лекция – оның өзінен өзге тірі жанның қолынан келмейтін ғажайып өнер» екендігін шығарма барысында толық дәлелдеп береді. Күрмеуге келмейтін қысқа жіп секілді тақ-түк тапшылық пен жоқшылықтан шешендік тумайды. Шешендік кейбіреулердің ұғымындай әншейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес, Шешендік шалқар шабыттан, шалқыған сыр мен сезімнен туады.

Қабдоловтың мұндағы ерекшелігі сонда, ол – Әуезовтің сыртқы тұрпат-белгілері және әрекеттерін биік тұлғаның ішкі жан дүние иірімдерімен қатар алып, бір динамикалық өріске түсіре білуінде.

«Айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренертер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру үшін ең қажетті бірден-бір сөз іздеп табу – шебер суреткердің қасиетті парызы. Оның дәл осы жағдайда сөз іздер атырабының бірі – синонимия», [85,б. 158] – деп З.Қабдоловтың өзі айтқандай, осы роман-эсседегі мәндес сөздердің қолданылуының өзі жеке бір тақырып етуге лайық. Жазушы әрбір сөйлемде бірнеше синонимдерді қатар қолдану арқылы оқиғаны үдетіп, оның эмоциялық реңкін күшейте түседі.

«О ғажап! Университет аудиториясына Ұлылық кіріп келе жатты...

Шәкірт үшін Ұстаз – Әуезовтің аудиторияға кіруін бір көру...

Несін айтасың, арман ғой арман!

Міне, мен сол арманға жеттім. Аз ғұмырымда бір мезет адам айтқысыз көп дүние көргендей, алып қашқан алапат бір сезіммен өмірімде тұңғыш рет Ұлы ұстаздың тірі келбетіне тұла бойым тітіркене көз тоқтаттым...

Бағана да байқағам, бұл кісі лекция оқығанда алдында – аудиторияда отырғандарға көп көз тоқтатпайды; оң жақ миығын сәл көтере бере кірпігіне, қабақта кенет пайда болған қиғаш сызықтарға кіреуке мұң жинап, әлденеден біртүрлі бір жапа шеккендей, зәбір көргендей аянышты (сонысының өзі жан тебіренертер жайсаң!) күйге түсіп, тамағын бірер кенеп алады да ой толы көзін біресе терезе жақтауларына, біресе төбенің бұрыш-бұрышына, біресе есік маңдайшасына жайлап, жағалай қыдыртып отырып сөйлей береді. Сөйлеген сайын соныға түсіп, парасат әлеміндегі қайдағы бір қиырды кезіп, шиырды шарлап кете барады. Тыңдаушы оның ой жетегінде жаһанды кезеді: көрмегенін көреді, білмегенін біледі».

Міне, *«етек-жеңін жиып, бойын тіктеп, аяқ алысын түзеп», «жарығы мен жылуы», «жапа шеккендей, зәбір көргендей аянышты күй», «қиырды кезу, шиырды шарлау», «көрмегенді көру, білмегенді білу»* деген сияқты мәндес сөздерді теріп шықса, одан синонимдік қатардың небір үлгісін көруге болады. Бұл бөлек әңгіме.

Тақырып тұрғысынан келгенде, жоғарыдағы келтірілген мысалдардың қай-қайсысы болмасын түйсікке негізделгенін байқау қиын емес. Ал шығарма сюжетінің түйсікке негізделуі эссе табиғатының бірден – бір көрсеткіші болып табылады. Бұл баяндау тәсілінде еркіндік пен шексіздіктің басым түсуіне әкеледі.

Роман-эсседегі субъектілі құрылым мен суреттеудің объективтілігі автордың ерік-қалауы, ешнәрсеге тәуелді болмауы шығарманың біржақтылығын күшейте түскендей көрінеді. Бірақ осы «Менің Әуезовім» деген біржақты түйсік соншама әсерлі, қызықты, сенімді. Оқиганың тартымдылығы сонда, оқырман шығарманы бастан-аяқ қалай оқып шыққанын өзі де байқамай қалады. Оны жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы да топшылауға болады. Мұнда лирикалық сюжет бар, бірақ романдағы сияқты ірі қақтығыс жоқ. Эссеге тән лирикалық сюжет көбінесе фабуласыз келсе, мұнда фабула бар. Міне шығарманың роман-эссе аталуының түптөркіні осында ма деп ойлаймыз. Десе де, ұғымдардың қарама-қайшылығы да, даулы көзқарас түрінде жасырын тұрған пікір де Әуезовпен болған тікелей қарым-қатынасынан да, Әуезов отбасынан да, оның айналасынан да анық көрінеді. Мысалы:

Студенттің «Абай» романын оқиганын біліп, жүзі жылып отырған Әуезов кенет жұлып алғандай:

– Бірден түсіндің бе? Жә, сен со кітаптың алғашқы бетін ашып оқығанда ә дегеннен, салған жерден бәріне түсіне кеттің бе? – деп оқыс сұрақ қоюы арқылы дір ете түскен Қабдоловпен бірге «енді қалай жауап береді екен?» деген сұрақ өз-өзінен туындайды. Шығарманың өзіне жүгінейік.

«Япырмау, бұл не деген сұңғыла жан деп ойладым: мен де сөйтіп едім-ау, мен де екі-үш рет оқып және оқыған сайын тереңдеп түсініп едім-ау! Әлгі бір шым-шытырық ойым да дәл осы «қитұртқыдан» туған жоқ па? Сонымды неге айтпадым жаңа? Бәрібір, мен айтпасам да біліп отыр соны, үстінен дәл түсіп отыр.

Дегенмен ол енді менің мойындауымды қалаған жоқ, әлгіден әрі қарай жауап та күткен жоқ, тағы да өзімен өзі боп, өз сұрағына өзі жауап берді:

– «Абайды» көз тоқтатып емес, көңіл тоқтатып оқу керек екен деседі әлгілер. Дұрыс айтады. Сөздің ғана емес, сөзбен салынған суреттің астын аударып, астарын түсіне білу керек. «Абай» оқушысын сонда ғана қызықтыра алады» [85,б. 35].

Міне жауапты кейіпкердің өзіне айтқызу арқылы З.Қабдолов тығырықтан емін-еркін шығып қана қоймайды, Әуезовтің алып тұлғасын одан әрі биіктете түседі.

«Солай! Абай – Әуезов! Енді екінші кітапта қай қырынан көрінер екен? Соны ойлап тұр-ау мына кісі! Соны ойлап тұр, әрине. Өзі Абайға айналып алып, соны ойлап тұр. Ендеше, Әуезов қана емес, Абай ғой бұл кісі. Не ойлап тұр екен? Әрине, арманын, аяулы ардағын, ағарып атқан алғашқы махаббат таңын, ару Тоғжанын ойлап тұр... Шіркін, Тоғжан... Шолпысы баяу сылдырлап, сылдырымен Абайға құпия сырын тұншыға былдырлап... қайда жүр қайран Тоғжан? Соны ойлап тұрған-ды Абай – Әуезов!.. [85,б. 37]

Солай: тірі кісінің тіршілік жолы – бұралаң, тағдыр толы – шырғалаң. Әрі қызық, әрі қиын. Басы тәтті, аяғы қатты. Кейде керісінше! Сонымен... [85,б. 38].

Шіркін, өмір қызық қой. Кейде үш ұйықтасаң түсіңе кірмейтін кереметтерге тап боласың.

Дәл осы бүгін... Әлгіде ғана ұры ұстағандай университеттен күдікпен алып шыққан мені Әуезов, енді келіп, үйіне кіргізеді, қасына отырғызып қымыз береді деген кімнің ойында бар?» [85, б. 40].

М.Әуезовтің үйіндегі жеңгемізді «кескіні кесек, орта бойлы, денесі толық, бет-бедерінде де біртүрлі әйелдің сынықтығынан гөрі еркектің сесі басым сарабал, салмақты кісі» деп суреттеген Валентина Николаевнаны Қабдоловтың «Абай» романындағы шетінен сұлу, сырбаз «Әуезов әйелдерімен» салыстыруы да шынайы.

Мұханның Валясы кімге ұқсайды сонда – Ұлжанға ма, Айқызға ма? Ділдаға ма? Әйгерімге ме? Әлде Тоғжанға ма? З.Қабдолов мұны ойлап үлгергенше Валентина Николаевна бөлмеден шығып та кетеді. Шығарма басында сөз болатын Ш.Айтматов бейнесі сияқты Валентина Николаевна да романда көп сөз болмайды. Бірақ эссеші үшін құндылықтар болып саналатын сюжеттен тыс мұндай көріністер шығармада жиі ұшырасып отырады.

Қымыз ішіп отырған Әуезовтің күтпеген жерден «Өлең жазасың ба?» деген сұрағына Қабдоловтың еш ойланбастан, бірден «Жазам!» деп жауап бергеніне қарай:

– Бәсе, солай болар.

– Неге? – деппін байқамай.

– Е, «Абайды» оқыпсың, менің лекциямды іздеп кеп тыңдап жүрсің, тегі құр жаяу болмассың дегенім ғой. Ұятым қайта оралды. Мен төмен қарадым».

Міне осылайша ұстаз бен студент арасындағы тереңдей түскен байланыс, Мұханның да Қабдоловқа көзі үйрене бастауы шынайы суреттеледі. Маңдайы жарқырап аудиторияға кіріп келген Әуезовтің орнына жайғасып алған соң, лекциясын бастар алдында асықпай, студенттерді жағалай бір шолып өтуі, «жұмсақ нұрын төккен сарабал, салқын жанары арт жақтағы маған сәл мүдіре бере «Бәлі, сен де осында екенсің ғой!» дегендей кенет жарқ етіп барып жанып-сөнгендей» болуы оқырманға дұдамалдық туғызбағанмен, Қабдоловқа басқаша көрінеді. «Я шынымен солай, я маған солай боп көрінеді» деу арқылы оқырманға дұдамал ой туғызып алады да, өз-өзіне «оқыс жұлқып қалғандай, сілкіп алғандай» әсер бере отырып, көркемдік даму логикасын кеңейте түседі.

Бұл Әуезовтің оқыған лекциясы мен келтірген нақтылы мысалдары арқылы өрбиді. «Достоевский психолог қой, – деп бір нұсқалы ой өрбітті. – Бетіне тіктеп бір қараса болғаны, кімнің кім екенін тамыршыдай тап басып, дәл айтып береді екен. Со секілді, басқасын қайтейін, осы баланың көзінен өзіме деген бір уыз ықлас, ақ та пәк пейіл, тап-таза таным аңғарамын. Өзінде бір маған деген қалтқысыз құлау, іңкәр ұмтылыс бар.

Не дейді? Рас па, өтірік пе? Шыны ма, ойыны ма? Өз құлағыма өзім сенбей, Мұхаңа көзімнің астымен қарап едім, сұлу жүзі шабытпен балқығандай

бал-бұл жанып отыр екен. Алдымен өз ойына өзі әсерленіп алып, содан соң соған өзгені баурамай, шабытсыз сөйлемейді екен-ау, сабаз!

Мен ұялғаннан жерге кіре жаздадым» [85, б. 47].

Міне осы сөзде қандай тазалық, адалдық, шын ықылас пейіл жатқанын кез-келген адам сезінетін болса керек. З.Қабдоловтың жерге кіріп кете жаздап ұялуына себеп боп тұрған фактор не? Бұл ұстаз өнегесіне деген шәкірт көңілінен туған сөзбен айтып жеткізуге келмейтін ерекше шаттық сезім. Аталмыш туынды Қабдоловтың әбден толысқан, кемелденген, жігіт ағасы болған кезінде жазылғаны жұртқа белгілі. Ұстаз бен шәкірт арасындағы осы қарым-қатынасқа жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін Қабдоловтың қайта оралуы және соны кеше ғана болғандай етіп сипаттауы «шебер суреткердің қасиетті парызы» болғаны анық. Бұл жерде алымды қаламгерге ғана бітетін берік жады тәнті етеді. Нағыз жазушыға тән шеберлік өмір құбылыстарын айнытпай түсіре білгендігімен өлшенетін себебі де сол.

Романда Көкшетау облысының Сырымбет ауылынан келіп, Политехникалық университетке түскен, бір бөлмеде жатып, жақын досы болып кеткен Бекет Бекетовтің де бейнесі туралы айта кетпеске болмайды. Өйткені, бірі Солтүстік, бірі Батыс өңірінен болса да, көзқарас айқын, пікір ортақ, әсіресе арадағы бір-біріне деген шексіз сенімділік еріксіз мойын бұрғызады. Мамандығы инженер болғанмен, бұл жігіттің ғылымнан да, әдебиеттен де жап-жақсы хабары бар. Орыс классиктерінің шығармаларын түгел оқып қана қоймаған, олардың жақсы-жаманын ажыратып, Есенинді жатқа оқығанда, таң қаласыз. Шоқан бастатқан қазақ оқымыстыларын да жетік біледі. 1946 жылы қазақ тарихында тұңғыш рет Қазақстан Ғылым академиясының ашылуы, бұған академик Қ.И.Сәтбаевтың сіңірген бірден бір еңбегі туралы да осы Бекет аузынан естиміз. Ал Әуезов туралы «Мұның ортасы жоқ бізде, бәрі ұсталып кеткен, атылып қалған. Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Досмұхамедов, Жұмабаев, Аймауытов... – бәрі кеткен, бәрі жоқ. Мына сорлы жалғыз!.. «Абайдай» кітап жазу тек қана Әуезовтің қолынан келеді, басқа ешкімнің емес, оллаһи!– деген сөзінен Бекеттің де қарапайым адам емес екенін аңғаруға болады» [85, б. 52].

Бұл жігіттің сөзіне сенуге де, қарабайыр көзбен қарасақ, сенбеуге де болады. Өйткені ол тұста Алаш қайраткерлерінің заты тұрмақ, аты да белгісіз болғандықтан, мұндай деректі кез-келген адам біле бермейтін. Бірақ Сәтбаев, Кенжебаев, Әуезов сияқты Алаш арыстарын көзімен көрген ғалымдарға өте жақын жүрген көзі қарақты студенттер осы адамдар арқылы қазақтың жабық жатқан тарихынан хабары болған. Ал Бекет Сәтбаевқа жақын. Жазушы оқырманды осылайша сендіреді.

Міне, осындай оқымысты Бекет Қабдоловтың КазГУ-ге ауысына мүлдем қарсы. Ол өз қарсылығын былай танытады. «Жалпы филолог болмай-ақ жазушы болуға болады. Мәселен, Чехов. Филолог па? Жоқ, дәрігер. Өзімізді-ақ алайықшы! Сәбит – қара шаруа, батырақ, Ғабиден – жұмысшы, шахтер, Ғабит – милиционер, салдафон... Ха-ха-ха! Ал, ал...» [85, б. 51].

Осындай достың қасынан кету де оңай емес. Бірақ Қабдолов үшін атасынан кейінгі ең ыстық атау – КазГУ. Осы сөз оның не көзіне түссе, не құлағына тисе болғаны, жүрегі елжіреп, көкірегі күйге толып қоя береді. Өйткені КазГУ-де Әуезов сияқты ұлы ұстаз бар. Қабдолов көзқарасы бойынша университетте сабақ беретіндердің бәрі ұстаз емес. Бір институтта мың оқытушысы болса, сен үшін соның мыңы емес, мыңнан бірі ғана – ұстаз. Сөйтіп, ұстаз іздеген Қабдолов «Ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» – дейді. Ұстаз іздеген Қабдолов «Әуезовтен екі сағат лекция тыңдаған адам өзінің жаңағы – бұдан екі сағат бұрынғы психологиялық қалпынан, ақыл-ой мағынасындағы хал-күйінен кәдімгідей өзгеріп, жаңғырып, жанарып шығады. Иман тұрғысынан біршама пісе, жетіле түседі. Танымы көрер көзге байып шығады. Бұл – керемет метаморфоза!– дейді [85, б. 54].

Бүгінгі әдебиет функциясының барынша күрделенген уақытында әдебиетіміздің көркемдік-эстетикалық тұрғыдан толық толысқанына осы «Менің Әуезовім» нақты айғақ бола алады. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінде эссені басқа жанрлармен қосақтау былай тұрсын, эссе деген атпен жазылған шығармалардың өзін табу қиын. Ал қанша рет «халық жауы» деген жала жабылып, содан басын әрең арашалап қалған М.Әуезовті басы бүтін иемдену, шығарма жанрын роман-эссе деп атау, кеңес өкіметі кезінде мүмкін емес еді. Бұл тек қана – тәуелсіздіктің жемісі. Өйткені проза жанрларының өркендей дамуында басқа да факторлармен қоса, шығарманың жанрлық сипатының да айрықша маңызға ие болуы көркем ойдың түрлі арнада шектеусіз жетілуін көрсетеді.

Туындының танымдық сипаты өте жоғары. Бұл кітаптан М.Әуезов сияқты заңғар тұлғаның бүкіл болмысын, кескін-келбетін, жан дүниесін ғана емес, кісілік қасиетін, азаматтық қалпын, білім деңгейін түгел біліп шығуға болады.

Қазір әдебиетші қауым арасында «Неге көп сөйлейсің? – деген сұраққа жауап ретінде академик Әлкей Марғұланның «Адам білгеннен кейін сөйлейді ғой» деген сөзін қарсы қолдану жиі кездеседі. Мәтелге айналып кеткен осы сөздің М.Әуезов пен Ә.Марғұлан арасында болған қалжыңнан туғандығын осы кітаптан танып, білеміз. «Өлсем орным қара жер» өлеңіндегі «Жүрегіңнің түбіне терең бойла» деген тармақ қазіргі уақытта да «Жүрегімнің түбіне терең бойла» деп қолдану кездесіп қалады. Ал мұның дұрыс нұсқасы «Жүрегіңнің...» екеніне осы кітаптан анық көз жеткізуге болады. Сөз болып отырған өлеңдегі «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деген тармақты З.Қабдолов сабақ барысында «Көппен жалғыз алыстым, кінә қойма» деп оқиды. Осы кезде Мұхаң «Не дейді?» – деп қатты дауыстап қалып, жатып кеп ашуланады. «Ашуын алғаш көруім еді. Ренжісе, қабағы қабара түтігіп, көзі қарасын азайта ағараңдап, не істерге білмей абыржып, қайта-қайта тамағын кенеп, мұрнын тартып, танауын жұлқылап болады екен.

– Сен не деп тұрсың, шырағым. Абай «көппен» емес, «мыңмен» алысқан. «Көп» дегенің – «халық». Абай жападан жалғыз бүкіл халықпен алысты деуге қалай аузың барып тұр. Бәлі, өзің бір көшелі жас екен десем... Жоқ, сен өзің... Бәлі... Жә, жетеңе тимей-ақ қояйын, жетіле жатарсың бара-бара, бірақ мынауың

көшелі кісінің жасайтын қателігі емес. Қате, қате жасап тұрсың сен! Абайдың сөзіне қиянат қылдың, айтпаған сөзін айтты деп тұрсың» дейді [85, б. 64-65].

3.Қабдолов осындай нақтылы мысалдар келтіру арқылы М.Әуезовтің Абайға деген қылдай қиянатты мүлде кешірмейтінін дәлелдеп шығады.

Аудиторияға жаңадан ілінген Абай суретіне қарап М.Әуезов «Мынау... Абай роліндегі әртіс қой. Мұны қай жетесіз салып жүрген? Мұны қай көшесіз іліп жүрген!» деп сұмдық көргендей түңіле сөйлейді. Үнемі білгішсініп батыл сөйлеп отыратын Мерген деген Қабдоловтың курстасы бұл суретті салдырған Әуезовтің бастығы Байкенжин екенін, суреттің Абайдан аумайтындығын, сол кісінің нұсқауымен өзі әкеліп ілгендігін айта келіп: «Осынымыз үшін Байкенжин жетесіз, мен көшесіз болам ба сонда?» дейді.

Аудитория сілтідей тынып қалады. Бірақ бұған М.Әуезов ренжімейді, қайта Мергенге риза болып, мынадай оқиғаны баяндап береді. Бір күні қонақта отырғанда Әуезовті өлердей жек көретін қызып алған бір адам жазушыны сөз сайысқа шақырады. Бұған елігіп, елең ете қоймаған Әуезовті әлгі кісі соншама балағаттап, «аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады». Сонымен қоймай, «Ал енді мені сөгіп көрші!» деген талабына «көшесіз», «жетесіз» дегеннен басқа аузына сөз түспей, амалы құрып, дағдарып қалған М.Әуезов: «Әлгі айтқандарыңның бір түйірін қалдырмай, бәрін жиып-теріп, түп-түгел өзіңе қайтардым!» дедім де жұрттың жалынғанына қарамай ыза боп, үйден қашып, шығып кеттім. Со секілді, шырағым Мерген, сен де менің «жетесіз», «көшесіз» дегендерімді есебін тауып өзіме қайтарып тұрсың...» дей келе, Мергенді жазғырмай, қайта оны мақтап, пікірді ашық білдіріп, айтысқа, тартысқа түсуден тайсалмау керектігін, «ақиқат айтыстан туады» деген сөзді айтады.

Ал Мерген болса, жылап жібереді. Міне осы сияқты жақсы оқитын кез-келген жастың бойында болатын қызба, албырт мінезді жазушы өте шебер жеткізеді. Бұл жерде қатесін түсінген Мергенге ешқандай реніш туындамайды, қайта адам бойын белгісіз бір өкініш билейді. Жазушы шеберлігінің өзі де осында жатыр.

Бұдан кейін М.Әуезов «Айтқаным айтқан, мына сурет Абай емес, Абайға жасалған шарж» дей келе, сақал-мұрты, аузы-мұрны ұқсағанмен, мәселе көз бен оның айналасында екендігін айтады. Мұнда Абайдың «ой толып, ақыл тұнып» тұрған көзі жоқ, «мүлде қыртыссыз, ашушаң көз» тұрғандығын баяндай келіп, 1903 жылы Дінәсіл әжесімен еріп Абай аулына барған сапары туралы айтып береді. Көшпенділер салты бойынша ол уақытта соғым сойған үй ауылдың үлкендерін шақырып, батасын алады. Ал келе алмаған сыйлы кісілерге арнайы сыбағасын апаратын болған. Міне осы салтты берік ұстанған Дінәсіл әже құдандалы болып, араласып отырған (Әуезовтің үлкен атасы Бердіқожаның қызы Нұрғаным Құнанбайдың кіші әйелі, ағасы Разақтың әйелі Әлила Абайдың немересі – Н.Б.) Абай аулына бір қоржын қазы-қарта, жал-жаясын ат жеккен жеңіл арбаға тиеп, өздері күймеге отырып, арнайы барады. Кеш батқанша далада ойнаған бала Мұхтар әбден шаршаған соң, Абайдың ақбоз үйіне кіріп, әжесінің камзолынан тартып, «үйге қайтайық» деп қыңқылдап жылап қоймайды. Сонда «Шырағым, жылама!.. Ақылды бала жыламас болар» деген

баяу естілген байсалды дауыстың әсер еткені сонша, бала Мұхтар жылағанын бірден тиып, оның бетіне жалт қарайды. Сонда сақал-мұрты бурыл тарта бастаған дөнгелек жүзді, жазық маңдай, қыр мұрын, толық денелі кісінің бет әлпетінен анық жадында қалғаны – Абайдың көзі болады. «Абай жолы» романындағы сөзбен салынған Абайдың көз шарасы сол өзі көрген тірі сурет екенін тәптіштеп айтып береді. Әуезов қабырғадағы жансыз суретке қарап, соншама ашуланса, оның жөні бар. Өйткені сол уақытта қалам ұстағандардың ішінде Абайды көзімен көрген Әуезовтен басқа ешкім жоқ. Сондай-ақ қаншама адам жазса да, тап Әуезовтей Абай бейнесін сомдап шыққан да күні бүгінге дейін ешкім болған емес. Міне, осы ақиқатты дөп басқан З.Қабдолов Абайды танытудағы ғұлама жазушының ерен еңбегін осы бір кішкене ғана деталь арқылы дәл көрсетеді.

Тура осы сурет пе, жоқ басқа ма, бірақ Абайға онша келінкіремейтін бірнеше суреттің қазіргі уақытта да қолданыста жүргендігін айту парыз.

«Шеберлік, суреткерлік дегеніміз не» деген сұрақ кез-келген адамды ойлантары анық. «Ең дұрыс жауап қайсы?» деген сұраққа да осы кітаптан толық мағлұмат алуға болады. Айталық М.Әуезовтің лекция барысында айтқан мына бір сөзі көңіл аудартарлық.

«Суреткерлік шеберлік – әр сөздің орнын табуы. Орнын тапса, ойнамайтын сөз жоқ... Сөз өнері – сөйлеу емес, сөзбен сурет салу... Орнын тапқан екі сөз қатар тұрса, бірінің біріне сәулесі түседі. Сөз сәулесі – сөзге түскен жерде пайда болады. Ал, сөз суретке айналған жерден образ басталады», – дейді [85, б. 74]. Бұл сөздерді айтқанда М.Әуезовтің орыс теоретигі Потебняға сүйенуі студенттерді Потебняны оқуға жетектейді. З.Қабдолов ұстаздың шәкірттерге деген зор ықпалы мен дұрыс бағыт-бағдар беруін осылайша тереңнен ашып көрсетеді.

«Лекциясына келгенде профессор Әуезов Орталық Комитеттің бюросын тастап кеткен» деген аңыз да роман-эсседе орнымен қолданылған. Бірде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бір жиналысына шақырылған М.Әуезовке кешігіп келген бірінші хатшы «Мұхтар Омарханұлы, кешіріңіз, қызмет бабымен қырық минут амалсыз кешіктім, қазір бастаймыз, залға жүріңіз, – десе Мұхаң: «Қадірлі жолдас, Сіз де кешіріңіз, сағат үшке шәкірттерім күтіп отыр, соған үлгеруім керек, – деп онымен шұғыл қош айтысады да, университетке келіп дәрісіне кіріседі» [85, б. 76].

Осы сияқты мысалдар арқылы М.Әуезовтің батылдығы мен өз жұмысына деген асқан жауапкершілігін тануға болады.

Жоғарыдағы мысалдардың барлығы эссеге тән баяндау тәсілінде болатын еркін де шексіз көсілу басымдығына толық мысал бола алады.

Ал эссенің сыншылдық сипаты үшінші тараудан бірден басталады. Мұнда Әуезовпен бірге жұмыс істейтін КазГУ-дің «Қазақ әдебиеті» кафедрасындағы төрт оқытушы кафедраға шақыртылған екі студент Зейнолла мен Мерген көзқарасы арқылы беріледі. Біріншісі – төрде төмен тұқырып, «кірпітікенең төбесін ғана» көрсетіп отырған кафедра меңгерушісі, доцент Дүйсен Байкенжин, екіншісі – бұларды көзге ілмей, ашу қысып, екі көзі шатынап,

терлеп-тепшіп, терезеге қарап отырған – Белгілі Бегей, үшіншісі – бойында бір міні жоқ сұлу әйел – Мәкен Майсақызы, төртіншісі – айналасын қалай көретіні белгісіз, ұйықтап отырғандай көзі ашылмайтын ертерек егде тартқан доцент – Шой Ғалиев. Бұл кафедра қызметкерлерінің қысқаша айтқандағы түр-сипаты. Әуезовке табынғандай, ұстазды сыйлап, қадірлеп-қастерлеудің бірі жоқ. Қайта кекету, мұқату басым. Екі студенттің де сәлемін алмай, ашуланып отырған Бегейге қарап, бір пәленің болғанын сезініп, соны білуге деген құштарлық өз-өзінен пайда болады. Бегейдің ашулануында негіз бар. Өйткені сабақ үстінде Мерген оның жиі қолданатын «Мен білемін» деген сөзіне қарсы шығып, сын айтады. Мұнымен қоймай, «Надан молдадан надандық үйреніп жатырмыз» [85, б. 80] деп Ғ.Мүсіреповтің бір кейіпкері айтқандай, Бегейдің балдыр-батпағына қор болып жүрміз деген мазмұнда оның үстінен арыз түсіреді.

Бірақ кафедрадағы талқылауға екеуінің де көңілі толмайды. Сөздері жаңылпаш сияқты көрініп, ештеңенің байыбына бара алмайды. «Әуезов болмаса, бұл араның күні не болар еді? Біз Әуезовті күттік» деген З.Қабдоловтың көңілі қатты құлазып, кафедра туралы үлкен ұғымы күрт төмендеп, оларды Гогольдің жағымсыз кейіпкерлеріне теңейді. «Бегей – аумаған Беликов, Ғалиев – Манилов, Байкенжин – Башмашкин сияқты... Жалғыз-ақ Айсина туралы ғана ұғымым қалыптасқан жоқ. Оны Мерген біледі, Мергенмен ақылдасармын», – дейді [85, б. 83].

М.Әуезовтің келуімен қайта жалғасқан мәжілісте жоғарыдағы төртеуге тағы да психологиялық мінездеме беріледі. Әуезов олардың жақсы тұстарын да айта келіп, кемшіліктерін де бетіне басады. Қазіргі көзқараспен қарағанда, мұның бәрі баланың ойыны сияқты көрінеді. Ал бұл негізінде ойын емес, кеңес өкіметі тұсында арнайы құрылған ұйымдарда адамның тағдыры шешілген. Бұл жерде дау-дамай кафедрадан әрі ұзамайды. Өйткені Әуезов пікірі екі студентті де риза етеді.

Мысалы, Д.Байкенжин туралы «Мына Дүйсен – сырттай жуас көрінгенмен іштей асау адам. Мен білгелі, Дүйсеннің ғұмыр бойғы арманы – әдебиетіміздің тарихын түгендеу, әсіресе оның Көне дәуірін қалпына келтіру. Бұл – аса ірі, іргелі мақсат» дей келе, бір сөйлемінде «болып» деген етістіктің жеті рет қайталанғанынан мысал келтіреді. «Демек, Дүйсеннің керемет мақсатын мынадай кері кеткен тілмен іске асыруға бола ма? Жоқ, болмайды. Мақсаты ірі болғанмен ол ірі мақсатына Дүйсен жалғыз шауып кете алмайды. Сондықтан ол өз маңына шәкірттер топтастырып, үлкен идеясын соларға беруі шарт. Ғылым солай жасалар болар. Дүйсеннің байлығы – архиві. Сол архивтің қоңыржай қоймаларына қойып кететін ізденгіш шәкірт керек Дүйсенге. Солай емес пе?.. Мына Шой қу, – деп, бет-жүзін кенет күн шұғыласына малып алғандай бал-бұл жайнатып, рахаттана күлді. – Шой Ғалиевті Белгілі Бегеймен салыстыруға болмайды. Бұл Бегейден бес есе білімді. Бірақ не керек, Канттың «Вещ в себе» дегеніндей, өзімен өзі ғана, өзінің білгенін өзгеге қимайды, қызғанады. Сондықтан білімді Шой аудиторияға айтарлықтай білім беріп жарытпайды. Сараң. Меніңше, жалпы, сараң ғалым болуы мүмкін, ал сараң педагог болмасқа керек» деп бір қорытындылап алғаннан кейін:

«Сендердің, – деді Мұхаң, – бүгін міндеріңді ашып айтқым келеді. Оған шамданбаңдар. Мына екі жігіттің сыны дәл, әділ және ол сын бұл екеуінің ғана емес, сендер оқытып жүрген барлық студенттер қауымының сыны. Енді қалай ашылмасқа, ашығын айтпасқа! Дәл осы арада ашылуымның, ашығын айтуымның себебі бар, оны да біле жатарсыңдар. Жә, қысқасы, студенттер алдында өздеріңді өздерің ақтап алыңдар. Оған менде уақыт болмайды. Сондықтан бүгін асығыс та болса ақиқатын баян етіп отырмын. Оны мен айтпағанда кім айтады сендерге? Оны мына екі жігіттен жасырудың және жөні жоқ» деп кафедра мүшелерінің артықты-кем тұстарын соқырға таяқ ұстатқандай етіп айтып береді» [85, б. 90-93].

Кафедра мүшелері Мұхаң сөзімен келіскендей рай танытып, «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды» деген пікір білдіреді. Мәжіліс соңында М.Әуезов өзінің кешіккен себебін айтқанда бәрі төбеден ұрғандай отырып қалады. Ол мынау:

– Менің бағана кеш келгенімнің себебі дәл осыған байланысты еді. Үкімет үйінде ұзағырақ жүріп қалдым. Жаңағы телефонмен келген хабар да жайсыз. Өзің білгендей іріктеп атадың Мәкен. Сол үш профессор да – Қажым да, Есмағамбет те, Ермахан да жоқ қазір. Тұтқындап әкетіпті. Ал мен болсам, мен, әрине, әзірге араларыңдамын ғой, бірақ қызметте жоқпын, ректор кафедра профессорлығынан босатылсын деп бұйрық шығарыпты [85, б. 94]. Бұл кезде университет ректоры Төлеген Тәжібаев та «халық жауы» болып ұсталып, орнына Асқар Зәкәрин келеді. Басқа да адамдардың ұсталып жатуы Қабдолов бастаған студенттердің жанын түршіктіреді.

1952 жылы Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Ермахан Бекмаханбетов сияқты атақты ғалымдардың 25 жылға сотталғанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Бұл 1937 жылдан кейін арадағы үзілісте қайтадан қаулап өскен қазақ оқымыстыларына төне бастаған жойқын зұлмат еді. Осы кезде М.Әуезовке жанашыр адамдар оны шұғыл түрде Мәскеуге аттандырып жібереді.

Романда М.Әуезовтің 1930 жылдардағы өткен өмірін шегініс түрінде бере отырып, Абайшыл Әуезовтің «жаңа қоғамға қарама-қарсы ескішіл, сарыншыл, ұлтшыл, «халық жауы» атану үшін өнерін өз алдына қойғанда жеке өмірінің бір ғана дерегі – Абайдың немересі Мағауияның қызы Кәмилаға үйленгенінің өзі-ақ жетіп жатқанын жазушы баса көрсетеді. Сонымен бірге осы кезеңдегі М.Әуезовтің жеке өміріндегі өзгерістер, алғашқы әйелі – Райхан, одан кейін Кәмилаға үйленуі және сол тұстағы көрген қиындықтары шығармашылығымен байланыстырыла сөз болады. Атап айтатын бір нәрсе – 1930 жылдары М.Әуезов түрмеге түсіп, қуғындала бастағанда, оның аман қалуына себеп болған А.Байтұрсынұлының зор ықпалы да назардан тыс қалмаған. Оны жазушы былай жеткізеді:

«Мұхтар шырағым, сен өзіңе жағылған күйені де, жабылған жаланы да түгел мойындап ашық хат жаз; бізден үміт жоқ, біз біттік; біз кетеміз, өлеміз. Өлтіреді бізді! Тек сен тірі қал; халыққа сен керексің, сен!» деп, аяулы інісіне

әрі ағалық, әрі даналық ақылың қайран Ахаң дәл осы араға арнап келіп, зарлап айтқан екен ғой, жарықтық» [85, б. 107].

Төртінші тарау Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде М.Әуезовтің жұмыстан шығарылуына себеп болған Абай шығармашылығына байланысты еңбектері мен «Абай» романын талқылаудан басталады. Бұл кезде «Абай жолы» деген атау жоқ, «Ақын аға» деп аталған роман-эпепенің үшінші кітабы енді жарық көрген. Эссеге тән бір көрсеткіш болып табылатын диалог тәсіліне осы тарауда мол мүмкіндік берілген. Қазақ әдебиетіндегі ұлтшылдық жайлап алуына себеп болып отырғандығы туралы Әуезовке қарсы оппозициялық топтың сөйлеген сөздері адамның төбе шашын тік тұрғызады. Бір ғана мысал келтірейік:

«Әуезов Қазан революциясына қашаннан қарсы контра! Кеңес өкіметіне қас дұшпан! Революция орнатқан жаңа өмірді қабылдамайды, аңсайтыны – Қазанға дейінгі қазақ ауылы, көне дүние! Большевизмнің ымырасыз жауы, партбилетін жиырмасыншы жылдарда почтаға салып, Семейдегі партия ұйымына қайтарып жіберген. Бұл қазақ – пролетариат жазушысы емес, жолбике. Идеясыз әдебиетші! Қазан революциясы қазақ халқын қайта туғызғанын мойындамайды. Әйел теңдігі дегенді түсінбейді. «Абай» романындағы жүзге тарта қатын-қыздардың бәрі – шетінен ақ білек, сылқым, еркін, ерке. Ылғи ғана шолпылары сылдыр қаққан сұлулар. Қазанға дейінгі қазақ әйелі күң болды дегеніміз қайда қалды сонда? Ал енді еркектеріне келсек, Құнанбайдан бастап бәрі ақылман, данышпан, мырза, бай-бағылан, сал, сері. Қазанға дейінгі қазақтың бәрі сауатсыз, надан дегеніміз қайда? Шындықтың өңін неге айналдырады Мұхтар Әуезов? Өйткені ол бізде «ұлт» деген ұғымның жойылып келе жатқанын, түптің-түбінде бізде бірыңғай «Кеңес халқы» немесе «Кеңес адамы» дегендер ғана қалатынын ұқпайды, ұққысы келмейді. Оған керегі қазақ, қазақ, тек қазақ қана. Алашорданың ұраны емес пе еді? Ендеше, Әуезов – барып тұрған алашордашыл, байшыл. Ұлтшыл! Тіріде түзелмейтін ұлтшыл! Әуезов құрымай ұлтшылдық құрымайды.

Менің сол Әуезовім, міне, бүгін не күйде? Бұл кісінің тіршілікте көргені өзінің алып еңбегіне лайық зейнет қана, тек рақат екен десем, ғұмыр бойы арылмас азап, айықпас бейнет екен.

Бұл кісі жарық дүниедегі ең бақытты адам екен десем, нағыз бақытсыз адам болып шықты. Бұл қалай? [85, б. 111].

Міне осы мазмұндағы айыптау сөздерден кейін көрінетін З.Қабдоловтың жан тебіренісі туындының жанрлық сипатын тереңдете түскен. Романға тән тарихи шындық, эссеге тән шарықтаушылық қатар өрбіп, адам көңілін бірде жабырқатып, бірде адам баласының басынан қандай өмір өткен деген тебіреніске әкеледі. Романда сол тұста Қазақстан Жазушылар одағының бастығы болған «кәдімгі Сәбит Мұқанов» та Әуезовке қарсы сөз сөйлейді. Бірақ З.Қабдолов С.Мұқановтың «Қашарыңда қашарсың, туарыңда сасарсың» дейді қазақ. Сен саспа! Бәрін бүлдірген өзің, енді өзің мойында соны, сөйт те өз қолыңмен түзет!» деген [85, б. 116] бір ғана сөзін беріп, Сәбеңнен күткен «құтқарар» деген үлкен үміті ақталмағанына өкініш білдіреді.

Осы тарау басында «Бұған дейін Әуезовті білдім деп жүргенім білместік екен. Менің Әуезовті тануымның түрі тек таңдану ғана, табына тамсану ғана болыпты. Ал таңдану да, тамсану да – тану емес. Менің Әуезовті тануым енді басталды» деп жазғанындай, енді шығарма кейіпкері мүлде басқа қырынан көрінеді.

Әуезовтен «Абайдың лирикасы» деген диплом тақырыбын алған З.Қабдолов енді «Абай» романы туралы тебіренеді. Бір кезде Абайдың Әуезовке айтқан «Жылама, шырағым» деген сөзін есіне алып, «Солай ма? Жыламау керек екен-ау, ә? Я, жыламау керек. Бала бол, дана бол, бәрі бір, ер болсаң, еркек болсаң, жылама!» [85,б. 123] деп өзіне-өзі тоқтау салған З.Қабдолов сол кездегі жыламауға болмайтын жағдайға жылап отырып, баға береді. Төртінші тараудың соңында 1953 жылы 21 маусымда «По поводу романа М.Ауэзова» деген атпен «Казахстанская правда» газетіне жарияланған Әуезовті қаралап жазған мақаладан үзінді беру арқылы талқылаудың қорытындысын көрсетеді. Сол тұстағы алмағайып уақыттың тарихи шындығы осылайша нақтылы дерекпен түйінделеді.

Бесінші тарау түйсікпен түйсініп, жаныңмен сезінуге болатын жағдайларға негізделген. Ұлт мақтаныштарын қуғын-сүргінге түсірген 1950 жылдардағы «ең бірінші және ең үшкір найза» Мұхтар Әуезовке кезелгені рас. Міне осыны толық дәлелдеп шыққан З.Қабдолов өзінің жеке басының жағдайларына ойысады.

Бірақ мұның бәрі Абай арқылы және Әуезовтің өскен ортасы мен туыстары, «Абай жолындағы» кейбір кейіпкерлер арқылы өрбиді. Негізінде эссеге өмірбаяндық сипат тән. Роман-эссенің бастан-аяқ З.Қабдоловтың қатысуымен беріліп отыратыны да содан.

Мұндағы айрықша айтатын нәрсе жазушының болашақ жарын табуы және екі адамның алдында өзін кінәлі сезінуі. «Бірі – Мұхтар Омарханұлы, екіншісі – сүйген қызы Сәуле Төлеуқызы». «Неге?» – деген сұрақ өз-өзінен туындайды. Университеттің соңғы курсында «Пионер» журналының бірінші жүлдесін алып, жетістікке жеткен З.Қабдоловты бас редакторлыққа ұсыну мәселесі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде сөз болады. Ол кезде басшылық қызмет тек Мәскеудің рұхсатымен ғана бекітіледі. Осындай тапсырмамен Мәскеуге жиналған З.Қабдоловқа вокзалда жолыққан танымайтын бір адам Орталыққа барады екенсің «мынаны сондағы Степановқа бер» деп конверт беріп кетеді. Үлкен жердің бюросынан өтіп, бірауыздан бекітілген Қабдолов Алматыға жиналғанда, Орталық Комитет қайта шақырады. Әңгіме Степановқа өз қолымен әкеп берген баяғы конверттен шығады. Мұндағы «Революцияшыл-большевик Самсүгір Суршин» деп қол қойылған хатта «Халық жауы», тумысынан ұлтшыл М.Әуезовтің тәрбиесі мен өнегесіне тәнті шәкірті Қабдолов ұлтшылдықты жалғастырсын демесендер...» – деген мазмұндағы шағым айтылған. Осы хат бюроның шешімін өзгертіп, Қабдоловтың жаңа қызметке бекітілмеуіне себеп болады.

Ал жазушының ғұмыр бойы үлгі тұтқысы келген ұстазы мен бүкіл ғұмырын қосақтағысы келген сүйген жар алдында кінәлі сияқты сезінуі –

ақталмаған бір үміт пен бір сенімде тұр. Тіпті ақтамақ түгілі, сол үміт пен сенімді даттатып, қара күйе жаққызып келеді. Екі адамның алдындағы кінәлі сезім енді үлкен өкінішке ұласады. Ол өкініш – «қара қағазды» өз қолымен апарып бергенінде. Сөйтіп алма-кезек ауысып отыратын ұстаз үміті мен жар сенімі психологиялық толғаныс арқылы автор баяндауымен беріледі.

Ал Қабдолов Алматыға келгенде М.Әуезов Мәскеуге ұшып кетеді. Бұдан кейін болашақ жары Сәулеге деген ынтықтығы «Абай жолы» романындағы Абай мен Тоғжан арасындағы қарым-қатынаспен салыстырыла жеткізіледі. Соңында өмірлік жарын тапқанына сенімді болған Қабдолов ұстаз тағдырына қайта оралады. «Тургенов әйелдері» деген сияқты ұстаз өміріндегі «Әуезов әйелдері» кеңінен сөз болады.

Алтыншы тарау 1963 жылдың наурыз айында Әуезовтің елге оралуынан басталады. Бірақ алдыңғы тараулардағы сияқты тығыз қарым-қатынас жоқ. Бірақ байланыс бар. Әуезовтің үйдегі тыныс-тіршілігі, арман-қиялы, мұраты автор сөзі арқылы беріліп, қолмен қойғандай баяндалады. Ұстаздың жүріп өткен жолы көз алдына елестейді.

Жиырмаға жетпей, отыздан өтпей Әуезовтігін танытқан жазушының басына он жылда, өзгелерін өз алдына қойғанда, сөз өнерінің інжу-маржаны секілді үш көркем туынды бергендігін, бірақ сол үш туындының үшеуі де еңбектің зейнеті емес бейнеті болып шыққандығын, яғни «Еңлік-Кебектен» кейін ескішіл Әуезов, «Қарагөзден» кейін ұлтшыл Әуезов, «Қилы заманнан» кейін алашордашыл Әуезов» атанғанын, содан сыннан сынға ұшырап, соққыдан соққыға жығылып, ақыр-аяғында қасқа маңдайына «халық жауы» деген қара таңба басылып, қамауға алынғандығын тәптіштеп жазады. 1932 жылы баспасөз бетінде «жаздым, жаңылдым» деген ашық хаттың арқасында қамаудан әрең құтылғанмен, Әуезовтің аңдудан құтылмағаны, Семейден Ташкентке, Ташкенттен Ленинградқа кетуге мәжбүр болуы, «жанұя дегеннің әдіре қалуы» Кәмеш тағдырымен қоса өріліп, «Қарагөз», «Еңлік» образдарымен салыстырыла жеткізіледі. Абай мен Тоғжан арасындағы екі ғашықтың табысуы түгелімен Мұхтардың өз басынан өткен хал-күйі екенін, яғни Кәмеш пен Тоғжан ауысса, Мұхтар мен Абай ауысады. Өмірдің өнерге көшуін, суреткердің кейіпкеріне айналуын Қабдолов нақтылы мысалдармен өте әдемі жеткізеді.

Роман-эсседе Әуезов өмірбаяны оның шығармашылығымен байланысты сабақтаса дамып отыруы туындының жанрлық табиғатын ғана айқындап тұрған жоқ, сонымен бірге автордың өз тақырыбын да өте жетік меңгергендігін көрсетеді.

Абайдың Әйгерімнен туған баласы Тұрағұлды М.Әуезовтің туған ағасындай көріп, байланыс жасаса, Тұрағұлдың баласы Жәбірәйілмен де туысқандық арақатынасы өте қызықты шыққан. Өйткені Мұхтар мен Кәмеш екеуінің жақындасуына Мұхтардан алты жас кіші осы Жебеш (Жәбірәйіл) делдалдық атқарады. Мұхтардың туған ағасы Қасымбектің де інісіне деген шексіз қамқорлығына тәнті боламыз. Әрі М.Әуезовтің Әйгерім, Тұрағұл, Кәмила сияқты Абай ауылының негізгі адамдарымен жақын білісіп, танысуына да Қасымбек ағасы себеп болады.

Ұлы ақынды тірілтуге арналған Әуезовтің соңғы жиырма жылы төртінші кітаппен аяқталғаны, ендігі жерде ғұлама жазушының арайлы әлемі ашылатындығы шабытпен беріледі.

Роман түйіні «Ендеше, ендігі қалған аз ғұмырында оның көп қуанышқа бөленбеуі, көп бақытқа кенелмеуі мүмкін емес. Оның кепілі де осы: «Әуезовтің әсемдік әлемі!» деген сөздермен аяқталуы шексіз түйсікке жетелейді [85, б. 225]. Өйткені оқырман қауым Әуезовтің зор тұлғасымен, ұстаздық келбетімен, үлгі-өнесімен толық қанығып болған-ды. Қабдоловтың Әуезовінің ендігі тағдыры оқырманға бесенеден белгілі. Сондықтан да жазушы бұдан ары қазбалауды жөн көрмеген.

Ал М.Әуезов шығармашылығын арнайы зерттеп, диссертация қорғаған филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай да 1997 жылы «Бесігінді түзе» деген монографиясына «роман-эссе» деген ат беріпті. Бірақ 2003 жылы «Бесігінді аяла» деген атпен шыққан осы кітапты монография-эссе деп атаған. Ғалымның бірде роман-эссе, бірде монография-эссе деген толқуын түсінуге болады. Өйткені Әуезов туралы еңбек жазған адамның шабыт толқынына беріліп, шалықтамауы мүмкін емес. Себебі шығарма жанр жүгін толық көтеріп тұруымен өлшенуі шарт. Кез-келген жанр түрі эссемен трансформациялағанда ең алдымен эсеге тән ерекшеліктер айқындалуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда З.Қабдоловтың роман-эссесімен салыстыра қоятын шығарманы табу қиын әрі роман-эссе деген жанрдың бар екенін қабылдайтын болсақ, онда оның қазақ әдебиетіндегі бірден-бір үлгісі Қабдоловқа ғана тиесілі екенін айрықша атап айтуға тиіспіз.

«Әуезовтің әсемдік әлемі» деп аталған З.Қабдоловтың талдау, толғау деп аталған екінші кітабы «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай» деген орыс драматургы Николай Федорович Погодиннің (1900-1962) эпиграф ретінде алынған сөзімен ашылады. Автор бірден осы тұжырымдағы шындыққа көңіл аударып, «Әуезов – екінші Абай» деген концепцияны дәлелдеуге ұмтылады. Мұнда бір-бірін қайталау емес, яғни «Ат тұяғын тай басар» деген көне ұғымның жалғастығы Әуезовтің «Абайдың ізін басушы емес, өнер жолын жалғастырушы» ретіндегі тұлғасында тұр. Мұны автор Әуезовтің әлем әдебиетін жетік меңгеріп, дүниежүзілік мәдениет пен білімнен мол сусындағаны арқылы көрсетеді. Әуезовтің әдеби-шығармашылық еңбекпен ерте араласуына себеп болған факторларды ғалым дөп басады. Ол – тума талант, өмірлік тәжірибе, орыс және дүниежүзілік әдебиет. Сондай-ақ Семейдегі Әуезов оқыған семинария, қаладан далаға, даладан қалаға ауысқан тіршілік, феодалдық-патриархалдық қоғамның мінез-құлқы, сыры мен сипаты, үстемдігі мен өктемдігі, тағы да басқа толып жатқан өзгерістердің Әуезов санасын сан тарауға салып, толғандыруы. Бірақ осының бәрінде көңіл аудартар бір нәрсе бар. Ол – Әуезовтің азаматтық келбеті. Оны Әуезовтің тырнақалды туындысы «Адамдық негізі – әйел» (1917) атты туындысы арқылы өрбітеді. Бұл мақаланы негізінде Әуезов Тұрағұл Абайұлымен бірлесіп жазған. Бірақ жазушы Тұрағұл есімін атамаған. Мәселені орыс әдебиетінде «Тургенов әйелдері» деген

таным болса, қазақ әдебиетінде «Әуезов әйелдерінің» көркем галереясы бар екендігіне, оның беташары осы мақаладан басталатындығына көңіл аударған.

Өйткені, келесі үзікте 1917 жылдың маусым айында Ералы жазығындағы Ойқұдық жайлауында Абайдың жары Әйгерімнің отауында қойылған «Еңлік-Кебек» пьесасы туралы ең алдымен сөз болады. 1926 жылы қазақ театрының «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылуы да Әуезовтің қазақ драматургиясына қосқан өлшеусіз үлесімен өлшенеді. Екіншіден, сол 1917 жылдан басталып, 1957 жылы аяқталған «Абай жолы» эпопеясына дейін қырық жыл үзбей созылған Әуезовтің әсемдік әлеміндегі бірлік пен тұтастық терең тамыр жайып, халық тағдырының тұңғиығына бойлағанын, үшіншіден, махаббат пен жауыздық сияқты мәңгілік тақырыптың «хас шеберлікпен, біліммен, мәдениетпен ұштасқанын» тебірене сөз етеді.

Жазушы орыс және әлем әдебиетіндегі көрнекті қаламгерлер шығармаларынан мысал келтіріп, Әуезовтің әлемдік тұлға екенін дәлелдеуге күш салады. Қазақ әдебиетіне қайта оралып, Асан қайғыша, «Еңлік-Кебектегі» Нысан абызша толғанып, «сөз сиқыры мен суреткерлік шеберлік сырын ашуға күш салады. Адамның ішкі сипатын танытатын мінездің (характер) «Еңлік-Кебек» пьесасындағы көрінісі Кебек, Еңлік, Есен образдарын талдау арқылы көрсетеді.

Бірақ осы дәлелдеудің барлығын автор қатаң публицистикалық стильде емес, тамсана, таңдана отырып, эссеге тән баяндау үлгісімен ерекше шабытпен жеткізеді. Бұдан кейінгі келесі үзікте сөз болатын М.Әуезовтің «Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Түнгі сарын», «Абай», «Қара қыпшақ Қобыланды» сияқты пьесалары да шығармадан нақтылы мысалдар келтіре отырып, автор толғанысы, талдауы арқылы берілген.

Бір айта кететін нәрсе ғалым пьесаларды бастан-аяқ талдамайды. Бірақ негізгі кейіпкерлер мінезін жан-жақты ашу арқылы Әуезов шеберлігін таныта біледі. Мысалы, «Түнгі сарындағы» «Жүзтайлақ» атанған сұлу да сайқал Бибіштің образына арнайы тоқталып, бұл «жүз әйелдің жиынтық образы, қырық қыртыс күрделі тип» екенін әдемі ашады. Жалпы З.Қабдолов Әуезовтің қай пьесасын талдамасын бұған характер мен типтің жасалу жолы арқылы келеді. Мұндай жағдайда салиқалы салмақтылық, басқа образдармен салыстыру, ғылыми тұжырым басым түсіп жатады.

Бұл тұрғыдан алғанда да роман-эссенің жанрлық табиғатына нұқсан келіп тұрған жоқ. Қайта бәрі айқын, шығармадағы әрбір образ барлық түр-сипатымен, кескін-келбетімен, мінез-құлқымен көз алдыға елестейді, Әуезовтің әсемдік әлеміне терең бойлай түсуге жетектей түседі.

Келесі үзікте З.Қабдолов Әуезовтің көп әңгімелерінің ішінен 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» әңгімесіне айрықша тоқталады. Мұндағы оқиға өтетін Күшікбай кезеңінің пейзаждық көрінісі, Күшікбай туралы аңыз, озбыр болыс Ақан мен оған қарама-қарсы мінездегі Ғазизаның он екіде бір гүлі ашылмаған пәктігі, қара күштің зәбіріне шыдамаған уыз жастың әке қабірін құшақтап жер құшуы, қорғансыз жетім кемпір, соқыр шеше. Міне осы оқиғаны баяндап келген ғалым «Жан түршігер хал, қатал шындық. Адам бұл тұста алуан

сезімге түседі, сан түрлі ойға шомады. Тағдыр неткен қатал? Қорғансыздар тұрмыс тіршілігі неткен ауыр. Тағдыр талқысы қандай шытырман?..», –деп қынжылады [85,б. 234].

Әсілі, ғылыми талдауда көңіл-күйдің мұндай толқуы беріле бермейді. Бірақ дәл осы жерде Қабдоловтың сөзі керек. Себебі «Қорғансыздың күнін» оқығанда ет - жүректі адам баласының біртүрлі жүрегі езіліп, аяушылық сезімге бөленбеуі мүмкін емес. Қабдолов шеберлігі сонда, ол оқырман көңіл-күйін дөп басып, өзінің де өнер өрісіндегі үлкен талантын көрсете білген.

3.Қабдолов Әуезовтің «Оқыған азамат», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Жуандық» сияқты әңгімелерін атап көрсете отырып, «Қараш-қараш оқиғасына» қысқаша тоқталып өтеді. «Мұхтар Әуезов отызыншы-қырқыншы жылдарда бір топ әңгімелер жазды: «Іздер» (1932), «Білекке білек» (1933), «Қасеннің құбылыстары» (1933), «Үш күн» (1934), «Құм мен асқар» (1935), «Шатқалаң» (1935), «Бүркітші» (1937), «Асыл нәсілдер» (1947). Бұлардың бәрі дерлік төңкерістен кейінгі жаңа өмірді, кеңес шындығын, колхоз тұрмысын суреттеуге арналған» [85,б. 258] дей келе, сөзбен салынған суретті елестету үшін «Қыр суреттері», «Қаралы сұлу» әңгімелеріне арнайы тоқталады.

3.Қабдолов сүйікті ұстазының «Еңлік-Кебектен» «Абайға», одан «Дос – Бедел досқа» дейінгі ондаған пьесаларына, «Қорғансыздың күнінен» «Татьянаның қырдағы әніне», одан «Асыл нәсілдерге» дейінгі көптеген әңгімелеріне, «Қараш-қараш оқиғасынан» «Қилы заман» мен «Көксерекке», одан «Өскен өркенге» дейінгі роман-повестеріне, «Түркістан солай туғаннан», «Индия...» мен «Америка әсерлеріне», одан «Оңтүстік сапарына» дейінгі очерктеріне, «Манастан» «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлына» дейінгі зерттеулер мен монографияларына, жүздеген мақалалар мен эсселер, аудармаларына дейін мән бере қарап, өмір мен өнер, ғылым мен білім, мезгіл мен дәуір тақырыбының да, талабының да толық орындалғанына көз жеткізеді.

Айталық «осы тақырып қалай игерілген?» деп оқырмандарға сұрау тастау арқылы автор «Абай және Абай жолы» тақырыбына ауысып, бұл тақырыптың «предметі – Абай, объектісі – халық» екенін көрсетеді. Мысал келтіріп көрейік:

«Мұхтар Әуезов, суреткер ретінде, бұл тақырыпқа әуелі пьеса, ізінше либретто, кейін сценарий, осылардың үстіне жеке-дара фабуласы бар новелла жазды; ғалым ретінде, алдымен Абайды көре қалғандар аузынан нақты деректер жинады, әр алуан мақалалар жариялады, содан соң түбегейлі зерттеуге кірісіп, ақынның өмірі мен творчествосынан ғылыми очерктер, ақыр аяғында келелі монография жазды; ұстаз-профессор ретінде, әдепкіде жалпы қазақ әдебиетінің тарихынан лекциялар оқып, келе-келе Абайдың ақындық бітімін байыптап, ерекшелігін екшеп, хрестоматиялар, оқулықтар жасап, нәтижесінде жоғары мектептерде күні бүгінге дейін үздіксіз үйретіліп келе жатқан «Абайтану» атты арнаулы теориялық курстың негізін салды және оны Қазақ университетінде де өмірінің соңғы күндеріне дейін оқытты.

Осының бәрі данышпан жазушының бүкіл саналы өмірінің мағынасына айналған ұлы шығармасына жан-жақтан келіп жамырай қосылған алтын

арналар – қайнарлар мен құйылыстар еді. Мұнан асқан творчестволық тұтастық болар ма?» [85,б. 261-262] деу арқылы Әуезовтің Абайтануға қосқан шексіз үлесін әрі ғалым, әрі тамаша эссеші ретінде шебер қиюластырады.

Мұнда жазушы көп жағдайда «Абай жолы» романының жазылу тарихына тоқталады.

«Демек Мұхтар Әуезов өзінің төрт том «Абай жолы» арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді – өз отандастарына, керек десеңіз тіпті – қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Дәлірек айтқанда, тағы да А. Толстойды қайталасақ, қазақ халқының ұлылығын – оның өткен өмірін – тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм творчестволық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді.

Сондықтан да, «Абай жолын» оқыған Бенжамен Матип «қазақ неткен ғажайып халық» деп, өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ боп кеткенін білмей қалған» [85, б. 264].

Сондықтан да, бүгінде Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын екенін дәлелдейді.

Эпопеяда ешбір адам тартыс арнасынан шет қалмауы, бәрінің характерлері сол қым-қиғаш күрес үстінде қалыптасуы, Абай кезіндегі қазақ даласы, күні өтіп бара жатқан ескіні Құнанбай образы арқылы көрсетуі, оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа өмірдің көрінісі, міне сондықтан да «ақын Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы үлкен қоғамдық шындықты – ескі мен жаңаның диалектикалық карама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңаның жеңуін ашуға тиіс болдым. Демек, Құнанбай образы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына орыс халқының мәдениеті арқылы еніп келе жатқан, келешегі зор жаңалық жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туды...» деген Әуезов сөзін келтіру арқылы «аса қиын әрі қатерлі адым» яғни сол замандағы күрес пен тартыстың сыр-сипатын ашып, Әуезов жолының дұрыстығын, оқырманды қалтқысыз сендіруін, нанымдылығын осы арқылы көрінетін қисапсыз шеберлігін дәл жеткізеді.

Екінші кітаптағы бір ерекшелік – ол «Абай жолы» роман-эпопеясының сюжеті мен композициясына арнайы тоқталуы. Жасалу тарихы бар әр характердің мінездеу, мүсіндеу, жинақтау, даралау міндеттерінен қапысыз өтуі, әр образдың типке айналуы, әрқайсының динамикалық өсу, өрбу үстінде көрінуі «бұл сюжет мінсіздігінің нәтижесі» екенін көрсетсе, «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген бірінші кітаптағы әр бөлімнің аттары «үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы мен Құнанбайдың да баспалдақтары» екендігін жазушы теоретик-ғалым ретінде дәл көрсетеді. Сонымен бірге мұндағы полифониялық сырды я болмаса көп проблемалықтың тоғысар үлкен арнасын реттік сан есім рет-ретімен келтіре отырып, шығармаға нақтылы талдау жасайды.

Роман-эпопеядағы тип пен характердің өсу жолын талдауға келгенде, Ғабит Мүсіреповтің 1943 жылы жазылған «Абай романы туралы» деген

көлемді сын мақаласын орында атап көрсетеді. Бұл мақаланың жазылу тарихы да қызық. 1958 жылы Мұхтар Әуезов сол кездегі Мәдениет министрі Ілияс Омаровқа жазған хатында «Абай» романының бірінші кітабы жарық көргенде Жазушылар Одағында үлкен жиналыс болғанын, баяндамашының Құнанбайды біресе Иван Грозныйға, біресе Петр Первыйға салыстырып, «әр биікке қарай жетектеп алып, «қаңғып» кеткенін, кейінгі сөйлеушілер де «саяз, сылдыр» сөзден басқа ештеңе айта алмағандығын, өзінің үндемегенін, бір уақытқа үн-түнсіз отырған Ғабит Мүсіреповтің жиналысты басқарып отырған Сәбит Мұқановқа барып: «Немене, адамша сөйлейміз бе, жоқ осымен кете барамыз ба» деп шығып кеткенін, келесі күнгі жиналыста бір баспа табақтай жоғарыда аталған мақаласын жазып, «адамша сөйлеудің» нағыз өзін бастап» бергенін жазған екен. Осы мақаладағы «Сүйіндік – жалтақ, Байдалы – табанды, қырыс адам, Бөжей – сыр бермес, Қаратай – жеңген қасында»... Майбасар, Жұмағұл, Тәкежан, Қамысбайлар – патша өкіметінің жасаған болыстығының маңында болатын мансапқорлар, Зере – ел анасы, Ұлжан – соның жалғасы. Сары апаң – үстем рудың әрқашан өзімдікі дұрыс деп қисыны келсе-ақ қарсы дау соғатын кеуделісі... Бұлардың бәрінің жиынтығы, сақасы сияқты Құнанбай – сонша сұм, сонша аруақты, сонша бір кесек образ! Абайдың өзін алатын болсақ, ...бұл ел болашағына жаңа бағыт іздеген, әзір таппаған, бірақ қайдан табатынын дәл сезіп болған елбасы, замана жасы. Құнанбай – елдің тоқырап қалған өз биігінен аса алмаған ескі ойы болса, Абай – елдің алысты болжай алған, ілгері сүйреген ойы» деген сөзін келтіре отырып, ғалым «Білгірлікпен берілген дәл мінездемелер!» деп баға береді [85,б. 269]. Осы сияқты танымы зор, тағылымы мол мысалдары арқылы да «Менің Әуезовімнің» қазақ әдебиетіне қосылған аса құнды шығарма екендігін айту парыз.

«Абай образы – эпопеяның жаны мен жүрегі» – дейді З.Қабдолов. Оның материал жинаудағы әрекеттерін баяндап, Әйгерімнің алпыстағы әжімді жүзінен бір кездегі Абайды тұтқындаған ғажап сұлу әйелді «қалпына келтіруі» туралы жазғаны да тартымды. Өйткені Әуезовтің Ділда, Әйгерім бастатқан Абай айналасын өз көзімен көріп, олармен ауызба-ауыз тілдескенін Абайтану дәрістері арқылы жақсы білеміз. Осылайша кең көлемді тарихи романға тән тарихи шындық пен көркем шындық «Менің Әуезовімде» жеріне жете сөз болады. Бір ғана мысал келтірейік:

«Төртінші кітаптың аяғында Абай дүниеден кетеді, бірақ екінші кітаптың соңында образ-символға айналған «Абай кемесінің» желбіреген жалауы сол қалпында, сапары тоқтар емес: «Кең жайқын әлемде түзу жол сызып, маңып барады... Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға қарай тартты».

Көлді теңізге қотарғандай, авторлық идеяны объективті идеяға мұншалық шетсіз, шексіз айдынмен айналдыру – асқан шеберлік. Абай образы Әуезов талантының осы құдіретіне кепіл.

Ал Құнанбай ше?

Құнанбай образы – қазақ прозасында бұрын-соңды болмаған аса күрделі әрі іргелі эпикалық образ. Ол – ол ма, бұл образдың жасалу шеберлігі бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихында сирек ұшырасады.

Әдеттегі түсінікпен атасақ, Құнанбай – жағымсыз кейіпкер. Дұрысында да солай: кері кеткен керзаманның жанкешті жақтаушысы, рулық-феодалдық жүйенің бір тінін үзгісі, бір өрімін ыдыратқысы келмейтін шынжырлы шонжар – жаңаның жауы, күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы... Автордың айтуында да «Құнанбай образы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына орыс мәдениеті арқылы еніп келе жатқан, келешегі зор жаңаның жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туған».

Әдетте осындай ұнамсыз типтер бізде (тек бізде ғана емес) бірыңғай қара бояумен баттастырыла, ылғи жамандық жағы қазбаланып, кейде тіпті іске алғысыз дөкір, дөрекі күйде көрсетілген. Әрине, мұндай жағдайда да автордың идеялық мақсаты болатыны даусыз. Бірақ сол идеяның көркемдік шешімі даулы, жасанды және жалаңаш.

Ал Құнанбай ондай емес. Мейлінше шыншыл суреткер бұл образды мінездеу мен мүсіндеуге, жинақтау мен даралауға өзінің бай палитрасындағы бір (қара) емес, бірнеше (ақ, көк, сары...) бояуды қоса, қатар жұмсап, түрлі-түсті табиғи кескінде, алдымен адам ретінде, барлық күнгей-көлеңкесімен жан-жақты, толық, тұтас тұлғаландырған. Автор ұнамсыз кейіпкер бойындағы ұнамды қасиеттерді күзеп не тонап әкетпейді, өзіне береді, өзінде қалдырады.

Құнанбай – азулы ғана емес, ақылды; шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен көкірегі сара – көреген; ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының арғы жағында қайсарлығы жатқан қасарма, сұғын қадағанды сілейтпей тынбайтын қазымыр, қырсық кісі. Арыстанның айбаты да, жолбарыстың жүрегі де бір өзінде; жыртқыштығы да сондай; бүргені құтылмайды, құтылса мынаның тырнағы сонымен бірге кетеді. Мұнысы да қайтпас қайсарлыққа саяды. Осыған енді амалы мен айласы қосылғанда Құнанбайдың қулығы мен сұмдығына, сұңғыла зымияндығына найза бойламай шығады. Мұнысы – ақылдан туған тәсіл. Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен; тілі өткір, тиген жерін тіліп түседі...» [85,б. 274-275].

Міне, туындыдағы әрбір образға осындай баға беріліп, әдеби-теориялық тұрғыдан да осылайша шебер талданып отырады. Түйіндей айтқанда, «Абай жолы» романындағы тағдыр тауқыметі мен адамдар арасындағы тартысқа толы негізгі оқиғалар түгелге жуық қамтылған деуге болады.

«Менің Әуезовімнің» соңы ұғымдардың қарама-қайшы келетін эссеге тән пішін үлгісімен түйінделеді. «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың» деп келетін Абай өлеңін мысалға келтіру арқылы жазушы ендігі қазақтың, азат қазақтың бірлігі мен берекесін сақтай алмаса, күндестік қырсығынан арыла алмаса, әрең жеткен «өз ырқынан» айрылуы, «тұсаулы тіршілігіне қайта оралу екенін айтуға қандай ауыз баруы мүмкін?!» – деген астарлы ой, жетелі көзқараспен шығарма аяқталады.

2.2 Қойшығара Салғариннің «Көмбе» роман-эссесінің жанрлық және танымдық сипаты

1989 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Көмбе» романы «Көне қыпшақтар» және «Ой өрнегі» деген екі үлкен бөлімге бөлініп, әрқайсысы көптеген жеке тараушалардан тұрады. Туынды бастан-аяқ диалог тәсілімен жазылған. Мұнда ежелгі қыпшақтардың қиын да күрделі тарихы екі адамның баяндауы түрінде берілген. Оның бірі – автордың өзі болса, екіншісі – досы. Туындының роман-эссе аталуының басты себебі ең алдымен осы диалог тәсілімен жазылғанында жатыр. Өйткені диалог роман-эссе жанрының негізгі көрсеткішінің бірі болып саналады. Сондықтан да Қ.Салғарин көне қыпшақ заманынан басталатын бүтін бір тарихи кезеңді диалог тәсілімен беру арқылы қазақ тарихын бейнелеп көрсетуге тырысқан. Бұл – бір. Екіншіден, шығарманың табиғат көрінісінен басталуы туындыға көркемдік сипат үстеген. Үшіншіден, тарихи оқиға орны автордың балалық түйсігімен беріліп, қазақтың жұмбаққа толы шалқар тарихын үнсіз көсіліп жатқан кең даламен байланыстырып, бозторғай үнін «мәңгілік тіршілік жырына» балайды. Эссеге тән бұл сипат шығармаға жекелік ұғым дарытқан.

Мысалы: «Дала. Селеу шашы желбіреп, кеңдіктің кесек үлгісіндей керіле созылып жатыр. Шеті де, шегі де жоқтай. Қайда қарасаң да көрерің еркін жазылып барып көкжиекпен қойындасқан кербез кер жазық. Өзінді кеңдігінің кереметтігінен керегесі мен уығы көзге көріне бермейтін айтулы алып ақ орданың ішінде отырғандай сезінесің. Санаңның саңылауынан көшпелі елдің баласы өзінің тұңғыш киіз үйінің үлгісін төбесінен төңкерілген көк аспанның осынау көгілдір күмбезіне қарап тұрып жасаған-ау деген ой келеді. Жүрдек самал жел қиялға жетелейді...» [91, б. 4].

Осылай басталған шығармадағы автордың жүрдек көңілі сар даланы кезіп кетеді. Құлағына келген ежелден таныс жыр үні келеді. Қабырғасы қатпай жатып, қаршадайынан қозы баққан баланың жалғыз жан серігі бозторғай болады. «Сонда ол таусылмайтын тіршілік әуенін мен үшін, жалғыздықтан жабыққан көңілімді аулау үшін үзбей жырлайтындай көрінетін. Содан да болар, мен бозторғай атаулыға ерекше бір ілтипатпен қарап, әнін үнемі ден қоя тыңдайтын едім. Қазір де сол әдетке бағынып, көк кеңістігіне ноқат қадалған бозторғайдың қанат діріліне қадала көз тастап, оның мынау тылсым тыныштықпен үйлесім тапқан үнін аулаймын. Бірақ бала күнгіге қарағанда қазіргі қабылдау басқа. Онда ойды сезім билесе, мұнда сезімді ой билейді. Әлгінде ғана астаналық журналист досымнан естігенімді бозторғайдың осынау шырылымен, боз даланың бейқам жатысымен байланыстырғым келеді, бәріне тән бір ортақ түйін табатын секілдімін», – дейді [91, б. 5].

Міне, шығарманы роман-эссеге жақындатып тұрған автордың осы сияқты ой-толғамдары мен көңіл көріністері. Қ.Салғарин тақырыпқа түспес бұрын осылайша «көделі даланың кәделі жыршысы» бозторғай үнін бүкіл тіршіліктің тынысына айналдырған. Автор қазба жұмысы жүргізіліп жатқан Қорғантөбеде Астанадан келген журналист досымен ойда-жоқта кездеседі. Осы сәттен бастап екеуара әңгіме басталып кетеді. Сөйлесе келе, бір кезде көне қыпшақтар туралы

айтып беруге уәде берген досының сөзін еске салады. Досының аты белгісіз, тек досым деп қана отырады. Бұл кейіпкер негізінен оппоненттің ролін атқарып тұр. Өйткені кереғар даулы пікір көбінесе достың аузынан шығады.

Орыста – половцы, Орталық Европада – коман, Шығыста – қыпшақ деп айтылуы әртүрлі болғанымен мағынасы бір Дешти-и Қыпшақ тайпасының аталуынан басқасы жұмбақ екенін айтқан автордың сөзіне досы:

– Менімше, бұл мәселенің басы ашық болса керек. Себебі, өзіміздің қазақстандық А.Әбдірахманов «Топонимика және этимология» деген кітабында осы қыпшақ этнонимінің қайдан, қалай шыққанына өзінен бұрынғы әр елдің ғалымдарының әр кезеңде айтқан пікірлеріне жеке-жеке тоқталып, талдау жасай келіп, өз тұжырымын айтқаны мәлім. Қыпшақ этнонимінің этимологиясы жөніндегі бұрынғы-соңғы айтылған бар пікірлерді салыстыра зерделеп, ой түйгендіктен бе, менімше А.Әбдірахмановтың осы тұжырымы ғылыми тұрғыдан алып қарағанда да, логикалық нанымдылығы жағынан да көңілге қонымды көрінеді. Ал мұның сыртында бұл арада жаңалықты бірдеме айтамын деу, ғафу етіңіз, менімше, бос әурешілік секілді.

– Бос әурешілік... Жоқ, сіз де ғафу етіңіз, мен бұл пікіріңізге тіпті де қосыла алмаймын. Мұның әділін айтсақ, ой тұсап, тоқырауға тартар тоғышар пікір. Өйткені ортақ іске өзімдік үлесімді қосамын деген мақсатта жасалған әрекеттің кез келгенінің жай әурешілік болуы мүмкін емес. Оның, тіпті тындырары болмаған күннің өзінде, ой қозғаушылық ықпалы бар. Ойды ой ғана оятады. Пікір таласынан шындық пердесі ашылады. Өзіңіз ойлаңызшы, қыпшақ атаулының шығу төркіні туралы халықтық этимологияны алғаш алға тартқан «Оғыз-намадан» бері қаншама уақыт өтті? Содан бері осы бір мәселенің төңірегінде қаншама болжамдар өмірге келді? Солардың біреуі екіншісін жоққа шығарып, өз болжамын ұсынуы, болмаса екіншісін құптай отырып, дәлелдеу дерегін өзінше байыта түсуі арқылы қыпшақ сөзінің түп-төркінін тануға септігі тиер мүмкіндіктердің сан қырынан көрінуіне ықпал жасап бақты емес пе? Әрине, бұлардың ішінде шындық ауылының өзін дәл таппағанымен түтінін көріп, тура бет түзегендері де, теріс жолға түсіп, шығандап сырт кеткендері де бар еді» [91, б. 8].

Бұдан кейінгі әңгіме А.Әбдірахманов пен О.Сүлейменовтің қыпшақ этнониміне байланысты пікірлерін талдауға ауысады.

– Қыпшақтардың рулық таңбасы – екі тік сызықты (//) қатар жатқан екі пышақтың белгісі деп түсіндіріп, қыпшақ этнонимін осы пышақ сөзінен шығаратын пікірін айтасыз ғой. Шынын айту керек, бұл бұрын айтылған болжамдардың біріне де ұқсамайтын өзіндік түйіні бар, ерекше назар аударарлық пікір. Сондықтан да бұған арнайы тоқтай кеткеннің артықтығы жоқ қой деп ойлаймын.

– Қыпшақ руының таңбасы – тік екі сызық екені рас. Қазір бұл «қос әліп» деп аталады. Ал әліп тік бір сызықпен (/) белгіленетін араб алфавитінің бірінші әрпі.

Араб әрпі қабылданғанға дейін бұл таңбаның басқаша атауы болғаны сөзсіз. Бәлкім, ол осы қыпшақ этнонимінде сақталып қалған жоқ па екен? – дей

келіп, О. Сүлейменов тік екі сызықты таңбаның бір кезде ики – пчак (екі пышак) аталып, кейін осы екі сөздің өзара кірігуі нәтижесінде олардың «кипчакка» айналуы мүмкіндігін айтады [91, б. 12].

Автор О.Сүлейменовтің пікіріне қосыла алмайтындығын айтады. Бұған көптеген тарихи деректер мен белгілі тарихшылардың пікірін көлденең тартады. Екеуара қозғалған пікірталас тағы жалғасады.

– Ғафу етіңіз, байқайсыз ба, осындай тұжырым жасауыңызбен сіз өзіңізге өзіңіз қарсы шығып отырғаныңызды аңғармайтын сияқтысыз.

– Қалайша?

– Осының алдында ғана О.Сүлейменовтің қыпшақ руының тік екі сызық таңбасының бұрынғы аты екі пышак болуы керек, ал қос әліп аталуы кейін араб алфавиті қабылданған соң пайда болған деген пікірін теріске шығарғанда халықтың санасына сіңіп, қалыптасып кеткен таңба аты кейін өзгермейді деп түйіндеген едіңіз. Енді келіп, бұл тік екі сызықтың бұрынғы аты көсеу, бұл екі көсеу, не қос көсеу болуға тиіс деп отырсыз. Сонда қалай өзіңізге өзіңіз қарсы шықпайсыз. Әлде екі пышак десе өзгермей, екі көсеу десе өзгере беруге тиіс пе? Өйткені, қалай десеңіз де, қыпшақ таңбасының аты қазір көсеу емес, қос әліп қой [91, б. 16].

Қыпшақ этнонимінің соңы түрік халықтарының пайда болған кезеңіне ауысып, әңгіме тереңдей түседі. Көптеген тарихи деректерді кезек-кезек келтірген екеуі бір тоқтамға келе алмай әңгіме шексіздікке ұласады.

– Иә, Кляшторныйдың ол мақаласын мен де оқыдым. Қыпшақтар жөнінде терең зерттеп, тікелей айналысып жүрген білікті ғалымның осы мақаласындағы түйіндеулерінің қаншалықты шындықпен қабысатынын уақыт көрсетер. Бірақ оқушы ретінде өз басым оның біраз пікіріне қосыла алмаймын.

– Атап айтқанда?

– Басынан басталық. Кляшторный да айтар ойына арқау етіп Г.Рамстедттің 1909 жылы Монғолияға барған сапарында Селенга өзенінің оңтүстік бетіндегі Могон Шине Усу (Қаржаубайда Могойн Шинэ Угун) деген жерден тапқан ескерткіштегі руна жазудағы «Түрік қыпшақ еліг йыл олурмыс» деген тексті алыпты. Бұл жоғарыда айтқан Моюн-чурдың «Түрік-қыпшақ бізді елу жыл биледі» дейтін сөзі.

– Ұмытпасам, Кляшторныйда Моюн-чур емес, Элетмиш Бильге қаған (747–759жж) деп көрсетілген сияқты еді.

– Бәрібір ғой. Моюн-чур да, Элетмиш Бильге қаған да, елетміш Біліге Тур-айын да, Гэлэ-хан Моюньчжо да бәрі бір кісі, ұйғырдың Пэйлодан кейінгі ханы. Осының ішінде жалпы жұртқа көбірек танысы Моюн-чур болған соң, оны осы атымен атаған жөн болар [91, б. 22].

Осылай диалог арқылы жалғаса беретін тастағы жазулар сыры түрік халқының және оның құрамына енген қыпшақ руының тарихы, басқа да туыстас халықтарға ортақ тарихпен ауысады. Бұған түйінді пікір ретінде Шоқан Уәлихановтың «Қазақ шежіресі» атты еңбегінен мына үзіндіні келтіреді:

«Абылай хан 1757 жылы қырғыздарды шапқанда бірнеше жүз тұтқындарды ордасына алып келіп, арғын ішіндегі атығай арасына

коныстандырды. Келе-келе уақыт өте сол тұтқын қырғыздар атығайлармен араласып, өздерінің шығу тегін Атығайдың түп атасы Дәуіттің 12 баласының бірінен таратып, жаңа қырғыз, бай қырғыз деп аталып кетті. Тағы бір мысал, ұлы жүздің керейіт атты тайпасы қазақтардан бөлініп шығып, өзбек құрамындағы керейіттерге барып қосылады. Кейін осылардың аз ғана тобы далаға қайта оралып келгенде енді көрші кіші жүздің жеті руына қосылып, қазір соның бір тармағы ретінде өздерін Қарақат бабадан таратады» [91, б. 33-34].

Екеуінің тарихи деректерден үзіндіні сол қалпында келтіріп, тақырыпқа қатысты барлық тарихты жатқа соғуы күмән туғызғанмен, мүмкін сондай адамдар болатын шығар деген демеумен ғана еріксіз көңіл аударуға тура келеді. Өйткені туынды қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман-эссе болғандықтан, қосарланған жанрға тән сипатты табу қажет. Мысалдарды молырақ келтіруіміз де сондықтан. Мұнда сөйлеушілердің көркем бейнесі жоқ, тарихи деректер де қозғалысқа түспейді, тек таза баяндау ғана бар. Әрбір тарихи дерек туралы әртүрлі ғалымдардың пікірін келтіре отырып, дауласудың соңындағы түйінді автордың өзі жасап отырады. Мысалы:

Бірінші айғақ – ретінде ол 1957 жылы Монғол археологы Ц.Доржсурэннің Монғол Халық Республикасындағы Архантай аймағының Их-Томир өлкесінен тапқан Түрік қағанатының алғашқы кезеңінде ел басқарған Таспар қағанның (Қытай жылнамасында Тобо-хан) бұйрығымен 572 жылы орнатылған ескерткіш-тасты алады.

Екінші айғақ – ретінде Қаржаубай 1979 жылы өзінің совет ғалымы С.Г. Кляшторныймен бірге шыққан экспедициясында жаңағы Архантай аймағының Эрдэнэ-Мондал өлкесіндегі Дэд-цур деген жерден тапқан ескерткіш тасты ұсынады. Онда көне түрік қағанаты заманындағы моланың басына қойылған шарбақ тастың (саркофаг) бетіне қасқыр мен әлдебір құстың суреті қашап салынған.

Үшінші айғақ – Монғол Халық Республикасындағы Бұлғын аймағының Баян-агт өлкесіндегі Шивэт-Улон жеріндегі аса күрделі құрылысты қоршаулы мазардан тұратын мола.

Төртінші айғақ – түйінді айғақ. Мұнда жоғарыда айтылған үш айғақтың сырын ашар кілт бар. Көне дәуір тарихының көмескі бедерін айқындай түсуге көмектесер аса құнды дерек берер сын тасты да Қ. Сартқожаұлы мен С.Г. Кляшторный 1982 жылы Монғол Халық Республикасының Өмне-товь аймағындағы Далан-ула тауының оңтүстік шығыс сілемінен тапты. Осы табылған сын таста қашап жазылған көне түркі жазуы: «Қыпшақтың бөрі иесі құтты болсын!» дейді [91, б. 46-47].

«Нақтылық үшін бірер сөз» деген тараушада «Көк тәңірі» түрікті жаратқалы» дейтін ұғымның мәнін түсіндіру үшін сол заманның бізге жеткен бірден-бір куәгері тасқа қашалған көне жазуларға үңіледі. **«Бұл далада жужан деген ел болған»** деген тараушада 391 жылдан бастап мәлім болған Жужандар жалпы тарихы туралы айта келіп, бірақ жужан хандығы сол жылы пайда болды

деген сөз емес. Одан бұрын да жужандар өз алдына жеке аймақ ретінде өмір сүргендігі туралы сөз болады.

– Жужандардың тарихқа ең танымал мықты хандарының бірі Анахуан еді ғой. Сіз ол туралы ештеме айтпағаныңыз қалай?

– Жужан хандығының бір жарым ғасырлық ғұмырында әр кездегі жағдайға қарай террорлық жолмен таққа отырып, өзін-өзі хан деп жариялаған, жолдан қосылған жолбикелерді қоспағанда, ұзын саны 12 ханы болған. Оның ішінде, әрине, мықтысы да нашары да бар. Анахуан соның ішіндегі саясатқа жүйрігі, хандықты биікке көтерген іскері еді [91, 66-68 б.].

«Көне түріктердің тұңғыш ханы» деген тарауша

– Саучи! Саучи!

– Елші келе жатыр.

– Көк ұлының елшісі.

Ауыздан ауызға көшкен осынау хабар тау баурайын қуалай қотандаса қонып, бір-біріне іргелес отырған қалың елге тез тарады. Жұрт тұс-тұстан аттысы атты, жаяуы жаяу аймақ басшысы Бумынның ақ ордасы тігілген Басбұлаққа қарай ағылды», – деп басталады.

Бумын ел басшыларының басын қосып, шұғыл кеңес өткізіп, өздерінің не істеулері керектігін ортаға салды.

– Мұндай жағдай енді бола бермейді. Көктің өзі бізге көмектесіп тұр. Күні кеше Көктің Ұлының өзі елшісін жіберіп, «достық пен туыстықта» (бейбітшілік қатынаста) болайық деп қамқор қолын созып отырғаны анау. Сондықтан енді көп ойласудың жөні жоқ. Тездетіп телелермен жасырын байланыс жасап, солармен одақтасу керек те, жужандарға бірігіп, шабуыл жасау қажет. Сонда ғана кердең кеткен жужан ханы Анахуанның омыртқасын үзе аламыз. Онсыз жужандарға бізге ешқашанда теңдік бермейді, – десті кеңеске жиналғандар алдын-ала келісіп алғандай бірауыздан.

Бірақ Бумын бұған қарсы шықты.

– Жоқ, – деді ол байыпты үн қатып. – Жоқ. Бұл түпкілікті жеңісті, дара билікті берер іс емес. Ертеңді бүгін көріп, арғы күнді бүгін ойламасаң, күндік тірлік қай мұратқа жеткізбек [91, 93 б.].

Бұл тараушада екеуара диалог жоқ, бірақ сол заманның кейіпкерлері диалогқа түседі. Осы арқылы шығармаға көркемдік сипат дарытқысы келгенмен, Әуезов сияқты Бумын жұрт құлағына таныс кейіпкер болмағандықтан, көз алдыға жанды көрініс елестей қоймайды.

«Дәуірлеу жолында» деген тараушада екеуара әңгіме қайта жалғасып, баяндаушы кейіпкер қытай жылнамасында көрсетілген көне түріктердің мемлекет конституциясын жеті статьяға бөлген Қ.Өмірәлиевтің дерегін мысалға толық келтіреді. Екеуі де бұған бірдей тамсанып, тарихи деректі ғылыми тілмен сөйлеткен еңбек деген баға береді.

«Түріктердің екінші ханы кім?» деген тарауша:

– Сіз ғафу етіңіз, осы арада әңгіменізді бұзуға тура келіп тұр. Мен білетін тарихта көне түріктердің Бумыннан кейінгі мықты ханы Истеми болуға тиісті еді. Бұл Күлтегін жазуынан да анық байқалады. «Жоғарыда Көк тәңірі, төменде

Қара Жер пайда болғанда екі арасында кісі оғлы жаралған екен. Кісі оғлының үстінен менің арғы бабаларым Бумын қаған, Истеми (істемі) қаған отырған екен» демейтін бе еді Күлтегін батыр. Ал сіз болсаңыз көне түріктердің Бумыннан кейінгі үш ханының атын атап, азды-көпті атқарған ісін әңгімеледіңіз. Бірақ Истеми туралы жақ ашқан жоқсыз. Мұның мәнісі қалай? Әлде Истеми де Қара Ыстық сияқты ерте қайтыс болып кетті ме?

– Жоқ, Истеми ол кезде өлген жоқ. Егер Л. Гумилевтің мәліметіне сенсек, ол кейін Тобо-ханның тұсында, 576 жылы өлгенге ұқсайды. Бірақ Л.Гумилев «Байырғы Түріктер» атты кітабында Түрік қағанатының қарамағындағы жерді Тобо ханның 572 жылы бірнеше жеке иеліктерге бөлгенін айта келіп «Осының алдында ғана өлген Истемидің екі баласына: Қара Жұрынға – Жетісу, Түріксанфқа Еділдің төменгі жағы мен Жайық бойы берілді» дейді. Бұған қарағанда Истеми 572 жылы, болмаса 571 жылы өлген болып шығады» деп басталып [91,б. 110]. тарихи құжаттардан түрлі деректер келтіреді. Түріктердің екінші ханы Тоба хан деген түйінге тоқтайды.

«**Аярлық пен сатқындық**» деген тараушада Тоба ханның шын аты Арыстан екені айтылып, оның Түрік хандарының ішінде бірінші болып, будда дінін қабылдағанын, тіпті дінге берілгені сонша Қытайда тумағанын арман еткенін айтады. Бірақ түрік қағанаты бұл тұста бұрынғыдан да өркендей түседі. Көп уақыт таққа таласқан хан тұқымдары Арыстанды да өлтіріп тынады. Бұдан кейінгі таққа отырған түрік хандарының ішінен:

«Або-ханның өлімі қытай жылнамасы мен «Бұхар тарихында» екі түрлі суреттелді. Қытай жылнамасында Чулохоу Або-ханды тұтқындап әкеліп, оны өлтіру, өлтірмеу жөнінде императормен ақылдасты десе, «Бұхар тарихы» оны тұтқындағаннан кейін қап толы қызыл араға талатып өлтірді дейді.

– Қалай өлсе де, оның нақтылығының ел тарихы үшін қажеті жоқ қой. Ал тарих үшін оның 587 жылы өлгені анық.

– Әрине, менікі де сөз ретіне қарай айтып жатқан нәрсе ғой. Әйтпесе, бұл арада негізгі айтар жәйіт, Або-ханды құртуға қарсы жорықта бірігіп, ынтымақтастық танытқан екі ханның, Қара Жұрын Түрік Гардуш-хан мен Чулохоу Шеху-ханның ол өлгеннен кейін үстемдікке таласып, қайта жауласуы еді» [91,б. 124] деп тарих көшін жалғастыра береді.

«**Қарсаңда**» деген тарауша:

«Сонымен заман озып бара берген,

Бірі өлсе, бірі орнын ала берген.

Тамаша талайлардың еткен ісі

Аңыз боп ел аузында қала берген, – деп, ақын айтқандай, темір дәуірінің төл перзенті атанып, тарихқа «мәңгі ел» деген атпен енген Түрік қағанаты да өзінен Бұрынғылардың (Хунну, Сәнби, Жужан) жолымен сырттан сығылып, іштен іріп, ақырында телім-телім болып тынды деңіз» деп басталады. Соншама бай деректерді жатқа соғып отырған екеуінің жоғарыдағы өлеңнің авторын айтпай кетуі көңілге күдік ұялатады. Бірақ осы кезде айтылған даланың дана қарты Тоныкөктің «Түрік жұрты өлді, алқынды, жоқ болды. Түрік сыр жұрты жерінде тұтқа қалмады» деген сөзі орынды келтірілген. Бұдан кейін Батыста Византия

мен Персияны тітіркенткен, Шығыста Қытайға салық төлеткен, Хинганның (Қадырханның) алып жоталарынан бастап Қара теңіздің жағалауына дейінгі жерді иеленіп, бүкіл көшпелілерді қол астына бағындырған Түрік қағанатының кейінгіге тағылым болар жақсы-жаманды ісін қалдырды да, қордалы жұртта қалған қырық ру-тайпалардың аузында аңызға айналып, тарихтың тылсым қойнауына кете барғаны сөз болады.

«**Ел төресі – Құтылығ**» деген тараушада екеуара әңгіме екінші Түрік қағанатына қарай ауысады. Мұнда Құтылығтың жағдайы басқа хандармен салыстырғанда, олардың қай-қайсынан да өте қиын болғанын көруге болады. Бұл оқиғаның куәгері ретінде Тоңюкөктің «Жауымыз төңірегімізді айналып ұшқан жыртқыш құс сияқты еді де, біз жемтік сияқты едік» деген сөзін келтіре отырып, дәлелдей түседі. Соған қарамастан, Құтылығ анталай қоршаған қалың жаудың арасынан аман шығып, қағанат негізін қалайды, ешкімге теңдік бермес ұлы күшке айналады.

«**Табысу**» деген тарауша Тоңыкөк пен Құтылығ ханның диалогынан тұрады. Мұнда 682 жылғы оқиға баяндалып, Құтылығтың батыры, кейін Тоңыкөкпен бірге хан кеңесшісі болатын тұтқындағы Ашида Юань-чжень мен оның достарын құтқарып алған әрекеті сөз болады.

«**Алғашқы қадам**» деген тараушада екеуара диалог қайта жалғасады. Мұнда Құтылығ ордасының Қарақұмның шығысында орналасқан Шұғайқұз атты құзды өлкеге көшкен оқиғасы сөз болады. Құтылығтың ордасына жиналған екі тайпаның сөз ұстар игі жақсылары мен кеңеске қатысушылар ортақ бір түйінге ымыраласады. Ол түйін мынадай:

Бірінші түйін. Табғачтарға тәуелді түріктің басқа тайпалары арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізу, жұртты жаппай көтеріліске шығуға үндеу.

Екінші түйін. Жиналған (көтерілген) жауынгерлерді көлікпен, тамақпен, қарумен жабдықтау.

Үшінші түйін. Құлаған қағанатты қалпына келтіру, елді басқару және билік жүйесін орнықтыру.

Төртінші түйін. Құлаған қағанатты қалпына келтіру, елді басқару және билік жүйесін орнықтыру.

Бесінші түйін. Жау елдерге шабуыл жасау арқылы қағанат қуатын нығайту, сол арқылы тәуелсіз дербес мемлекет орнату, яғни толық азаттыққа қол жеткізу.

– Пәлі, бауырым-ау, мұны қайдан алып отырсың. Мұндай дерек еш жерде жоқ қой. Нансаңыз, арғы-бергі тарихтан, не тарихшылардың біреуінің еңбегінен осы күнге дейін Екінші түрік қағанатының негізін қалаушы Құтылығ қағанның да, тіпті одан кейінгі Қапаған, Білге қағандардың да мұндай саралап, айқын көрсетілген нақты программасы болды дегенді кездестірсем не дейсіз. Соған қарағанда осы арада былай, ептеп қиялға еркіндік беріп жібердіңіз ғой деймін?

– Қиялға ерік беріп жібердіңіз дейсіз бе?.. Иә, шынында бұлайша саралап қадап көрсетілген ештеме болмаған соң солай деуіңіз жөн шығар [91,б. 169-170].

Осы мәселе екеуара диалог арқылы тарихи құжаттар негізінде сөз болады.

«**Аттаныс**» деген тараушада Құтылығтың 683 жылы Қытайдың Бин-чжеу, Лан-чжеу, Дин-чжеу деген үш аймаққа қатар жүргізген жеңіске жеткен жорығы туралы айтылып, Баз қаған билеп тұрған тоғыз оғұз тайпасының құрамына тіреледі. Мұнда да тарихи деректер үнемі мысалға келтіріліп отырады.

«**Мо өлкесінің бегі**» деген тараушада Құтылығ өлгеннен кейін қағанаттың билік тізгінін өз қолына алған Қапаған хан туралы сөз болады. Күн санап өсіп, нығайып келе жатқан түрік мемлекетіне көз алартушылардың көптігі туралы автор «Бұл ретте түріктер – даланың арлан бөрісі де, ал жаулары – ауылдың ашқарақ төбеті тәрізді еді» деп сипаттайды.

«**Ақтермел асуы**» деген тараушада Қапаған қағанның Қытаймен қақтығыстары тасқа жазылған тарихи деректер мен қытай жылнамасы негізінде сөз болып отырады. Осы тараушада бас кеңесші, қарт батыр Тоңюкөктің де ролі кеңінен көрсетіледі. Бірақ көп жағдайда Қапаған қаған қарт батырдың сөзіне құлақ аса қоймайды. Астамшылықтың кесірінен Қапаған қаған ойда-жоқта жасырынып жатқан қытай әскеріне кездесіп, мерт болады. Оның басын қытайдың елшісі Хэ Лин-цуанға апарып тапсырады. Ол арнаулы шапқыншымен оны Таң империясының астанасы Чанандағы император сарайына жөнелтеді. Автор Шығысты дүр сілкіндірген түрік елінің қаһарлы қағаны Қапаған қартайған шағында бүкіл абыройдан айрылып, ойда жоқ жерде опат болғандығын өкінішпен баяндайды.

Осы тараушада қырғыздармен болған соғыста ерекше ерлік көрсеткен Құтылып батырдың кенжесі, жасы отызға жаңа ілінген Күлтегін бейнесі де жан-жақты ашылады. Ол жекпе-жекке шыққан қырғыз батырларының бәрін жеңіп, үлкен абыройға ие болғандығы туралы айтылады. Бірақ қанша жеңістерге қол жеткізіп, түрік елінің қарамағына қаншама жұртты қаратса да, Күлтегінге оң шырай білдірмеген Қапағанның қателігі де кеңінен ашылады.

«**Құтылығтың екі баласы**» деген тараушада Қапағаннан кейін Күлтегіннің Могилян деген ағасы Білге қаған деген атпен 716 жылы таққа отырады. Ал Күлтегін басқолбасшы болып тағайындалады. Ел тізгінін қолына алған Құтылығтың осы екі баласына Тоңюкөк ақылшы болады. Білге қағанның басындағы ескерткіш жазуда «Түрік-қыпшақ бізді елу жыл биледі» деген жазуға қарап автор Екінші түрік қағанатының негізгі ұйытқысы қыпшақтар болған деген түйінге келеді.

«**Қорқыт пен Тоңюкөк**» деген тараушада халқымыздың талай заманнан бері өзіне рухани мұра етіп келе жатқан ғажайып аңыздарына, мазмұнды ертегілеріне, батырлық жырларына, философиялық мәні зор шешендік сөздеріне бұл күнде түркі тілдес халықтардың біразының ортақтасып, әрқайсының оны өзінің төл мұрасы санап, еншіленіп жүргеніне көптеген мысалдар айта келіп, көне дәуірде оғыз тайпасынан шыққан данышпан қарт – Қорқыт ата Азиядағы түркі тілдес елдердің біразына ортақ адам екеніне дәлел келтіреді.

Түрік қағанатының негізін қалаушылардың бірі, ел бірлігінің ұйытқысы, білікті қолбасшы, алдын ақылмен болжай білетін данышпаны Тоңюкөк пен

атақты Қорқыт екеуін бір кісі емес пе деген досының пікіріне автор дау айтады. Бұған дәлел ретінде автор Қазақ Совет Энциклопедиясының алтыншы томындағы Қорқыт атаға берілген анықтамадағы деректі келтіреді. Онда былай делінген: «Қорқыт ата VIII ғасырда (туған, өлген жылы белгісіз) Қызылорда облысы Қармақшы ауданының жерінде өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Тарихи деректер мен халық шежіресі бойынша Қорқыттың анасы қыпшақ тайпасынан, ал әкесі Қарақожа оғыздардың Қамы (Қайыспас) деген атасынан шыққан. Сондықтан Қорқыт оғыздар мен қыпшақ арасында бірдей кемеңгер ел ағасы болып өткен.

Енді Тоңюкөк туралы. Бұл кісі жөнінде Энциклопедияда ештеме жазылмаған. Ол жайында біз азды-көпті деректі Таң әулетінің шежіресі – Таңшудан, жалпы қытай тарихы Ганмудан және 1897 жылы Д.А. және Е. Клеменцтер тапқан Селенга өзенінің бойындағы Налайха почта станциясының жанында Тоңюкөк құрметіне қойылған үлкен ескерткіштегі тас жазудан (автонекрологтан) ғана кездестіреміз.

Енді ұқсас деректерге ғана назар аударып көрелік. Екеуі де бір кезеңнің перзенті, VII ғасырдың орта шенінде туып, VIII ғасырдың басында қаза болады. Екеуі де өз ғұмырларында үш ханға уәзір болып қызмет істейді. Шынына келсек, оларды бір кісі емес пе деген ойға шақыратын басты дерек те екеуінің осы үш бірдей ханға уәзір болулары [91,б. 236-239].

Осылайша жалғасқан сұхбаттасу Қорқыттың Сырдарияда тұмағандығын, оның бірнеше жердегі мазарына тоқталу арқылы дәлелдейді.

«Оңтүстік орыс жерінде» деген тараушада Жалпы қыпшақтар батысқа қарай қозғалғанға дейін IX-X ғасырларда батыста Оралмен, Шығыста Алтаймен, оңтүстікте Сырдариямен, солтүстікте Ертіс, Тобыл, Есіл өзендері және Зайсан көлімен шектесіп жатқан орасан үлкен территорияны иемденген деген дерек бар. Олар бұл аймақта XI ғасырдың басына дейін тұрған, кейіннен екіге бөлініп, Батыс, пен оңтүстікке қарай үдере көшкен. Қыпшақтардың батысқа қарай жылжығандары Жайық пен Еділдің арасынан шығады.

– Сонда қалай, ол жерде бұрын ешкім болмаған ба? Әлде олар да басқа көшпелілер секілді жаңа қонысты күреспен тартып алып отырған ба?

– Әрине, тартып алып отырған. Әйтпесе, Еділ менен Жайықтай арналы өзеннің бойы елсіз болушы ма еді [91,б. 260] деп келетін сұхбаттасу А.И.Поповтың «Қыпшақтар және Русь» деген еңбегін талдау арқылы жеткізіледі.

«Толқынның алды – печенегтер» деген тарауша «Тарихшыларымыз Қара теңіз жағалауының далалық алқабы деп атаған бұл өңірге екі ғасыр өткен соң, аварлардан кейін, көшпелі түркі тайпасы – хазарлар келеді. Бірақ олар да бұл өңірге түпкілікті ие болып қала алмайды» деп басталып, печенегтердің VIII–IX ғасырлар аралығында Еділ мен Жайық өзендерінің арасында көшіп жүргендігі айтылады. Кеген мен Тирахтың бөлінуі печенегтердің бірлігінің берекесін алып, халықтың қуатын кемітіп қана қоймай, сонымен бірге олардың ел ретінде құруына да себепші болады. Бұлардың кейінгі тағдыры Византия, Венгриямен байланыста өтеді.

«Екінші толқын – Торктар» деген тараушада екеуі торк сөзінің этимологиясына тоқтала келіп, кейбір қазақ тарихшылары мен тілші - ғалымдарының торк этнонимінің түпкі тегін «төркін» деген сөзден шығаруына автор қарсы шығады. Бұл түрік деген мағына беретін ежелгі оғыз тайпасының аты екенін дәлелдейді. Печенегтердің қаңлы тайпасынан, половецтердің қимақ тайпасынан бөлінгендігі сияқты торктардың да оғыз тайпасының бір бөлігі болғандығын көрсетеді. Бұлар IX ғасырдың аяғында печенегтерді талқандап, Еділ бойын (Заволжье) басып алады. Бірақ торктар оңтүстік орыс жерінде өзінен бұрынғы көшпелілердей аса көп белсенді әрекеттерге бара бермей, Көне Русь мемлекетімен ұзақ жылдар одақтас болады. Кейін Торк ордасы екіге бөлініп, бір бөлігі Дунайға, бір бөлігі орыс князьдарының боданына айналып, шекарада қалады.

«Черный клобуки» дегендер кімдер» деген тараушада осы кезеңде тарих сахнасына оңтүстік орыс жеріне шығыстан келген европалықтар коман, кун, валан, vaeven, blaven, плавк, т.б. ал шығыстықтар қыпшақтар деп атап кеткен половецтер шыққандығы сөз болады.

– Ғафу етіңіз, сонда әлгі орыс жылнамаларындағы «черные клобуки» деп аталатын халық қайда қалды? Сіз оларды, тіпті, атамай кеттіңіз ғой. Менімше, орыс жылнамаларында ең көп аталатыны осы «черные клобуки» болса керек. Демек, ол бұл халықтың көне Русь мемлекетінің өмірінде өзіндік орны бар деген сөз ғой. Жалпы қателеспесем, осы «черные клобукилерді» көне деректерде тіпті тайпалар бірлестігі деп те атайтын сияқты еді.

– Онда, осы әңгімеңізді бастамас бұрын мына бір мәселенің басын ашып алсақ қайтеді? Орыс жылнамасындағы осы «черные клобуки» этноним ретінде қазіргі «қарақалпақ» этнонимінің баламасы ма? Жоқ, әлде бұл шендестіру дұрыс емес пе? Сонсоң сіз оқыдыңыз ба, әлде оқи алмадыңыз ба, осы жақында қарақалпақтық ғалым Дәулен Айтмұратовтың «Түріктік этнонимдер» деген еңбегі жарық көрді.

– Жоқ, оқи алмадым, осы биыл шығып па?

– Иә, биыл, Нүкістен шығыпты. Сонда осы «черные клобукидің» де, «Қарақалпақтың» да этимологиясы арнайы сөз болған. Ол кісінің айтуынша, «Қарақалпақ» этнонимінің шығу тегі айдар деген мағынаны беретін көне түріктің «ғұлпақ» сөзіне байланысты көрінеді. Сонда, қарақалпақ – кара ғұлпақ – кара айдар деген ұғымды береді екен [91,б. 271- 272].

Екеуі тарих қойнауын кезектесе аша отырып, «черные клобукидің» қарақалпақтың ежелгі атауы емес екеніне көз жеткізуге тырысады. Бұл печенегтер, торктар, половецтер, берендейлер, түрпейлер, коуилар, каспичилер, боутылар деп аталған көшпенділер тайпаларын бір сөзбен орыс князьдығы «черные клобуки» деп атаған екен. Бұған Н.М.Карамзин мен М.П.Погодин бастаған орыс тарихшыларының пікірінен бері тартып, нақтылы мысалдар келтіреді.

Автор өз ойын «Қалай дегенде де қарақалпақ деген атаумен аталған тайпалар бірлестігінің ұзақ жылдар бойы орыс жерінің шекарасында

половецтердің шабуылының өтінде тұрған берік қалқан болғандығы шындық», – деп аяқтайды [91,б. 280].

«**Бар деректі барласақ**» деген тараушада Орыс жылнамаларының дерегі бойынша половецтердің Русь жерінің шекрасында пайда болуы 6563 (біздің жыл санауымызша 1055) жыл. Осы жылы шекараға жасаған половец ханының аты да белгілі. Жылнамашы оны Блуш деп атайды.

Көне орыс мемлекетінің өмірінің әр қырына әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да, сондай-ақ қоғамдық-саяси тұрғыдан да үлкен ықпал жасағаны және бұдан да көп дәрежеде көрініс берген кері процесс – Русьтің даланың көшпелі халқына ықпалы атап айтылды. Сонымен бірге, көне орыс мемлекетінің көшпелі тайпаларымен күресте өзінің тәуелсіздігін, ұлттық бірлігін және мәдениетін сақтап қалуда және көшпелі тайпалар шабуылынан Европаның басқа елдері мен Византияны қорғап қалуда аса үлкен роль атқарғаны да атап көрсетілді.

– Иә, көне өмірдің салыстыра қарап, үңіле зерттеуді керек ететін, ақ пенен қараның жіктелгеніндей айқындыққа әлі жетпеген тұстары баршылық болу керек. Сонау ескі заманда болашағына бойлап, барлау жасауға өресі жетпей, күндік пайда үшін бауырмалдықтың парқына бара алмай, бір-бірін босқа қырған бабаларымыздың қираған қалалары мен жерлеген денелерін бауырына басқан даладағы мыңдаған обалардың астында ашылмай әлі қаншама сыр жатыр. Осының бәрі бүгінгі білімді де зерделі ұрпақтың алдына үлкен міндеттер қояды [91,б. 280-286] деген екі ғалым қыпшақтардың пайда болу тарихы туралы сөз етеді. Орыстың «Игорь жасағы туралы жыр» атты атақты дастанындағы «Земли незнаемой» деп аталған жерлерді мекендеген қыпшақ ордалары екендігін, олар Дон өзенінің екі жақ бетін толық алып, Еділ бойына дейін созылып жатқан ұшан-теңіз өлкені иемденгенін, олардың хандары мен билеушілері т.б. деректер айналымға түседі.

«**Құбалар мен қаралар**» деген тараушада қыпшақ тайпасының билеушілері мен хандары туралы жекелеп сөз болады. «**Туған жердің иісі**», «**Шын асыл иілмей сынады**» деген тақырыптармен сол тұстағы абыз, жырау, батырлар туралы аңыздар мен өлең-жырларды тарихи деректермен ұштастыра отырып, қыпшақ тайпасы жөнінде сұхбат жүргізеді. Мысалы,

Қаз қаңқылдар көлінде,
Дуадақ еркін шөлінде.
Батырдың бағы жанады,
Туып бір өскен жерінде.
Есің бар да елің тап,
Бауырыңнан енді бөлінбе! [91, б. 305]

деп Сыржан ханның елшісі Нысан жыраудың Ардақ ханға айтты деген өлең жолдары арқылы қарт жырауды жыр шумақтарымен сөйлете отырып, ел бірлігін сақтаудағы ақын-жыраулардың ролін анық көрсетеді.

«Ой өрнегі» деп аталған екінші тарау «Көңіл ашар», «Досекем айтқан екен», «Қазақбай қарттың үйінде» деген бөліктерден тұрады. Мұнда негізінен автордың өскен ортасы мен көнекөз шешен қарттары арқылы ел аузындағы

аңыздар мен өлең-жырлар баяндалады. Бұл тараудың бірінші тараудан айырмашылығы сөз болатын оқиға тарихи деректермен байланыстырылмайды. Бірақ «Қеңіл ашар» деген бірінші бөлімі басталған бетте-ақ «Ей, Сөзқалта, ата қаздай қойқиып, қайда барасың? Адамға қарамайсың ғой, өзің» деген диалог беріледі. Сөзқалта – автордың өзі. Екіншісі – Заржақ деген атпен аты шыққан Дәрмағамбет деген досы. Екеуі арқылы ауыл көрінісі, ондағы Төлеу сияқты көнекөз қарттың қызықты әңгімелері баяндалады. Төлеу қарт Жабай бидің Сексен, Тоқсан деген екі баласы туралы айта келіп, Киікбай деген атақты бидің шешімдері мен жырларын жатқа айтады.

Жалпы үш бөлімде де ел аузындағы өлең жырлар толығымен беріліп, шығу тарихы аңыз бойынша Төлеу, Досбол, Қазақбай қарт сияқты нақтылы адамдар арқылы жеткізіледі.

Қ.Салғариннің де екі үлкен бөлімнен тұратын «Көмбе» атты роман-эссесінің жанрлық сипаты З.Қабдоловтың роман-эссесімен салыстырғанда танымдық ұстанымы мүлде бөлек. Қабдоловта эссеге тән жан-жақты белгілердің бірталайы қамтылса, мұнда тек туындының бастан-аяқ диалог тәсілімен жазылғандығы жанр табиғатын айқындауға мүмкіндік береді. Өйткені, диалог роман-эссе жанрының негізгі көрсеткішінің бірі болып саналады. Сондықтан да шығармадағы қазақ халқының көне қыпшақ заманындағы күрделі тарихы автор мен оның досының диалогына құрылған.

Қ.Салғариннің өз шығармасын роман-эссе деп атауының басты себебі қазақтың қазақ болғандағы тасқа басылған көне тарихын көркемдік айналымға түсіруге тырысқандығында жатыр деп ойлаймыз. Десе де, нақтылы құжаттар мен деректерге жан бітірудің қиынға соққаны байқалады. Мұнда қадап көрсетер автор мен досынан басқа жанды образ жоқ, бірақ ұшан-теңіз тарих бар. Қорыта келгенде, Қойшығара Салғариннің «Көмбе» деген роман-эссесі көне тарихты тың құжаттар мен жаңа мәліметтер арқылы көркемдік айналымға түсірген. Бұл З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» сияқты кез-келген оқырман оқи алатын кітап емес, бірақ тарихты зерттегісі келетін жас мамандар үшін өте қажеті бар қомақты туынды деп білеміз.

3 РОМАН-ЭССЕ ЖАНРЫН ОҚЫТУДЫҢ ДАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ

«Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңы» мен «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға» арналған Мемлекеттік бағдарлама елімізде ЖОО білім беру тұжырымдамасы, білім стандарттары педагог-мамандарды оқыту мен даярлау сапасын жақсартуға бағытталған білім беру ісін одан әрі модернизациялауды мақсат етеді. Сондықтан бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігінде лайықты орын алуына мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік – рухани түбегейлі жаңарулар, ғылым мен білім саласындағы тың стратегиялар мен жаңа бағыттар білім беру жүйесінде де түбірлі өзгерістер жасауға негіз болып отыр. Өйткені, қазіргі қоғам жан-жақты дамыған, ақпараттық технологиялармен қаруланған, бүгінгі заман талабына сай, рухы биік, бәсекеге қабілетті, білімді де білікті мамандар әзірлейді.

Ақпараттандыру заманындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістер күн санап жылдам қарқынмен дамуда. Өскелең өмір талабына сай оқытудың ұстанымдары да өзгеріске ұшырауда. Сол себепті, бүгінгі әлеуметтік қоғам дамуының жаңашыл ұстанымдары оқыту үдерісінен де күнделікті әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени өзгерістерге сай мейлінше бейімделуді талап етіп отыр. Мұның өзі білім беру жүйесінде де реформалардың кеңінен жүргізіліп, оны да жаңғыртуды көздейді.

Білім беру мекемелерінде оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін, аталған жүйені реттеп, басқару үшін негізге алатын оқытудың ұстанымдары бар. Бұл оқыту ұстанымдары – мұғалім мен білім алушылардың жұмысын реттеп отыру үшін қажет. Сондықтан ол барлық пәндерді оқытқанда ескеріледі. Осы ұстанымдарға сәйкес талаптарды орындаған ұстаз ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе алады.

Оқыту ұстанымдарының жүйесін тұңғыш ұсынған ұлы дидакт Я.А.Коменский болатын. Ол адамзат баласын табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарай отырып, өз еңбектерінде оқыту үдерісінің де табиғат пен адамға тәуелді болатын заңдарға байланысты жүзеге асатынын дәлелдейді. Сондықтан оның пікірінше, оқытудың ең басты ұстанымы – табиғатқа сай болу ұстанымы. Осыған сәйкес, оқытудың ұстанымдары жайлы әр ғалым, әр ойшыл өзінің дербес пікірін білдіреді. Мәселен, И.Г.Песталоцци логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал ретінде оқытудың көрнекілік ұстанымын ерекше бағаласа, К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың ұстанымдарын психологиялық тұрғыдан қарауды жөн санаған. Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсарин оқыту ережелері мен ұстанымдарын қазақ мектептеріндегі білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне сай қолдану керектігін айтқан. Оқыту үдерісі үнемі ретімен жүргізіледі, яғни ол әрқашан «білімсіздіктен – білімге», «білмегеннен – білгенге», «қарапайымнан – күрделіге» бағытталуы тиіс. Я.А.Коменский айтқандай; «Природа не делает скачков, а идет вперед постепенно. Так продвигается вперед и тот, кто строит

дом. Он начинает не с крыши и не со стен, а с фундамента. А заложив фундамент, не покрывает его крышей, а воздвигает стены. Словом, как в природе все сцепляется одно с другим, так и в обучении нужно связывать все одно с другим именно так, а не иначе. . . » [103, 15 б.].

Негізінен ғалымдар оқытудың әртүрлі ұстанымдарын ұсынады. Атап айтқанда, А.П.Пинкевич оқытудың өмір және қоғамдық еңбекпен байланысы, жас ерекшелігі ұстанымын сақтау, оқытудың белгілі бір жас кезеңіндегі оқушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы (оқушылардың күш жігерін дамуға жұмсау, жұмыстың жүйелілігі, шығармашылық – қызығушылықтың басты негізі), пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау ұстанымдарын ұсынса, Н.Медынский ғылым негіздерін жүйелі меңгеру, білімді саналы меңгеру, теорияның тәжірибемен байланысы, тәрбие беретін оқыту, оқыту әдістерінің алуан түрі, жалпы және политехникалық білім ұстанымдарын баса атап көрсетеді. Оқыту ұстанымдарын аталған педагогтардан басқа М.А.Данилов, М.Н.Скаткин, И.П.Подласый, Т.Сабыров, т.б. зерттеді. Осыған сәйкес қазіргі оқытуда саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, беріктік, түсініктілік, ғылымилық, теория мен тәжірибе бірлігі секілді дәстүрлі ұстанымдар кеңінен қолданылады.

Ресей педагогтары оқытудың дәстүрлі ұстанымын жалпылама түрде берілетін, жалпы ережелер мен талаптарға негізделген, баршаға белгілі әдіс-тәсілдерге құрылған біртұтас жүйе ретінде қарайды. Өз еңбектерінде олар мұндай ұстанымдар білім алушылардың жекелеген қабілеттерін ашпайды деп көрсетеді. Сондықтан олар заман талабына сай оқытудың даралық ұстанымдарын қалыптастыруды ұсынады. Яғни, бүгінгі күні әлемдік білім беру жүйесі де жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, сол себепті оқытудың жалпылама қасиеті бар дәстүрлі ұстанымдарын негізге алудан гөрі жеке тұлғаға бағытталған даралық ұстанымдарды қолдану абзал. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кезінде өзінің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған дәрісінде былай деген болатын: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» [104]. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті оқытудың даралық ұстанымдарын қалыптастырып, ғылым мен тәжірибе негізінде жеке тұлғаны дамытуға, оның шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, кәсіби білігін ұштауға, жан-жақты ақпараттандыруға негізделуі қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қазіргі кезде білімді дайын күйінде қабылдамай, қайта маман ретінде оны өзгертуге, түрлендіруге бет бұру керек. Өйткені, өздігімен құрастырылған, жүйеленген білім адам есінде ұзақ сақталады. Қайталау мен жаттауға негізделген дәстүрлі білім есте сақтау дәрежесіне ғана негізделеді, ал даралық ұстанымға сүйенетін құрастырылған білім білім үйренушілерден түсіну, қолдану, талдау, құрастыру, бағалау секілді

қосымша қасиеттерді де талап етеді. Ұзақ жылдар бойы интербелсенді әдістемені зерттеген, тәжірибе жүргізген, әр ЖОО біліктілік курстарын өткізген А.Әлімов былай дейді: «Оқу/оқытуда, үйрену/үйретуде басты назар білім алушыға бағытталғандықтан, бұл процестің мазмұны жеке тұлғаны дамыту ауқымында құралады. Ал тұлғаның дамуы өз кезегінде оның белсенді әрекеттерімен тығыз байланысты, өйткені адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанды елейді, ескереді, есте сақтайды. Сол себепті де бүгінде білім игеруде интербелсенді әдістердің маңыздылығы дау туғызбайтын аксиома» [105]. Ғалымның сөзін түйіндер болсақ, оқытудың даралық ұстанымы білім алушы мен ұстаз арасында үнемі тығыз қарым-қатынас орнатады. Мұғалім оқу үдерісін ұйымдастырушы, бағыт-бағдар нұсқаушы рөлін атқарса, білім алушы білімді өздігімен игеруші, өз қажеттіліктерін айқындаушы қызметін атқарады.

Оқыту ұстанымдары – оқу үдерісінің талаптары мен заңдылықтарын, жеке тұлғаның дамуындағы бағыт-бағдарын айқындайтын дидактикалық ережелер жиынтығы. Оқытудың ұстанымдарына оқу үдерісінің құрылымы мен оны басқарудың тетіктері кіреді. Оқытушылар оны жүзеге асыруда түрлі әдіс-тәсілдерді, амалдарды қолданады. Ұстанымдарды тиімді қолдану оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыруға, оның мақсат-міндетін айқындауға, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен амалдарын дұрыс қолдануға әкеледі. Ол үйретуші мен білім алушының арасында тығыз қарым-қатынас орнауына септігін тигізеді. Т.Сабыров өз еңбегінде былай дейді: «Оқыту принциптері оқу процесінің барлық бөліктеріне (мазмұны, оқыту әдістері мен ұйымдастыру формаларына, т.б.) қатысы бар, солардың бәріне жалпы бағыт-бағдар белгілейтін негізгі талаптар екенін білу керек... Оқытудың кең түрде қолданатын негізгі принциптері мыналар: оқытудың ғылымилығы, жүйелілігі мен бірізділігі, оқытудағы оқушылардың саналылығы мен белсенділігі, оқытудағы көрнекілік, білімнің берік болу принциптері. Бұлардан басқа мына жаңа принциптерді қосқан жөн деп ойлаймыз: мотивация принципі, проблемалық принцип, интеграциялау принципі. Осы принциптерді ұсыну қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, рухани өзгерістерге сондай-ақ халыққа білім беру саласы мен мектепті оқу-тәрбие жұмыстарындағы қайта құру процестеріне байланысты» [106]. Соңғы жылдардағы әдебиетті оқыту әдістемесінің теориясы туралы зерттеулерде түрлі тұжырымдар беріліп жүр. Зерттеушілер қазақ әдебиетін оқытуда мынадай жалпы ұстанымдарды басшылыққа алатындығын атап көрсетеді: «ғылымилық ұстаным; жүйелілік және жоспарлылық ұстанымы; оқушылардың саналылық пен белсенділік ұстанымы; қолжетімділік ұстаным; пәнаралық байланыс ұстанымы; көрнекілік ұстанымы; инновациялық ұстанымы; оқытудың тәрбиелік ұстанымы. Бұл жалпы дидактикалық ұстанымдар – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін мектепте, жоғары оқу орындарында т.б. оқу орындарында оқыту үдерісінің басты қағидалары ретінде танылады» [107]. Зерттеушілердің көзқарастары басқа ғалымдардан алыс кетпейді. Дидактикада қалыптасқан негізгі дәстүрлі ұстанымдар туралы айтылады. Тек заман талабына сай инновациялық ұстаным қосылған. Зерттеушілер қазақ әдебиетін орта мектепте оқытудың жеке

ұстанымдарына мына ұстанымдарды жатқызады: «тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті туындыларын Қазақстанның жаңғыруы, ата-бабалар аңсаған еркіндік пен бостандық, патриоттық идея бағытында оқыту ұстанымын жатқызады: «қазақ ұлттық сөз өнері мен оның дамуының, қарыштап қанат қағуының жаңа дәуірі бағытында оқыту ұстанымы; тәуелсіздік орнағаннан бергі кезең тарихы және тұтас «Тәуелсіздік идеясымен» тығыз байланыстылығы бағытында оқыту ұстанымы; Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі тарихы мен елдің мәдени даму барысы туралы ақпараттарды бірлікте ұстана отырып оқыту ұстанымы; қазақ ұлттық және жалпы адамзаттық адамгершілік-эстетикалық құндылықтар бағытында оқыту ұстанымы; нақты бір жазушының шығармашылығындағы дәстүрлілік пен жаңашылдықты меңгерту бағытында оқыту ұстанымы; пән ішіндегі проза, поэзия, драматургия, сын салаларының өзара тығыз байланыстылығын сақтау бағытында оқыту ұстанымы; пән тарихы мен теориясына байланысты негізгі ұғымдарды меңгерту бағытында оқыту ұстанымы; жаңа оқыту технологияларын кең арнада қолдана отырып оқыту ұстанымы» [108]. Бұл ұстанымдар негізінен көркем өнер түрі ретіндегі әдебиеттің өзіндік ерекшелігі мен даралық сипатына қарай таратылған секілді.

Зерттеу жұмысында роман-эссе жанрын жоғары мектепте оқытуда *дәстүрлі ұстанымдар мен даралық ұстанымдар* басшылыққа алынды. Ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, теорияны практикамен байланыстыру, саналылық пен белсенділік ұстанымдары, ізгілендіру ұстанымдары – әдебиетті оқыту әдістемесінде жылдар бойы қолданылып келе жатқан дидактиканың ең тиімді және де тәжірибелік тұрғыдан толық дәлелденген ұстанымдары. Біз зерттеу жұмысымызда ғалымдардың көзқарастарын сараптай келе, қазіргі заман талабына сай роман-эссе жанрын оқытуда дәстүрлі ұстанымдардан басқа оқытудың даралық ұстанымдары ретінде мынандай түрлерін ұсындық: *антропоөзектілік, креативтілік және нәтижелік, мотивациялық, интеграциялық, инновациялық.*

Ал Б.Сманов қазіргі мектеп тәжірибесінде әдебиетті оқытудың мынадай дәстүрлі әдістерін атап көрсетеді:

1. Шығармашылықпен оқу әдісі.
2. Эвристикалық әдіс.
3. Зерттеу әдісі.
4. Репродуктивті әдіс – дейді.

Әдіскер ғалым осы дәстүрлі әдістердің білім беру үрдісінде қолданылуын жан-жақты таратып көрсетеді.

(Б.Сманов, Қазақ әдебиеті – Алматы; Мектеп 2007ж., 18-19б.).



Сурет 1 - Роман-эссе жанрын оқытудың ұстанымдары

Оқытудың ғылымилық ұстанымы бойынша оқулықтардағы білім мазмұны әдебиеттану ұғымдары мен терминдеріне сәйкес болуы тиіс. Яғни, студенттерге әдебиеттен берілетін нақты білім әдебиеттанудағы өзекті мәселелерге байланысты қарастырылады. Роман-эссе жанрының ең негізгі белгілері мен ерекшеліктерін оқытушы студенттерге теориялық білімі арқылы жеткізеді. Тек белгілі ғылыми ұстанымдарға сүйенген ұстаз болашақ маманның білімі мен білігін, кәсіби дағдысын қалыптастырып, жан-жақты жетілген маман ретінде тәрбиелеп шығады. Мәселен, роман-эссе жанры туралы алғаш мағлұмат берілгенде, оның дамуы мен қалыптасуы жайлы әдебиеттанудағы көзқарастарға, соңғы жаңалықтарға мән беріп, ол туралы толық ақпарат беру керек. Студенттерге қазақ әдебиетіндегі эссеистік сарындағы шығармалардың бастау бұлағы Абай (қара сөздері), Шоқаннан (Ыстықкөл сапарының күнделіктері) басталатындығын, кейін бұл әдеби үрдістің Шәкәрім (Мұтылғанның жазғандары) шығармаларында көрініс тапқандығын, XX ғасырдың орта тұсынан бері қарай эссе жанрында өндіріп еңбек еткендердің алдыңғы қатарында М.Әуезовтің (Рабиндранат Тагор туралы «Менің Индиям» шығармасын) тұрғандығын, кейінірек М.Қаратаев, М.Әлімбаев, Б.Кенжебаев, А.Нұршайықов, А.Тарази, Қ.Ергөбек, З.Қабдоловтар көркемдік кестесі алуан-алуан, авторлық концепциясы сан қырлы шығармалар жазғандығын айту қажет. Сол кезде ғана студенттің білімі тек тақырып деңгейінде қалып қоймайды. Яғни, аталған жанр бойынша өзінің шешімін таппаған мәселелер туралы студенттерге терең мағлұмат беру, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осы ретте оқытудың ғылыми ұстанымының маңызы өте зор.

Оқытудың жүйелілік ұстанымы дегеніміз – берілген оқу материалдарының белгілі бір жүйемен құрылуы. Оқытудың жүйелілік

ұстанымы жаңа материалды түсіндіруде, студенттің білімі мен дағдысын қалыптастыруда, үй тапсырмасын беруде, оны тексеруде жүзеге асырылады. Бұл ұстаным студент меңгеретін білім мен біліктердің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай дамытылып отыруын қажет етеді. Ғылыми теориялық талдауды, пайымдауды білмеген студент белгілі тақырып туралы ешқандай ақпарат ала алмайды. Кез келген теориялық мәселені алғашқы айтылған пікірлерден бастап, біртіндеп, рет-ретімен, жүйелі түрде талдатып үйрету студентке көп қиындық тудырмайды. Өйткені алғашқы пікірлер мен тұжырымдардың жүйесін білмеген студент кейінгі терең көзқарастарға бойлай алмайды .

Оқытушы әрдайым *теория мен практика арасындағы* етене тығыз байланысты ұмытпауы керек. Әр тақырыпқа студенттің назарын аударту олардың сол білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар, танымдық қабілеттерін де дамытады. Ол үшін студенттерге өздік жұмысы ретінде мынандай тапсырмалар беруге болады: Ғалымдардың роман-эссе жанры туралы көзқарастарынан кластер дайындаңыз болмаса аталған жанр туралы ғалымдардың пікірлерін саралап, өз ойыңызды келтіріп, концептуалдық кесте сызып, дәлелденіңіз. Мұндай тапсырмалар студенттердің алған теориялық білімдерін іс жүзінде ұштастыруға көмегін тигізеді. Яғни, студенттердің дереккөздермен жұмыс жасай алу қабілеті артады, қажетті ақпаратты ой елегінен өткізіп, өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Кесте 1 - Концептуалдық кесте үлгісі

Роман-эссе жанры туралы ғалымдардың пікірі	Өз пікірім
Эдмунд Госсей: «Роман-эссе – үлкен көлемдегі прозаға жататын, таңдап алынған тақырыпты жеңіл, үзік-үзік мәндерде баяндайтын және автордың аталған тақырыпқа көзқарасын білдіретін шығарма».	Роман-эссе дегеніміз – өмірлік-шындық, шынайы фактіге ден қойған, көлемді шығарма.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы. Студенттің берілген ақпараттарды көзбен көріп, қолмен ұстап, нақты, толық түсінуі үшін қолданылады. Өтілген материалды жинақтау, бекіту мен қорытындылауда және де негізгі білімді түсіндіруде көрнекілік ұстанымы маңызды рөл атқарады. Көрнекілік студент білімін бір жүйеге түсіруге көмектеседі, жинақталған білім қорының студент санасында сақталуына жағдай жасалады, алынған теориялық білімді жете меңгеруіне қолайлы жағдай туғызады.

Пән оқытушысының өзінің әр сабағында көрнекі құралдарды тиімді пайдалана алуы сабақтың сапасын жақсартады. Өз кезегінде әдіскерлер бұл ұстанымды дидактиканың басты шарттарының бірі ретінде ерекше бағалап, мынадай анықтама берген: «Көрнекілік әдісі материалды жүйелеп өтуге, білімді дағдыға айналдыруға көмектеседі. Оның негізінде бүтін – бөлшек– бүтін ғана

емес, мұғалім – текст – бала дейтін біртұтас үш тезис тұрады. Көрнекілік әдісінің негізі – көркем текст. Өзгесі көмекші құралдар ғана» [109].

Осы тұрғыдан алғанда, көрнекілік әдісі студентті ізденімпаздыққа, ойын жинақтауға тәрбиелейді. Көрнекілік студенттің белгілі бір зат, құбылыс туралы түсінігін нақтылай түседі, бақылау қабілетін жетілдіріп, ақыл-ойын дамытады. Көрнекілік құрал бір ғана дәріс не семинар сабағының ғана құралы емес, оның сабақтың барлық буынына, кезеңіне әсері бар. Сабақ барысында көрнекіліктің сан алуан түрін қолдануға болады. Алайда, әдебиетті оқытуда техникалық құралдардан басқа, студенттің танымын дамыту, өзіндік пікір қалыптастыру мақсатында көркем мәтінмен жұмыс барысында түрлі кестелер, сызбалар, карталар қолданған тиімді.

Сондықтан студенттерге роман-эссе туралы мағлұмат беру барысында әртүрлі тірек сызбалар мен кестелерді, технологиялық картаны пайдалануға болады. Сызбалар мен кестелер, сабақтың технологиялық картасы студенттердің ой қорытуына, топшылауына мүмкіндік береді. Мұндай көрнекіліктер арқылы олар өздігінен тұжырым жасауға, қорытынды шығаруға дағдыланады. Мысалы:

Кесте 2 - 3.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінің желісі бойынша технологиялық карта үлгісі (А.Әлімовтің үлгісі негізінде)

Технологиялық кезеңдер	Ұстаздың әрекеттері	Студенттің әрекеттері
1	2	3
Индукция – әр студенттің талқыланатын мәселеге деген көзқарасын анықтау	<p>- Берілген үзінділер бойынша жазушының портретін салыңыздар.</p> <p>А) Әуезовтің түр-тұрпаты– бұл маңайда атымен жоқ тұлға. Көшеде келе жатқанда да ешкім бұған, бұл ешкімге ұқсамайды. Жалпы дене-тұрқы емес, бет- пішіні де мүлде әдеттегі көзіміз үйренген ортадан бөлек, оқшау... Ә) Қарсы беттен Әуезовті танитын адамдар келе жатса, анадайдан етек-жеңін жиып, бойын тіктеп, аяқ алысын түзеп, мұның тұсынан көбі алақанымен төсін басып, ибамен иіліп өтеді...</p> <p>Б) ...Қалың ерні оқыс түріле күлімдейді; одан жұмсақ толқынды тоқ бұғақтың шет бүктесін кемеріндей жұмыр, сұлу иегіне нәзік шұғылалы нұр шашырайды; сәл шүйіріле берген езуіне де жарығы мен жылуы солғындау жұқалаң сәуле ұялайды. Дәл осы сәтте сен оның мағынаға толы маңғаз кескінін кенет қызықтап, бір сәт именуді ұмыта жалт қарағаныңды білмей қаласың; өйткені оның жер басып жүрген тірі пендеге мырза құдай тым сараң сыйлайтын осынау пайғамбар пішіндес қияпатты келбеті соншалық тартымды, көзін түгіл көңіліңді ұйытып, бар ықыласыңды біржола тұтқындап әкетеді...</p> <p>В) О ғажап! Университет аудиториясына Ұлылық кіріп келе жатты...</p>	<p>Ұлы жазушының портретін салады.</p> <p>Туындаған ойларын, ассоциацияларын жазады, сұрақтар құрастырады.</p>

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>Аз ғұмырымда бір мезет адам айтқысыз көп дүние көргендей, алып қашқан алапат бір сезіммен өмірімде тұңғыш рет Ұлы ұстаздың тірі келбетіне тұла бойым тітіркене көз тоқтаттым...</p> <p>- Үзінділер бойынша туындаған сұрақтарыңыз, ассоциацияларыңызды, т.б. жазыңыздар.</p>	
Өзін-өзі конструкциялау	-Ұлы тұлға туралы бар білгендеріңізді жазыңыздар.	Студенттер пән бойынша М.Әуезов жайлы алған барлық ақпараттарын, өз білгендерін жазады.
Әлеуметтік конструкция	<p>Жұптық жұмысты ұйымдастырады:</p> <p>-жазғандарыңызбен алмасыңыздар.</p> <p>-қандай нәтиже шыққанына назар аударыңыздар.</p> <p>-өз білетіндеріңізбен жұбыңызбен бөлісеңіздер.</p>	Тапсырманың шарты бойынша жұптасып жұмыс жасайды.
Әлеуметтендіру	<p>-Төрт адамдық топқа бөлініп, алынған нәтижелермен бөлісіңіздер.</p> <p>-Қосымша пікір білдіріңіздер.</p>	Топ құрамында жұмыс істейді. Пікірлерді талдайды.
Жариялау	Топтық жұмыс нәтижелерін жариялауды ұйымдастырады. Қажетті түсініктерді береді.	Топтық жұмыс нәтижелерін жариялайды. Бір-біріне сұрақтар қояды.

Педагогикада технологиялық карта білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру үшін қолданылады. Әдіскер-ғалымдар технологиялық карта туралы былай деп анықтама береді: «Технологиялық карта оқу материалын жүйелеу мен жоспарлау, оқушы зейінін басты тақырыпқа аударатын амал ретінде қолданылады» [108,б. 164]. Технологиялық карта тақырыптың жалпы мақсатын анықтауға, студенттің тақырыпты меңгеру барысындағы өз бетімен жұмыс жасау мөлшерін айқындауға, тақырып бойынша өз білімінің деңгейін анықтауға көмектеседі.

Кесте 3 - З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі тарауларын салыстыруға арналған кесте

Тараулары	Сюжеттік ерекшеліктері	М.Әуезов бейнесі (портреті, мінез-кұлқы, т.б.), оның суреттелуі	Жазушының сөз саптауындағы, көзқарасындағы ерекшеліктер	Жазушы бейнесіне шәкіртінің (З.Қабдолов) берген бағасы	Жазушы бейнесіне оқырманның берер бағасы
Бірінші тарау (атау беріңіз)					
Екінші тарау (атау беріңіз)					
Үшінші тарау (атау беріңіз)					
Төртінші тарау (атау беріңіз)					
Бесінші тарау (атау беріңіз)					
Алтыншы тарау (атау беріңіз)					

Салыстыру кестесі шығарманы түгел аяқтаған соң тақырыпты бекіту және қайталау сабақтарында пайдаланылды. Студент әр тарауға атау беріп, ұлы жазушының көркем бейнесін жан-жақты талдап, өз пікірін білдіреді. Мұндай жұмысты орындау студенттің материалды қаншалықты дәрежеде меңгергенін байқатады, сонымен қатар өз беттерімен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Сабақ барысында кейбір осындай көрнекілік түрлерін студенттердің өзіне де жасатуға болады. Мәселен, көркем мәтінді талдау бойынша мынадай кесте үлгісін ұсынуға болады.

Кесте 4 - Көркем мәтінді жүйелі талдауға арналған кесте үлгісі

Тарау	Мәтінді оқу	Талдау	Теория элементі	Жазба жұмыс түрі
<p>Екінші тарау</p> <p>Аудиторияны осынау біресе көрікті өлең, біресе көркем қара сөзімен әбден ұйытып алған Әуезов енді бірде бізді маужыраған мамыражай күйден оята басқа бір қалыпқа көшіреді де, өнер туындысының мәңгілігіне кепіл – ұлттық қасиетін талдап-түсіндіреді. Оны да жерден, не көктен іздетпейді, әлгі көрініс-суреттерден іздетеді. Таптырады. Бәрі ап-анық: ауыл – қазақ аулы, дала – қазақ даласы, түн – қазақ даласындағы түн, түн құшағында табысқан ғашықтар – қазақ жігіті мен қазақ қызы, демек, бұлардың күллі қимылы, қылығы, ибасы мен ұяты... – бәрі-бәрі қазақ жастарына ғана тән мінез бен машықтар...</p>	<p>Жазушының берілген үзіндідегі суреттеу, бейнелеу тәсілін түсініп оқу, сипаттама беру.</p>	<p>Жазушының кейіпкердің кескін-келбетін берудегі даралық тәсілдерін табу.</p>	<p>Үзіндіде кездесетін өлең, көркем қара сөз, ұлттық қасиет, мінез, машық ұғымдарына талдау жасау.</p>	<p>Үзіндінің негізінде қазіргі қазақ жастарына тән машықтар туралы шағын эссе жазу.</p>
<p>Алтыншы тарау</p> <p>Мұхтар Әуезов, суреткер ретінде, бұл тақырыпқа әуелі пьеса, ізінше либретто, кейін сценарий, осылардың үстіне жеке-дара фабуласы бар новелла жазды; ғалым ретінде, алдымен Абайды көре қалғандар аузынан нақты деректер жинады, әр алуан мақалалар жариялады, содан соң түбегейлі зерттеуге кірісіп, ақынның өмірі мен творчествосынан ғылыми очерктер, ақыр аяғында келелі монография жазды; ұстаз-профессор ретінде, әдепкіде жалпы қазақ әдебиетінің тарихынан лекциялар оқып, келе-келе Абайдың ақындық бітімін байыптап, ерекшелігін екшеп, хрестоматиялар, оқулықтар жасап, нәтижесінде жоғары мектептерде күні бүгінге дейін үздіксіз үйретіліп келе жатқан «Абайтану» атты арнаулы теориялық курстың негізін салды және оны Қазақ университетінде де өмірінің соңғы күндеріне дейін оқытты.</p>	<p>Үзіндінің негізінде М.Әуезов негізін қалаған «Абайтану» курсының кезеңдік жоспарын құру.</p>	<p>«Абайтану» курсының негізін қалаған жазушыға деген шәкіртінің берген бағасын талдау.</p>	<p>Үзіндіде кездесетін пьеса, либретто, сценарий, фабула, очерктеріне анықтама беру.</p>	<p>«Төрт сөйлем» тәсілін қолданып, үзінді туралы өз пікірін жазбаша дайындау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үзінді бойынша туындаған өз пікірін бір сөйлеммен келтіру; 2. Келтірілген өзіндік пікірді бір сөйлеммен дәлелдеу; 3. Өзіндік пікірді негіздеу үшін бір сөйлеммен мысал келтіру (мысалды өмірден, ақпарат көздерінен алу); 4. Қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы студенттерге роман-эссе жанрына қатысты мағлұмат беру барысында олардың аталған тақырыпты саналы түсінуіне әсер етеді. Ұлы жазушы туралы жазған шәкірттері мен замандастарының естеліктерін студенттер жаттанды ойлау түрінде емес, саналы түрде, яғни өзіндік тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы меңгеруі қажет. Демек, пән оқытушысы да берілген материалдарды дәл, анық түсіндіріп, студенттерге ой қорытындылауға жағдай жасауы керек. Сондықтан семестр барысында студенттердің өзі орындаған түрлі жұмыстарды топ алдында қорғауы, өзіндік қорытындылар жасауы сабақ материалын саналы түрде қабылдауларына жағдай туғызады.

Түрлі білім беру технологияларын пайдалану және әртүрлі тапсырмаларды орындату арқылы үнемі *студенттердің ынтасы мен белсенділігін* арттырып отыру қажет. Бұл – оқу үдерісінде нәтижеге жетудің алғышарты және төте жолы. Өйткені оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану студенттердің пәнге, сабаққа деген қызығушылығын оятады, белсенділігін арттырады. Мәселен, мынандай формадағы тапсырмалар студенттердің белсенділігін арттырады:

Тапсырма: 3.Қабдолов пен өз танымындағы М.Әуезовті салыстыр.

Кесте 5 - Салыстырмалы кесте

3.Қабдолов танымындағы М.Әуезов	Менің танымымдағы М.Әуезов
<ul style="list-style-type: none"> - ұлылық - талант - жазушы - ұстаз - оқшау мінез - ойшыл - ғалым - профессор, т.б. 	

Қазіргі кезде білім беру үдерісінде антропологиялық тұрғыдан оқыту жүйесі қалыптасқан. Мұндай оқыту педагогикалық үдерісте бүкіл адам туралы ғылымдарды негізге ала отырып, білімді жүйелі түрде меңгертуге бағытталған. Адамның жүйке жүйесі мен миында болып жататын барлық құбылыстарға, яғни белгілі бір ақпараттарды қабылдау, пайымдау, ойлау, түсіну, жіктеу, жүйелеу, әр түрлі ментальді образдарға үйлестіру, керек жағдайда жадыда сақтауға көркем сөз араласады. Ал танымдық үдерістің бұл ерекше формалары, тіл мен ойлау, сөйлеу адамдық табиғаттың ең жоғарғы көрсеткіштерін құрайды. Онсыз сөз өнері жүзеге аспайды. Сондықтан оқытудың антропоэзектілік ұстанымы адамның ойлауы мен танымы негізделген. Танымдық әрекет барысында студенттің қоршаған ортаға, әлемге, өзі оқыған шығармаларға, көркем өнерге деген көзқарасы мен пайымдаулары, пікірлері мен өзіндік тұжырымдары қалыптасады.

Білім игеру тікелей таныммен байланысты. Қазіргі кездегі оқытушының білім берудегі басты міндеті – кез келген ғылым саласын адами факторлармен байланысты қарастыру, соған сәйкес әлеуметтік қоғам мен адами қасиеттердің байланысын студенттің санасына жеткізу. Себебі студент өзін қоршаған әлем арқылы дамиды, қалыптасады, өзіндік пікір қалыптастырады. Антропозектілік ұстанымды негізге алғанда әрдайым осы жағдайларды назардан шығармау қажет. Бұл ұстанымды басшылыққа алған оқытушы студенттерінің бойында дүниетанымдық қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды көздейді. Сол себепті роман-эссе жанрын әдебиеттің тарихы, теориясымен тоғыстыра оқытуда аталған ұстанымның рөлі айрықша. Осыған сәйкес студенттерге мынандай танымдық тапсырмалар ұсынылды:

1. Төменде берілген эссе жанрын классификациялауда қай американдық ғалымның тұжырымы нақты әрі шынайы дұрыс, не себепті? Дәлелдеңіз.

а) американдық әдебиеттанушы Реймонд М.Олден эссені шартты түрде былай саралайды: 1) афористік; 2) жекелік; 3) формалды; 4) сыншыл немесе дидактикалық.

ә) американдық зерттеуші Маркус Клэйн эссені шартты түрде былай саралайды: 1) жекелік; 2) формалды.

2. «Менің Әуезовім» тақырыбында эссе жазыңыз.

Мұндай тапсырмалар студенттердің үнемі қызығушылығын тудырады. Олар өздерінің алған теориялық білімдерін тәжірибе барысында ұтымды қолданып, танымдық деңгейін көтеруге барынша әсер етеді. Оқыту үдерісінде жалпыдан жалқыға, қарапайымнан күрделіге, белгіліден белгісізге қарай өрлеу – антропоэектілік ұстанымның негізі. Роман-эссе жанрын оқытуда осы ұстанымды негізге алу оң нәтижесін береді. Студенттің көркем мәтінді өз бетінше талдауы, өзіндік ой қорытындылауы осы ұстаным арқылы жүзеге асыруға болады.

Оқытудың *креативтілік ұстанымы* қазіргі оқу үдерісінде студенттің ойлау іс-әрекетінің өзіндік нұсқаларын және де кез келген жағдаяттарда оны шешудің жолдарын өз бетінше таңдауы, өзіндік пікір қалыптастыруы, дұрыс шешу амалын анықтауы арқылы жүзеге асырылады. Даралық ұстаным ретінде оқытудың креативтілік ұстанымы студенттердің шығармашылық қабілетін жетілдіру мен шыңдауда басшылыққа алынады. Пәнді оқыту барысында студенттерге әр түрлі формадағы тапсырмалар ұсынылды: 3.Қабдоловтың шығармасының желісі бойынша «Әуезовтің лекторлық шешендігі» тақырыбында эссе дайындау; М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайында хронологиялық кесте әзірлеу; 3.Қабдоловтың М.Әуезов пен абайтануға арналған шығармалары мен зерттеулері негізінде картотека жасау; берілген тапсырманы ары қарай жалғастыру немесе толықтыру т.б. Мысалы: 3.Қабдоловтың ойын ары қарай жалғастырыңыз. Сіз ұстаздық туралы не айтар едіңіз?

Ұстаз! Ұстаздық – ұлы нәрсе! Ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау. Жарық дүниеде бұдан асқан қиын, бұдан асқан қиямет-қайым қызмет жоқ. Патшалық құру ұстаздық етуден он есе жеңіл. Қысқасы,

патшалық құру – рақат, ал ұстаздық ету – бейнет. Гәп осы арада... (Қабдолов З. «Менің Әуезовім» роман-эссе // Алматы, «Санат», 1997ж. 52-53б.).

Студент әрдайым өзінің қабілеті мен іскерлігіне, қалыптасқан дағдысы мен білігіне қарай тапсырмаларды тандап алып орындауы мүмкін. Ал оқытушы студент қандай тапсырманы орындаса да, үнемі оны бағыттап, ақыл-кеңес беруге міндетті.

Әдебиет – көркем өнердің бір түрі ретінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастырады, эстетикалық сезімін оятады. Әдеби шығармалар білім алушыға тек білім мазмұнын меңгертіп қана қоймайды, сонымен бірге оның эстетикалық әлемде өзінің ой-пікірін, танымын, талғамын жүзеге асыратын қабілеттер мен білік-дағдыларды қалыптастырып, дамытуға арналады.

Роман-эссе жанрын оқыту барысында оқытушы тұлғалық ұстанымдардың негізінде студенттің жеке тұлғасы мен оның табиғи туа бітті болмысындағы жеке қабілеті мен шығармашылық әлеуетін шындай білуі керек. Біздің ойымызша, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мұғалімнен төмендегідей іс-әрекетті талап етеді: 1) өз студенттердің бүкіл мінезі-құлқы, дағдылары мен жеке ерекшеліктерін жақсы білуі керек; 2) жеке тұлғаның ойлау ерекшелігі, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы туралы толық ақпаратының болуы; 3) студенттерінің дербес әрекетін, көшбасшылығын дамытып, бағыт -бағдар беріп отыруы керек.

Адамзат баласы тұлғалық дәрежеге тек өзінің жиған ілім-білімі, іс-тәжірибесі арқылы ғана жете алады. Ғалымдардың көзқарасы бойынша жеке тұлғаға бағдарланған білім берудің мақсаты – ол адамды қолдау, дамыту, оның өн-бойында өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудің тетіктерін қалыптастыру. Соған сәйкес, ғалымдар бүгінгі білім беру жүйесінде жеке тұлғаға бағдарланған бірнеше оқыту технологияларын жіктеп көрсетеді. А.Әлімов өз еңбегінде М.Құрмановтың материалдарының негізінде қырықтан астам жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологияларын берген. Атап айтқанда, В.Ф.Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы; П.Б.Эрдниевтің кеңейтілген дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы; Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы; Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы; М.М.Жанпейісованың модульдік технологиясы, Г.К.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы; т.б. Бұл оқыту технологиялары студенттің жан-жақты дамып, қалыптасуына, шыңдалуына тікелей әсер етеді.

Кез келген оқытушы *мотивацияны* тудырмай, студенттердің қызығушылығын оятпай, өзінің мақсатына жете алмайды, берілген тақырыпты игерте алмайды. Ынталандыру ұстанымына сүйенген ұстаз сабақ барысында үнемі жаңа және дәстүрлі емес оқыту нысандарын, жаңа ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдарды қолданып, түрлі интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы сабағын түрлендіріп отыруы қажет. Сонда ғана дәрісханада жағымды микроклимат орнап, білім алушылардың өзіне, пәніне деген оң көзқарасын қалыптастыра алады.

Студенттер оқыту үдерісінде әр сабақ пен тақырыптың өз өміріне, оның ішінде өзінің тұлға мен маман ретінде тікелей әсер ететінін біледі. Сол себепті әр оқытушы студенттің осы сезімі арқылы оның тақырыпқа, пәнге деген қызығушылығын арттыруына болады. Білім алушы игерілетін білімге өзінің қатысы барлығын сезінгенде ғана нәтижеге қол жеткізе алады.

Қазіргі кезде білім беру үдерісінде қарқынды дамып, қалыптасып келе жатқан ұстанымдардың бірі – интеграциялау ұстанымы. Бұл ұстаным – жалпы білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жазып шығаруда ескеретін маңызды ұстаным. Интеграция қазіргі кезеңде әртүрлі пәндердегі негізгі ұстанымдар мен заңдылықтарды өзара тығыз диалектикалық бірлікте қарастыруды көздейді. Яғни, мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндердің тіл мен әдебиет, әдебиет пен тарих, математика мен информатика, өнер мен еңбек, этика мен эстетика, т.б. өзара және жеке пәннің ішіндегі материалдардың арасындағы байланыстарын анықтап, білім алушылардың білімін тереңдетуге болады. Сол себепті интеграцияланған пәндердің, сабақтардың рөлі ерекше. Мәселен, М.Әуезовтің «Менің Әуезовім» шығармасының желісін түсіндіру барысында сол кезеңдегі тарихи оқиғалардан мысал келтіріп, тарих пәнімен байланыстырып оқытуға болады, болмаса шығармадағы үзінділерден тілдік бірліктерді тауып, оларға сипаттама беру арқылы немесе жазушының тілдік, стильдік қолданыстарын түсіндіру арқылы тіл білімімен байланыстыруға болады.



Сурет 2 - Роман-эссе жанрын интеграциялық ұстаным арқылы оқытудың үлгісі

Ғылым мен техниканың қарыштап жедел дамыған заманында инновациялық технологияларды тиімді пайдалану өмірдің басты кредосына айналды. Ол бүгінгі білім беру кеңістігінде ұстаздардан асқан

ыждағаттылықты, үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылық қабілетті талап етіп отыр. Сондықтан да әрбір студенттің жеке тұлғалық қабілетіне қарай білім беру, оның шығармашылық дарынын ұштау, дербестікке, ұшқырлыққа тәрбиелеуді жүзеге асыру инновациялық технологияларсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Сол себепті ұстаздар қауымы оқытудың әдіс-тәсілдерін өз тәжірибелерінде үнемі жетілдіріп отыруы және де қазіргі педагогикалық технологияларды жетік меңгеруі керек. Оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалана отырып, өз сабағының сапалы әрі қызықты өтуіне, білім алушылардың қызығушылығын оятуына ұйытқы болуы қажет. *Оқытудың инновациялық ұстанымы* осы мақсатты көздейді.

Оқыту үдерісінде дидактикалық ұстанымдарды жүйелі, кешенді түрде қолдану керек. Себебі барлық ұстанымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Олар оқу үдерісін жүйелеуде, қайта құруда үнемі бағыт беріп отырады, оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдарын көрсетеді. Оқытудың ұстанымдары мүмкіндіктерді, күшті және қорытынды нәтижелерді мөлшерлейді, олар бұзылмаса тепе-теңдік сақталады деп толық сеніммен айтуға болады. Біз өз зерттеуімізде роман-эссе жанрын дәстүрлі және даралық ұстанымдар негізінде оқытуда түбегейлі нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын байқадық. Соның нәтижесінде студенттердің бойында танымдық, әлеуметтік-тұлғалық, коммуникативтік құзіреттіліктер қалыптасады деп толық сеніммен айтуға болады. Осыған сәйкес өз жұмысымызда **роман-эссе** жанрын оқытудың мынадай моделін ұсындық.



Сурет 3 - Роман-эссе жанрын оқытудың моделі

Түйіндей келгенде, роман-эссе жанрын оқытып, меңгертуде дидактикалық ұстанымдардың ең ұтымдыларын сұрыптап алу жоғары нәтижеге жетудің кепілі болып табылады. Өз зерттеуімізде біз басшылыққа алған ұстанымдардың барлығы білім сапасын арттыруда, студенттердің біліктілігі мен дағдысын қалыптастыруда, шығармашылық қабілеттерін шыңдауда тиімді болар деп есептейміз. Сонымен қатар осы ұстанымдарды басшылыққа алған әрбір оқытушы да өз сабағын тиімді ұйымдастыруда оң нәтижеге жете алады деп айта аламыз.

3.1 Жоғары мектепте роман-эссе жанрын жаңа инновациялық технологиялармен оқыту

Қазіргі кезеңде егемен елімізде әлемдік озық тәжірибелерге негізделген білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, оқытудың интербелсенді технологиялары қалыптасуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіне де елеулі өзгерістер енгізуде. Себебі, антропоэзектік мәселелерге негізделген білім беру парадигмасы түбегейлі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, әдістеме ғылымында түрлі стратегиялар мен технологиялар қалыптасты. Келер ұрпаққа әлеуметтік қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру ұстаздардың негізгі міндеті болып табылып отыр.

Негізінен жаңа инновациялық оқыту технологиялары оқытушының кәсіби қызметінің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін көп ізденіс керек. Әр оқытушы жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі жетілдіреді, дамытады және өзіндік ой-тұжырымдар қалыптастырады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында былай деп анықтама берілген: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау». Бұдан шығатын қорытынды – әр оқытушы оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және де жаңа педагогикалық технологияны жетік меңгеруі қажет [110].

Негізінен білім беру жүйесінде «педагогикалық технология» ұғымы ХХ ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ пен Ұлыбританияда қалыптасып, қазіргі кезде барлық әлем елдеріне таралып, білім беру саласында кең етек алуда. Қазіргі кезде «технология» ұғымы білім мен ғылымда кеңінен таралған, көп қолданып жүрген ұғымдардың біріне айналды. Технологияға қатысты әлеуметтік қоғамда оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы, т.б. сол сияқты ұғымдар қалыптасқан.

«Технология» ұғымы «техне» - өнер, шеберлік, «logos» – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіреді. Сол себепті «технология» - терминін шеберлік туралы ғылым деп толық айтуымызға болады. Соңғы кездерде

әдістеме ғылымына білім берудің жаңа даму бағыттарын айқындайтын оқытудың елуден астам жаңа технологиялары тәжірибеге енгізіл, В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Н.Р.Талызналардың бағдарламалы оқытуы; Л.В.Занков, Л.С.Выготскийдің дамыта оқытуы; С.Н.Лысенкованың оза оқытуы; Ш.А.Амонашвили, Е.Б.Бондаревскаяның жеке бағдарлы оқытуы; П.И.Третьяков, М.Жампейісованың модульдік оқытуы, Ф.Ш.Оразбаеваның қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиясы, Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясы, т.б. Бұл технологияларды әр оқытушы өзінің ішкі мүмкіндігі мен оқу үдерісінде материалдық жабдықталуына қарай біреуін немесе бірнешеуін таңдап, қолдануы керек. Сол кезде ғана әр оқытушының өткізген сабағы сапалы да нәтижелі болады.

Жалпы әдістемеді ғалымдар технологияға шеберліктің жемісін көру, нәтижелі білімге қол жеткізу, жобалап оқыту, т.б. сияқты түрлі анықтамалар берген. Солардың ішінде кең тарағаны – В.П.Беспальконың тұжырымдары. Ғалымның тұжырымдары бойынша педагогикалық технологиялар мынадай әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс: біріншіден, «оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау», екіншіден, «оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет» [111].

Педагогикалық технология мәселесімен арнайы айналысып, іргелі зерттеу жүргізіп жүрген ресейлік ғалым М.М.Левин «технологияның негізгі қызметі – оқу үрдісінің білім беру мақсатын жүзеге асыру және де жеке тұлғаны дамыту» деп көрсетеді [112]. Қазақстандық ғалым Ж.А.Қараевтың пікірінше: «Технология дегеніміз – әдістемелік жүйе мен сәйкес дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибиеде жүзеге асырылатын жобасы, ол педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдістер, тәсілдер оның құрамды бөлігі болып табылады» [113]. Біздің ойымызша, технология – бұл білім алушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға негіз болатын үдеріс.

Роман-эссе – әдебиеттегі ең қызық, мейлінше көркем жанрлардың бірі. Сондықтан оқыту үдерісінде оның мән-мазмұнын, құрылысын талдамай, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «5B011700 –қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курсына таңдау пәні ретінде «Әуезовтану» пәні жүргізіледі. Бұл пәнді оқытудың негізгі мақсаты – аталған курс студенттеріне қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовтің өмірі мен сан салалы шығармашылық қырлары жайлы ақпарат беру. Пәнді оқыту барысында ұлы жазушы болмысын танытатын ғалымдардың ой пікірлері мен естеліктер, қазіргі әдебиеттанудағы әуезовтануға қатысты тұжырымдар жайлы да мағлұмат беріледі. Пәннің басты нысаны – ұлы тұлға шығармашылығын оқыту, оны оқытудың тиімді әдістерін іздестіру. Жазушының өмірін, шығармашылық қызметін, алаш рухында жазылған дүниелерін саралау, жазушының өмірі мен шығармашылығы жайлы жазылған замандастары, шәкірттерінің естеліктері студенттердің өзіндік ойлауына, пайымдауына жол ашады.

Роман-эсседе автордың бүкіл болмысы, ішкі жан дүниесі, ой-пікірлері көрініс табады. Эссе оқырманға біржақты түсіндірілетін жолдау емес, оның құрылымында өзіндік пәлсафа, автордың ой қорытындылары мен тұжырымдары сипатталады. Сол себепті оны оқытуда, студенттерге жеткізуде түрлі технологияларды пайдаланған абзал. Біз өз жұмысымызда З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесін студенттерге оқыту барысында бірнеше оқыту технологияларын пайдаландық. Бұл технологияларды қолдану арқылы іргелі нәтижелерге қол жеткіздік. «Әдебиетті құр технология құрылымына вербальді әдіспен бағдарлап өткізуге болмайды. Ол үшін әдеби нысаналардың құндылық деңгейін, парадигмасын шығарып алу көзделеді. Бір сөзбен айтсақ, әдебиеттің қисынын, әдебиеттің тарихын, әдебиеттің сынын бірлікте алып, дидактикалық пәлсапасының тағылымын сұрыптау қарастырылады. Осы мұратты айқындау мақсатында әдебиетті оқытудың дидактикалық пәлсапасы жай әдістерге бағынбайтыны аңғарылады. Олай болса, мұның теориясы – педагогикалық технология мен бүгінгі модернизацияны өмірге әкелуге басты қозғаушы күш», - дейді ғалымдар [114]. Ғалымдардың пікірін сараптай келе, біз аталған пәнді жүргізу барысында, яғни роман-эссе жанрын оқытуда екі негізгі технологияны пайдаландық. Олар: ұжымдық оқыту технологиясы, жобалау технологиясы.

В.К.Дьяченконың ұжымдық оқыту технологиясы жоғары сапалы нәтижеге қол жеткізуге құрылған. Ұжымдық оқыту технологиясы педагогика тарихында «Ұйымдастырылған диалог», «Ұжымдық оқыту» деп әртүрлі аталып келді. Оның негізін салған – ХХ ғ. 30 жылдарында еңбек еткен практика мұғалім А.Г.Ривин. Әдіскер ғалымдар бұл технологияға мынадай анықтама береді: «Ұжымдық оқыту әдісінде барлық студент белсенді түрде жұмысқа тартылады, олар жұп құрап, кезекпен алмасуы арқылы бірін - бірі үйретіп, әрқайсысымен тілдік қатынасқа түседі [115]. Яғни, ұжымдық оқытуда топтағы студенттердің ортақ мақсаттары болады, алынған білімді бір-біріне сол сәтте жеткізеді, өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық қалыптасады, тақырыптар мен тапсырмалар әртүрлі болады. Сол себепті ұжымдық оқыту технологиясы студенттің өз ойын еркін айта білуіне, басқалармен теңдей тілдік қарым-қатынас жасай білуге негізделген.

Біз ұжымдық оқыту технологиясын З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесіндегі көркем бейнелерді талдауға қатысты пайдаландық. Ол үшін студенттерге Құнанбай бейнесін талдауға қатысты шығармадан үзінді берілді. Технология былайша жүзеге асырылды. Құнанбай бейнесін талдау үшін «Пирамида құру» тәсілі қолданылды, рөлдік ойындар арқылы көрініс көрсетілді. Бұл тәсіл – түрлі деңгейлерде түсінік құрастыру тәсілі. Көбінесе «жеке-жұп-топ-ұжым» схемасы арқылы жүзеге асады. Студенттерге мынадай үзінді берілді:

«Құнанбай образы – қазақ прозасында бұрын-соңды болмаған аса күрделі әрі іргелі эпикалық образ. Ол – ол ма, мұндай образ жасау шеберлігі бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихында сирек ұшырасады. Әдеттегі түсінікпен атасақ, Құнанбай – жағымсыз кейіпкер. Дұрысында да солай: кері кеткен керзаманның жанкешті жақтаушысы, рулық-феодалдық жүйенің бір тінін үзгісі, бір өрімін

ыдыратқысы келмейтін шынжырлы шонжар – жаңаның жауы, күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы... Автордың айтуында да «Құнанбай образы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына орыс мәдениеті арқылы еніп келе жатқан, келешегі зор жаңаның жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туған». Әдетте осындай ұнамсыз типтер бізде (тек бізде ғана емес) бірыңғай қара бояумен баттастырыла, ылғи жамандық жағы қазбаланып, кейде тіпті іске алғысыз дөкір, дәрекі күйде көрсетілген. Әрине мұндай жағдайда да автордың идеялық мақсаты болатыны даусыз. Бірақ сол идеяның көркемдік шешімі даулы, жасанды және жаланап.

Ал Құнанбай ондай емес. Мейлінше шыншыл суреткер бұл образды мінездеу мен мүсіндеуге, жинақтау мен даралауға өзінің бай палитрасындағы бір (қара) емес, бірнеше (ақ, көк, сары...) бояуды қоса, қатар жұмсап, түрлі-түсті табиғи кескінде, алдымен адам ретінде, барлық күнгей-көлеңкесімен жан-жақты, толық, тұтас тұлғаландырған. Автор ұнамсыз кейіпкер бойындағы ұнамды қасиеттерді күзеп не тонап әкетпейді, өзіне береді, өзінде қалдырады.

Құнанбай – азулы ғана емес, ақылды; шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен көкірегі сара – көреген; ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының арғы жағында қайсарлығы жатқан қасарма, сұғын қадағанды сілейтпей тынбайтын қазымыр, қырық кісі...Осыған енді амалы мен айласы қосылғанда Құнанбайдың қулығы мен сұмдығына, сұңғыла зымияндығына найза бойламай шығады. Мұнысы – ақылдан туған тәсіл... [85, б. 274-275]. Студенттер Құнанбай бейнесін талдауды мынадай ретпен жүзеге асырды:

1. Берілген үзіндімен танысқаннан кейін жеке пікірлерін, өзіндік түсініктерін қағаз бетіне түсірді (А.Янушкевичтің Құнанбай туралы жазбаларынан мысал келтірілді, М.Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясынан «әке мен бала» арасындағы диалогтардан көрініс көрсетілді);

2. Өзара жұптарға бірігіп, өздерінің ойлары жайлы серіктестерімен бөлісті;

3. Төрт адамдық шағын топтарға бірігіп, айтылған ойларды талқылады, қорытындылады, ортақ бір шешімге келді;

4. Соңында студенттер бүкіл дәрісхана болып, ортақ ойларды атады, ең маңыздыларын маркермен плакатқа түсірді. Ең соңында студенттер Құнанбай бейнесіне қатысты кластер құрап, аталған бейнені әр қырынан тану керек деген тұжырымға келді.

Қазіргі кезде жобалау технологиясы әлемдегі оқу үдерісіне бойлап енуде. Ол білім алушыға тек білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар өздігінен білім алуына, алған білімдерін қолдануына септігін тигізеді. Жобалау әрекеті студенттерге тек жекелеген білім нәтижелерін беріп қана қоймайды, сонымен бірге өздігінен білім алуға, оны тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Әсіресе, жобалау технологиясын күрделі тарауларды жинақтауда, тақырыпты қорытындылауда қолдану өте тиімді. Қазақ тілін жобалау технологиясын қолдану арқылы оқыту бойынша докторлық жұмыс қорғаған А.А.Сатбекова аталған технологияның сапалы әрі тиімді екенін сипаттай келе, бұл

технологияны таңдап алудың он түрлі себебін көрсетеді: «Біріншіден, бұл технология – кредиттік оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология. Кредиттік оқу жүйесінде студенттің өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі... Екіншіден, жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталады... Үшіншіден, бұл технологияның артықшылығы – жоба жұмысын орындау арқылы студент өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды... Төртіншіден, бұл технология студенттің білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Бесіншіден, бұл технология бойынша студент тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады. Алтыншыдан, жобалау аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы бар. Жетіншіден, жобалай оқыту технологиясы шығармашылық белсенділікті тудырады. Сегізіншіден, жобалау технологиясы сабақта қолданылғанда оқытушыға да, студентке де жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады. Тоғызыншыдан, жобалау жұмыстары өзара жарысты, талас-пікірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді. Оныншыдан, жобалау технологиясы оқытушыға да, студентке де жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни «эгофакторлық» сенім ұялатады» [116]. Яғни, зерттеу жұмысында студенттен тақырып негізінде жоба тақырыбының мақсат-міндетін анықтау, болжамын қоя білу талап етіледі. Мұндай талаптар студенттердің ғылыми ізденімпаздық қабілетін арттырады және де шығармашылыққа баулиды, сонымен қатар жобаны қорғауда олардың өз жұмысына және өзгенің жұмысына сараптама жасауы жауапкершіліктерін арттырады. Жобаны бағалау критерийі мынадай өлшемдерге негізделеді:

1. Жобаның маңыздылығы;
2. Жобаның күшті жағы;
3. Жобаның әлсіз жағы.

Жобалау технологиясы XIX ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған – Джон Дьюи атты психолог және педагог еді. Кейін Дьюидің ілімін Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатрик жалғастырған. Қазіргі кезде жобалау технологиясы – оқыту үдерісінде кеңінен таралған, тиімді қолданылатын технологиялардың бірі. Өйткені жоба қорғау барысында студенттер тақырып бойынша тың дерекөздер мен ақпараттарды жинайды, оларды сұрыптайды, нәтижесін қорытындылайды, алынған нәтижені бағалайды. Жоба жұмысын жұппен немесе топпен бірігіп орындауға болады. Жоба жұмысының мынадай түрлері бар: ғылыми-зерттеушілік, ақпараттық, шығармашылық, ойын түріндегі жоба, т.б. Мерзіміне қарай қысқа, ұзақ мерзімді жоба болып бөлінеді. МЖМБС №343, 16.08. Бакалавриат. «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана 2013ж. стандарт негізінде алынды. Біз өз жұмысымызды жазу барысында студенттермен зерттеушілік сипаттағы жоба жұмысын орындауды жөн көрдік. Ол үшін ең алдымен, пән бойынша белгілі бір модульді таңдап

алдық («Әуезовтану» пәні бойынша ІҮ Модуль); сол модуль бойынша жоба тақырыбын таңдадық («Менің Әуезовім»); тақырып таңдалғаннан кейін алдымызға SMART мақсат қойдық; жобаны жүзеге асыруға қатысты жұмыстарды орындадық; тұсаукесер дайындадық. Оқу бағдарламасының үлгісін ф.ғ.к., аға оқытушы Н.Рахманованың кітабынан алдық [117].

Кесте 6 - «Әуезовтану» пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Сағат түрі	Пән тақырыптарының аталуы	апта	Аудитор. сабақтар		Тапсырма түрі (сипаттамасы)	
				Дәріс (сағ.)	Прак. (сағ.)	СӨЖ	СОӨЖ
1 – бөлім. М. Әуезов – қоғам қайраткері және ғалым							
1		2	3	4	5	6	7
1	Д.	М.Әуезовтің өмірі, шығармашылық қызметі	1	2		СӨЖ-1 Хронологиялық кесте: М.Әуезов және Алашшыл әдебиет	СОӨЖ-1: «Менің Әуезовім» атты Зерттеушілік жоба дайындау.
	П.	М.Әуезовтің өмірі, шығармашылық қызметіне қатысты шежірелермен танысу			1		
2	Д.	М.Әуезов мақалалары	2	2		СӨЖ-2 Фотоколлаж : М.Әуезовтің алғашқы мақалаларының қоғамдық ой қалыптастырудағы ықпалы (мәтіндерін талдау)	2. СОӨЖ Зерттеушілік жоба жоспарын құру.
	П.	М. Әуезовтің публистикалық дүниетанымдық ізденістері			1		
3	Д.	М.Әуезовтің ғылыми еңбектері	3	2		СӨЖ-3 М.Әуезовтің 50-60 жылдардағы мақалалардағы ой-пікірлердің өзектілігі (мәтіндерін талдау)	3. СОӨЖ SMART мақсатты анықтау.
	П.	«Әдебиет тарихы» кітабының идеясы мен көтерген тақырыптары			1		
4	Д.	М.Әуезов әңгімелері	4	2			4. СОӨЖ: Жобаның мазмұндық

6 – кестенің жалғасы

1		2	3	4	5	6	7
	П.	М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі			1		дық жүйесін түзу.
5	Д.	Әуезов және оның әсемдік әлемі	5	2			5. СӨӨЖ: Ғалымның өмірі мен шығармашылығы жайлы хронологиялық кесте құрау.
	П.	М. Әуезов еңбектері, олардың мазмұны			1		
6	Д.	Ғалымның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі	6	2		СӨЖ-4 Әуезов пьесаларындағы шешендік үлгілердің үрдістері (мысалдар жинау, талдау) (Т- кестесі)	6. СӨӨЖ: Ғалымның еңбектері бойынша картотека құрастыру.
	П.	Ғалымның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі			1		
7	Д.	Әуезов еңбектеріндегі ерекшелік	7	2			7. СӨӨЖ Ғалымның еңбектерінің негізінде конспект дайындау.
	П.	Әуезов еңбектеріндегі ерекшелік			1		
		1 Аралық бақылау	7			Тест	
2 бөлім. М. Әуезовтің суреткерлік өсу сатылары							
8	Д.	"Қилы заман" романы, "Қараш-қараш оқиғасы", "Көксерек" повестері	8	2		СӨЖ-5 М.Әуезовтің ғылыми еңбектерінің бағыт-бағдары (концептуалды кесте)	СӨӨЖ Ғалымның бір еңбегіне пікір мәтінін дайындау.
	П.	"Қилы заман" романы, "Қараш-қараш оқиғасы", "Көксерек" повестеріндегі авторлық ұстаным			1		

6 – кестенің жалғасы

1		2	3	4	5	6	7
9	Д.	М.Әуезов – драматург	9	2		СӨЖ-6	СОӨЖ:
	П.	М.Әуезов драматургиясындағы мотивтер ауқымы			1	Кластер: М.Әуезов аудармалары	Ғалымның зерттеулері бойынша өз көзқарасын көпшілікке ұсыну.
10	Д.	М.Әуезов аудармалары, деректі прозасы. «Өскен-өркен» романы	10	2		СӨЖ-7 Матрица: Батыс әдебиеті және Әуезов әңгімелері	СОӨЖ: Ғалымның еңбегі бойынша аннотация дайындау.
	П.	"Қилы заман" романы және тәуелсіздік			1		
11	Д.	"Абай жолы" – жаңа көркемдік даму белесі.	11	2		СӨЖ-8 Тұсаукесер: М.Әуезов очерктері (дискідегі электронды нұсқасымен) тапсыру.	СОӨЖ: Тұсаукесер дайындау.
	П.	«Абай жолы» эпопеясы - тарихи шығарма. Абай және оның төңірегіндегілер			1		
12	Д.	Абай мектебі және дәстүрі	12	2			СОӨЖ: Тұсаукесерді көпшілік назарына ұсыну.
	П.	Құнанбай және оның төңірегіндегілер			1		
13	Д.	Құнанбай және оның заманы	13	2			СОӨЖ: Тұсаукесерді көпшілік назарына ұсыну.
	П.	Эпопеядағы әйелдер бейнесі			1		
14	Д.	Эпопеядағы әйелдер бейнесінің көркемдік әлемі	14	2			СОӨЖ: Портфолио тапсыру.
	П.	Эпопеядағы халық, жастар бейнесі			1		

6 – кестенің жалғасы

1		2	3	4	5	6	7	
15	Д.	Эпопеядағы ел бейнесі	15	2			СОӨЖ: Үздік портфолио- ны анықтау.	
	П.	Эпопеяның көркемдік ерекшеліктері			1			
		2-Аралық бақылау				Жазбаша		
				30	15	60	30	
Барлығы								135

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың тақырып бойынша қызығушылығын ояту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, кәсіби біліктілігін қалыптастыру және танымдық қабілетін арттыру арқылы студентті түрлі жағдаяттарда, әлеуметтік қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Себебі, жобалау жұмысы тек жаңа білімде ғана алып қоймайды, сонымен бірге алдағы мәселелерді де шешеді. Бұл туралы Т.Жұмажанова өз еңбегінде мынадай дерек келтіреді: «Жобалай оқытуда, сабақ үрдісінде оқушының дара ерекшелігі, қабілетін анықтауда, психологиялық диагностика, сауалнама, әңгіме, шағын сыр толғау жазғызу, т.б. жұмыс түрлері орындалады. Оқушының өз бетінше әрекеті, проблеманы көре білу, оны шешу, ақпаратты талдау, талқылау, жүйелеу, топтау іске қосылады. Өз пікірлерін еркін ұсына отырып, дәлелдеуге тырысады, ең алдымен оқушылар зерттеуді неден бастайтындықтарын анықтаулары қажет. Нақты мақсат белгіленеді [118]. Бұдан шығатын қорытынды жобалау технологиясы – білім алушылардың өз бетімен білім алуы құзіреттілігін қалыптастыруға, танымдық, креативтік қабілеттерін дамытуға негіз болатын технология.

Жоба жұмысы мынадай кезеңдерді құрады:

1. Дайындық кезеңі (жоба тақырыбы анықталды, студенттер қатар бойынша үш топқа бөлінді, жобаның түпкі мақсаты айқындалды).
2. Жоспарлау (жоба тақырыбы бойынша ақпарат жинау және талдаудың жолдары көрсетілді, әрбір топ мүшесіне берілетін жұмыс түрі анықталды).
3. Зерттеу жұмысы (ақпарат жиналды, аралық нәтижелер талданды, студенттерден сұхбат алынды, сауалнама толтырылды).
4. Нәтижені талқылау (алынған түрлі ақпараттар талданды, шешім шығарылды, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарланды).
5. Жұмыстың тұсаукесері (әр топ дайындаған тұсаукесерін таныстырды, басқа топтар жоба бойынша сұрақтарды қойды, топтар жобаларын қорғады).
6. Бағалау (топтардың қорғалған жобалары бағаланды).

Жобаның типологиясына мынадай анықтамалар берілді: қызметі жағынан – ғылыми-зерттеу; үйлестіруі бойынша – ашық; байланыс бойынша – ішкі байланыс; қатысушылардың саны бойынша – топтық; орындалу мерзімі бойынша – орта мерзімдік.

Қазіргі оқыту үдерісінде оқытушы нәтижеге жетуі үшін алдына SMART мақсат қоя білуді көздейді. SMART мақсатты қою арқылы оқытушы тақырыптың мазмұнын белгілей алады, күтілетін нәтижені болжамдайды, ал студент тақырыпты ашып, болжамдалған нәтижені күнделікті өмірде қолдана алады, мол ақпарат алады. Сол себепті біз өз зерттеуімізде студенттермен бірлесе орындаған жобамызды SMART мақсатқа құруға тырыстық.


Ең алғашқы сабақта студенттерге біздің тарапымыздан «Менің Әуезовім» атты ғылыми жоба тақырыбы ұсынылды. Ғылыми жобаға қатысты жұмыстар жүргізілместен бұрын ең алдымен алдымызға қандай мақсаттар қоятынымызды нақтылап алдық. Ол үшін бір сабағымызды SMART мақсатты нақтылауға арнадық. Оның нәтижесі ретінде төмендегідей сабақ жоспары жасалып, зерттеушілік жобаның SMART мақсаты айқындалды.

Кесте 7- Зерттеушілік жоба бойынша SMART мақсатты нақтылауға қатысты сабақ жоспары

Сабақты жүргізген оқытушы, ЖОО	Балтабаева Наргиза	ҚазмемҚызПУ
1	2	3
Өткізілген күні, орны	04.03.2015	205 дәрісхана
Сабақтың тақырыбы:	«Менің Әуезовім» ғылыми жобасы бойынша SMART мақсатты белгілеу	
Сабақтың жалпы мақсаты:	Студенттерге «Менің Әуезовім» ғылыми жобасы бойынша SMART мақсатты белгілеуге ықпал ету.	
Әдіс-тәсілдер:	«Ой қозғау» әдісі, ассоциаграмма, «Жүректен – жүрекке» стратегиясы, жеке, жұптық, топтық жұмыстар.	
Сабақтың көрнекілігі:	Интерактивті тақта, М.Әуезов туралы бейнебаян, слайдтар, үлестірмелі материалдар, желімқағаздар, ватман, түрлі-түсті маркерлер.	
Оқу нәтижесі:	<ul style="list-style-type: none"> - оқытушы тақырып бойынша SMART негізінде қойылған мақсатты оқыту үдерісінде тиімді пайдалана алады; - қойылған мақсатты студенттермен үнемі талдап, нәтижеге жетуге тырысады; - студенттер SMART мақсаттың қою мәселесін түсінеді; - қойылған мақсат арқылы нәтижеге қол жеткізеді. 	
Түйінді идеялар:	Студенттермен бірлескен жоспар құру оқытушының білімі мен тәжірибесін шыңдайды. Студенттер сабақты белгілі бір мақсатқа құруға дағдыланады.	
Ұйымдастыру кезеңі:	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттің іс-әрекеті

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>1. Оқытушы студенттермен сәлемдеседі, сабақтың мақсатын түсіндіреді.</p> <p>2. Ең алдымен студенттерге SMART мақсат туралы ақпарат береді. «SMART мақсаттар» - нақты (Specific), өлшене білетін (Measurable), әрекетке негізделген (Action-oriented), қолжетімді (Realistic) және уақытпен шектеулі (Time-bound).</p> <p>3. Зерттеушілік жобаның SMART мақсатын нақтылауға қатысты мәліметтер береді.</p>	<p>SMART мақсат туралы ақпарат алады, зерттеушілік жобаның нақтылауға қатысты тапсырмаларды орындауға дайындалады.</p>
<p>Тапсырмалар:</p>	<p>1. Студенттерге интерактивті тактадан М.Әуезовке қатысты бейнебаянды көрсетеді.</p> <p>2. «Ой қозғау» әдісін пайдаланып, студенттердің М.Әуезов жайлы білімін анықтауға қатысты тапсырма береді.</p> <p>3. Жұптық жұмысты орындатады. Тақырып бойынша SMART мақсат құруларын сұрайды.</p> <p>4. Топтық пікірталасты ұйымдастырады. Топпен бірге әр жұптың жоба бойынша ұсынған SMART мақсатын талдайды.</p> <p>5. Студенттердің барлық пікірлерін қорытындылай келе, зерттеушілік жоба бойынша нақты SMART мақсатты белгілейді.</p>	<p>1. Бейнебаянды көреді, бейнебаян жайлы өз пікірлерін білдіреді.</p> <p>2. Әр студент ассоциаграмма құру арқылы М.Әуезов жайлы білетін ақпараттарын ортаға салады.</p> <p>3. Жұбымен бірге жоба бойынша SMART мақсат құрады, таныстырылымын жасайды.</p> <p>4. SMART мақсат бойынша қандай мәселелерді қарастыру керектігі жайлы пікірлерін айтады.</p> <p>5. Барлық пікірлерді түйіндеп келе постер түрінде рәсімдейді.</p>
<p>Кері байланыс</p>	<p>«Жүректен – жүрекке» стратегиясын пайдаланып, студенттерге сабақтан қандай әсер алғандықтарын желімқағаздарға (стикерлерге) түсірулерін сұрайды.</p>	<p>Желімқағаздарға өз ойларын жазады.</p>



Сурет 4 - «Менің Әуезовім» ғылыми жоба жұмысы бойынша SMART МАҚСАТ кестесі

Алға қойылған мақсатымыз нақтыланғаннан кейін «Ой қозғау» тәсілі арқылы тақырып бойынша студенттердің аялық білімдері анықталды, студенттердің ой-тұжырымдарына қарай үш топқа бөлінді. Он күнге дейін топтарға қажетті ақпараттар жинау, өзара сұхбаттар алу арқылы дереккөз жинау жұмыстары тапсырылды. Мәселен, З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінің желісі бойынша студенттерден эвристикалық сұхбат өткізу үшін төмендегідей сұрақтар берілді:

1. З.Қабдоловтың шығармасын жазуға не түрткі болды?
2. Автордың өз шығармасын «Менің Әуезовім» деп атауының себебін түсіндір.
3. Белгісіз оппонентпен автор арасында болған диалогтың мағынасын түсіндір.
4. Шәкірт пен ұстаз қалай кездесті?
5. Автор ұлы жазушының түр- түрпатын қалай сипаттайды?
6. Автор өзімен бірге оқыған курстастарына қандай баға береді?
7. Шәкірт ұстаз-Әуезовтің аудиторияға кіру сәтін қалай бейнелеген?
8. Лектор шешендігі туралы автордың көзқарасын талдаңыз.
9. Автордың әдебиетке деген көзқарасы қалай өзгерді? Өз ойыңды баянда.
10. Автордың өз мамандығын ауыстыруына не себеп болды? Өз ойыңды баянда.
11. Автордың ұстазына деген ілтипаты мен ықыласы қай көріністер арқылы аңғарылады?
12. Ұлы тұлғаның ішкі бейіндері мен әрекеттері қалай сипатталған?
13. Автордың жазушы мінезін шәкірті, әріптестерімен қарым-қатынас барысында таныту шеберлігі.
14. Жазушының қоршаған әлеуметтік ортаға деген көзқарасын автор қалай баяндайды?
15. Автор жазушының оқшау мінезін қалай түсіндіреді?

Алдын-ала берілген эвристикалық сұрақтар студенттердің тақырып материалын, яғни шығарма мәтінін тұтастай меңгеруіне көп жағдай жасады. Соның нәтижесінде жинақталған барлық ақпараттар топ ішінде талданды.

Студенттердің тақырып аясында аялық білімін анықтауда «Дөңгелек үстел» пікірталасы да үлкен рөл атқарды. Пікірталас – бұл студенттердің дәрісханада болмаса шағын топ ішінде нақты бір мәселе бойынша өзіндік көзқарастары мен пікірлерімен алмасуы. Яғни студент өзінің теориялық және практикалық білімін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға бейімделеді. Осы мақсатты көздеген үш топ «Әуезовтану» пәні бойынша дөңгелек үстел шеңберінде өзара пікірталасқа түсіп, өз ойларын ортаға салды. Пікірталасқа берілген он минут аяқталған соң, студенттер талқылаудың нәтижесін қорытындылап, ортақ шешім шығарды. Әр топ өз ойын бес минут ішінде қағазға түсірді. Топтық пікірталас барысында кері байланыс жасалды. Барлық алынған ақпараттар мәліметтер базасына енгізілді, іріктелген, қажет ақпараттар қайта жүйеленді. Жоба бойынша суреттер, сызба, кестелер жасалынды. Жобаның нәтижесі ретінде студенттер «Әуезов әлемі» тақырыбында эссе дайындады, тұсаукесер таныстырылымын өткізді.

Жоба жұмысын жасау барысында байқағанымыз, оқытушы зерттеушілік жобада нақты мақсат қоюшы, бағыт-бағдар беруші, кеңесші, студенттің жетістігін құптаушы, ынталандырушының рөлін сомдаса, ал студент нақты мақсатқа дербес өз іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект, шығармашылық жұмыстың иесі, өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашылық тұлға ретінде көрінді.

3.2 Жоғары мектепте роман-эссе жанрын оқытудың эксперименттік нәтижелері

Әр ғылыми-әдістемелік жұмыстың оң нәтижесін көру үшін міндетті түрде эксперимент жұмыстары жүргізіледі. Эксперимент – бұл негізінен үлкен талаптарға құрылған, белгісіз мәселелердің түйінін шешуге бағытталған жұмыс. Білім беру жүйесінде эксперимент термині «ізденіс», «тәжірибе» секілді ұғымдармен сабақтаса түсіндіріледі.

Жалпы эксперименттік жұмыстар айтылған болжамдарды тексеру, ұсынылған технологиялардың білім беру жүйесінде тиімділігін айқындау мақсатында жүргізіледі. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде эксперименттің ізденімдік, қалыптастырушы, қорытынды, диагностикалық, анықтау, бақылау, оқыту, болжау т.б. секілді түрлерінің қолданғандарын байқадық. Сол себепті жоғары мектепте роман-эссе жанрын оқытудың әдіснамалық негіздерін анықтау мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Эксперименттің басты мақсаты, оның әр кезеңдегі міндеттері, соған байланысты туындаған мәселелер зерделенді. Эксперимент базасы ретінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті таңдалып алынды.

Жоғары мектепте роман-эссе жанрын оқыту эксперименті үш кезең бойынша жүргізілді:

- анықтау эксперименті;
- оқыту эксперименті;
- қорытынды эксперимент.

Ол мынадай жұмыстар арқылы жүзеге асты:



Сурет 5 - Жоғары мектепте роман-эссе жанрын оқытуда жүзеге асырылған эксперимент түрлері

Анықтау экспериментінің бірінші кезеңінде тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектерді талдау негізінде зерттеудің басты бағыттары айқындалды. Жоғары мектепте роман-эссе жанрының оқыту жағдайы, студенттердің аталған жанр жайлы білім, білік, дағдыларын анықтау мақсатында әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, анықтау кезеңінде төмендегідей жұмыс түрлері жүзеге асырылды:

- пән оқытушыларының сабағына қатысып, талдаулар жасалды, студенттерге әуезовтануға қатысты алдын-ала арнайы сауалнамалар таратылды, жауаптар алынды.

- бақылау және эксперименттік топтар анықталды;
- эксперименттік оқытуға қатысты материалдар дайындалды;
- оқыту экспериментіне дейінгі студенттердің білім деңгейі (тест алынды)

анықталды.

Анықтау эксперименті барысында студенттердің оқыту экспериментіне дейінгі әуезовтануға қатысты аялық білімдері тексерілді. Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті «5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығында оқитын 3 курс студенттерінен сауалнама және студент білімінің экспериментке дейінгі жайын анықтау мақсатында тапсырмалар алынып, тест арқылы білімдері анықталды. Анықтау эксперименті ағымдағы педагогикалық бақылауды қамтамасыз етіп, оқыту нәтижесін бақылауға көп септігін тигізді. Экспериментке барлығы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 250 студенті қатысты. Анықтау кезеңі студенттердің қазақ әдебиеті тарихы бойынша осы кезеңге дейін әуезовтанудан алған білімдерін анықтауға мүмкіндік берді. Бірінші, студенттерден сауалнамалар алынды.

Кесте 8 - Студенттердің әуезовтануға қатысты білім деңгейін анықтауға арналған сауалнама

Әуезовтануға қатысты сұрақ	Жауап нұсқалары	Пайыздық көрсеткіш
М.Әуезов туралы қаншалықты дәрежеде білесіз?	өте жақсы	30 %
	орташа	70 %
	мүлдем білмеймін	-
Ұлы тұлғалар туралы жеке арнайы курстар оқытылған дұрыс па?	дұрыс	85 %
	барлығын бірдей емес	10 %
	мүлдем қажет емес	5 %
М.Әуезов туралы не білгіңіз келеді?	шығармаларына қатысты сын пікірлер	8 %
	ғылыми зерттеулері жайлы мәлімет	27 %
	жеке өмірі туралы мәлімет	65 %
«Әуезовтану» пәнін оқу сізге не үшін қажет деп ойлайсыз?	кәсіби мамандығым үшін	74 %
	білімімді толықтыру үшін	26 %
	қажет емес	10 %
Әуезовтануды зерттеген ғалымдарды атай аласыз ба?	иә	42 %
	бір-екеуін ғана білемін	56%
	білмеймін	2%

Екінші, студент білімінің экспериментке дейінгі жайын анықтау мақсатында әуезовтануға қатысты ауызша сұрақтар берілді. Студенттерге берілген мынадай сипаттағы ауызша сұрақтар қойылды:

– М.Әуезовтің орыс әдебиетінен он төрт жасында ең жоғары бағаға сай жазылған шығармасы («Ураган»).

– М.Әуезов Мәскеу университетінде қай жылдары сабақ берді? (1954).

- М.Әуезов драма жанрында қанша шығарма жазған? (32).

– М.Әуезовтің «Қараш-Қараш» оқиғасындағы Бақтығұл, Сейіт образдарының прототиптері кімдер? (Т.Рысқұлов және оның әкесі Рысқұл).

– Күшікбай батыр туралы жазушының қай шығармасында баяндалады? («Қорғансыздың күні»).

Қасқырлар өмірінен жазылған повесі мен аудармалары («Көксерек», аудармалары А.Чехов «Аққасқа», Дж.Лондон «Қасқыр»).

Үшінші, студенттердің білім деңгейін тексеру тест тапсырмалары арқылы таразыланды. Студенттерге төмендегідей тест сұрақтары берілді:

1. «Жизнь замечательных людей» сериясынан шыққан М.Әуезов туралы кітаптың авторы?

- A) Анастасьев Н.А. +
- B) Ауезов М.М.
- C) Қонаев Д.А.
- D) Снегин Д.Ф.
- E) Сейсенбаев Р.

2. М.Әуезовтің соңғы толық академиялық жинағы қанша томды құрайды?

- A) 20
- B) 25
- C) 50+
- D) 30
- E) 40

3. «М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» атты жинақ қай жылы шықты?

- A) 2007
- B) 2000
- C) 2010
- D) 1986
- E) 1997 +

4. Р.Нұрғали М.Әуезов шығармаларын қай жанрын зерттеген?

- A) повесть
- B) драматургия +
- C) эпопея
- D) мақалалар
- E) аударма

5. «Әуезов және оның әсемдік әлемі» кітабының авторы?


- A) Жұмағалиев З.
- B) Жанпейісов Ж.
- C) Есембеков Т.
- D) Қабдолов З. +
- E) Атымұмов М.

Анықтау кезеңі студенттердің әуезовтану бойынша осы кезге дейін алған білімдерінің деңгейін анықтауға толық мүмкіндік берді. Сараптау қорытындылары студенттердің кейбір тақырыптарды әлі де толық білмейтіндіктерін, жетік меңгермегендіктерін көрсетті. Теориялық білімдерін таразылау барысында олардың әуезовтануға қатысты кейбір ғалымдардың еңбектерін әлі де білмейтіндіктерін, басқа ақпарат көздерін қарамайтындықтарын, т.б. байқатты. Ауызша тапсырмалар арқылы талап

етілген жұмыстарда студенттердің өз ойын жүйелі жеткізе алмайтындары, әдеби тіл нормасына сай емес сөздерді көп қолданатыны анықталды.

Анықтау эксперимент нәтижелері бойынша студенттердің теориялық білімі мен практикалық дағдыларының көрсеткіші төмендегідей болды:

АНЫҚТАУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ НӘТИЖЕСІ



Сурет 6 – Анықтау экспериментінің көрсеткіші

Оқыту экспериментінің бастапқы кезеңінде роман-эссе жанрын инновациялық технологиялар арқылы оқытуға мүмкіндік беретін бағыттар айқындалды. Сол себепті әдістемелік еңбектер мен білім беру технологиялары талданды. Роман-эссе жанрын инновациялық технологиялар арқылы оқытуда жоғары нәтижеге жетуге көмектесетін ұстанымдар мен әдістер іріктеліп алынды, тақырыпты меңгерудің ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалды.

Ұсынылған ғылыми-әдістемелік жүйе педагогика ғылымы мен әдебиеттанудағы зерттеулер мен қалыптасқан ой-пікірлерді, пайымдауларды және жаңа бағыттар мен қазіргі оқу үдерісіндегі жаңалықтарды басшылыққа ала отырып әзірленді.

Оқыту экспериментінде негізінен жоғары мектепте роман-эссе жанрын оқытуда студенттердің білімі мен білік, дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыру мен жетілдіруде тиімді қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді сынақтан өткізіп, оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыда дәйектеуді мақсат тұттық. Ең алдымен келесі кезеңге өтпес бұрын эксперимент топтары таңдалды, эксперименттің басталу және аяқталу мерзімдері белгіленді. Бұл кезеңде ғылыми-зерттеу жұмысының негізіне алынатын тұжырымдар, жетекші идеялар, бағыттар мен заңдылықтар дәйектелді. Студенттерге роман-эссе жанрын оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі жасалып, ол оқыту эксперимент материалдары түрінде дайындалды. Пән бойынша арнайы оқу-әдістемелік кешендер даярланып, тәжірибелік сынақтан өткізілді. Білім беру технологиялары мен кешенді жұмыс түрлері экспериментке енгізілді.

Эксперимент барысында студенттердің білім сапасының артуына, көркем шығарманы талдап меңгеруіне әсер ету үшін эксперимент және бақылау топтарындағы білім алушылардың талдауға қатысты іс-әрекеті, сөйлеу әдеби үнемі қадағаланып отырды. Студенттердің шығармашылық қабілетін шыңдау, танымын кеңейту бағытындағы жұмыстар жасалып, сынақтан өткізілді. Эксперимент және бақылау топтары жұмыстарының нәтижелерін салыстыру

үшін жазбаша, ауызша тапсырмалар берілді, бақылау жұмыстары алынып, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде студенттердің білім, білік, дағдылары тексерілді.

Көркем мәтінге сәйкес орындалатын өздік жұмыстарының деңгейі және түрлері нақтыланды. Әсіресе, мәтінді проблемалық-тақырыптық талдау жолы ұсынылды. Мәселен, «Менің Әуезовім» шығармасы бойынша мынадай тапсырмалар ұсынылды: «Еркін жазу» стратегиясын пайдаланып, берілген үзінді туралы өз ойын жазу, жазған дүниелерді топ ішінде талқылау, пікірлесу.

«... Әуезов туралы жазбаған адам жоқ. Басқасын былай қойғанда, орысша, қазақша екі том естелік шықты. Бәрі жазған: жабыла, жамырай жазған. Бірақ көбінікі – көбік, саф таза толқын – ой толқыны, сыр толқыны, сезім толқыны тумаған. Сондықтан олардан Мұхаңның бейнесі көрінбейді, тұлғасы танылмайды; көп сөздің, кейде тіпті бос сөздің бетінде авторлардың өз тақиялары ғана қалқып, өз тымақтарының төбелері шошандай береді.

Бағзы біреулердің, әсіресе, жалған жазатыны жаман. Мұхаңның көзі тірісінде мүлде маңынан жүре алмаған, я болмаса Мұхаң көрер көзге жек көрген кейбіреулер оның екі өліп, бір қалғаны секілденіп, бет алды шыбын-шіркей болатыны-ақ қиын...


Көпке дейін мен осыған қынжылып, жазбай келдім.

Бірақ білем, жазуым керек.

Қалай жазуым керек?»

Оқыту эксперименті барысында бақылау топтарындағы атқарылған жұмыстар дәстүрлі ұстанымдарға негізделіп, оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Ал эксперименттік топтарда сабақ өту үдерісі негізінен интербелсенді әдістерге құрылды. Нәтижеде инновациялық технологияларды қолданудың оң әсері болды. Яғни, студенттер өз ойын еркін айтуға дағдыланды, өзіндік сараптама жасауға бейімделді.

Зерттеу жұмысының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі деңгейлері 7 – Суретте салыстырылып көрсетілді.



Экспериментке дейін

Эксперименттен кейін

Сурет 7 – Эксперимент нәтижелерінің көрсеткіші

Зерттеу барысында жүргізілген сынақтардың қорытындысы бақылау тобы мен эксперименттік сыныптардың арасындағы айырманы бірден көрсетті.

Эксперимент нәтижелері роман-эссе жанрын оқытуда жаңа технологиялық әдістерді пайдалану өте тиімді екендігін көрсетті. Мұндай интербелсенді әдістемені пайдалану студенттердің интеллектуалды дамуына, шығармашылық қабілетінің шыңдалуына оң әсерін тигізеді.

Қорытынды экспериментте нәтижелер бірізділеніп, жинақталды, қорытындыланды. Бақылау және эксперименттік топ студенттерінің әуезовтану бойынша алған білімдері мен білігіне сандық және сапалық талдау жасалды. Студенттердің білімі мен білігін *тексеретін тапсырмалар, интербелсенді әдіс-тәсілдер және білім жетістіктерін тексеру тестері, ойталқы, жоба* арқылы жүзеге асырылды.

Эксперимент нәтижесінің тиімділігін тексеретін тапсырмалар:

1-тапсырма. «Үшбу хат» эссесін пайдаланып, үзінді бойынша өз ойыңызды білдіріп, авторға хат жазыңыз.

–Әуезов – бар қазаққа бірдей ортақ тұлға. Оны менікі деп бөліп әкетуге бола ма?

–Болғанда қандай! Содан соң «әкетпеймін», әкелемін... Жә, былай ғой, былай: Әуезов те Пушкин секілді. Пушкин бар орысқа ортақ, етене жақын. Демек, әр орыстың өз Пушкині бар. Мәселен, Фединнің өз Пушкині, Цветаеваның өз Пушкині, Твардовскийдің өз Пушкині... Сондықтан да Марина Цветаева өзінің очерк-эссесін «Менің Пушкинім» деп атаған. Өйткені оның Пушкині, айталық, не Константин Фединнің, не Александр Твардовскийдің Пушкині емес, өзінің Пушкині еді.

Менің Әуезовім де солай, өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім.

Демек, менің романымдағы Әуезов – сенің не оның емес, менің Әуезовім.

2-тапсырма. «Жеңілдетілген анықтама» тәсілін пайдаланып, тақырып бойынша берілген атаулардың бірін (ұлылық, тіршілік жолы, тыңдаушы, ұстаз, шешендік, т.б.) алып, барлығына түсінікті болатындай түсіндіріп беріңіз.

3-тапсырма. Ұстаз бейнесіне байланысты берілген үзіндіні оқып, Т кестесін пайдаланып, ұстаз Әуезов пен қазіргі ұстаздарды салыстырыңыз.

Ұстаздың да үрдісі көп. Әуезов, мәселен, бір ауық былай: төрдегі орнына бірден отыра кетпейді. Алдымен, асықпай қозғалып мінбеге барады. Мінбеде тұрып аздап тамағын кенеп, кейде тіпті жөтеле бере қалтасынан қолорамал алып, аузын басады. Дәл осы тұста сол жақ көзі біртүрлі қиғаш сығарайып-қысыла түседі де оң қабағы жоғары серпіледі. Көз шарасында ой тұнады. Сонда әжімсіз жарқыраған кең маңдайдың астында көрген жанның көзін арбаған біртүрлі бір кермиық кербез кескін пайда болады. Бар иманы бетіне шығады. Сонда біздер оның бас кітабындағы Бас кейіпкеріне сиқырлы сөзбен сіңіре дарытқан сырбаз сұсулықты қаз-қалпында тап өзінен көргендей боламыз. Әкеміз тектес аяулы ағаға аса бір іңкәр сезіммен бәріміз ынтыға жаудырып, енді осы кісінің бізгі айтар сөзін күтеміз.

4-тапсырма. Жазушының сөз өнеріне қатысты айтқан пікірін талдаңыздар. Сөз өнеріне қатысты өз ойыңызды ассоциаграмма түрде беріңіз.

– Суреткерлік шеберлік, – дейді енді Әуезов, – әр сөздің орнын табу. Орнын тапса, ойнамайтын сөз жоқ.

– Сөз өнері, – дейді Әуезов содан соң, сөйлеу емес, сөзбен сурет салу.


– Орнын тапқан екі сөз қатар тұрса, – дейді Әуезов ақыр аяғында, – біріне бірінің сәулесі түседі. Сөз сәулесі сөзге түскен жерде пайда болады. Ал, сөз суретке айналған жерден образ басталады. Потебня солай деген.

Мұндай тапсырмалар студент білімін тексеруде бақылау тобындағы студенттердің кейбір теориялық материалдарды толық меңгермегендігін, кейбіреуінің көркем шығармағаны мүлдем оқымағандықтарын көрсетті. Берілген сұрақтар, тапсырмалар бойынша негізгі түсініктері болғанымен, оның ғылыми жағын көпшілігі игермегендіктерін және де талдау барысында ой шорқақтығы барлығын аңғартты. Ал эксперимент тобының студенттері көркем шығарманы талдау барысында өзінің теориялық білімдерінің тереңдігін тапсырмаларды орындау барысында анық көрсетті және де өз ойларын, тұжырымдарын айтуда еркін болжамдар жасай білді. Бүкіл берілген тапсырмаларды ойдағыдай орындап шықты.

Нәтижесінде эксперименттік топ студенттерінің мынадай ерекше қасиеттері байқалды:

- әдеби талдауларды талапқа сай жүргізе білуі;
- сұрақтарды орынды қойып, жүйелі жауап берулері;
- жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарды орындау іскерлігі;
- өзіндік ой қорытындылауы;
- мәтіндегі әдеби-теориялық мәселелерге, терминдерге талдау жасап, түсіндірулері;
- сөйлеу әдебі және топтағы студенттермен жағымды тілдік қарым – қатынасқа түсуі;
- берілген дереккөздерден өзіне қажетті материалды сұрыптап алуы;
- әр түрлі тақырыптар мен пәндер арасындағы сабақтастық пен айырмашылықты тануы;
- қажетті ақпараттарды оқу үдерісінде қолдануы; т.б.

Нәтижесінде екі топтың көрсеткіші төмендегідей деңгейді көрсетті:



Сурет 8 – Эксперимент нәтижесінің тиімділігін тексеретін тапсырмалар көрсеткіші

Қорытынды экспериментте студенттердің білім жетістіктері тағы да тест тапсырмалары арқылы тексерілді. Тестің педагогикалық өлшемдерінің теориясы мен әдістерін зерттеген Н.Құрманова былай дейді: «Тесті бір жағынан әдіс ретінде, бір жағынан педагогикалық өлшемнің нәтижесі деп қарау керек. Олар бір-бірін толықтырып отырады» [107, б. 129]. Тест тапсырмалары екі түрлі болады: оқыту және тексеру кезінде қолданылатын тапсырмалар. Біріншісі, жеке тұлғаның дамуымен оқу үдерісінде қолданылса, екіншісі оқу мерзімі аяқталғанда қолданылады. Педагогикалық тапсырмалар тест түрінде де және басқа формада да құрастырылады. Соған сәйкес тест тапсырмаларының бірнеше түрлері бар: толықтыру тесті (келтірілген анықтаманы толықтыру); таңдамалы тест (берілген жауаптардың біреуін таңдау); ретгілік тест (берілген тапсырманы жүйемен орналастыру); шатастыру тесті (материалды қате беріп, жөндету) сол сияқты аралас тест, еске түсіру тесті, т.б.

Студенттердің білімін тексеруде таңдамалы, толықтыру, ашық, анықтау, балама тест түрлері пайдаланылды.

Таңдамалы тест. Мысалы:

М.Әуезов Гомер шығармаларына теңеген эпостық жыр

A) Алпамыс

B) Ер Тарғын

C) Манас +

D) Қамбар

E) Қобыланды

М.Әуезовтің сын- пікірлерге ұшырап, 1983 жылға дейін баспасөз бетін көрмеген пьесасы

A) Хан Кене +

B) Еңлік- Кебек

C) Түнгі сарын

D) Қарагөз

E) Асауға тұсау

Роман-эсседегі «Өспейтін бала өнбейтін дауды даулайды» деген қанатты сөздің авторы

A) З.Қабдолов

B) С.Мұқанов +

C) F.Мүсірепов

D) М.Әуезов

E) С.Сейфуллин

Толықтыру тесті. Үзіндіні ары қарай толықтырыңыз: Жас Мұхтар – ерте піскен...

Қазақстан үшін Әуезов...

Мұхтар Әуезов отызыншы-қырқыншы жылдарда бір топ әңгімелер жазды...

Балама тест

Кесте 9 – Балама тесті үлгісі

№	Тапсырма	Жауап	
		Иә	жоқ
1.	Валентина Николаевна – кескіні кесек, орта бойлы, денеси толық, бет-бедерінде де біртүрлі әйелдің сынықтығынан гөрі еркектің сесі басым сарабал, салмақты кісі.		
2.	Әуезовтен екі сағат лекция тыңдаған адам өзінің жаңағы – бұдан екі сағат бұрынғы психологиялық қалпынан, ақыл-ой мағынасындағы хал-күйінен өзгермей шығады.		

Эксперимент барысында тест тапсырмаларын түрлендіріп берілуі студенттердің тақырыпқа деген белсенділігі мен қызығушылығын тудырды. Жалпы тест студенттің білімі мен дағдысын нақты тексеруге мүмкіндік беретін әдіс болғандықтан, олардың білімін дұрыс бағалауға мүмкіндік алдық. Нәтиже көрсеткіші мынадай болды:



Сурет 9- Студенттердің білім нәтижесін тексеру тестінің көрсеткіші

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері роман-эссе жанрын оқытуда ұсынылған даралық ұстанымдардың тиімділігін анықтауға көмектесті. Зерттеу жұмысында пайдаланған инновациялық технологиялар студенттердің білімі мен дағдысын, қабілеті мен іскерлігін, біліктілігі мен құзыреттілігін жетілдіруде үлкен рөл атқаратындығы айқындалды. Әдіскер- ғалым Б.Сманов айтқандай, «Бір сөзбен айтқанда, сабақ – шығармашылық жұмыс. Ол ұстаздан пәннің ғылыми негізін жетік білуді, шәкірттерінің шама –шарқын, жұмыс жағдайындағы мүмкіндіктерін бағдарлай алатындай педагогикалық шеберлікті,

мол ізденісті қажет етеді» [119, б. 250]. Ғалымның сөзін ары қарай сабақтар болсақ, инновациялық технологияларды сабақ үдерісінде тиімді қолдану оқытушыдан асқан шеберлікті қажет етеді. Өйткені сабақ үдерісінде қолданылған танымдық тапсырмалар студенттердің өзіндік шешім қабылдауына ықпал етіп, еркін тұжырым жасауына әсер етті. Студенттердің ойлау, пайымдау, жинақтау, өткенді еске түсіру, жаңа тақырыпты бекіту, өзіндік тұжырым жасау, өзгені тыңдай білу секілді қабілеттерін дамытып, әуезовтану туралы мол ақпарат алуға, оны қорытуға көп көмегін тигізді.

Қазіргі әлемдік қалыптасқан жаңа ұстанымдарға сай білім беру үдерісінде білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, білім беру парадигмасы өзгерді, оқытуға деген жаңаша көзқарас пайда болды. Сол себепті қазақ елінің ертеңі саналатын жастарға әлеуметтік қоғам сұранысына сай саналы тәрбие мен сапалы білім беруде оқытушылардың инновациялық әдістемені терең меңгеруі білім беру үдерісіндегі ең маңызды мәселелердің біріне айналды.

Бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің білім беру жүйесі қоғамның сұраныстарын жан-жақты қанағаттандыратын ізденімпаз, креативті, шығармашыл маман даярлауды талап етіп отыр. Әрине, бұл талап-тілекті орындау үшін заман сұранысына орай жекелеген пәндердің әдістемесі мен оны меңгерудің жүйесін өзгерту қажет. Зерттеу жұмысының өзегі болған қазақ әдебиетіндегі роман-эссе жанрын даралық және дәстүрлі ұстанымдар арқылы оқыту осы мәселені шешуге бағытталды.

Қазіргі кездегі орта және жоғары мектептегі білім беру үдерісін жақсарту мен жетілдіруге қатысты ғалым-әдіскерлер Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, С.Тілешова, Т.Жұмажанова, Қ.Бітібаева, Б.Сманов, Ж.Қараев, А.Әлімов, Т.Сабыров, А.Сатбекова т.б. әдістемелік пікірлері мен ұсыныстары роман-эссе жанрын даралық және дәстүрлі ұстанымдар арқылы меңгертуге зор ықпал етеді. Әдіскер-ғалымдардың қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселесі туралы сүбелі зерттеулері мен тұщымды ой-пікірлері роман-эссе жанрын даралық және дәстүрлі ұстанымдар арқылы оқытуда басты қағидаттары болып табылады. Олардың жаңа инновациялық технологиялар арқылы қазақ тілі мен әдебиетін тиімді оқыту жайындағы ұсыныстары – қазақ әдебиеттану ғылымын терең меңгерудің кепілі.

Роман-эссе жанрын дәстүрлі білім мен білім берудің жаңа технологиялары арқылы оқыту – жоғары нәтижеге негізделген көрсеткіш. Өйткені, қазақ әдебиетіндегі белгілі бір жанрды сабақ барысында терең және сапалы меңгерудің жолдарын қарастыру, оны іс-тәжірибеде ұтымды қолдану білім сапасының пайызын көтеруге көмектеседі. Сабақ барысында жаңа инновациялық технологиялар мен стратегияларды қолдану оқытушыдан аса зор ізденімпаздықты және үлкен шығармашылық еңбекті қажет етеді.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті маманын жан-жақты дамыған жеке тілдік тұлға ретінде қалыптастыру қазіргі білім беру технологияларын тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. Себебі, қазіргі білім беру үдерісінде пайдаланылып жүрген инновациялық технологиялардың барлығы тікелей жеке тілдік тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған.

Білім алушыны заман талабына сай жан-жақты жетілген маман ретінде қалыптастыру бір күнде не бір сәтте түбегейлі шешіле салатын мәселе емес. Оған жылдар бойы жинақтаған мол тәжірибе, заман сұранысына қарай игерілген терең білім қажет. Осы тұрғыдан алғанда, әдіскер-ғалымдар ұсынған білім беру технологиялары мен дидактикалық ұстанымдар роман-эссе жанрын меңгерудің негізі болып табылады. Сол себепті зерттеу жұмысында роман-эссе жанрын ЖОО оқытуда ғылымилық, жүйелілік, теорияны практикамен байланыстыру, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, ізгілендіру секілді дәстүрлі ұстанымдар мен антропоэзектілік, мотивациялық, интеграциялық, инновациялық, креативтілік, нәтижелік секілді даралық ұстанымдар басшылыққа алынды. Жұмыста салыстырмалы-тарихи, объективті-аналитикалық және жинақтау, даралау, ой қорыту, жалпылау, талдау, қорыту мен ақпаратты өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысында роман-эссе жанрын ЖОО оқыту үшін ұсынылған ғылыми-әдістемелік жүйе негізгі екі бағытта жүргізілді. Олар: білім беру технологиялары мен кешенді жұмыстар. Білім беру технологиялары ұжымдық және жобалау технологиялары арқылы сипатталды. Аталған технологиялар студенттің өз ойын еркін айта білуіне, басқалармен теңдей тілдік қарым-қатынас жасай білуге негізделген. Және де бұл технологиялар студенттерге тек білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың өздігінен білім алуына, алған білімдерін тәжірибеде тиімді қолдануына септігін тигізеді. Кешенді жұмыстар реконструктивті (жоспар жасау, тезис құрастыру, картотека жинау, түрлі танымдық тапсырмаларды орындау, т.б.) шығармашылық тапсырмалар арқылы (эссе, реферат, баяндама, ғылыми жоба, т.б.) жүзеге асты.

Қорыта келгенде, жоғарғы мектепте роман-эссе жанрын даралық және дәстүрлік ұстанымдар негізінде оқытудың тиімділігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Жоғарғы мектепте роман-эссе жанрын даралық және дәстүрлік ұстанымдар негізінде оқыту оны басқа ғылым салаларымен байланыста игеруге, жанрдың табиғатын анықтауға, студенттердің алған білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

2. Роман-эссе жанрын даралық және дәстүрлік ұстанымдар негізінде оқыту кредиттік оқу жүйесіне негізделіп, соған сәйкес «Әуезовтану» пәнінің бағдарлама жобасы ұсынылды. Бағдарламада «Әуезовтану» курсы модульдік жүйемен оқытуға негізделген. Бағдарламада көрсетілген М.Әуезовтің өмірі, шығармашылық қызметіне қатысты еңбектерді саралау, ғылыми еңбектерін талдау, әуезовтануға қатысты еңбектердің өзіндік ерекшеліктерін зерделеу арқылы студенттің теориялық білімі тереңдетіліп, практикалық дағдысы артады.

3. Ғылыми-зерттеу жұмысының өзегі болған роман-эссе жанрын оқытудың даралық ұстанымдары білім сапасын арттырады. Мәселен, адамның ойлауы мен танымына негізделген оқытудың антропоэзектілік ұстанымы студенттің әлеуметтік қоршаған ортаға, өзі оқыған шығармаларға, көркем өнерге деген

көзқарасы мен пайымдауларын қалыптастырады. Креативтілік ұстаным студенттердің жанрдың табиғатына байланысты даулы мәселелерді өздігінен шешуіне ықпал етеді. Мотивациялық ұстаным студенттің пәнге деген қызығушылығын оятады. Интеграциялық ұстаным студенттің әдебиетті басқа ғылым салаларымен байланыстыруға, өзара және жеке пәннің ішіндегі материалдардың арасындағы байланыстарын анықтап, білім алушылардың білімін тереңдетуге септігін тигізеді. Оқытудың инновациялық ұстанымы оқытушының инновациялық және интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалануына, өз сабағының сапалы әрі қызықты өтуіне, білім алушылардың қызығушылығын оятуына ұйытқы болады. Нәтижеге бағдарлай оқыту ұстанымы студенттің білім қорын анықтап, өзін өзі бағалауға көмектеседі.

4. Роман-эссе жанрын жаңа технологиялар арқылы оқыту студенттердің өзіндік ізденістері мен шығармашылық қабілетін дамытады. Заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлғаның қалыптасуына оң ықпал етеді. Студенттің бойында ойлау, өзіндік пікір айту, пайымдау қабілеттері арта түседі. Көркем мәтінді аталған технологиялар арқылы меңгерту студенттің алынған ақпаратты дұрыс қолдануына машықтандырады, студент автордың ойына өз көзқарасын білдіріп, талдау жасауға үйренеді.

5. Роман-эссе жанрын оқытуға бағытталған әдістемелік жүйе дидактиканың дәстүрлі ұстанымдарымен қатар аталған жанрды даралық ұстанымдар негізінде жүзеге асырылғанда оң нәтиже береді.

6. Роман-эссе жанрын меңгертуде оқытудың инновациялық технологияларын араластырып қолдану қажет. Негізінен роман-эссе жанрын оқытуда дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, проблемалық оқыту, т.б. технологияларды кіріктіре қамтуға мүмкіндік мол. Зерттеу жұмысында жобалау және ұжымдық оқыту технологиясын қамтылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиетіндегі роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оның көркемдік-идеялық қызметі мен оны оқытудағы даралық, дәстүрлік ұстанымдары – басқа елдердің мәдениетімен белсенді қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде жаңа арналар қалыптастырды. Ең бастысы, XX ғасырда жаңа формамен бірге сыртқы елдердің әдебиетінде дамып үлгерген эссеистика мен осыған сәйкес түрлі көркемдік әдістердің бейнелеу элементтері пайда болды. Әдеби байланыстардың күрделенуі ұлттық әдебиетімізді жедел даму кезеңіне шығарды. Эссеистика бірте-бірте әдеби үрдістің этникалық құрамдас бөлігіне айналды. Эссенің пішіні мен мазмұнында әрдайым эксперимент, тәжірибе жасауға мүмкіндігі мол болғандықтан, ол классикалық жанрлар формасындағы тұйықтықты шешіп, әдебиетіміздегі жанрлық формаларды байытушы жаңа леп, өзгеше ағыс әкелді.

Ал қазақ прозасындағы эссеистиканы саралау барысында басқа ұстанымдармен қатар роман-эссенің де өмір құбылыстарын игерудегі ерекшеліктері, бейнелеу тәсілдері жекелеген туындыларда айғақталып отырғанын таныдық. Өйткені, XX ғасырда әлемдік әдебиетте кең өріс алған эссеистика ұлттық әдебиетімізде тәуелсіздік жылдарынан бастап ерекше қарқын алып, түрлі трансформацияланған жанрлардың дүниеге келуін жылдамдатты. Кеңес өкіметі тұсында әдебиеттанушы зерттеушілер эссе жанрының туып, қалыптасу үрдісін әдеби байланыс, мәдениеттер тоғысуы аясында қасаң тәртіпке бағынған социалистік реализм тұрғысынан қарастырып, әлемдік классиктердің шығармаларын талдау арқылы ғана өз ойларын білдіруге мүмкіндік алды.

Қазіргі әдебиетте бұрыннан қалыптасқан жанрлардың бәрінде эсселік ойлаудың элементтерінің үздіксіз трансформациялануы ортақ заңдылықтар көрсеткішіне айналды. Мұндай типологиялық ерекшеліктерге жанрлардағы күнделіктің, деректіліктің, биографизмнің, очеркшіліктің, арыла ақтарылудың, оқырманға риторикалық мақсатпен тіке қарата сөйлеу сияқты элементтер жатады. Бұл құрамдас бөліктердің кез-келгенінің прозалық шығармадарда басымдыққа ие болуы, оның эссе пішініне көшуіне әкелді.

Трансформацияланған жанрлардың пайда болуына әдебиеттің барлық салалары мен ағымдарының дамуы, сондай-ақ соңғы жылдардағы қарқын алған жанрлардың өзара іштей қарым-қатынасының нәтижесі үлкен әсер етті. Бүгінгі күні жоғары қарқынмен дамып, бұрыннан бар дәстүрлі қалпын сақтап, өзінің тұрақты зерттеушілерін қалыптастырған көптеген әдеби шығармалар қазіргі уақытта компьютердің мүмкіндіктеріне қарай ұғынуға аяқ басты да, дәстүрлі ұғым мен танымнан алшақтай бастады. Өйткені бұрынғы өткен бабалар тәжірибесіне сүйену мен оған сенім арту дәстүрі дүниені жаңаша қабылдаумен тайталасқа түсіп отырды, сондықтан да жанрлық канондар сақталып қана қоймай, кей кездері бұғылып та отырды. Осыдан келіп, белгілі бір қатаң тәсілмен құрылған шығарма жанры бұлыңғыр шарттылыққа, долбарға, белгісіздікке айналған динамикалық жағдай пайда болды.

Көркемдік таным аясы кеңіген сайын, ұлттық әдебиеттің өзіндік даму логикасы мен көркемдік таным динамикасының өсуі жаңа әдістер мен өзгеше жанрларды талап етіп отырады. Көркем сөздің прозалық формаларының ішінде романның өзіндік қалыптасу тарихы бар. Ал роман-эссенің ұлттық прозаның даму тарихында аса маңызды орын алып, адам мен дүние құбылыстарын бейнелеудегі негізгі жанрға айналуына эстетикалық алғышарттар жасаған эссенің үлкен мәні болды. Сондықтан да біз *«Жанр құраушы факторлар және эссе табиғаты»* деп аталған I тарауда эссе жанрының генезисі мен типологиясын айқындау үшін жанр теориясының бірнеше аспектісіне баса назар аудардық. Эссе жанрының классификациясы, жанрлық топтардың пайда болу реті және оның дамуы, жанрдың типтілігі, поэтикасы, қайталанушылығы мен тұрақтылығы сияқты жанр теориясын қарастырудағы типологиялық және тарихилық мәселелеріне тоқталып өттік. Сондай-ақ жанрларды классификациялауда «қарама-қарсылықты» немесе полицентристік бағытқа көп ойысатындығы, жанрды типологиялықтан нақты өзіндік факторларға дейін қамти алатын өте кең сала ретінде танытуға тырыстық. Өйткені, романмен қатар Еуропалық ренессанс дәуірінде дүниеге келген эссе табиғатын жан-жақты ашып алмаса, оның романмен трансформациялануын дәлелдеп шығу мүмкін емес. Сондықтан да трансформацияланған жанрлық форма ретінде роман-эссенің әдеби әлемдегі тарихына көз жүгірте отырып, оның қазақ әдебиетіндегі қалыптасу кезеңін эссе тарихымен байланыстыра қарауды жөн санадық.

Түп негізін ауыз әдебиеті үлгілерінен алып, Абайдың қара сөздері үлгісінде классикалық сипатқа ие болған қазақ эссеистикасын зерттеушілердің барлығының пікірі эссенің сыншылдық сипатына тіреледі. Шындығында да, эссе жанрының дәстүрлік сипатына үңілгенде оның өнімділігі әдеби сын арнасында өрбігенде ғана арта түсетіні байқалады. Десе де, эссенің қалыптасып, дамуында ерекше бір нақты белгілердің болмауы, бұл жанрдың айқын белгілерін көрсететін мысалдарға, оның жанрлық жүйесіне сараптама жасауды қажет ететіндіктен, біз бірінші тарауда эссе табиғатын философиялық және әдеби тұрғыдан да талдап шығуға ден қойдық.

«Трансформацияланған эссе жанрының қазақ әдебиетіндегі көрінісі» деген II тарауда Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым» роман-эссесі мен Қойшығара Салғариннің «Көмбе» роман-эссесінің жанрлық және танымдық сипаты сөз болады.

3.Қабдоловтың екі үлкен бөлімнен тұратын еңбегіне «Роман неге «Менің Әуезовім» деп аталады?» деген сұрақ қоя отырып, оған өзі жауап беру арқылы жанр табиғатын ашуға күш салған. Өйткені, көпшілік қауым М.Әуезовті қазаққа ортақ тұлға деп танитындықтан, «оны неге Қабдолов жеке иемденуі тиіс?» деген сұрақ кез-келген оқырманның көкейінде туындауы сөзсіз. Міне, кітаптың роман-эссе деп аталуының түпкі мағынасы осында жатыр. Жазушы шеберлігі сонда, ол оқырман ойын дөп басу арқылы бұған жауапты өзі береді, «Менің» деп Әуезовті меншіктеу себебін де өзі түсіндіреді. Өйткені Әуезов те Пушкин секілді бар орысқа ортақ, етене жақын. «Демек, әр орыстың өз

Пушкині бар. Мәселен, Фединнің өз Пушкині, Цветаеваның өз Пушкині, Твардовскийдің өз Пушкині... Сондықтан да Марина Цветаева өзінің очерк-эссесін «Менің Пушкинім» деп атаған. Өйткені оның Пушкині, айталық, не Константин Фединнің, не Александр Твардовскийдің Пушкині емес, өзінің Пушкині еді. Менің Әуезовім де солай, өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім. Демек, менің романымдағы Әуезов – сенің не оның емес, менің Әуезовім. Солай: «Менің Әуезовім», – дейді [85, б. 14].

Бұлай сөйлеу – әлем әдебиетінде эссеистика жанрын орнықтырған өмірден түйгені мол шебер қаламгерлерге ғана тән сипат. Өйткені I тарауда сөз болған эссенің негізін салған Мишель Монтень де «қоғамдық, әлеуметтік ой-санаға әсер ететін тек қана өзіме тиесілі пікірімді білдірдім» десе, Абай да Бірінші қарасөзінде «Өз сөзім өзімдікі» деген болатын.

З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінде осы дәстүр жалғастық тауып, адам өмірінің қайталанбайтын ерекшеліктері, белгілі бір адамға ғана тән айрықша құбылыстары тарихи-салыстырмалы тұрғыда көркемдік дамудың биік сатысына көтерілгендігін атап айту керек. Сонымен бірге эсеге тән сыншылдық сипат осы шығармадан ерекше орын арған.

Десе де, шығарма роман-эссе деп аталғандықтан, мұнда тек қана зерттеуші емес (жұмыстың сыншылдық бағытын), сондай-ақ автор-суреткердің де бейнесі (яғни, шығармадағы автордың көркемдік әлемі) көрінуі керек. Осы тұрғыдан алғанда З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінде бұл екеуі де айқын көрініс тапқан. Осылайша З.Қабдолов Әуезов, Айтматов және басқалармен кездесулерімен, естеліктерімен, болжауларымен, ой-толғамдарымен, әсерлерімен, шеберлік сырларымен ғана бөлісіп қоймайды, туындыда Әуезов сияқты ғалым-педагогтің көп жылғы зерттеулерінің нәтижесін терең әдеби-тарихи, этнографиялық, мәдени толғамдар мен ғылыми бағалаулар арқылы береді.

«Менің Әуезовімнің» соңы ұғымдардың қарама-қайшы келетін эсеге тән пішін үлгісімен яғни сыншылдық сипатымен түйінделеді. «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың» деп келетін Абай өлеңін мысалға келтіру арқылы жазушы ендігі қазақтың, азат қазақтың бірлігі мен берекесін сақтай алмаса, күндестік қырсығынан арыла алмаса, әрең жеткен «өз ырқынан» айрылуы, «тұсаулы тіршілігіне қайта оралу екенін айтуға қандай ауыз баруы мүмкін?!» – деген астарлы ой, жетелі көзқараспен аяқталады.

Қ.Салғариннің де екі үлкен бөлімнен тұратын «Көмбе» атты роман-эссесінің жанрлық сипаты З.Қабдоловтың роман-эссесімен салыстырғанда танымдық ұстанымы мүлде бөлек. Қабдоловта эсеге тән жан-жақты белгілердің бірталайы қамтылса, мұнда тек туындының бастан-аяқ диалог тәсілімен жазылғандығы жанр табиғатын айқындауға мүмкіндік береді. Өйткені диалог роман-эссе жанрының негізгі көрсеткішінің бірі болып саналады. Сондықтан да шығармадағы қазақ халқының көне қыпшақ заманындағы күрделі тарихы автор мен оның досының диалогына құрылған.

Қ.Салғариннің өз шығармасын роман-эссе деп атауының басты себебі қазақтың қазақ болғандағы тасқа басылған көне тарихын көркемдік айналымға түсіруге тырысқандығында жатыр деп ойлаймыз. Себебі, нақтылы құжаттар мен деректерге жан бітірудің қиынға соққаны байқалады. Мұнда қадап көрсетер автор мен досынан басқа жанды образ жоқ, бірақ ұшан-теңіз тарих бар. Ең бастысы, автордың орыс жазушысы Чивилихин Владимир Алексеевичтің диалогқа құрылған «Память» деген романын үлгі ретінде алуы өз шығармасын роман-эссе деп атауына себеп болған.

Бұл З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» сияқты кез-келген оқырман оқи алатын кітап емес, бірақ тарихты зерттегісі келетін жас мамандар үшін өте қажеті бар қомақты туынды деп санағандықтан, екі бөлімнің әрбір тараушасына жекелеп тоқталуға тырыстық.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 16 тамыздағы № 343 бұйрығы негізінде алынды.

«Роман-эссе жанрын оқытудың даралық және дәстүрлі ұстанымдары» деген III тарауды жоғары мектепте роман-эссе жанрын жаңа инновациялық технологиялармен оқыту және оқытудың эксперименттік нәтижелері сөз болады. Мұнда негізінен дәстүрлі ұстанымдар мен даралық ұстанымдар басшылыққа алынды. Дәстүрлі ұстанымда әдебиетті оқыту әдістемесінде жылдар бойы қалыптасқан ең тиімді және тәжірибелік тұрғыдан толық дәлелденген ұстанымдары негізге алынса, даралық ұстанымда антропоэзектілік, креативтілік және нәтижелік, мотивациялық, интеграциялық, инновациялық сияқты ұстаным түрлері негізге алынып, әрқайсысына жеке-жеке талдау жасалынды. Сондай-ақ II тарауда ғылыми тұрғыдан сөз болған З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссенің бұл тарауда әдістемелік тұрғыдан арнайы талдануы жұмыстың өзектілігі мен жаңалығын арттыра түседі деген ойдамыз.

Қорыта келгенде, «Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы мен оны оқытудың даралық, дәстүрлі ұстанымдары» атты жұмыстың қазақ әдебиетінде алғаш рет диссертациялық көлемде талдануы роман-эссенің әдебиеттің басқа жанрларымен типологиялық ұқсастығы мен айырмашылығын ашып көрсетуге мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ ұлттық әдебиетіміздегі роман-эссенің жанр ретінде қалыптасуы мәдени-әдеби дәстүрден туындаған заңды құбылыс екені мәтіндік, көркемдік талдаулар арқылы ғылыми негізде даралап көрсетілді.

Осыған орай Елбасы, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея екенін атап өтті. Елбасы ұсынған елімізді өркендетудің бағыттары өте маңызды. Оның ішінде оқыту әдістемелерін жаңғырту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу тиістігі заман талабы.

Елбасымыз айтқандай дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Пospelов Г.Н. Проблемы исторического развития литературы. – Москва, 1972. – 102-123 с.
- 2 Литературный энциклопедический словарь. – Москва, 1967. 32-36 с.
- 3 Кожин В.В. Происхождение романа. – Москва: Советский писатель, 1963. 75-77с.
- 4 Лихачев Д.С. Исследования по древнерусской литературе. – Ленинград: Наука, 1986. 69-74 с.
- 5 Лихачев Д.С. Развитие русской литературы X-XVIII веков. Эпохи и стили. Избранные работы. – Ленинград: Художественная литература, 1967. - Т. 1. 58с.
- 6 Лихачев Д.С. Предпосылки возникновения жанра романа в русской литературе. История русского романа // 2 т. – Москва, 1962. 46-53с.
- 7 Лихачев Д.С. Система литературных жанров Древней Руси. – Москва: МГУ, 1965. 59-61 с.
- 8 Стенник Ю.В. Системы жанров в историко-литературном процессе. Историко-литературный процесс. – Москва: Наука, 1971.71-78 с.
- 9 Вольман С. Система жанров как проблема сравнительно-исторического литературоведения. Проблемы современной филологии. – Москва: Наука, 1965. 50-56 с.
- 10 Чернец Л.В. Литературные жанры. – Москва: Изд-во МГУ, 1962. 88с.
- 11 Копыстьянская Н.Ф. Современная проза социалистического реализма. – Москва: Изд-во МГУ, 1986. 46-59с.
- 12 Современная проза социалистического реализма (Литературные жанры). – Москва: Изд-во МГУ, 1986.63-67с.
- 13 Тамошюнас И.С. Проблема характера и жанр художественного произведения. Жанрово-стилевые проблемы советской литературы. – Калинин, 1980. 79с.
- 14 Гей Н.К. Художественность литературы: Поэтика. Стиль. – Москва: Наука, 1975. 39-46с.
- 15 Лурье А.Н. Поэма как жанр советской литературы. Жанры в советской литературе. – Л., 1978.57-68с.
- 16 Гегель. Эстетика. – М.: Искусство, 1971. 71-73с.
- 17 Белинский В.Г. // Собрание сочинений: в 9 т. – М.: Худож.лит-ра, 1976. – Т.3. 98с.
- 18 Белинский В.Г.// Собрание сочинений: в 9 т. – М.: Худож.лит-ра, 1976. - Т.8. 56с.
- 19 Белинский В.Г. // Собрание сочинений: в 9 т. – М.: Худож.лит-ра, 1976. - Т.2. 48с.
- 20 Тынянов Ю.Н. Поэтика. История литературы. Кино. – М.: Искусство, 1977. 51-60с.
- 21 Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. –Л.: Сов. писатель, 1971. 69-70с.

- 22 Raymond M. Alden. Essay // The Encyklopedia Americana. In Thirty. – New-York; Chicago: by Americana Corporation, 1944. – Vol. 10. – P. 506-515.
- 23 Markus Klein. Essay. The World Book Encyclopedia. –Chicago; London; Sydney; Toronto: World Book Inc. a Scott Fetzer company, 1944. – Vol. 6. – 369 p.
- 24 Essay. Meyers neues Lexicon. –Mannheim;Leipzig; Wien; Zurich: Meyers Lexiconvertag, dritter Band, 1978г. - S.215-216.
- 25 Негимов С. Эссе. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 234 б.
- 26 Монтень М. Опыты. Избранные главы / пер. с франц. – М.: Правда, 1991. - 656 с.
- 27 Зыкова Е.П. «Опыты» Монтеня и проблема зарождения эссе // Филологические науки. - 1980. - №4. 67с.
- 28 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 2. - 335 б.
- 29 Сейсенбаев Р. Абай. Өлең сөздің патшасы. Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы. – Жидебай, 2006. – 128 б.
- 30 Ысқақұлы Д. Эссе//Сын жанрлары: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1999. - 237 б.
- 31 Лодж Д.О. «Кошке под дождем» Хемингуэя / пер. с англ. Горбуновой Н.В. // Вестник Московского университета. Филология. – 2001. - Серия 9, №5. - С.102-122.
- 32 Косиков Г., Монтень М. Последний гуманист, или подвижная жизнь истины: Вступительное слово. Опыты. Избранные главы / пер. с фр. – М.: Правда, 1991. – С. 5-34.
- 33 Raymond M. Alden. Essay.The Encyclopedia Americana. In Thirty. – New York; Chicago: by Americana Corporation,1944. – Vol. 10. - P. 506-515.
- 34 Marcus Klein. Essay. The World Book Encyclopedia. – Chicago; London, Sydney; Toronto: World Book Inc. a Scott Fetzer company, 1994. – Vol.6. - 369 p.
- 35 Бретон Андре. Антология черного юмора / пер. комментарии, вступ. Статья С.Дубина. – М.: Carte Blanche, 1999. – 544 с.
- 36 Монтень М. Опыты. Избранные главы / пер. с фр.; сост., вступ. ст. Г. Косикова; Примеч. Н. Мавлевич. – М.: Правда, 1991.- 656 с.
- 37 Эпштейн М. На перекрестке образа и понятия (Эссеизм в культуре Нового времени) // Парадоксы новизны. О литературном развитии XIX – XX веков. – М.: Советский писатель, 1988. – С. 334-380.
- 38 Джордж Оруэлл. Англия, ваша Англия: Эссе / пер. В.Воронина // Иностранная литература. – 1992. - №7. – С. 226-232.
- 39 Липина (Березкина) В.И. Формирование и пути развития жанра эссе в английской литературе XVII-XVIII вв: Автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1990. – 37 с.
- 40 Essay // Everyman s Encyclopedia / edited by D.A. Girling.-London; Melbourne; Toronto: J.M. Dent & Sons Ltd, 1978. - P. 671-672.
- 41 Дуйсебаева Ф. Жанрово-стилистическое своеобразие афроамериканской эссеистики // Поиск. – 2001. - №4-5. – С. 41-45.


- 42 Writing an essay. American Word power Dictionary / edited by Ruth Urbom. – Oxford University Press, 1998. - P. 232-233.
- 43 Карнаух Н.Л. Учимся писать эссе. Эссе как один из видов школьного сочинения // Русская словесность. – 2000. - №5. – С.52-56.
- 44 Мещеряков А. Взгляд на пространство и пространство взгляда // Иностранная литература. – 1993. -№5. – С. 251-255.
- 45 Литература Востока в средние века / под ред. Н.М. Сазановой. – М.: Изд-во МГУ; изд-во Сирин, 1996.- 480 с.
- 46 Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. –Алматы: Қазак университеті, 1999.- 422 с.
- 47 Абай тағлымы. –Алматы: Жазушы, 1986. – 195-б.
- 48 Бельгер Г.К. «Книга слов» Абая и ее переводчики // Земные избранники (Гете и Абай): Литературно-критические очерки-эссе. – Алматы: Жазушы, 1995.- 256 с.
- 49 Исмакова А.С. Поэтика казахской художественной прозы начала XX века (тематика, жанр, стиль): Автореф. ... док. филол. наук. – Алматы, 1998. – 60 с.
- 50 Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа). – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 352 с.
- 51 Бельгер Г.К. Гете и Абай. Эссе. – Алматы: Жалын, 1989.- 104 с.
- 52 Валиханов Ч.Ч. // Собрание соч.: в 5 т.– Алма-Ата: Глваная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985.- Т. 4.- 462 с.
- 53 Шакарим. Записки Забытого / пер. с каз. К.Серикбаевой, Р.Сейсенбаева. – Алматы, 1993. - 128 с.
- 54 Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім: Естеліктер, портреттер, эсселер. – Алматы: Жалын, 1982.- 280 б.
- 55 Бөкеев О. Өнерге өлердей-ақ ғашық едім: очерктер, көсемсөздер, эсселер. – Алматы: Санат, 1995. – 304 б.
- 56 Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды: естелік, эссе. – Алматы: Санат, 1996.- 512 б.
- 57 Шаймерденов С. Ағалардың алақаны: повестер, әңгімелер, эсселер. – Алматы: Жазушы, 1990.- 400 б.
- 58 Нематова А. Эссе жанры туралы // Хабаршы. Филология сериясы. Әл-Фараби ат.ҚазҰУ. – Алматы, 2000. – №7. – 502 б.
- 59 Нұрпейісов Ә. О младшем товарище по перу // Төрт томдық шығармалар жинағы. Жүрегі тола жыр еді. – Аламты: Жазушы, 1982. - Т. 4. - Б.484-487.
- 60 Сулейменов О.Видеть в обыденном вечное. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Аз и Я. – Алма-Ата: Жалын, 1989. – С. 5-17.
- 61 Медеу С. Мен білетін ер Ғабен. Эсселер. – Алматы: Атамұра, 2002.- 160б.

- 62 Албани Қ.Б. Қазақия: тарихи роман-эссе. – Алматы: Ататек, 1998. -368 б.
- 63 Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр: өлеңдер мен эсселер. – Алматы: Жалын, 1996.-392 б.
- 64 Иманасов С. Қалам мен заман: Естеліктер, эсселер. – Алматы: Жазушы, 2001-168б.
- 65 Тураев С.В., Тимофеев Л.И., Вишневский К.Д. Литература: Справочные материалы. – М.: Просвещение, 1989.- 335 с.
- 66 Захаркин А. Эссе. Словарь литературоведческих терминов. - М.: Просвещение, 1974.- 477 с.
- 67 Лосев Б.Е. Жанровые проблемы современного советского очерка: автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1979.- 22 с.
- 68 Джуанышбеков Н.О. Проблемы современного сравнительного литературоведения: Автореф. ... док. филол. наук. - Алматы, 1996.- 35 с.
- 69 Глушков Н.И. Очерковая проза. – Ростов-на-Дону: изд-во Ростовского университета, 1979.- 216 с.
- 70 Щербаков И.И., Плоткина Е.Г. Эссе. Некоторые вопросы жанра // Проблемы стиля и жанра в советской литературе: сб. статей. – Свердловск, 1974. - №6. – С. 102-123.
- 71 Кошелев В.А. Батюшков в двадцатом столетии // Литература в школе.- 2001.-№2. – С. 9-13.
- 72 Қожакеев Т. Сатира негіздері: оқулық. – Алматы: Санат, 1996.- 464 б.
- 73 Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969.- 212 б.
- 74 Пурин А. Опыты Константина Вагинова // Новый мир. – 1993. - №8.- С.221-234.
- 75 Фридендер Г.М. Поэтика русского реализма: очерки о русской литературе XIX в. - Ленинград: Наука; Ленинград. отд-е, 1971.-293 с.
- 76 Субботин А.С. Жанр как категория истории и теории литературы. Проблемы стиля и жанра в советской литературе. – Свердловск: изд-во Уральского гос. университета, 1976. - С. 3-35.
- 77 Берг М. Антиподы: писатель дневной и ночной // Новое литературное обозрение. – 1997. - №28. – С.223-231.
- 78 Нехорошев М. Что пишет он в стране далекой // Звезда. – 2000.-№6.- С.196-203.
- 79 Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М., 1972.-С.178-179.
- 80 Қайырбеков Ғ. Өмір оттары: повесть-эссе. – Алматы: Қазақстан, 1984.- 152 б.
- 81 Қайырбеков Ғ. Елтіңжан: повесть-эссе. – Алматы: Өнер, 1984.-160 б.
- 82 Латиева С. Бұлбұл: повесть-эссе. – Алматы: Өнер, 1984.- 160 б.
- 83 Канахин Ө. Ата қоныс: повесть-эссе. – Алматы: Жазушы, 1990.-288 б.
- 84 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Алаш, 1999. – 496 б.
- 85 Қабдол З. Әуезов. Роман-эссе. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.
- 86 Момышулы Б. Восхождение к отцу.– Алматы: Жалын, 1986.

- 87 Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы: Роман эссе. – Алматы: Атамұра, 1999.- 592 б.
- 88 Салғараұлы Қ. Қазақ қазақ болғанға дейін: Роман-эссе. –Алматы: Жазушы, 1998.- 656 б.
- 89 Салғараұлы Қ. Қазақ қазақ болғаннан кейін: Роман-эссе. –Алматы: Жазушы, 1998.- 642 б.
- 90 Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы:роман-эссе. – Алматы: Жалын,1992.-303 б.
- 91 Салғараұлы Қ. Көмбе: роман-эссе.-Алматы: Жалын,1989.-448 б.
- 92 Манганелли Джорджо. Эссе и «романы». Перевод с итал. Н.Ставровской // Иностранная литература. – 1992. - №4. – С.57-73.
- 93 Бахтин. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Художественная литература, 1975. – С. 504-75.
- 94 Спивак Р.С. Русская философская лирика. Проблема типологии жанров. – Красноярск: изд-во Красноярского университета, 1985.- 139 с.
- 95 Бучис А. Исследовать реальные процессы // Вопросы литературы.-1978. - №12.- С. 50-57.
- 96 Анастасьев Н. Открытая книга жизни (заметки о современном романе) // Вопросы литературы. – 1978. - №12. – С. 62-95.
- 97 Бахтин М.М. Эпос и роман (О методологии исследования романа). Литературно-критические статьи / сост. С.Бочаров и В.Кожин.- М.: Худож. лит., 1986. – С. 392-428.
- 98 Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2000. – 398 с.
- 99 Essay. Literatur Brockhaus / herausgegeben und bearbeitet von Werner Nabicht, Wolf-Dieter Lange und der Brockhaus-Redaktion. – Mannheim: Brockhaus, 1988.-S.624-625.
- 100 Соболенко В. Стремление к эпосу // Вопросы литературы. – 1978. - №12.- С.58-61.
- 101 Әлімбаев М. Даналық дәрісі үзілмейді // Қазақ әдебиеті. - 1997, желтоқсан 16. – Б. 15.
- 102 Нұршайықов Ә. Эллиндік тұлғаның ғажайып галактикасы // Қазақ әдебиеті. - 1997, желтоқсан – 16. – Б. 15.
- 103 Коменский Я. А. Избранные педагогические сочинения. – М., 1955. – 257 с.
- 104 Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде оқыған дәріс // Егемен Қазақстан. - 2006, мамыр – 27.
- 105 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б.
- 106 Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы, 1993. – 96 б.
- 107 Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: әдістемелік құрал. –Астана, 2013. – 64 б.
- 108 Әдістеме әлемінде. Ғылыми-әдістемелік жинақ. –Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. –368 б.

- 109 Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. –Алматы: Мектеп, 1987. – 176 б.
- 110 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. –Астана, 2000.
- 111 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. –М.: Педагогика, 1993. -192с.
- 112 Левин М.М. Технологий профессионального педагогического образования. – М.: Академия, 2001. – 318 б.
- 113 Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дис. ... док.пед.наук. – Алматы, 1994. –345 с.
- 114 Жұматаева Е. Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту. – Павлодар: Кереку, 2012. – 224 б.
- 115 Сүлейменова Ж., Орынбаев А., Абитжанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік. – Алматы: Эверо, 2009. –248 б.
- 116 Сатбекова А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс. - Алматы, 2009ж.
- 117 Рахманова Н. Әуезовтану дәрістері. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2010. –354 б.
- 118 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
- 119 Сманов Б. Мектепте көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: Ұлағат, 2016. – 366 б.
- 120 Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі: (роман-эссе). - Алматы: Ана тілі, 2013. - 456 б.

«БЕКІТЕМІН»
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
бірінші проректоры
ф.-м.ғ.д., профессор


Б. Алиев
« 11 » 02 2016ж.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша ЖОО роман-эссе жанрын оқыту барысында студенттерді кәсіби даярлау негізінде оқытудың әдістемесін оқу үдерісіне енгізу туралы

АКТИ


Бұл акт 2014-2016 ж.ж. аралығында «Қазақ әдебиеті» кафедрасының Әуезовтану және Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің арнаулы курсына орындалған әдістемелік жұмыстар нәтижесінде әзірленіп, осы акт негізінде расталады.

Орындағандар: Балтабаева Н.С. – PhD докторант, филология ғылымының докторы, профессор м.а. Зайкенова Р.З.


ОӘЖ төмендегідей оқу үдерісіне (оқу жұмыс түрлеріне) ендірілді.


- Әуезовтану және Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің арнаулы курсы пәндерінен оқуға арналған көмекші әдістемелік нұсқау дәріс сабақтарына;
- Әуезовтану және Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің арнаулы курсы пәндерінен тест жинақтарын практикалық сабақтарында пайдалану;
- ЖОО роман-эссе жанрын оқыту барысында студенттерді кәсіби даярлау бойынша педагогикалық технологиялар сабаққа енгізілді.

«Қазақ әдебиеті» кафедрасының
менгерушісі

 ф.ғ.д., профессор Ержанова С.Б.

Авторлар:

 Балтабаева Н.С.

 Зайкенова Р.З.

Факультет деканы

 Тымболова А.О.